нің алты академиясы әдеби араб тілін – «фусханы» оқытып-үйрету және дамыту бағдарламасын әзірлеуде, сондай-ақ қазіргі терминология мәселелерімен айналысуда. Жоғарыда аталған сөздердің көпшілігінің араб тілінде баламасы болғанына қарамастан, мысалы, *компьютер – хаасуб, телефон – хаатиф, футбол – курату эл-кадам, сайт – мауқиа* және т.б.ол сөздердің кең қолданыста болуы жаһанданудың көріністерін байқатады. Тіпті, ағылшын тілі араб елдерінде екінші тіл болуы да мүмкін деген қауіп бар. Бұл жайында БАӘ-нің мәдениет, жастар және әлеуметтік даму Министрі шейх Нахьян бен Мубарак эл-Нахьян «Араб тіліне қауіп төнуде» тақырыбымен Дубайда өткен Халықаралық конференцияда жаһандану кезеңінде ағылшын тілі жиі қолданылып отырғандықтан, араб тіліне қауіп төнгенін атап айтты» [2]. Ол ағылшын тілі белгілі деңгейде мектептерде, үкіметтік мекемелерде, банктерде, өнеркәсіптік компанияларда, БАҚ-та араб тілін ығыстырып отырғанына тоқталды. Шейх Нахьянның ойынша, жастардың арасында өте танымал әлеуметтік желілер араб тіліне ерекше қауіп-қатер туғызады. Өйткені, ағылшын тілін жақсы меңгерген жас ұрпақ ағылшын тілінде кітап оқиды, музыка тыңдайды, фильмдер көреді. «Нэшнл» газетінің хабарлауынша, Дубайда жасөспірімдердің көбісі қосымша тіл үйренуге мұқтаж, «мұндайды басқа эмираттарда, тіпті басқа араб елдерінде кездестірмейсің. Мұнда 60%-дан астам жасөспірімдер басқа тіл үйренеді, оның себебі, жекеменшік мектептердің білім беру жүйесінде, онда барлық сабақтар ағылшын тілінде жүргізіледі. Дегенмен, басты жауапкершілік отбасына байланысты». Бұл пікірін газетке берген сұхбатында Джоан Сеймур былайша өрбітеді: «Қоғамда балаға жас кезінен ағылшын тілін үйретсе, келешекте оған бәсекелік артықшылық береді деген сенім қалыптасқан. Көптеген отбасылары халықаралық қатынас тілінде сөйлесуді қалайды. Араб ата-аналар балаларымен ағылшын тілінде сөйлесіп жатқанда Филиппиннен келген бала бағушы араб тілін қолданатын жағдайлар да жиі кездесіп жатады» [3]. Жаһанданудың араб тіліне әсерінің бұл көріністері тек БАӘ-де ғана емес, барлық араб елдерінде болып жатқан құбылыс.

Араб мәдениетін айтқанда ойға оралатын келесі мәселе – араб этикеті. Араб этикетінің ережелерін қалыптастыруда көшпелі қоғамның салттары мен дәстүрлері, құндылықтары маңызды рөл атқарды. Араб түбегіндегі ауыр климаттық жағдайлардағы көшпелі өмірдің өзі мінез-құлықтың қолайлы ережелеріне жол сілтеп

тұрды. Араб этикеті көшпелі араб халқының ар-намыс кодексіне – «мурауа» исламның адамгершілік-этикалық нормаларын қосу нәтижесінде қалыптасты деуге болады. «Мурауа» ұғымында адамдардың бойындағы қажыр-қайрат, намысқой, қайырымдылық, жомарттық, шешендік, сүйіспеншілік қасиеттері түсінілген.

Этикет – қоғамдағы мінез-құлықтың белгіленген тәртібі. А. Сканаби «Бизнес-этикет в арабских странах» атты еңбегінде бұл түсініктің «жазылған, жазылмаған ережелердің жиынтығын» құрайтынын, мұндай ережелерге қарым-қатынасқа қатысушылардың амандасуы, қоштасуы, алғыс білдіруі, кешірім сұрауы, түрлі ишарат белгілері және т.б. жатқызуға болатынын нақтылайды [4].

Арабтармен танысқан кезде, басқа да ұлт өкілдерімен танысқандай, өзінше белгілі салт жоралары сақталады. Өзінің жасы мен беделіне қарамастан, ер адам әйел адаммен бірінші болып танысады. Жасы мен қызметтік дәрежесі төмендер үлкендерге өздерін бірінші таныстырады: жас жігіт өзін ер адамға таныстырады, ер адам шейхқа және т.с.с. Егер танысып жатқан адамдардың жасы мен беделі тең болса, онда үйленбеген адам өзін үйленген адамға таныстыруы керек, тұрмысқа шықпаған әйел адам өзін тұрмысқа шыққан әйелге бірінші таныстыру керек. Жалғыз адам өзін топ адамға таныстырады; әйел адам үйленген жұпқа бірінші өзін таныстырады.

Танысқан кезде және кездескенде қол алысу қабылданған. Бірінші болып қолын жасы үлкен адам немесе әйел адам, ал қызметте бастық қоластындағы адамға ұсынады. Айта кететін жайт, әйелдердің қол алысуына қатысты түрлі пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер араб елдеріндегі әйел адамдардың қол алысуы Батыстан келген сәнге еліктеушілік деп есептейді. Белгілі болғандай, еуропалық елдерде сәлемдесу үшін әйел адам бірінші болып қол ұсынады, ал араб елдерінде өзгеше: егер ер адам өзі бірінші болып қолын ұсынбаса, әйел адамдар ынта білдіріп, ер адамның қолын ұстауға болмайды.

Қолын бірінші болып ұсынған адам бірінші болып қайтарып алмауы керек. Егер әуел бастан әңгімелесу қысқа болады деп есептелсе, кейде әңгімелесушілер сөйлесу кезінде қолдарын алмай, біраз уақыт ұстап, әңгімелесуі мүмкін. Кейде сол қолдарын ұстасқан оң қолдарының үстіне қояды, бұл әңгімелесушілердің сезімталдығын және жылы лебіздерін білдіреді.

Кездескенде ер адамдар бірінші бір жақ бетімен, содан кейін екінші жақ бетімен жанап, құшақтасады және бір бірінің арқалары мен

иықтарынан қағады. Егер олар өзара өте жақын таныс болса және бір-бірін көптен бері көрмеген болса, әдетте олар бір-бірін екі бетінен де сүйіп, құшағына қысып, қарсы алады. Бірақ бұл дәстүр барлық елдерде бірдей кездеспейді, ол көбінесе Египет, Ливия, Сирия мен Иракқа тән.

Батыста ер адам әйел адамның бетінен сүйіп амандасу қалыпты жағдай болып есептеледі. Ал, арабтық көзқараста, кеңірек айтсақ, ислам этикеті бойынша бұндай әрекеттер мүлдем қабылданбайды. Сондай-ақ, Батыста құрмет пен ризашылдықтың белгісі ретінде достық қарым – қатынаспен әйел адамның қолын сүйетін дәстүр де тараған. Араб этикеті мұндай ниет білдіру формасын да қабылдамайды. Еуропаның бір мекенінде әйел адам қолын сүйдіру үшін ұсынып тұрған жағдайға арабқа сонда не істеу керек? Ол кішкене еңкейіп, ұсынылған қолды алып, оны сүймей-ақ, басын кішкене төмен түсіруіне болады. Бұған іскери хаттаманың көзқарасы бойынша жол беріледі. Сонымен қатар, араб әйелдері де әртүрлі дипломатиялық жиындарда амандасу үшін ұсынған қолдарын сүйген кезде әбігерге түседі. Осындай жағдайға тап болмау үшін Абдель Фаттах Мухаммед Шаббан тәрбиелі араб әйеліне сәлемдесу кезінде қолын ұсынбай, тек басын кішкене иіп қана қоюына кеңес береді және «оның қолында үнемі не сөмке, не орамал болғанын» ұсынады. Бұл батыс мәдениетінің өкілдеріне оның қол ұсынатын ойы жоқ екенін түсіндіреді.

Осы қол алысудан жаһанданудың әсерін аңғаруға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қалыптасқан араб мәдениетінде әйел мен ер адам қол алыспаған. Дегенмен, қазір бұл әдет көп сақталмайды. Аса діндар адамдар ғана әйел адаммен қол алыспайды. Мәдениет талабы бойынша қоштасу кезінде де қол алысуды ұмытпау керек. Құрметті адамдардың қолы екі қолмен алынады. Мұсылман әйеліне қол ер адам тарапынан бірінші болып берілмейді, қажет болса, әйел адам өзі қолын ұсынады.

Жаһандану әсеріне төтеп беріп, арабтар мәдениетінде көп өзгеріске түспеген салт-дәстүрдің көріністері оларды өзгелерден айырып тұратын тұрақты негіздер деуге болады. Мысалы, үйге кіру үшін алдымен аяқкиіміңізді шешесіз. Арабтар үшін қарсы отырған адамның өкшесі көрініп тұрса, бұл қорлық болып саналады.

Арабтардың қонақжайлық мәдениетінде де қонақ күтудің ежелгі дәстүрі сақталғанымен жаһанданудың салдары байқалады. Араб елдерінде тағамнан бас тарту – үй иесін сыйламағандық белгісі ретінде қабылданады. Тағамды, сусындар

мен шырындарды немесе қандай да бір заттарды тек оң қолмен алу араб мәдениетіне тән шарттардың бірі. Арабтар негізінен қонақты шай, кофе немесе салқын шырындармен, сусындармен қарсы алады. Соның ішінде кофе ең дәстүрлі сусын болып есептеледі. Ол өте ыждаһаттылықпен дайындалады. Араб кофесі өте ащы болады және оны қантсыз, бірақ кардамон, шафран немесе қалампыр қосып, ұсынады. Алайда, қазіргі сусындар – кола, пепси, спрайт, ред буул сияқты сусындар араб елдерінде де бар. Осы тұста америкалық тамақ өнімдері – фаст фудтың небір түрлері қалалық жерлерде бәдәуилердің дәстүрлі ұлттық тағамының негізі болған таза күйіндегі түйе сүтін, жаңа сауылған ешкі сүтін, қоспасыз қой ірімшігін, бидай, арпа, тары, жүгері нанын ығыстырып жатқанын айта кеткен жөн. Әсіресе, қалалық тұрғындардың өмірлері көп өзгеріп, ұлттық тағамдары ұмытыла бастады. Аталған дәстүрлі тамақ негіздері түрлі технологиялармен өңделуге түсіп, *хомус – бұршақ пен күнжіт ұрығынан жасалған паста ретінде, таббуле – түрлі дәмдендіргіштер қосылған ұсақталған жұмсақ ет, ақ желкен мен майдаланған заманауи технологиялық жолдармен өсірілген бидай, гузи – жаңғақ пен күріш қосылған тоңазытылған қозы еті, харис – арнайы өңдеулерден өтіп, дайындалған бидай қосып пісірілген ет тағамдары* ретінде қолданылатыны араб ғалымы Турки Әлхамд еңбегінде сараланған [5]. Сөйтіп, үлкен қалаларда араб ұлттық тағамдарымен қатар басқа да елдердің тамақтары кеңінен қолданылады.

Араб мәдениетінің бірден бір бөлігі – араб киімдері, яғни ұлттық колоритте дайындалған ер адамдардың, әйелдер мен балалардың костюмдері.

Араб киімдері туралы айтқанда, біріншіден, олардың қазіргі қоғамдағы рөлі еске түседі. Арабтар ұлттық киімдерін Америка, Еуропа елдері, сондай-ақ еуропаланған басқа да мемлекеттер сияқты мереке күндері, концерттер мен фестивалдарда ғана қолданбайды, кез келген уақытта күнделікті өмірде кеңінен қолданады. Онысыз арабтардың ұлттық сипатын көзге елестету мүмкін емес. Бұл «әдеттерін» кейбір мемлекет басшыларының, шейхтардың ресми кездесулерінен де байқауға болады.

Араб киімдерінің ерекшелігі олардың географиялық жағдайымен байланысты, араб әлемінің көп бөлігі – ұшы-қиырсыз шөл дала және аптап ыстық. Осыған сәйкес киімдерінің міндетті бөлігі – күннен қорғайтын бас киім. Келесі бөлігі – дененің еркін демалуына мүмкіндік жасап, ауа өткізу үшін арнайы кең тігілген мата. Бұған жел-

мен көтерілетін құмды қоссақ, үшіншісі, – бетіңді, көзіңді қорғайтын қосымша бөлік.

Араб ұлттық киімдеріне мұндай климаттық жағдайлардан басқа олардың діні мен дәстүрлері де әсер еткен. Ислам діні ер адамдардың да, әйел адамдардың да сырт келбетіне белгілі деңгейде шектеу қояды.

Енді ер адамдардың және әйел адамдардың киімдеріне жеке тоқталып, олардың қазіргі заманға сай өзгерістерін саралайық.

БАӘ, Сауд Арабиясы, Катар, Бахрейн және т.б. араб елдерінде ер адамдар ұзын ақ түсті «*жсалабия*» немесе «*кандура*» киеді. Бұрынғы кезде бұл киім бірыңғай тегіс матадан тігілетін, ал қазір жаға, қайырма, қалта сияқты қосымшалармен түрлендірілетін болды. Бас киімдері – «*куфия*» немесе «*гутра*» деп аталатын орамал, ол шашты, мойынды кейде иықты жауып тұрады және қара түсті «*икалмен*» бекітіледі. Қазіргі кезде көп ер адамдар «куфияның» астынан еркін қозғалуға әрі намаз оқығанға ыңғайлы болу үшін тоқылған жеңіл бас киім киеді. Орамалдың түсі негізінен шектелмейді, бірақ көбінесе ақ немесе қызыл түс кең тараған. Орамал тоқыма матадан немесе мақтадан жасалады.

Ал, әйел адамдардың киімдері анағұрлым түрлі-түрлі болады. Әйелдер дәстүрлі түрде ұзын жеңді кеңірек тігілген түрлі-түсті ұзын *көйлек* – «*кандура*», ал көйлектің астынан *шалбар* – «*сирвалы*» киеді. Сырт киім ретінде кең тігілген «*абайя*» киеді, онымен барлық қоғамдық орындарға шығуға болады. Қазіргі кезде оның жиегін алтынмен, күміспен, бағалы тастармен және әдемі өрнектермен әшекейлеу сәнге айналған. «Абайяның» матасы мен қымбат көркемделуіне қарай, әйелдің күйеуінің әл-ауқаты бағаланады.

Аймақтарға байланысты араб әйелдерінің беті көзіне саңылау жасалған жеңіл бет пердемен жабылады. БАӘ-де әйелдер басын *жұқа қара орамал* – «*шелламен*» жабады, ол бетін емес, тек басында болады. «Хиджабты» немесе «никабты» БАӘ-нің жергілікті әйелдері сирек қолданады, оны көбінесе көршілес араб елдерінде киеді.

Кейбір аудандарда дәстүрлі отбасыларынан шыққан әйелдер бастарын «*буркамен*» жабатын болған. Ол Парсы шығанағы елдерінде жақсылықтың белгісі саналатын қаршығаның келбетіне ұқсас жасалған. Оның пайдасы, біріншіден, терді сіңіріп алса, екіншіден, беттің нәзік терісін күннен қорғайтын болған. Алайда, қазір «бурканы» киетін әйел араб елдерінде кем де кем [6]. Сондай-ақ, араб әйелдерінің бұрынғы дәстүрге сай, барлық саусақтарына жүзік, қос-қос алтын алқа, салмағы бір келіге дейін жететін сансыз

алтын білезіктер, мұрын сырға, әшекей салпыншақтар тағулары да күрт өзгеріске түскен. Жоғарыда айтылған ұлттық киімдердің орнына қызметтегі әйелдер шалбар киіп, кофталарының жеңдерін үштен бір ұзындыққа келтіріп, шаштарын қысқа қиып, жалаң бас жүре бастады.

Сауд Арабиясында әйелдер сырт киім – «абайясыз» жүре алмайтын болса, Сирия, Ирак, Иордания, Египет, Ливан елдерінің үлкен қалаларында дәстүрлі үлгіде, сондай-ақ заманауи үлгіде киінген әйел адамдарды, әсіресе жастарды жиі кездестіруге болады. Киім киюде еуропа үдерісіне басымдылық беретін әйелдер араб елдерінде де көп кездеседі. Дәстүрлі «кандура» көйлегінің орнына белгілі еуропалық сән үлгілерінің заманауи киімдерін киеді, оған қоса әлемдік сән үлгісіндегі белгілі брендтік сумкалар мен аяқкиімдерді де пайдаланады. Бұл мысалдардан араб елдерінің халқы әлемдік сән үлгісінен қа-

лыспай, жер шарының басқа аймақтарында болып жатқан жаңалықтар арабтардың ұлттық киімдерінде де өз әсерін қалдырып жатқаны анық байқалады.

Сонымен, араб әлеміндегі жаһандану салдарын саралай келіп, дәстүрлі қоғамда ислам дінінде рұқсат етілетін өзгерістердің болуынан, сондай-ақ, араб тілі мен араб этикетіндегі, ұлттық киімдері мен ұлттық тағамдарындағы өзгерістерден жаһанданудың араб елдеріндегі жағымды немесе жағымсыз көріністерін көреміз. Бұл, әрине, араб әлемінің жаһандану жағдайындағы дамуын, өркендеуін аңғартады. Әлемдік өркениет, әлемдік даму барлық адамзатқа ортақ. Дегенмен, әрбір мемлекет, әрбір ұлт жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделіп, жаһандық өзгерістерді өзінің ұлттық мүдделерін қорғай отырып, қабылдауы заман талабы.

Әдебиеттер

- 1 Хассан нидал. Проблемы глобализации и их отражение в арабской печати: Диссертация канд. фил.н. – М., 2005. – 238 с.
- 2 [Электронный ресурс]. -<http://news.flarus.ru/?topic=3029>
- 3 [Электронный ресурс]. -<http://news.headline.kz>
- 4 Сканави А. Бизнес-этикет в арабских странах. М.: КноРус, 2010. – 160 с.
- 5 ترکی الحمد. الثقافة العربية في عصر العولمة. بيروت، لبنان. 2012. – 215 ص.
- 6 [Электронный ресурс]. - evro-turist.ru

References

- 1 Hassan Nidal. Problemy globalizatsiyi i ih otrazhenie v arabskoy pechati: Dis. Kand.filol.nauk. – М., 2005. – 238s.
- 2 [Elektronniy resurs]. -<http://news.flarus.ru/?topic=3029>
- 3 [Elektronniy resurs]. -<http://news.headline.kz>
- 4 Skanavi A. Biznes-etiket v arabskih stranah. – М.: KnoRus, 2010. – 160 s.
- 5 Turki Alhamdi. Assakafatuh alarabiya fi asri alauliyama. Beirut, lubnan. 2012. -215s.
- 6 [Elektronniy resurs]. - evro-turist.ru

Амиров А.М.
**Шығыстанушылардың
шариғат пен әдет-ғұрыпқа
қатысты көзқарастары**

Мақалада «Шығыс» туралы түрлі стереотиптер мен теріс наным-сенімдер батыс қоғамында пайда бола бастағаны жөнінде әрі патшалық Ресей кезінде мұсылманшылықты ата діні ретінде ұстанып келген қазақ жерін, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігін зерттеушілердің дені орыстар болғандығы айтылған. Қазақ халықын мұсылман емес деушілер көбіне патшалық Ресей саясаты жетегінде жүргендер екені айтылған. Тақырыптың өзектілігі Шығыстанушылардың шариғат пен әдет-ғұрыпқа қатысты объективті көзқарастары болып Эдвард Саидт, академик В.В. Бартольд пен қазақ ғалымы Ч.Ч. Уәлиханов және т.б. еңбектері басшылыққа алынды.

Түйін сөздер: шығыс, ислам, тарих, ориенталистика, мәдениет, өркениет, шариғат, әдет-ғұрып, тарих, ғасыр.

Amirov A.M.
**Views of Orientalists on Shariat
and customs**

The article provides information about the gradual appearance of a variety of stereotypes and negative beliefs of Western society concerning the «East», also most researchers of life, traditions and the Kazakh lands, who were adhering to the Muslim religion during the Imperial Russia, were Russian population. Researchers claim who said that the Kazakh people are not Muslims, were in many cases the followers of Imperial Russian policy.

Actuality lies in the objective views of orientalists about the life and traditions of Edward Saidt, academic V.V. Bartold and Kazakh scientist Ualihanov Ch.Ch. and others that was taken as a framework.

Key words: East, Islam, history, orientalism, culture, civilization, shariat, customs, history, century.

Амиров А.М.
**Взгляды востоковедов
на шариат и обычаи**

В статье рассказывается о постепенном появлении различных стереотипов и негативных убеждений западного общества о «Востоке», также о том, что большинство исследователей быта, обычаев и земель казахов, придерживающихся мусульманской религии во время Царской России, были русскими. Исследователи, утверждавшие, что казахский народ не мусульмане, являлись во многих случаях последователями политики Царской России.

Актуальность темы заключается в объективных взглядах востоковедов на быт и традиции Эдварда Саидт, академика Бартольда В.В. и казахского ученого Уалиханова Ч.Ч. и других взятых в основу статьи трудов.

Ключевые слова: восток, ислам, история, ориенталистика, культура, цивилизация, шариат, обычай, история, век.

ШЫҒЫСТАНУШЫЛАР- ДЫҢ ШАРИҒАТ ПЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПҚА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

«Шығыстанушалар» деп басқалардан бөлек қарастырудың мәні неде екен деген сұрақтың туындауы заңды. Өйткені, біз аталмыш тақырыпты «Шығыстану» мамандығының пәнаралық ғылым ретінде қарастырып жатқандықтан, шығыстану ғылымына аз-маз тоқталғымыз келеді.

Шығыстану тарих ғылымдарының бір бағыты ретінде XVIII ғасырда Лейбниц және Вольтер сияқты философ-ағартушылардың өзіне көңіл аударта бастағаннан пайда болды. Француз революциясынан бастап жүйелі түрде шығыс мәтіндерін зерттеу жұмыстары жүре бастады. Бұл зерттеулер XIX ғасырда еуропалықтардың азияттардан абсолютті түрде жоғары деген пастулаттың шеңберінде, отарлау философиясының құрылуына негіз болды. 1795 жылы Парижде Азияның тірі тілдерін зерттейтін мектеп құрылып, ол басты еуропалық ориенталистика орталығына айналды. Арнайы журналдар пайда болды, атап айтқанда: «Азияттық журнал (1823 ж.)», «Корольдік азияттық қоғам журналы (1834 ж.)», «Немістік шығыс қоғамы журналы (1845 ж.)» және т.б. еуропалық шығыстанушылардың зерттеулері қамтыған [1].

Ақыры XX ғасырда батыс қоғамында шығыс туралы түрлі стереотиптер мен теріс наным-сенімдер пайда бола бастады. Сондықтан да біз осы мақаламызды қарастыруға түбі палестиндік атақты Америка ғалымы әрі қоғам қайраткері Эдвард Саидтің ориенталистикаға байланысты ұстанымын ұстандық. Ол 1935 жылы 1 қарашада Иерусалимде протестанттық христиан дінін ұстанатын бай араб отбасында туған. 1947 жылы оның отбасы туыскандарымен бірге Каирге босқын болып келеді. 1951 жылы ата-анасы Саидты Америка Құрама Штатының Массачусетс штатында Маун Херман мектебіне оқуға жібереді. Притон университетін бітірген соң Гарвардқа түсі онда философия докторы дәрежесін алып, Колумбиялық университетте салыстырмалы әдебиеттанудан профессор атағын алған. Саидке ориентализмді сын көзбен қарауға 1967 жылы болған араб-израиль соғысы еді. Ол сол кезден бастап, батыстың арабтар жөнінде БАҚ-тың дұрыс ойда емес екенін біліп, барлық жаңа әлеуметтік зерттеулерге теріс пікір білдірді. Саидтің ең басты еңбегі 1978 жылы шыққан ориенталистикада жаңа академиялық зерттеу болып табылатын түбегейлі жұмысы «Ориенталистика». Бұл

еңбек Азия және Африка мемлекеттерін тарихи тұрғыдан қайта қарауға арналған. Ол «ориентализмге» анализ жасаудың негізгі үш ұғымына тоқталады: *біріншісі, шығысты зерттеуші адам ориенталист, ал олар зерттеп отырған ілімі ориентализм болып табылады. Екінші, ориентализмнің мағынасы – Шығыс пен Батыстың онтологиялық және эпистемологиялық айырмашылығы жайлы ойлау образы. Үшіншіден, ол Шығысты өзіне бағындыратын батыстық үлгі деп біледі.*

Осыларды жақын қарастырып көрсек, осы үш ұғым бір-бірімен тығыз байланысты: ориентализм ойлау образы ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық іс-шараларда қолданылатын ғылыми және идеологиялық негізін тапты. Осы ұғымның негізінде Саид ориентализмді «Ойлап тапқан идеологиялық жүйе», – деп атады [2, 321-б].

Ориентализмнің негізгі догмасы Саидтың пайымдауы бойынша, ол арабтар мен исламды түбегейлі зерттеу деп түсінді. Мұсылмандық Шығыстың зерттеулеріне сүйеніп, Саид ориентализмнің негізіне жататын мынандай теріс стереотиптерді табады: Біріншіден, ол «Рационалды, жоғары дамыған Батыс пен адасқан, дамымай қалып, қор болған Шығыстың абсолютті айырмашылығы бар деуін». Екіншіден, ол қазіргі нақты шығыстың ақиқатының негізінде емес, «классикалық» мәтіндердің негізінде Шығыс моделін құрғанын. Үшіншіден, Шығыстың бірбеткейлігі, өзін сәйкестендіруге дәрменсіз деген догматы. Төртіншіден, Шығысты демонизациялау (құбыжықтандыру), «олардан қорқу керек» және «оларды әрқашан бақылауда ұстау керек» [2, 300-б] деп, батыстың шығысқа оның ішінде арабтар мен мұсылман елдеріне берген бағалары осы ұғымдарды көрсетеді. Соның негізінде батыс жаппай мұсылман елдерін отарлау саясатын жүргізді. Қазіргі күні көптеген мұсылман мемлекеттері кезінде отарлаушы мемлекеттердің бодауында болып, қаншама рухани мұраларынан ада қалды. Ал шығыстану қазіргі күні Шығыс деп аталған Азия және ішінара Африка (негізінен Солтүстік Африка) елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, әдебиетін, этнологиясын, өнерін, дінін, философиясын, мәдениетінің материалдық және рухани ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым ретінде танылған.

Шынтуайтқа келгенде, пайдалы қазбалар мен рухани, мәдени қазыналарға бай шығыс әлемі батысты ертеден қызықтырған. Шығыс әлемінде қанша әлемдік өркениеттер мен мәдениеттер тоғысқан. Мәдениеті мен әдет-ғұрыпын, діні

мен тілін қызғыштай қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп отырған да шығыс әлемі. Бәрін айтса бірін айтса салсақ, ислам келгеннен бастап, әлемде үлкен өзгерістер болды. Ислам мәдениеті тез тарап өзінің нұрлы шуақтарын жан-жаққа шаша бастады. Ол кезде Еуропа ілім-білімнен әлдеқайда артта қалғаны тарихан белгілі. Орта ғасырларды мұсылман әлемінде әртүрлі ғылым салаларынан ғалымдар шыға бастады. Осы ОА шыққан ұстаз-ғалымдардың өзі саусақпен санардан әлденеше көп.

Батыста отырып, ориентализмге шығыс адамы ретінде сын көзбен қараған Эдвард Саид, басқа шығыстанушылар мен ғылыми орталардан қаншама сөз бен сын естіп, өзіне көп қарсыластар тапты. Алайда, оны қолдағандар да көп болды. Сондықтан да шығыстанушыларға сыни көзбен қараған Саидтың берген бағасын біз де құп көріп, қазақтардың тар жол тайғақ кешкен тағдыры да мәз болмағанын айтқымыз келеді. Кезінде Қазақстанда ресейдің отарлау экспансиясының ауылынан айналып өте алмай, бодауында қалған қазақтардың, діні мен ділінен айырылу қаупі болған-ды. Қазақ мәдениеті мұсылман мәдениетімен ұштасып жатқандықтан, шарифат пен әдет-ғұрып күнделікті өмір тіршілігінде өз үйлесімділігін таба білді. Енді осы тақырыпты жете зерттеуге келгенде шамалы қиналамыз. Себебі, қазақ әдет-ғұрпына байланысты материалдар өте көп, алайда Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігін зерттеушілердің дені орыстар болды. Оның да себебі бар. Қазақстан Ресейдің отары саналып, патшалық Ресей қазақ халқын неғұрлым бұғауда ұстай беру үшін қазақтардың әдет-ғұрпын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін мықтап үйренуі тиіс еді. Сондықтан да топ-тобымен экспедициялар шығарып, қазақтардың әдет-ғұрып, салт-саналарына қатысты материалдар жинала бастады. Зерттеушілердің бәрі дерлік өкінішке қарай, қазақ әдет-ғұрпының өсіп-жетілуіне, өзгерістеріне әрі шынайы да салмақтылығына назар салмай, тек біржақты жалпылама суреттеп, түсінік беруді ғана парыз санаған. Соның нәтижесінде зерттеушілер қазақ әдет-ғұрып заңдарына атүсті қарап, патшалық Ресейдің заң нормаларын асыра мақтауларына әкеліп соқты. Мұның салқыны, әлі күнге сақталып отыр. Біздің заңдарымыздың көбі Ресей заңдарының дәлме-дәл көшірмесі. Әр халықтың өзіне тән психологиясы, тег, ерекшелігі барлығы ұмыт болып, әлі күнге орыс заңы қоғамымызда орын алып отырғаны қынжыларлық. Әр халықтың өз ерекшелік сипаты, мемлекетінің түзілісі, халқының психологиялық және қанына

сінген әдет-ғұрып, салт-дәстүріне лайықталып жасалған заңы, сол мемлекеттің заңында ерекше көрінуі тиіс. Мысалы, АҚШ мемлекетінің өзіндегі әрбір штат заңдарында өз ерекшеліктері мен сипаттарын сақтағанын айтсақ та жеткілікті.

Дегенмен де қазақ әдет-ғұрпын патша саясатына лайықтап қаншама бұрмалағанымен, ол шығармалардан сын көзімен қарай отырып, өзімізге қажетті көптеген ғылыми бағалы деректер табуға болады.

Осы шығармалар арасындағы бірден-бір шоқтығы биік, ғылыми шығарма болып А.И. Левшиннің «Қырғыз-Қазақ немесе Қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» деген еңбегі саналады. Н.И. Гордеков «Сырдария облысындағы қырғыздар мен қара қырғыздар» [4, 111-б] деген еңбегінде негізінен қазақтардың әдет-ғұрпын, оның қоғамдағы қарым-қатынастарын, өзгерістерін сөз етеді. Зерттеуші тек өз бақылауы, зерттеулерімен ғана шектелмей, жер-жерлерде болып, көпті көрген көнекөз қарттармен, атақты билермен кездесіп, солардың айтқандарын да жинап, еңбегінде пайдаланған.

Қазақ әдет-ғұрпы заңдарын оқып-үйренуде П. Маковецкийдің еңбегінің де берері аз емес. Оның «Қырғыздардың заңдық әдет-ғұрып нормаларын оқып үйрену үшін материалдар» атты еңбегінде қазақ билерінің шешімдері мен айтқан биліктеріне айрықша мән береді. Әрі ол әдет-ғұрып нормаларына тарихи талдаулар жасайды, ескі және жаңа әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ ислам діні шариғат заң нормаларына орыс заңдарының әсерлерін ерекше бөліп көрсетеді.

Сол сияқты Г.И. Спасский, Л.Ф. Баллюзек, Д.Я. Самоковсов, Д. Андре, А. Загряжеский, Я.Гавердовскийдің т.б. зерттеушілердің еңбектерінің үлкен маңызы бар [3, 19].

Қазақтың ұлы азаматтары: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов т.б. қазақ әдет-ғұрыпына байланысты көптеген тың ойлар мен пікірлер қалдырып кеткен. Қайнар көздерге сүйенген шариғат дерекнамалары өте көп. Олар дүниежүзі кітапханалары мен архивтерінде самсап жатыр.

Әсіресе, қазақ әдет-ғұрып заңдарына тиісті дерекнамалар; Әбу-л-Қасым ибн Хаукалдің «Китап әл-Масалик уал Мамалик», Әбу-л-Фарат Кудами ибн Жафардың «Китап хараж», Шамс ад-Дин Әбу Абдуллах ибн Ахмед ибн Абу Бакр әл-Мақаддасидік «Китап ахсан ат-Тақасим фи мариғат әл-Ақалим», әл Идрисидің әл-Жаһиздің, әл-Марузидің, Әбу Дулафтың, т.б. еңбектерінде беріледі. Бұл заң шешімінің негізге желілері; бір-біріне көмектесу, көсемін сайлау, мұрагерлік

заңы, туыстарына үйленбеу, ұрлық-қарлықты тыю және т.б. [3, 33].

Жалпы ғылыми әдебиеттерде мұсылмандықтың қазақ тайпаларына жайылып, таралуын IX-X ғ., исламның ене бастау кезеңі; XI-XII ғ., исламның таралу кезеңі; XII-XIV ғ. исламның орнығуы деп үш кезеңге бөледі.

Өлбетте, бұл шартты түрде бөлу болып табылады. Өйткені, келіп жеткен бір деректер бойынша мұсылмандық ислам діні IX ғасырдан бастап, Қазақстанға, оның ішінде оңтүстік өңірге ислам дінінің енуін ілгері ірге қалаған десе, енді деректерде қазақтар XVII-XVIII ғ. дейін мұсылмандықты түгелдей мойындамаған дейді. Бұл жерде кейбір шығыстанушы, экспедиция басшылары осындай мәлімдеме таратқан. Мысалы, В. Радлов: «Бұл дін далада ерте таралса да, оларға Мұхаммед діні өркениеттің негізгі сипаттары әлі толық енген жоқ, оқымысты қастаның, діншілдіктің басым болып, соның әсерінен құдайшылдыққа қарай ұмтылыс өріс алған жоқ. Халықтың көп бөлігі ислам әдет-ғұрыптарына сырттай ғана бой ұсынады, шашты, сақал-мұртты алып отыруды қатты қадағалайды. Ораза тұту, намаз оқуды отырықшы мұсылмандармен көрші тұратын қазақтарды есептемегенде, халықтың көпшілігі сақтай бермейді. Дәрет алу да дұрыс атқармайды. Оны сүртінуден ауыстыруды ұнатады. Діннің ішкі мазмұны жөнінде егжей-тегжейлі білім олардың арасына аз тараған» деп жазады [5, 17].

Қазақ халқы мұсылман емес деушілер көбіне патшалық Ресей саясаты жетегінде жүргендер немесе қазақ сенімдерін терең білмейтіндер тарапынан айтушылар. Олар: «қазақтардың Мұхаммедшілдігі өте момын, жаһил-надан, ырымшыл. Оларда не мешіт, не медреселері жоқ, қажет десеңіз жол-жораларды атқаратын молдалары да жоқ. Ал, молдаларының өздері де надан» [6, 197-б] дегендерін алсақ та жеткілікті. Орыс деректері болса да қазақтарды әлі ислам қазақ даласына еңбеді деп, қазақ халқын христиан дініне енгізу саясатын ұстанған деп есептейміз. Өйткені, бұған Алаш арыстарының жазған жан айғайлары мен айтқан сөздері ашық дәлел екені белгілі жәйт еді.

Жұмысымызда тақырыпты зерттеуде ерекше назарға алынатын академик В.В. Бартольд пен қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері. В.В. Бартольдтың түркілердің исламдануы жайлы ғылыми мәселеге қосқан үлесі орасан зор және өзіндік ерекшеліктерге ие. Атақты ғалым ислам және Орта Азия халықтырының тарихын ғылыми-объективті тұрғыда оқып үйренудің негізін салған. Шығыс тарихы жайлы жариялымдарда,

ғылыми рецензияларда шығыстанушы Орта Азия түркі халықтарының рухани мәдениетін оқып-үйренудің жалпылама жолдарын анықтауға тырысты, академиялық емес орталарда ислам тарихына қатысты жиі туындайтын көзқарастарды сынға алатын, әсіресе оның зорлық-зомбылықпен жайылуының тәсілдері мен түрколог Марквартаның исламға қарсы идеяларын ерекше сынады [7].

В.Бартольд түркілердің исламдану мәселесін тікелей зерттеуді қиынсынса да, классиктің тарихи сілтемелер жайлы ахуалды қалыптастыруы, түркілердің исламдану заңдылығының нормалары, оның мінез-құлқы мен ерекшеліктері сол істің кезеңденуі аса құнды мәнге ие. Өзінің көптеген еңбектерінде академик исламның сол кезеңдегі көзі ашық халықтардың арасында материалдық жағынан да, рухани мәдениет жағынан да озық екенін тез байқауға болатынын айтады. Академиктің көзқарасы бойынша араб және парсы мәдениетінің түркілерге әсері қатты болғанымен, түркілердің тарапынан ол мәдениетке ешқашан толық бағыну болмағанын, өздерінің төл сөздерінен айырылмағандарымен айғақтайды. Сондай-ақ ғалым өз еңбегінде қазақтардың XV-XVI ғасырлар аралығында исламға жаппай интеграциялану процесі жүргенін айтады. [8, 515-6] Соған қарамастан классикалық орыс шығыстанушысының белгілі аспектердегі методологиясы ескірген. Көп жағдайда ол тарих пен аңыздың айырмашылығын айта келе көш-

пенділердің ауызша тарихнамасына сенімсіздікпен қарады.

Қазан төңкерісіне дейінгі орыс-еуропа тарихнамаларында, қазақ халқы ислам дінін өміріндегі рухани мән тұрғысынан әлсіз ұстанғанын, тек соңына қарай ғана ислам өркениетімен ұштасқан деп жазуға тәнті болған. Алайда, (В. Радлов, Г. Потанин, Н. Лыкошин, Р. Карутц және т.б.) еңбектеріне сүйенсек, көшпелі қазақ қоғамы исламды жеткілікті мөлшерде ұстанғанын көруге болады. Бәрін айт та бірін айтсақ, батыс авторларының барлығы қазақтар орташа (фанатизмнен аулақ) исламды ұстанғанын мойындайды.

XIX ғасырда елді зерттеуге келген орыс, француз, неміс, ағылшын, жөйттер алдымен халқымыздың ішкі рухани бірлік-бекемдігіне, дін-дәстүрінің беріктігіне таңданған. Мысалы, «Қонақасы – Тәңір ақысы» деп, қонақ келсе, құт келетінін білген халқымыз жайлы кезінде А.Ф. Баллюзек тамсана жазған-ды [9, 234-6].

Ендеше, дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін тарихқа жүгінбейінше, оның қашан әрі қалай пайда болғанын, таралу кеңістігі мен уақытын сондай-ақ сол діннің наным-сенім мен құқықтық ерекшеліктерін білу қиынға соғады. Мәдениетінде көрініс тапқан діннің сол халықтың әдет-ғұрыпы мен тұрмыс тіршілігіне тікелей әсер етуінің негізінде, басқа мәдениеттерден ерекше тұстары болады. Сол үшін қазіргі ғылымда қандай да «өркениет» немесе «мәдениет» өзінің бастауын діни наным-сенімнің негізінде пайда болғанын дәлелдейді.

Әдебиеттер

- 1 Burke T. Orientalism// The Oxford Encyclopedia of the Modern Islamic World: in 4 vol. / Ed. J. Espasito. – New York. Oxford: OUP, 1995. Vol.3
- 2 Said E. W. Orientalism. – New York, 1978.
- 3 Өсерұлы Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариғаттың әсерін зерттеу. док. дис. – Алматы, 1997. – 247 бет.
- 4 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области ч.1, – Ташкент, 1889.
- 5 Радлов В.В. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктемелерін жазғандар – С. Қасқабасов, К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 бет.
- 6 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – Алма-Ата, 1935. Сб. 1; 1936. Сб. 2 (совм. с П. А. Кунте; сост., ред.)
- 7 Бартольд В.В. Рецензия на труд Маркварта// Соч.: В 9 т. – М.: Изд. Вост.лит., 1968. – Т. 2, Ч.2. – С. 230-238.
- 8 Бартольд В.В. Киргизы. Исторический очерк// Собр. соч.: В 9 т.–М.: Изд.вост.лит., 1963. – Т.2, Ч 1. – С.473-543.
- 9 Баллюзек А.Ф. Мейірбандық пен қайырымдылық, әдептілік пен ізеттілік ережелеріне қатысты әдет-ғұрыптар// Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том, Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 416 бет.

References

- 1 Burke T. Orientalism // The Oxford Encyclopedia of the Modern Islamic World: in 4 vol. / Ed. J. Espasito. New York. Oxford: OUP, 1995. Vol.3
- 2 Said E. W. Orientalism. New York, 1978.
- 3 Nuraly Useruly. Kazak adet-gurip zandarina shariattin aserin zartteu. Dok. Dis. Almaty 1997 zh. 247 bet.

- 4 Grodekov N.I. Kirgizi I karakirgizi Sir-Darinsky oblasti ch. 1, Tashkent, 1889.
- 5 Radlov V.V. Kurastirip, algi sozi men tusiniktemelerin zhazgandar – S. KAskabasov. K. Islamzhanuly. – Almaty: Ana tili, 1993. – 256 bet. ISBN 5630-00193-0
- 6 Proshloe Kazahstana v istochnikah I materialah Alma-ata, 1935. Sb. 1; 1936. C6. 2 (sovm. S P. Kunte; sost., red.)
- 7 Bartold V.V. Rechenzia na trud Markvarta // Soch.: V 9 t. – M.: Izd. Vost., lit., 1968. – T. 2, Ch.2. – S. 230-238.
- 8 Bartold V.V. Kirgizy. Istorichesky ocherk// Sobr. soch.: V 9 t. – M.: Izd. Vost. Lit., 1963. – T.2, Ch 1. – Ch.473-543.
- Balliuzek A.F. Meirbandik pen kairimdilik, adeptilik pen izettilik erejeleine katisty adet-guriptar// Kazak halkinin salt dastirleri men adet-guriptari 2-tom, Kurast. S. Azhigaly. – Almaty: «Arys» baspasy, 2006. – 416 bet.

Арзыкулов А.А.
**Қытайлық сыртқы
миграция–сыртқы
экономикалық стратегияның
басты бағыты**

Миграция жаһандану үдерісінің көрінісі ретінде XX ғасырдың елеулі құбылысына айналып, елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайына ықпал ете бастады. Қытай экономикасының елеулі құрылымдық өзгерісі әлемдегі ең үлкен миграция ағынын туғызды. Қытай үкіметінің миграциялық қозғалыстарды реттеу саласындағы стратегиясы миграция саласындағы қоғамдық қатынастарды, миграциялық заңнаманың нормаларын дамытуға негізделеді, сондай-ақ миграциялық үдерістің субъектілерімен жүзеге асырылатын және тұлғалардың мемлекет территориясында қоныс аудару, орналастыру, жағдай жасау және интеграциясына бағытталған үдерістерді басқарудың мемлекеттік тетіктерін жетілдіруге сүйенеді.

Түйін сөздер: сыртқы миграция, оффшор, халықаралық еңбек ұйымы, жұмыс күшін экспорттау.

Arzykulov A.
**Chinese external migration
basic direction of the external
economic strategy**

Migration as the sign of process of globalization became the noticeable phenomenon of the XX century, and started influencing political, social and economic and demographic position of the country. Considerable structural changes in economy of China generated the biggest migratory wave in the world.

Key words: external migration, offshore, International Labour Organization, export of labor.

Арзыкулов А.А.
**Китайская внешняя
миграция – основное
направление внешнеэкономической стратегии**

Миграция как признак процесса глобализации стал заметным явлением XX века и начал влиять на политическое, социально-экономическое и демографическое положение страны. Значительные структурные изменения в экономике Китая породили самую большую миграционную волну в мире.

Ключевые слова: внешняя миграция, оффшор, международная организация труда, экспорт рабочей силы.

ҚЫТАЙЛЫҚ СЫРТҚЫ МИГРАЦИЯ–СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Қазіргі уақытта шетелге іскерлік және еңбек миграциясы саласындағы миграциялық саясаттың дамуы маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Оны негізгі төрт түрге бөлуге болады:

Арнайы бағдарламалар бойынша іскерлік немесе тұрақты тұрғылықты жерге миграция (инвесторлар мен ауқатты бизнесмендердің миграциясы).

Шетелде қытай компанияларының филиалдары мен кәсіпорындар ашу және оларды тиісінше қытай жұмысшыларының штатымен толықтыру. Мұндай бағыт қытай кәсіпорындарының жаулауының жалпы мемлекеттік сыртқы саяси стратегиясы болып табылады.

Жұмыс күшін экспорттау үш түрлі келісімшарт жасау арқылы жүргізіледі:

– Инженерлік, мердігерлік және құрылыс жұмыстарына («duiwaichengbaogongcheng») келісімшарт, оларды қытайлық мемлекеттік және жеке кәсіпорындар мен шетелдік үкіметтер, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында, негізінен тендерлік жүйемен жасалады. Жұмыс күшін алып шығу осы қызмет түріне лицензиясы бар құрылыс және инженерлік-мердігерлік компаниялар арқылы жүргізіледі.

– Жұмыс күші саласы бойынша ынтымақтастық келісімшарты («duiwailaowuhezuo»). Жұмыс күшінің арнайы мамандандырылуы (орман өндірісі, ауылшаруашылық салалары). Шетелде жұмыс істеу келісімшарты бойынша жұмыс күшін шығаруды қамтамасыз ететін агенттіктер арқылы жүзеге асырылады.

– Консультативтік және инжиниринг қызметтерге келісімшарт, инженерлік-мердігерлік компаниялар арқылы өтеді.

Шетелде қытай мамандары мен жұмысшыларының дербес жұмысқа орналасуы. Шетелде жұмысқа орналасуды немесе шетелдермен санатты мамандар алмасу және ынтымақтастықты қамтамасыз ететін агенттіктер арқылы жүргізіледі. Әдетте дербес жұмысқа орналасу арқылы санатты жұмысшылардың шығуы жүзеге асырылады [1].

Іскерлік және еңбек миграциясының қалыптасуы мен дамуы елдің даму үрдісі және белгілі бір міндеттерді шешу қажеттілігімен тығыз байланысты. 1950 жылдары шешуші рөлді

Қытайдың сыртқы саяси мақсаттары ойнады. Осы мақсатта экономикалық көмек және жұмыс күшін сыртқа экспорттауды жүзеге асыру бойынша мемлекетаралық келісімдер жасалды. Негізінен мұндай экспорт техникалық мамандардан, инженерлерден, дәрігерлерден және жұмысшылардан тұрды. 80 жылдардың басында Қытай 11 мемлекетпен жалпы құны 53 миллион АҚШ доллары болатын 43 жобаны жүзеге асырып жатты.

Ашық есік реформасы сыртқы саясатқа өзгерістер алып келді, енді алдыңғы орынға елді модернизациялауды жүргізу мен ішкі мәселелерді шешу шықты, ал сыртқы экономикалық қозғалыс елді дамытудың әдісі ретінде қарастырылды. Елден шығуды либерализациялаудың арқасында, дербес жұмысқа орналасу мақсатында шетелге шығу мүмкіндігі қолжетімді бола түсті. Батыстық зерттеушілердің пікірінше, жұмыссыздық пен инфляцияның өсуіне байланысты, сондай-ақ ішкі еңбек нарығына қысымды азайту үшін, қытай үкіметі шетелде бизнес жүргізу мүмкіндігін талаптандыра бастады. Либерализация іскерлік миграцияның өсуіне бастама берді. Белсенді қаржы салудың шарықтау шегі 80 жылдардың екінші жартысы мен 90 жылдарға келді. Бірақ ашық есік реформалары басталғаннан кейін елдің өз ішінде капиталдың жетіспеушілігі байқалды. 1990 жылдардың соңында экономикалық өсу қарқынының ішкі тұтынудан асып кетуі терең дефляцияға әкеліп, елдің ішкі экономикалық жағдайын айқындап берді (өсу қарқыны 1995 жылғы 10,9%-дан 1999 жылы 7,6%-ға құлдырады) [2].

2000 жылы «сыртпен жүру» стратегиясы ұсынылды, оның мақсаты ҚХР-ды әлемнің қуатты экономикалық державасына айналдыру. Бұл стратегияның бағытының бірі – кәсіпорындарды басқа мемлекеттердің табиғи байлықтарын белсенді игеруге, тауар экспортын арттыруға, жаңа нарықтарды жаулауға және технологияларды алу және нарықтарды игеру үшін шетелге инвестиция салуға талпындыру. Трансұлттық қытай кәсіпорындарының күшеюіне байланысты, қытай кәсіпорындарына ғылыми бағыттағы технологияны пайдаланатын кәсіпорындар құру, ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу және трансұлттық компаниялар құруға атсалысу міндеттелді. Халықаралық еңбек нарығындағы Қытайдың даму стратегиясы инвестициялық қызметті жандандырып қана қоймай, сонымен бірге шетелде кәсіпорындар ашу мен еңбек қызметін жүзеге асыруға мүмкіндіктерді молайтты, сөйтіп іскерлік және еңбек миграциясының өсуіне үлкен түрткі болды. Осылайша, стратегия жұмыс кү-

шін экспорттауды ұлғайту міндетін сәтті орындап отыр. Кәсіпкерлік қызметті күшейту үшін, Қытай үкіметі шетелдік диаспораларды белсенді тартады, қытай жерлестіктерін елдің сыртқы экономикалық стратегиясын жүзеге асыруға жиі қосады.

2000 жылдан Қытай кәсіпорындарының елеулі ұлғаюы мен капитал енгізудің өсуі байқалады. 2000 жылдан 2004 жылға дейін Қытайдың шетелдік инвестициясының көлемі 70% өсті. 2003 жылы инвестициялар 2 миллиард долларды құраса, 2006 жылы 73 миллиард долларға жетті. Қытайдың тікелей шетелдік инвестициялары әлемнің 150 мемлекеті мен территориясында орналасқан. Негізгі ағын Азияға, Африкаға және Батыс Еуропаға бағытталды. Оффшорлық зона болып табылатын Виргиния және Кайман аралдарының орыны ерекше (оффшорлар кейіннен қаржыны кері қайтару және әртүрлі салықтық жеңілдіктер алу үшін қолданылуы мүмкін). Капитал шығару мен шетелде кәсіпорындар мен сауда желілерін ашу, Қытайдан сыртқа тек кәсіпкерлер мен кәсіпорындардың басқарма мүшелері ғана емес, сонымен қатар жалдамалы жұмысшылардың шығуын да арттырды. 2007 жылы шетелдік кәсіпорындарда 658 мың адам жұмыс істеді, олардың 259 мыңы басқа мемлекеттің азаматтары болса, 400 мыңға жуығын ҚХР азаматтары құрады. Мұндай компаниялардың иелері мен басқару құрамы жиі бір мезгілде Қытайда да және шетелде де тұрып жұмыс істейді, ал жұмысшылардың негізгі бөлігі шетелге тұрақты жұмысқа немесе келісімшарт бойынша баратындар белгілі мерзімде сонда тұрып жұмыс істейді. Мұндай стратегия қытай кәсіпорындарының санын арттыруға мүмкіндік береді және елдің өзінде және одан тысқары жерде жаңа жұмыс орындарын жасау арқылы елдің ішіндегі жұмыспен қамту мәселесін шешеді. Сонымен бірге мұндай әрекетке рұқсат беретін құжаты жоқ бола тұра, кәсіпкерлікпен айналысатын қытай азаматтарының да санының көптігі байқалады. Бұған мысал ретінде көрші мемлекеттер территорияларындағы саналуан қытай базарларын айтсақ болады. Мұндай азаматтардың нақты санын бағалау өте қиын, өйткені мұндай кәсіпкерлер елге туристік немесе еңбек визасымен келеді.

Қытайдың халықаралық нарықта құны ең арзан жұмыс күші қорын ұсынатынын ескеру қажет. Қытай компаниялары жұмыс күшінің құнын үнемдеу арқылы төменгі баға ұсынады, сондықтан қытай кәсіпорындары жергілікті еңбек нарығынан жұмысшы тартпайды, өздерімен бірге ала келеді. Жұмысшы күшінің негізгі құрамы ҚХР-

дан топтасып кешенді жұмыстарды атқару бойынша келісімшартпен аттанады. Жұмыс күші экспортының 80% мердігерлік және инженерлік-құрылыс жұмыстарына тартылады. 1999 жылы осы салада 380 мың адам, ал 2007 жылы 658 мың адам жұмыс істеді. Дербес тәртіпте мамандар мен жұмысшыларды шетелде жұмысқа тұрғызумен маманданатын агенттіктердің үлесіне шетелге жұмысқа шығатындардың жалпы көлемінің азы ғана келеді. ҚХР коммерция министрлігінің мәліметі бойынша, 2009 жылдың наурызына сыртқа шыққан жұмыс күшінің жалпы саны 4,7 миллион адамды құрады. Бұл санның нақты емес екенін ескеруіміз қажет, өйткені бұл шетелде еңбек қызметін жүзеге асыруға ресми тіркелгендердің саны ғана. Зерттеу институты тізіміне шетелде дербес жұмысқа тұру тәртібімен жұмыс істейтіндерді кіргізген, ал ведомствалық статистиканы жүргізетін және жұмыс күші экспортын басқаратын Коммерция министрлігі келісімшарт бойынша жұмыс істейтіндер санын көрсетеді. Қытайдағы жұмысшылармен қамтамасыз ететін негізінен Цзянсу, Шаньдун, Фуцзянь, Гуандун, Ляонин секілді теңіз жағалауы мен шекаралық аймақтар. Осы көрсетілген провинцияларға шетелге жұмысқа шығатындардың жалпы көлемінің жартысынан көбі келеді. 1990 жылдан кейін жұмыс күші экспортының негізгі бөлігі Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне (Жапония, Гонконг, Макао, Оңтүстік Корея, Сингапур және Малайзия) беттеді. Бос жұмыс орындарының спектрі мен бағыты саналуан. Әлемнің 180 астам елі Қытай азаматтарына жұмыс орындарын береді. Мамандандырылған миграцияға студенттер де кіреді, олар мұнда қомақты үлес алады [3].

Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, ХХІ ғасырдың басында шетелде жұмыс істейтін Қытай азаматтарының саны 80 мың адамнан асты, бірақ келесі жылдары мамандандырылған мигранттардың саны азайды, бұл экономиканың даму қарқынының артуына орай, ел ішінде оларға деген сұраныстың өсуіне байланысты болды. Қытайлық халықаралық келісімшарттар ассоциациясының сарапшыларының пікірінше, жоғары санаттағы жұмыс күшіне сұраныс барған сайын артуы тиіс. Бұл болжауларды ескере отырып, Қытайға халықаралық нарықтағы өз позициясын нығайту үшін және ел ішіндегі жұмыссыздық мәселесін шешу үшін мамандандырылған жұмысшылар экспортын арттыру қажет.

Жұмыс күшін экспорттаудың ұлғаюы «сыртпен жүру» стратегиясының басымдылық бағыттарының бірі. Сыртқы экономикалық стратегия

халықаралық еңбек нарығындағы елдің позициясының едәуір кеңеюін қамтамасыз етуі тиіс. 11 бесжылдық жылдарының аясында Қытай шетелге 1,5 миллион адам шығару керек, ал бесжылдықтың соңына қарай шетелде шамамен 720 мың адам болып қайтуы тиіс. 2008 жылы шетелде 740 мың адам жұмыс істеді және 11 бесжылдықтың жоспары артығымен орындалды [4].

Қытай үкіметі ұлттық және халықаралық деңгейде жұмыс күшін экспорттауды белсенді қолдайды және көтермелейді. Саланы дамыту үшін және шетелдегі инженерлік-мердігерлік жобалар санын арттыру үшін, Қытай үкіметі осындай жобаларды жүзеге асыру үшін тәуекелдерді кепілдендіруге қаржы бөлу және несиелік пайыздарды төмендету жолдары арқылы кәсіпорындарға көмек көрсетеді. ДСҰ-ға кіру Қытайға жұмыс күшін заңды экспорттауға және кемсітушілік кедергілерін алып тастау туралы талап қоюға мүмкіндік берді. Оның үстіне ҚХР үкіметі еңбек ынтымақтастығын дамытып отыр, шетелдермен еңбек мигранттары туралы бірқатар келісімдерге қол қойды. Дегенмен, сыртқы экономикалық стратегияның жетістіктеріне қарамастан, жұмыс күшін экспорттауға кедергі келтіретін кейбір кедергілер бар, шет тілдерін білу деңгейінің төмендігі, маманданудың төменділігі, шетелде жұмыс істеу алдындағы дайындықтың жоқтығы. Осыған байланысты қытай үкіметі «Шетелге жұмысқа шығатындарды дайындауды ұйымдастыру ережелерін» жариялады, осылайша жұмысшыларды шығаруды ұйымдастыратын ұйымдарды дайындық жасауға міндеттеді. Елеулі мәселелердің бірі жұмыс күшін экспорттау бойынша бірыңғай реттеуші орталықтың және орталықтандырылған заңнаманың болмауы. Тек 2004 жылы барлық мәселе Коммерция министрлігіне берілді, оған дейін қызметтер Еңбек ресурстары мен әлеуметтік қорғау министрлігі, Сыртқы сауда министрлігі, Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі, Кадрлар министрлігі арасында бөлінген еді. Екінші бір мәселе азаматтардың әлеуметтік мәселелері: медициналық қамтамасыз ету, өмір сүру жағдайы, еңбекақы алу шарттары. Сонымен қатар, Қытай компанияларының ақпараттық шектеулігі және шетелдік нарықтың толыққанды зерттелмеуі, импорттаушы мемлекеттердің квоталары, виза алу үшін талаптардың жоғары болуы, шетелде қытайлық дипломның мойындалмауы секілді мәселелерді атап өтуге болады.

Қытай жұмыс күшін экспорттау арқылы бірқатар ішкі міндеттерді орындайды. Шетелде жұмыс күшін дамыту ішкі еңбек нарығына сал-

мақты азайтады, әлеуметтік тұрақтылықты сақтайды. Қытай азаматтарының шетелде болуы олардың жаңа технологиялар мен қабілеттерді үйрену арқылы кәсіби деңгейінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ кірісінің көбеюі мен Қытайдағы туыстарына ақша аудару да жағымды құбылыс болып табылады. Қаржының келуі ел ішіндегі тұтынуды арттырады және әлеуметтік мәселелерді шешеді. Миграция экономикалық сипатқа ие және шетелдегі келісімшарттар саны мен инвестиция көлемін ұлғайту бойынша мемлекеттік саясатпен тығыз байланысты. Қытай үкіметінің жеткен жетістіктермен тоқтап қалмайтындығын ескере отырып, бұдан ары да шетелдегі кәсіпкерлік және еңбек қызметімен айналысатын азаматтардың санының өсетінін, сондай-ақ еңбек ресурстары нарығы мен құрылыс-мердігерлік жұмыстарында қытай компанияларының қызметі ұлғаятынын болжауға болады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы мен білім алу Қытайдың миграциялық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Сыртқы экономикалық стратегияны тиімді жүзеге асыру үшін Қытай компанияларына әлемдік стандарттарға сай келетін мамандандырылған кадрлар қажет. Қытай университеттері қазіргі уақытта тиісіп білім алу сұранысын толықтай қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да студенттердің шетелге шығуы қажеттілік болып отыр.

Білім алу миграциясын үш категорияға бөлуге болады:

- мемлекет есебінен оқуға баратындар;
- белгілі ұйымдардың есебінен шетелде оқитындар;
- өз ақысына білім алуға аттанатындар.

Шетелде білім алатын студенттер экономиканы модернизациялаудың басты күші болып табылады, олар отандық білім беру мен ғылымды дамытады. 1978 жылы Қытай үкіметі жыл сайын үш мың адамды шетелге оқуға жіберуге шешім қабылдайды, олар алдыңғы қатарлы тәжірибелер мен технологияларды алып келіп, елді модернизациялауға атсалысуға тиіс болды. 1980 жылдардың басында шетелге кеткен студенттердің 78% техникалық ғылымдарды, 18% – менеджмент, құқық, қоғамдық ғылымдарды, 3% – басқа ғылымдарды үйренді.

Білім алғаннан кейін өз Отанына қайтып келмеген студенттер санының көп болғанына қарамастан, Қытай үкіметі шетелге жіберуін тоқтатпайды және ешбір шектеу шараларын қолданбайды, тек 1993 жылы «Шетелге оқуға баруға қолдау көрсету және білім алып болған

соң Отанға қайтуға талаптандыру, кіруге және шығуға еркіндікті қамтамасыз ету» деген ұран тасталды. Бұл насихатқа қарамастан қайтып оралған студенттердің пайызы жоғары емес. Студенттердің жұмысқа тұруда туындайтын мәселелерге немесе зерттеуге мүмкіндіктердің шектеулігіне байланысты оралмайды деп қарастыруға болады.

80-жылдардың аяғынан бастап, Қытай үкіметі студенттер жіберудің америкалық қорларымен ынтымақтаса бастады, бұл шетелдік қаржы институттарының есебінен маман дайындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қытай жастары арасында шетелде жоғары білім алу немесе курстан өту үрдісі қалыптаса бастады. 2008 жылғы есепке қарайтын болсақ, мемлекет немесе ұйымдар есебінен білім алатын студенттер санының азайғанын байқауға болады: 88,9% – өз есебінен, 6,3% – мемлекет есебінен және 3,8% – ұйымдар есебінен білім алған [5].

90 – жылдардың соңы – 2000 жылдардың басында «Сыртпен жүру» стратегиясы шетелге оқуға шығатын студенттер санын күрт арттырды. Бұл санның өсуіне өмір сүру деңгейінің артуы, экономиканың өсуі және өз балаларын шетелге жіберуге мүмкіндіктері бар бай адамдардың көбейгені себеп болды. Сондай-ақ жарияланған стратегия халықаралық стандарттар мен іс жүргізу тәжірибесімен таныс шетелдік білімі бар мамандарға Қытай компанияларының сұранысын туғызды.

1999 жылдан бері Қытайда жыл сайын қытайлық халықаралық білім алу көрмелік туры өткізіледі, оған әлемнің 20-дан аса елдің өкілдері қатысады. Танымал бағыттар қатарына АҚШ, Жапония, Канада, Германия мен Англия кіреді. 2014 жылғы Қытайлық халықаралық білім алу көрмелік турының мәліметтері бойынша, қытайлық студенттердің 45% – Американы, 28% – Еуропаны, 15% – Океанияны, 12% – Азияны тандаған.

Қытай үкіметі өз студенттерінің Отанға оралуы бойынша да үлкен істер атқарады, шетелдегі Қытай өкілдіктеріне студенттермен байланыс орнату жүктелген. ҚХР-ның шетелдегі 52 өкілдігінде білім саласының арнайы бөлімдері ашылған, студенттер сонда есепке тұруға міндетті. Бірақ өкінішке қарай «милардың кетуі» әлі де сақталып отыр. ҚХР Білім беру министрлігінің ресми статистикасына сәйкес, 1978-2008 жылдар аралығында шетелге оқуға 1 391 500 адам кеткен, олардың 389 100 ғана қайтып оралған [6].

Білім алған соң студенттердің Отанға оралуы, шетелдік қытайлық кадрларды тарту Қытайдың

барлық деңгейдегі билік органдарының қарқынды жұмысының бағыты болып табылады. Олардың оралуы үшін Пекин тұрақты шаралар атқарады: Шанхайда, Фуцзянда, Шэньжэньде жұмысқа орналастыру орталықтарын ашу, баспана беру, жанұя мүшелерін жұмысқа орналастыру және ғылыми зерттеулерге гранттар бөлу.

1998 жылы үкімет Қытай жоғары оқу орындарына шетелдік қытай мамандары мен студенттерді тарту үшін қаржыландыруды ұлғайтты. Сонымен қатар Қытай билігі шетелдік студенттер мен мамандарды тартуға ықпал ететін ақпараттық және диалогтық кездесулер ұйымдастырады, жыл сайын жәрмеңкелер мен форумдар өткізеді.

Мемлекеттік кеңестің Кеңесі «Мемлекет мұқтаждығы үшін шетелден кадр тарту бойынша жоспар» жасады және шетелдік маман «хуацяолар» мәселелері бойынша Комитет құрды, осылайша оларға Қытайға қайтып оралуға және бизнесін дамытуға мүмкіндік беріп отыр. «Сыртпен жүру» стратегиясын жүзеге асыру Қытай зерттеушілерінің басқа елдердің ғылыми-зерттеу институттарымен өзара әрекеттесуі арқылы жүргізіліп, шетелдік қытайлық мамандарды тартуға көмектесуде.

Сондай-ақ Қытай үкіметі 2006 жылы «11 бесжылдық кезеңіне шетелдік білімі бар

тұлғаларды қайтару бойынша жоспар» қабылдады, ол бойынша Қытай шетелдегі 200 мың Қытай студенттері мен мамандарын қайтаруды көздеп отыр. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін Қытай үкіметі қайтып оралған мамандарға әртүрлі жеңілдіктер ұсынады: баспана жағдайын жақсарту, гранттар мен арнайы кәсіпкерлік парктерде жұмыс істеу мүмкіндігі. Дегенмен студенттердің едәуір бөлігі шетелде қалуды жөн санайды. Зерттеулердің мәліметтері бойынша, шетелдегі қытайлық мамандар мен ғалымдардың басым бөлігі тұрақты тұрғылықты жері ретінде Отандарына қайтқылары келмейді, бірақ отанға шетте жүріп қызмет етуге дайын. Шетелдік студенттердің мұндай ұстанымы «қайтып оралып Отанға қызмет ету» саясатынан «Отанға қызмет ету, бірақ Қытайға оралу міндетті емес» саясатына өтуге әкелді, ал Қытай үкіметі шетелдегі Қытай мамандарын отанға қайтуды міндеттемей-ақ, біріккен жобаларға қатысу, лекция оқу, қытай компанияларына кеңес беру және бірлескен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін жоспар дайындады. Қысқа мерзімді бағдарламалар бағдарламасы Қытай үкіметіне ақпарат пен технологияларды ала отырып, Қытайдың модернизациясын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Литература

- 1 Зотин А.Н. Великое китайское переселение // ChinaPro, 2010. – № 5. – С. 55
- 2 Boyd, M. 2005. Migrant labour Mechanisms: The Down and Dirty, China Economic Quarterly. Beijing, 2005. – 29 p.
- 3 Cai Fang. The Trend of change of the Labour Market and the Urgency of Training Rural Migrant Workers // China Association for Employment Promotion. Microsoft Seminar on Occupational Training for Migrant Workers held in Beijing. Beijing, 2009. – 9 p.
- 4 Children of migrants to have same inoculation as urban peers // Xinhua, April 11, 2006 [Электронный ресурс] http://english.gov.cn/2006-04/11/content_250645.htm
- 5 Huang Ping, Frank N. Pieke. China Migration country study // Migration development pro-poor policy choices in Asia, Dhaka. №7. 2003. – P. 5-45
- 6 Internal Labour Migration: Features and Responses. Max Tunon. Ilo office. Beijing. 2006. – P. 214.
- 7 Портяков, В. становление Китая как ответственной глобальной державы / В. Портяков // Проблемы дальнего востока. – 2009. – №6 2009. – С. 3-13.

References

- 1 Zotin A.N. Velykoye kytayskoe pereselenye // ChinaPro, 2010. – № 5. – С. 55
- 2 Boyd, M. 2005. Migrant labour Mechanisms: The Down and Dirty, China Economic Quarterly. Beijing, 2005. – 29 p.
- 3 Cai Fang. The Trend of change of the Labour Market and the Urgency of Training Rural Migrant Workers // China Association for Employment Promotion. Microsoft Seminar on Occupational Training for Migrant Workers held in Beijing. Beijing, 2009. – 9 p.
- 4 Children of migrants to have same inoculation as urban peers // Xinhua, April 11, 2006 [Elektronnyy resurs] http://english.gov.cn/2006-04/11/content_250645.htm
- 5 Huang Ping, Frank N. Pieke. China Migration country study // Migration development pro-poor policy choices in Asia, Dhaka. №7. 2003. – P. 5-45
- 6 Internal Labour Migration: Features and Responses. Max Tunon. Ilo office. Beijing. 2006. – P. 214.
- 7 Portuakov V. Stanovlenye Kytaya kak otvetstvennoy globalnoy derzhavy // Problemy dalnego vostoka. – 2009. – №6 2009. – S. 3-13.

Арзыкулов А.А., Шарыпказы Н.

**Қытайдың Еуроодақтың
көшбасшы мемлекеттерімен
қатынасы**

Бүгінде Еуроодақ Қытай үшін көлемі жағынан екінші сауда серіктесі болса, ал Еуроодақ үшін Қытай бірінші кезекте болып отыр. Қытайда сыртқы саясаттың жаңа стратегиясына байланысты халықаралық қатынастардың басқа қатысушыларымен серіктестіктің айрықша түрлері бар. Осыған орай, Еуроодаққа қатысты 1998 ж. бері ҚХР-Еуроодақ сындарлы серіктестігі жұмыс жасап келеді. Еуропалық Одақта да жалпы Азиямен, сондай-ақ жеке Қытаймен қатынастарды реттеуге бағытталған бірқатар құжаттар бар. Мысалы, 1994 ж. қабылданған «Азияға қатысты жаңа стратегия», сондай-ақ 2001 ж. қабылданған «Еуропа мен Азия: ілгерілетілген серіктестік үшін стратегиялық негіз». Еуропа мен Азия арасындағы қатынастар сонымен бірге АСЕМ (Азиялық-еуропалық форум) аясында да өрбиде.

Түйін сөздер: Қытай-Германия, Қытай-Ұлыбритания, Қытай-Франция, инвестиция, екіжақты сауда қатынастары.

Arzykulov A., Sharypkazy N.

**Relations of China
with the leading states of the
European Union**

If today on volume the European Union for China is the second trade partner, and For the European Union China is on the first place. Since 1998 the strategic partnership the People's Republic of China European Union fruitfully works. At the same time China separately cooperates with the states of the Eurozone. And here the leading states Europey are priority.

Key words: China-Germany, China-Great Britain, China-France, investment, bilateral trade relations.

Арзыкулов А.А., Шарыпказы Н.

**Отношения Китая
с государствами-лидерами
Евросоюза**

Если сегодня по объему Евросоюз для Китая является вторым торговым партнером, то для Евросоюза Китай находится на первом месте. С 1998 года плодотворно работает стратегическое партнерство КНР-Евросоюз. Вместе с тем Китай отдельно сотрудничает с государствами Еврозоны. И здесь приоритетными являются государства-лидеры Европы.

Ключевые слова: Китай-Германия, Китай-Великобритания, Китай-Франция, инвестиция, двусторонние торговые отношения.

ҚЫТАЙДЫҢ ЕУРООДАҚТЫҢ КӨШБАСШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН ҚАТЫНАСЫ

Қытай-Германия қатынастары

Германия мен Қытай экономикалық ынтымақтастықты арттырып келеді. Тараптар оннан аса келісімшарттарға қол қойған. Сарапшылардың пікірінше, Берлин мен Пекин жариясыз жандық одақ құруда және келісілген саясатты жүзеге асыруда. Соңғы уақыттарда Германия үкіметі Қытаймен еурозонаны құтқару үшін қаржыландыру (қытай қорларының есебінен) мәселесі бойынша белсенді кеңестер өткізді. Бұл жолда Берлин теңдессіз шараларға барды: Германия еуроның долларға қатысты бағамын ұстануға, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін толықтай реформалау үшін Еуроодақ елдеріне қысым көрсетуге міндеттенді және де неміс экономикасына қытайлық инвестицияға барлық шектеулерді алып тастады.

Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуының бесжылдық жоспарында, кезекті рет қазірше қытайлықтардың қолы жетпейтін технологияларға ие шетелдік компанияларды сатып алу қарастырылған. Мұндай акцияларды сатып алу мүмкіндігін Германия беріп отыр. Герман экономикасының сыртқы инвесторларының қатарында Қытай 4-орында тұр, ҚХР-ның Германияға тікелей шетелдік инвестиция көлемі 116 миллиард долларға жетті [1]. Неміс Трансұлттық компанияларына (ТНК) Қытай жинау цехына айналғаны қашан, іс жүзінде тіпті қытай экспортының тең жартысына «Германияда ойлап шығарылған» деп жазып қоюға да болатын еді. Салынған инвестициялар ақырындап қайтып жатыр, сондықтан да ҚХР еуропалық қарызды қаржыландыруды бастады.

PricewaterhouseCoopers (PWC) мәліметтері бойынша, 2012 жылдың алғашқы жартысында қытайлықтар кәсіпорын сатып алуға (немесе үлесін) 23,9 миллиард доллар жұмсаған. Қаржының 70 пайызға жуығы шикізаттық және энергетикалық активтерді алуға жұмсалған. Ал қалған 30 пайыз технологиялық активтерді сатып алуға бағытталып отыр.

Германияда қытайлықтар орта көлемдегі машина жасау кәсіпорындарын белсенді сатып алуда. Қытайлық CQLT мемлекеттік холдингі автомобиль өндірісінің Saargummi кәсіпорынын, Lingyun компаниясы автомобиль құлыптары нарығындағы әлемдік көшбасшы- Kiekert фирмасын, CITIC Dicastal бірқатар

автоқұрылғылар шығаратын KSM Castings компаниясын сатып алды. Германияның ең халық көп шоғырланған Солтүстік Рейн-Вестфалия аумағының бір өзінде ғана 700 аса Қытай кәсіпорыны құрылған [2].

Тек 2011 жылдың өзінде ғана Ernst & Young Германияда жалпы 45 жаңа қытайлық инвестициялық жоба бар екенін есептеген. Олардың ішіндегі елеулілерінің бірі-шығыс-германиялық Пархим қаласындағы әуежайды қытайлық LinkGlobal Logistics сатып алуы, мұнда Қытайдан келген жүк ұшақтары қонады. Сөйтіп ол Еуропаның ең ірі әуе жүк тасымалы айлағына айналады.

Екі ел арасындағы қатынастар тұрақты өтіп тұратын жоғарғы деңгейдегі кездесулерде жиі талқыланып, келелі мәселелер қарастырылып, тиісінше нәтижелі шешімдер қабылданады. 2012 жылдың маусым айындағы ҚХР Мемлекеттік кеңесінің төрағасының Германияға сапары кезінде, Вэнь Цзябао мен Ангела Меркель 5 жыл ішінде елдер арасындағы екіжақты сауда айналымын 200 млрд. еуроға (283,8 млрд. доллар) жеткізетіндіктерін мәлімдеді. «Синьхуа» агенттігінің хабарлағанындай, екі елдің премьерлері Қытай мен Германияның үкіметаралық кеңесінің алғашқы раундының үлкен бастама екенін және тараптардың өзара сенім мен ынтымақтастықты тереңдетуге ынталы екендіктерін көрсететіндігін жеткізді.

Осы кездесудің алдында Қытайдың коммерция министрі Чэнь Дэмин мен Германия экономика министрі Филипп Реслер арасында келіссөздер өткен. Чэнь Дэмин қытай-германиялық сауда-экономикалық байланыстарына ықпал етудің төрт ұсынысын атап өтті: біріншіден, екіжақты сауда айналымын ұлғайту; екіншіден, Шаньдун провинциясындағы Циндао техникалық-экономикалық даму зонасындағы «Қытай-германиялық экологиялық паркінің» құрылысын жеделдету және оны екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың артуының жаңа көзіне айналдыру; үшіншіден, қызмет көрсету саласы бойынша ынтымақтастықты арттыру және қызмет көрсету саудасының көлемін ұлғайту; төртіншіден, Қытай коммерция министрлігі мен Германия экономика министрліктері арасындағы байланыстарды белсендендіру [3].

Одан бергі уақытта Қытай Халық Республикасында орын алған саяси өзгерістерге қарамастан, бұл қатынастар мен байланыстар өзінің жалғасын тауып келеді. А.Меркельдің шақыруымен 2014 жылдың мамыр айында Германияға ресми сапармен ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премь-

ері Ли Кэцян келді. Бұл оның премьер ретіндегі Азия мен Еуропа елдеріне алғашқы сапары болатын. Және өте маңыздысы бұл сапарда Германия Ли Кэцян бағдарламасындағы жалғыз Еуроодақ елі. Кездесулер барысында тараптар өңдеуші өнеркәсіп, инвестиция салу, қаржы және урбанизация салалары бойынша ынтымақтастық туралы бірқатар келісімшарттарға қол қойды.

Қазіргі уақытта Қытай мен Германия арасындағы өзара сенімділік терең, тұрақты және көңілге еш күмән келтірмейді. 2011 жылы құрылған Қытай мен Германия үкіметтері арасындағы кеңесу құрылымы жақсы жұмыс істейді және Қытай мен Еуроодақ елдері арасындағы тұңғыш диалог болды. Қытай мен Германия арасындағы қатынастардың нығаюы қытай-еуропалық байланыстардың жағымды дамуына ықпал етеді. Екі мемлекет те саудалық протекционизмге қарсы, бұл бүкіл Еуропаның басты мүдделеріне сай келеді және оның ұзақ уақытқа дамуына ықпалын тигізеді.

Прагматикалық ынтымақтастық Қытай мен ФРГ арасындағы қатынастардың таусылмас көзіне айналып отыр. Германия Қытайдың Еуроодақтағы ең ірі және әлемдегі 6-шы сауда серіктесі болып табылады. Және де арадағы инвестициялық ынтымақтастық үздіксіз тереңдеп және кеңейіп келеді. Мысалы, 2012 жылы Қытай мен ФРГ арасындағы сауда айналымы 161,1 миллиард долларға жетті, бұл Қытайдың Еуроодақпен саудасының үштен бірін құрайды [4].

Қытай-Ұлыбритания. Қытайдың Еуропа-ның ірі экономикасының біріне қызығушылығы артып келеді. Сарапшылардың мәліметтерінде атап өтілгендей, ҚХР соңғы екі жылда Ұлыбритания экономикасына осының алдындағы 30 жылдағыдан көп инвестиция салған.

Қазіргі уақытта екіжақты келісімдердің арқасында көптеген жобалар жүзеге асуда. Солардың бірі энергетика саласы бойынша Қытай-Британ жобасы. Қытай Ұлыбританияның ірі энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларын инвестициялайды, олардың ішінде жоғарғы жылдамдықты High Speed 2 темір жолы, күн сәулесі батареяларын құрастыру және жаңа буындық АЭС салу. Жоғарғы жылдамдықты High Speed 2 темір жолы құрылысын Қытай даму банкы инвестициялайды, бұл жол ел астанасын елдің орталық және оңтүстік бөлігіндегі Бирмингем, Манчестер, Лидс, Шеффилд секілді ірі қалалармен, сондай-ақ бірқатар кішігірім бекеттермен жалғастырады. Оның құрылысы 2017 жылы басталады, ал алғашқы Лондон-Бирмингем желісінің ашылуы 2026 жылға жоспарланған. Бол-

жамдар бойынша бұл жоба елдің ең салмағы көп желілеріне қосымша қуат береді, және де шамамен бір-екі онжылдықта өтемін қайтарады деп күтілуде. Үкіметтің есептеуінше, 2041 жылға қарай High Speed 2 ел экономикасына 43,7 млрд фунт әкеледі және жол құрылысы мен жұмысына қатысты қызметкерлердің жалақысына төленетін шамамен 27 млрд фунт жасайды. Жалпы құрылысына 32 миллиард доллар шамасында капитал есептелген бұл жоба шығынды да аз талап етпейді, сондықтан да шетелдік инвесторларды тарту (мысалы, Қытай) құрылыстың мерзімінің созылып кетуіне жол бермейді. Британдық MAP Environmental компаниясы мен қытайлық ZN Shine Solar күн сәулесі батареяларын өндіру мен сату бойынша бірлескен кәсіпорын құрады. Қытай компанияларының жаңа буындық атом станцияларын салуға қатысатындығы да айтылды. Бірақ оның шарттары сол күйі құпия түрінде қалып қойды. Аспанасты елі балама энергия көздерін белсенді игеруде, мысалы, атом энергиясы (Қытай ұлттық даму мен реформа комиссиясының стратегиясына сәйкес, 2020 жылға қарай бұл энергия көзінің үлесі 2 %-дан 6 %-ға өсуі тиіс). ҚХР-да қазіргі уақытта 6 АЭС жұмыс істейді, бірақ негізгі энергия көзі ретінде әлі күнге көмір қолданылатын ел үшін бұл теңізге тамшы құйғандай. Жаңа буындық АЭС жасау жұмыстарына қатысу, Қытай компанияларына барынша қуатты және қауіпсіз атом электростанцияларын салуға қажетті алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді [5].

Екі ел арасындағы басты келісімдердің бірі British Petroleum мен Қытай ұлттық оффшорлық мұнай корпорациясы арасында жасалды, оның құны шамамен 11,8 млрд фунтты құрады. Келісім бойынша, Ұлыбритания 20 жыл бойына Қытайға сұйытылған табиғи газ жеткізеді.

Қытай мен Ұлыбритания арасындағы екіжақты сауда 2014 жылы оның алдындағы жылдан да асып түсті. 2013 жылы ол 70 миллиард долларды (43 миллиард фунт) құраған еді. Ұлыбританияға Қытайдан тауар жеткізу Еуроодақтың басқа елдерінен көп өсті. Өз кезегінде Ұлыбритания да Қытайдың ішкі нарығын қолдану үшін Пекинмен сауда қатынастарын ұлғайтуға тырысады. 2013 жылы Ұлыбританияның премьер-министрі Дэвид Кэмеронның тығыз сауда байланыстарын орнату мақсатындағы Қытайға сапары кезінде, онымен 100 аса британ бизнесмендері бірге жүрген. «Екі ел басшылары екіжақты қатынастардың дамуы мен ынтымақтастықтың кеңеюінде кең келісімдерге қол жеткізді», – деп атап көрсетті 48 Group Club тәуелсіз бизнес – құрылымының

төрағасы Стивен Перри, – «Қытай мен Ұлыбритания бірлесіп жұмыс жасауда, бұл тек біздің халықтарымызға ғана үлкен пайда әкеліп қоймай, жаһандық бейбітшілік пен дамуға ықпалын тигізеді». Ол сондай-ақ «Ұлыбритания уақыт өте келе батыс әлеміндегі инфрақұрылымға, жылжымайтын мүлікке, энергетика мен транспортқа Қытай инвестициясының ең пайдалы орынына айналуы мүмкін» деп мәлімдеді [6].

Қытай фирмалары өзінің жаһандық ауқымын кеңейту үшін қашан да Ұлыбритания экономикасына ақша салуға қызығушылық танытып келді. Қытай компаниялары Ұлыбритания экономикасын инвестициялауға ықыластарын танытып отыр. Dalian Wanda Group британ өндірісінің яхталарын сатып алу және Лондонда қонақүй бизнесін дамыту үшін 1 млрд фунт бөлетінін мәлімдеді. Желілік құрал-жабдық өндіруші Huawei Ұлыбританиядағы өзінің сауда операцияларын ұлғайту үшін 1,3 миллиард фунт инвестицияламақшы.

Бұдан тыс, Пекиндік BCEG құрылыс компаниясы Манчестер әуежайы инфрақұрылымы мен оның айналасындағы бизнесті дамытуға 800 млн фунт бөліп, инвесторлардың бірі болады. Ұлыбритания қытайлық шығатын инвестиция бойынша әлемдегі тиімді 10 елдің бірі және Еуропаның кез келген басқа елімен салыстырғанда инвестицияны екі есе көп тартады.

Франция-Қытай. Қытай француздық сыртқы саяси басымдылықтар жүйесінде айрықша орынды иеленеді. Дегенмен Француз-Қытай қатынастарының басты құраушысы – экономикалық және сауда ынтымақтастығы. Бірақ оның қатты дамып жатқанына қарамастан, бұл жерде де кейбір түйткілдер бар. Бұл түсінікті де, өйткені әлемдегі экономика, сауда мен қаржы өткір бәсекелестік күрестің негізгі салалары болып табылады. Оның үстіне, Франция мен Қытайдың экономикалық байланыстары олардың саяси қатынастарының қалай дамидынығына тәуелді.

Сарапшылар Франция мен Қытайдың сауда-экономикалық байланыстарының жылдам дамуын жаһанданумен түсіндіреді. Жаһанданудың белгілерінің бірі – өндірістік қуаттарды Еуропадан арзан жұмыс күші бар аймақтарға шығару. Бұл жағынан алғанда Қытай ең тартымды ел. Арзан жұмыс күшінен өзге, Қытай әлемнің көптеген елдерімен салыстырғанда қолайлы инвестициялық ахуалымен және біршама саяси тұрақтылығымен ерекшеленеді.

Франциядан өндірісті Қытайға және Азия-Тынық мұхиты аймағының басқа елдеріне жылжыту үдерісі 1980-1990 жылдары басталған. Бұл

үдеріс француз экономикасына бірқалыпты әсер етпейді. Алғашқы кезде мәселе негізінен қоршаған ортаға зиянды өндірістер туралы болатын. Бірақ уақыт өте келе трансұлттық алыптар өз шығындарын азайту үшін, Франция территориясындағы лас өндірістермен қатар басқа да зауыт-фабрикаларын жаба бастады. Бір жағынан алғанда ірі француз компанияларының бәсекелестігі артты, табыстары молайды және салықтарының арқасында француз бюджеті толықты, екінші жағынан бұл Франциядағы кәсіпорындардың жаппай жабылуы мен жұмыссыздықтың өсуіне алып келді.

XXI ғасырдың басында бұл үдерістердің ары қарайғы өзгерісі жүрді. Енді Қытайға ең алдыңғы қатарлы технологияларды талап ететін өндірістерді көшіру мәселесі туындады. Қытай тиісті лицензияларды сатып ала бастады. Ол күрделі өндірістік үдерістерді жылдам игеріп қана қоймай, сонымен бірге жаңа технологияларды дербес дайындай бастады. Осыдан 15 жыл бұрын АҚШ, Еуропа және Жапония алдыңғы қатарлы өнеркәсіп өндірісінің «зертханасы» болса, ел «әлемдік фабрика» рөліне лайық еді. Уақыт өте келе, әсіресе соңғы жылдары Қытай да белгілі дәрежеде «зертхана» рөлін иеленіп, бірте-бірте батыстық өнеркәсіпке бәсекелес болып келеді.

Француз-Қытай қатынастарына Пекиннің халықаралық нарықтағы өз компанияларына күшті мемлекеттік қолдау көрсетуі де ықпал етеді. АҚШ пен Еуропа Қытай билігін төмендетілген юань бағамын сақтайды деп айыптайды, бұл сыртқы нарықтағы Қытай тауарының құнын жасанды түсіруге алып келеді деп есептейді. Еуропалық және америкалық тараптан жиі демпингпен айыптау айтылады. Пекин бұл айыптауларды жоққа шығара отырып, Қытай компанияларының сыртқы нарықта үлкен қиындықтарға ұшырайтынын алға тартады. Өйткені, Қытайдың ДСҰ-ға 2001 жылы кіргеніне қарамастан, Қытай экономикасына әлі күнге нарықтық статус берілген жоқ.

Франция үшін маңызды мәселе сауда-экономикалық қатынастардағы Қытайдың пайдасындағы теңсіздік. 2010 жылы Францияның Қытаймен саудасындағы дефициті 20 млрд еуроны құрады. 2011 жылы Қытайға француз экспортының қарқыны өсті: ол 13,5 млрд еуроға жетіп, 2010 салыстырғанда 22% артты. Бірақ импорт та өсуін тоқтатпады, сондықтан француз тарапының дефициті жоғарғы көрсеткішке – 27 млрд еуроға жетті. Францияның саудадағы дефицитінің көлемі жағынан Қытай Германияны басып озып, бірінші орынға шықты [7].

Қытай Францияға тауар жеткізуші ретінде 5-орында, АҚШ-тан озып тұр (алдыңғы орындар Еуроодақтың төрт еліне тиесілі). Француз нарығындағы Қытай тауарларының үлесі 7%. Бірақ жекелеген бағыттар бойынша Қытай тауарлары бірінші орынды алады. Қытай Францияға электроника (21,9%) бойынша басты жеткізуші, сондай-ақ ол былғары бұйымдары мен киім тасымалдау бойынша да (29,3%) алғашқы орында.

Тауарлар мен қызметтердің Қытай нарығы асып-тасып тұрмаса да, ондағы Францияның үлесі азғантай болып тұр. 2011 жылы ол 1,27% (2010 ж. – 1,23%), салыстырмалы түрде Германияның үлесі – 5,33%. Париждегілер Қытай нарығын игеруге аса көңіл бөледі, негізінен алдыңғы қатарлы технологиялар саласында, бұл жерде кейбір бағыттар бойынша Франция алдыңғы орындарда [8].

Осындай бағыттардың бірі АЭС құрылысы. Францияда 58 реактор жұмыс істейді. Үшінші буынның PER реакторлары салынуда, төртінші буынның жаңа реакторларының дайындығы жүрде. Өзге 7 елмен, оның ішінде Қытай да бар, ынтымақтастықта басқарылатын термоядролық синтез саласы бойынша ИТЕР жобасы жүзеге асырылуда.

Қытай Франциямен атом энергетикасы саласы бойынша ынтымақтастыққа елеулі көңіл аударып отыр. Сарапшылардың болжауынша, 2010 жылмен салыстырғанда, 2030 жылы әлемдегі энергетикаға деген сұраныс 40% артады, және де негізгі көтерілу Қытай мен басқа да жылдам дамушы экономикалардың есебінен жүреді. Бүгінгі өзінде-ақ Қытайдың өндірістік қуаты энергоқорлардың жетіспеушілігін сезініп отыр. Осындай жағдайларда АЭС салу бағдарламасы қабылданған, оған француз компаниялары да қатысады. «Арева», ЕДФ, «Альстом» секілді компаниялар, сондай-ақ француздық мемлекеттік құрылым-Атом энергиясы бойынша комиссариат соңғы он жылда Қытай нарығындағы өз позицияларын нығайтты және АЭС салуға (Дайя Бэй, Линг Ао) белсене қатысуда. Француздар АЭС салу және өнеркәсіптік өндірістен тыс біріккен ғылыми зерттеулер де жүргізеді, сондай-ақ атом-энергетикалық саласы бойынша мамандар дайындау ісіне де көңіл бөлуде. Осы мақсатта 2011 жылы қыркүйекте Сунь Ятсен атындағы Шанхай университетінде Француз-қытайлық ядролық энергия институтын ашты [9].

Сондай-ақ аэроғарыштық салада және транспорт бойынша да француз-қытай ынтымақтастығы нәтижелі дамып келеді. Пекин мен Париж А-320 аэробустарын шығаруда ынтымақтасады,

ал француз өнеркәсібі қытайлық C919 ұшағын құрастыруға қатысуда. Қытай нарығында «Мишлен» (шина өндірісі), «Веолия» (жол құрылысы), «Ситроен» (автомобилдер өндірісі) және «Лафарж» (құрылыс материалдарын өндіру) секілді француз фирмалар белсенді әрекет етуде. Ынтымақтастық бірте-бірте жаңа салаларға да ауысуда ауыл шаруашылығы, медицина, қаржы қызметтері. Өртүрлі бағалаулар бойынша, Қытайда 1,4 мыңнан 2 мыңға дейін француз кәсіпорындары жұмыс жасайды.

Арадағы кейбір түйткілдерге қарамастан Пекинмен өзара ықпалдасу, халықаралық аренадағы Қытайдың экономикалық және саяси рөлінің күшеюіне байланысты Париж үшін өте қажетті. 2008-2009 жылдары Францияның ішкі саясат мәселелері мен адам құқығы бойынша Пекинге қысым көрсетуге тырысуы тиімсіз болып қана қоймай, сонымен бірге қатынастардағы өткір дағдарысқа алып келді. Өзара тиімді ынтымақтастықты қалпына келтіру үшін Па-

риж біржақты түрде өз ұстанымын өзгертуге мәжбүр болды.

Қытай нарығының елеулі үлесіне ие болмаса да, Франция Еуроодаққа сүйене отырып, Қытай тарапымен экономикалық серіктестігін барған сайын кеңейтуде. 2011 жылдан бері Париж Пекинді еурозона елдерінің қарыздық мәселелерін шешу бойынша дағдарысқа қарсы шараларға қатыстыруға айрықша көңіл бөліп келеді.

Өз тарапынан, белгілі мәселелер шеңберінде Қытай Еуроодаққа бет бұрып отыр, оның ішінде Францияға да. Пекин маңызды экономикалық серіктестердің бірі Еуроодақпен қақтығысқысы келмейді және еуро зонасының болашағының күйреуіне де мүдделі емес. Бірақ бұл Қытайдың қатынастардағы таласты мәселелер бойынша Еуроодақтың талаптарын орындауға дайын дегенді білдірмейді. Жалпы алғанда ортақ жағдай Пекинді байыпты ымыраларға итермелейді, бұл белгілі мөлшерде Француз-Қытай қатынастарында да көрініс табады.

Әдебиеттер

- 1 Jonas Parello-Plesner, China's stake in the euro crisis/ Parello-Plesner J. // EastAsiaForum [электронный ресурс]. – 2015.
- 2 Kevin Yao, China growth could halve if Europe crisis worsens: IMF/ Patrick Graham // Reuters [электронный ресурс]. – 2014.
- 3 Mamta Badkar, CHINA CRASH 2012: Here's Why It's Finally Happening // NBC News [электронный ресурс]. – 2012.
- 4 Mezo J, Udvari B. Effects of the debt crisis on the EU-China relations/ Mezo J // Munich Personal RePEc Archive [электронный ресурс]. – 2012.
- 5 William Adams, Xia Youfu, Pang Zhongying China, the European Union, and Trade Relations // Carnegie Endowment [электронный ресурс]. – 2010.
- 6 Евкин А., Каргапольцев И. Визит А. Меркель в КНР: отношения выходят на новый уровень // Компас. – М., 2010. – №31.
- 7 Обичкина Е.О. Франция в поисках внешнеполитических ориентиров в постбиполярном мире. – М., 2004. – С. 384-385.

References

- 1 Jonas Parello-Plesner, China's stake in the euro crisis/ Parello-Plesner J. // EastAsiaForum [elektronny resurs]. – 2015.
- 2 Kevin Yao, China growth could halve if Europe crisis worsens: IMF/ Patrick Graham // Reuters [elektronny resurs]. – 2014.
- 3 Mamta Badkar, CHINA CRASH 2012: Here's Why It's Finally Happening // NBC News [elektronny resurs]. – 2012.
- 4 Mezo J, Udvari B. Effects of the debt crisis on the EU-China relations/ Mezo J // Munich Personal RePEc Archive [elektronny resurs]. – 2012.
- 5 William Adams, Xia Youfu, Pang Zhongying China, the European Union, and Trade Relations // Carnegie Endowment [elektronny resurs]. – 2010. .
- 6 Evkin A., Kargapolcev I. Vizit A. Merkel v KNR: ornoshenya vyhodyat na novyi uroven // Kompas. – М., 2010. – №31.
- 7 Obichkina E.O. Francia v poiskah vneshnepoliticheskikh orientirov v postbipoliarnom mire. – М., 2004. – С. 384-385.

Аташ Б.М., Құранбек Ә.А.,
Тұрғанбеков С.Қ.

**Жаһандану дәуіріндегі түркілік
рухани құндылықтарды
жаңғыртудың өзекті
мәселелері**

Мақалада түркі дүниесінің рухани құндылықтарының жаңғыруы мәселесі байыпталады. Авторлар рухани құндылықтар даму үдерісінің теориялық-методологиялық негіздерін ұсынып, оларды жүзеге асырудың практикалық аспектілерін модельдейді. Сонымен қатар мақалада жаһандану аясындағы түркілік бірегейліктің даму стратегиясы мен Қазақстан мәдениетінің әлемдік өркениет векторларына енгендігі дәйектелген. Жаһандану жағдайына және әлемдік біртұтас ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына, нарықтық қатынасқа көшу-ге, жаңа мемлекеттілік жағдайының қалыптасуына байланысты түркілік интеграцияның рөлі мен мәні артып отыр. Оның себебі, бүкіл түркі халықтарына ортақ тарих, тіл мен дәстүр жалпытүркілік қатынастарды өзекті және мәнді ете түсуде. Заманауи геосаяси және өркениетаралық интеграция жағдайында көнетүркілік ортада қалыптасқан, түркі халықтарын біріктіруге мүмкіндік беретін және жаһандану аясында түркі әлемінің бағдары болатын, әлеуметтік-мәдени және идеологиялық қалыпта еңсерілген және бейімделген инновация мәселесі өте маңызды болып тұр.

Түйін сөздер: Түркілік рухани құндылықтар, Қайта Өрлеу, түркілік рух, руханилық, адами даму.

Atash B.M., A.A. Kuranbek,
Turganbekov S.K.

**Actual problems of
transformation of the spiritual
values of Turkic civilization in
the context of globalization**

This article discusses the problem of reviving the spiritual values of the Turkic people. The authors present a theoretical and methodological foundations of development of spiritual values, simulated practical aspects of its implementation. The article shows the main targets of the strategy of Turkish identity in the context of globalization and the inclusion of Kazakhstan in the vectors of development of world culture. In the context of globalization and the formation of a single global information space, the transition to market relations, the situation in the new state the role and importance of Turkish integration increases since understanding that all Turkic peoples have a common history, language and traditions makes the idea of Turkic relevant and meaningful interaction. In today's geopolitical and inter-civilization integration more actualized the problem of innovation, borrowed and adapted to the socio-cultural and ideological representations arising in the ancient environment that contribute to the consolidation of the Turkic peoples and values of the Turkic world in the context of globalization.

Key words: Turk spiritual values, the revival, the Turkic spirit, spirituality, human development.

Аташ Б.М., Куранбек А.А.,
Турганбеков С.К.

**Актуальные проблемы
трансформации духовных
ценностей тюркской цивилиза-
ции в условиях глобализации**

В данной статье рассматриваются проблемы возрождения духовных ценностей тюркского народа. Авторы представляют теоретико-методологические основы процесса развития духовных ценностей, моделируются практические аспекты его реализации. Также в статье показаны основные ориентиры стратегии развития тюркской идентичности в условиях глобализации и включенности Казахстана в векторы развития мировой культуры. В условиях глобализации и формирования единого мирового информационного пространства, перехода к рыночным отношениям, в ситуации становления новой государственности роль и значимость тюркской интеграции возрастает, т.к. понимание того, что все тюркские народы имеют общую историю, язык и традиции, делает идею общетюркского взаимодействия актуальной и значимой. В условиях современной геополитики и межкультурной интеграции все больше актуализируется проблема инноваций, заимствованные и адаптированные социально-культурные и идеологические представления, возникшие в древнетюркской среде, которые способствуют консолидации тюркских народов и ценностных ориентаций тюркского мира в условиях глобализации.

Ключевые слова: Тюркские духовные ценности, возрождение, тюркский дух, духовность, человеческое развитие.

**ЖАҒАҢДАҢУ
ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК
РУХАНИ ҚҰНДЫ-
ЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫР-
ТУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Егемен ел болған, тамыры терең халқымыздың жаңаруы, барды бағамдай, өзіндік даралығымызды сақтай отырып, кемелденуі, үздіксіз ілгері басып, дамуы бүгінгі заман талабы. Қоғамымыздың алдында мәдениетіміздің жасампаз рухын дамыту, жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолындағы жүйелі ізденістер жасау міндеті тұр. Ал, осы орайда өткен дәуір мен қазіргі уақыттағы түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдениеті, рухани сабақтастық пен сол мәдениеттің мәңгілік құндылықтары туралы ой қозғасақ болады. Бұл тұрғыдағы сауалдар мен мақсат-мұраттар бүгінгі қоғамымыз үшін де өзектілігін жойған жоқ. Рухани таным мен сана-сезімді ояту, жаңарту мақсаты, рухани мұрат, еркіндік жолына үндеген түркі ойшылдарының рухани тәжірибесі мен мұрасын зерттеп, зерделеу, құндылықтарды қайта бағалау объективті көрініс. Зерттеу жұмысының өзектілігін айқындау барысында мынадай тұжырымдарға мән беру қажет деп есептейміз: алдымен, түркілер тарихында өзіндік ізденістерімен із қалдырған ойшылдарымыздың дүниетанымын тарихи-философиялық талдаудан өткізу халқымыздың дәстүрлі рухани болмысын тануға айрықша үлес қосады; сондай-ақ, әрбір ойшылдың шығармашылықтарын зерделеу Қазақстандық философияның жаңашылдық аясын кеңейтіп, ұғымдарын толықтырады; үшіншіден, мұндай сараптау тарихи және рухани сабақтастықты нығайтып, ал ол өз тұрғысынан ұлттық ойлаудың үздіксіз дамып, ұдайы жаңарып, даму да болуын қамтамасыз етеді. Төртіншіден, өткенді тану, оның қисынына бойлау, қоғамымыздың болашағын берік қалыптастыруға негіз болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі құндылықтар жүйесі көптеген өзгерістерге еніп жатқаны белгілі. Қазіргі модернизациялану кезеңінде философияның, жалпы гуманитарлық білімнің негізгі субъектісі болып адам есептеледі. Сондықтан қоғамдағы рухани құндылықтар тек адамның жетілуіне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етуі тиіс. Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті, дамыған отыз елдің қатарына енудің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты қиын да, күрделі міндеттер тұр.

Жалпы ұлттық қауіпсіздіктің қайнар көзі болатын Қазақстан халқының рухани бірлігі мәселесі, осы ұлттық философияның қалыптасуы мен дамуы, яғни халқымыздың руханиятының үйлесімді өрбуі құбылыстарымен тікелей аста-сып жатады. Халқымыздың этнофилософиясының мазмұнды тұстарын жақсы көрсете білген сайын ұлтымыздың рухани әлемі байи түседі. Ол өз кезегінде еліміздегі әрбір азаматының жеке дүниетанымында сапалы өзгерістер әкеліп, оларды даналық әлеміне де жақындата түседі. Сондықтан ұлттың өзіндік философиялық жасампаз, руханиланған даналық әлемін игере түскен сайын еліміздегі өркениетті және орнықты дамудың іргетасын нығайта түсеміз, мәдениеттер арасында көпір орнатамыз. Ал мәдениеттер арасындағы өзара байланысты орната түсу үшін түркілік өркениеттің кеңістігі мен тұтас рухани болмысын зерделеуіміз қажет деген ойдамыз.

Ақпараттық дәуірдегі бүгінгі Қазақстан Шығыс пен Батыс тоғысқан еуразиялық кеңістікте төзімділік, ықпалдастық және ынтымақтық идеологиясын, ұлттық және түркілік мәдени дәстүрді, түркі әлемінің құндылықтар тұғырнамасы мен Еуразиялық этномәдени кеңістіктегі сұхбаттастықты жандандыруға, өркениеттік құндылықтарды ортақ тірекке айналдыруға үлкен ықылас танытуда. «Қазақстан – 2050» Жолдауында көрсетілгендей, бұл серіктестіктің үдемелі серпіліс табатыны даусыз. Еліміздің демократиялық, ашық қоғам мен мәдениеттер интеграциясы ұстанымдарын дәріптеуі – азаматтық қоғам құрудағы бірегей көрінісі. Әлемдік жаһандану жағдайындағы ұлттық мәдениетіміз пен құндылықтарымыздың жаңғыруы, әлемдік мәдени интеграциядағы өзіндік орны мен ықпалы қандай болуы мүмкін сынды сауалдар жаңаша талдауларды қажет етеді. Мұндағы ұлттық мәдени компоненттердің даму үрдістері мен олардың бейімділігін атап өтуіміз қажетті. Мәселен, тіл мен діл, діни мәдениеттердің заманымызға сай трансформациясына ден қоюшылық елімізде артып келеді. Олай болса, қазақ қоғамының ұлттық мәдениеті мен құндылықтарының түркілік негіздерінің заманауи трансформациясын мәдени-философиялық тұрғыдан саралау мен зерттеу әлеуметтік маңызды нәтижелерге алып келетіндігі айқын.

Кенес үкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының егемендік алуы, Түркия мемлекетінің түркілік идея аясындағы мәдени ұмтылысы, ұмыт болып бара жатырған руханияттық деңгей т.б. оны қайта жаңғыртудың уақыты келгендігінің объективтілігін паш етіп отыр. Шынайы тарихты тану, тарихи өзіндік сананың қалыптасып,

дамуы бүгінгі күні сол рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды қалайды. Бүгінгі таңда адамзаттық өрлеу мен ілгерілеу түркілік өмір салты мен руханияттық деңгейіне біршама қызығушылық тудыруда, ол дүниежүзілік мәдени аренада айтарлықтай беделге де ие болып келеді. Осы орайда, руханияттық деңгейімізді қайта сараптау, оның ғылыми-теориялық негіздерін құру, алдымен, бұл құндылықтарға иелік етуімізді, содан соң, түркілік экзотиканы әлемге қайтадан таныстыруымызды заманауи тұрғыдан талап етуде деп айта аламыз. Тарихтағы түркілік бірлік рухын еске алсақ, олардың тарихтың қозғаушы күші ретінде танымал болуы, әлемдік өркениетке айтарлықтай ықпал еткендігі т.б. шынайы тарихи әділ бағасын алуы тиіс. Қазіргі түркі халықтарының бірлігі идеясының болашақ моделінің алғышарттарының руханияттық деңгейін көрсету үшін де біз қарастырып отырған мәселе өзекті болып табылады. Бұл түркі халықтарының бір мемлекет құру идеясына жетелемейді, тарихи саяси-әлеуметтік бірліктің бүгінгі рухани-мәдени-экономикалық бірлігі идеясын қайтадан тани алуымызға ықпал ете алды.

Жаһанданудың беталысы жағдайында ұлттар мен ұлыстар үшін ерікті-еріксіз түрде талап етілетін ашық қоғам мен сұхбаттастық ұстанымы әрбір субъектілер үшін өзінің жағымды және жағымсыз қырларын паш етіп келеді. Жаһандануды қабылдаудың психологиялық климаты аясындағы теориялық-бұқаралық санадағы пікірлердің бірі – этникалық болмыс тұтастығының дербестігі және оның өміршендігі, ұлттар мен ұлыстардың табиғи бірегейлігінің сақталу-сақталмауы дегенге келіп саяды [1, 10-12 б.]. Осындай түйткілді мәселеге сәйкес, стратегиялық-футурологиялық жоспарлар аясында, еліміздің кейбір ғалымдары түркі халықтарының мәдени-рухани, экономикалық-әлеуметтік бірлігін негіздейтін жалпытүркілік идея жобасын ұсынып келеді [2, 2-9 б.]. Бұл тұста, біз саяси бірлік немесе халықаралық деңгейдегі қатынастардың жобаларын емес, түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтарының табиғи-генетикалық, тарихи эволюциялық негіздерін басшылыққа ала отырып, тұтас рухани құндылықтарын сараптау, жүйеге келтіру, сұрыптау мен ілгерішіл жақтарын қайта жаңғыртудың негізгі бағдарларын теориялық тұрғыдан зерделеу мәселесін сараптап өтпекпіз. Осы жазықтықта, мәселенің өзектілігі, түркілік рухани құндылықтарды сараптаудың теориялық-әдіснамалық-практикалық негіздері және оны ретроспектива-интроспекция-перспектива түзілімі аясында қарастыруды қолға алмақпыз.

Түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғырту бүгінгі заманның объективті шарттарынан туындап отырғандықтан, оның көкейкестілік сұранымдарын былайша тұтастандыра аламыз:

Біріншіден, жаһандану жағдайындағы түркі халықтарының рухани құндылықтарына сәйкес келмейтін әртүрлі жат психологиялық ықпал өрісі аясындағы идеологиялардан сақтану үшін қажетті бағдар болып табылады. Шындығында, қазіргі адамзаттық идеологиялық кеңістік арнасында, әрбір қауымдастық пен ықпалды күштер өзінің насихаттық-психологиялық түсініктерін жалпыға тануға ұмтылу үстінде. Мәселен, еуропаландыру, қытайландыру, америкаландыру тәрізді ықпалдармен қатар әртүрлі діндердің насихатшылдық әрекеттері өрістей түсуде. Осы орайда, біз, қазақ халқы және басқа да түркі халықтары бұрынғы тарихи дәстүршілдік қағидасын және оны қазіргі заманға сай қайта жаңғырту идеясын қолдауды ұсына аламыз. Себебі, әртүрлі болмыс-бітімімізге сәйкес келе бермейтін идеологиялардың ықпалынан алдымен, руханилықты бетке ұстау арқылы сақтана алатындығымыз тарихи тәжірибеде бінесе рет дәлелденген шара.

Екіншіден, түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың тарихи қажеттілігі мен хронологиялық жағынан да мезгілі келіп жетті, бұл тарих таразысының объективті шарты десек те болады. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының егемендік алуы, Түркия мемлекетінің түркілік идея аясындағы мәдени ұмтылысы, ұмыт болып бара жатырған руханияттық деңгей т.б. оны қайта жаңғыртудың уақыты келгендігінің объективтілігін паш етіп отыр. Шынайы тарихты тану, тарихи өзіндік сананың қалыптасып, дамуы бүгінгі күні осы рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды қалайды.

Үшіншіден, бұл мәселенің тағы бір өзекті қыры – жалпыадамзаттық рухани дағдарыстардың пайда болуы мен қылаң беруі. Ол утопия ма, әлде өмірдің шындығы ма, немесе әлеуметтік миф пе – бұл да күрделі мәселе. Бірақ, кейбір зерттеушілеріміз әлемдегі «тұтынатын адам» дағдарысының руханияттық жат қылығын, оның тым тұрпайы ерекшеліктерін ашып көрсетеді [3, 334 б.]. Егер біз жалпыадамзаттық рухани дағдарысты анық сезіп келе жатырған болсақ, сондай беталыс бар екен деп пайымдасақ, сөз жоқ түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғырту осы сәттегі сұранып тұрған өмірдің заңдылығына айналады. Түркілік тұтас руханияттық асқақтық әлемдік рухани дағдарыстардың ықпалында болмауды және оған тиісті емес екендігін де паш

ете алады, мүмкін ол әлемдік рухани дағдарысты тежеуде өзіндік бір орнын айғақтап бере алатындай үлес қосуы да ықтимал.

Төртіншіден, бүгінгі таңда адамзаттық өрлеу мен ілгерілеу түркілік өмір салты мен руханияттық деңгейіне біршама қызығушылық тудыруда, ол дүниежүзілік мәдени аренада айтарлықтай беделге де ие болып келеді. Мәселен, қымыз бен шұбат сынды сусындар, киіз үй баспанасы мен ою-өрнектер, ұлттық аспаптарымыз т.б. қайсібір озық қоғамның талғамдарына сай келіп құрметтеледі. Осы орайда, руханияттық деңгейімізді қайта сараптау, оның ғылыми-теориялық негіздерін реттеу, алдымен, бұл құндылықтарға иелік етуімізді, содан соң, түркілік экзотиканы әлемге қайтадан таныстыруымызды заманауи тұрғыдан талап етуде деп айта аламыз.

Бесіншіден, бүгінгі таңдағы іске асып келе жатырған жалпытүркілік экономикалық-саяси ынтымақтастық ұстанымының іргетасын, теориялық негіздерінің алғышарттарын жасау, тұтастық идеясының түпнегіздерін көрсету үшін, алдымен, руханияттық бірліктің терең тарихи-мәдени негіздерін қайтадан өрістетуге туралы концептуальді идеялар қажет. Бұл – рухани құндылықтарды қайта сараптау арқылы өзіндік бір жаңа белестерді тани алады.

Алтыншыдан, түркі халықтарын тұтастай және оларды жекелей алғанда да, өзінің тұғырлы мәртебесін әлемдік саяси-мәдени аренада анықтайтын мезгілдің келіп жеткендігі де осы рухани құндылықтарды сараптап, қайта жаңғыртып, ешкімге ұқсамайтын төлтума ерекшеліктерімізді әйгілеудің бірден-бір себебі болып табылады деп айтуымызға болады. Бұндай заманауи талап түркі халықтарының әлемдегі орнының салмақты түрде айғақталуы, дүниежүзілік халықаралық кеңістікте өзіндік мәртебесінің нығаюы сияқты мәселелер шеңберінде руханияттық деңгейімізді паш ететін мезгілдің келіп жеткендігін әйгілеп тұрғандай. Осы орайда, «Бұл мемлекеттердің мәдениеттерінің даму үрдістерін ғылыми-философиялық тұрғыдан зерделеу, түркі халықтарының жалпыадамзаттық мәдениеттің құнды құбылысы ретіндегі өзіндік болмысы мен рухани әлемінің ерекшеліктерін сақтап қалу қажет», – деген пікір де [4, 17 б.] біздің тұжырымдарымызды дәйектей түседі. Тарихтағы түркілік бірлік рухын еске алсақ, өткенге көз жүгіртсек, жер бетінде бірнеше түркі тектес халықтардың империялар құруы, шындап келгенде, зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүргендей, олардың тарихтың қозғаушы күші ретінде танымал болуы, әлем халықтары өр-

кениетіне айтарлықтай ықпал еткендігі т.б. [5, 105-204 б.] шынайы тарихи әділ бағасын алуы тиіс.

Жетіншіден, құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың өзекті мәселелерінің бірі – олардың руханияттық кеңістік алаңынан жоғалып бара жатырғандығы мен жоғалып кеткен кейбір тұстарын қалпына келтірумен шартталады. Мүмкін, тек түркі халықтарына ғана емес, жалпыадамзатқа игі ықпал ете алатын руханияттық деңгей заманауи сұраныстардан туындап отырғандай деп болжамдауымызға болады. Бұл шындығында да солай. Мәселен, Ш. Ибраевтың: «Ал адамзаттың дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан түркілік мәдениеттің орны мен бағасын, мазмұны мен даралық сипатын, құрамдас бөлігін зерттеу – түркілерге ғана емес, жер бетіндегі адам баласы үшін қажетті іс», – деген пікірі де [6, 10 б.] жалпыадамзаттық рухани дағдарыстарды тежей алатын маңызды күштердің бірі осы түркілік руханиятта жатыр деген ойды меңзеп тұрған сыңайлы.

Сегізіншіден, қазіргі түркі халықтарының бірлігі идеясының болашақ моделінің алғышарттарының руханияттық деңгейін көрсету үшін де біз қарастырып отырған мәселе өзекті болып табылады. Бұл түркі халықтарының бір мемлекет құру идеясына жетелемейді, тарихи саяси-әлеуметтік бірліктің бүгінгі рухани-мәдени-экономикалық бірлігі идеясын қайтадан тани алуымызға ықпал ете алды. «Түркі халықтарының рухани, мәдени және тілдік туыстығы тиімді де, сенімді экономикалық ынтымақтастықтың кепілі», – деп тұжырымдаған ғалымдарымыздың пікірлеріне сәйкес [7, 19 б.], алдымен, жалпытүркілік руханияттық кеңістікті өрістетуге мәселесі жолға қойылып тұр.

Түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғырту да олардың бірнеше ғасырлық белестерден өтіп кеткен шағында, мінсіз ыңғайласқан аса оңтайлы жұмыс емес екендігі де шындық. Кей жағдайда, бұл мәселені өрістетуге сәтінде мынадай қиыншылықтары мен күрделілігі үнемі алдымыздан шығады.

Атап айтқанда; ұмыт болған құндылықтарды еске түсіру; түркі мемлекеттері мен автономияларының аз еместігі; түркілік ұлыстардың құндылықтар жүйесінің әртүрлілігі мен олардың кейіннен өзгеріп кетуі; бұл құндылықтардың ұлттық бедел, бренд ретінде жеке дара сақталуы; түркі халықтарында бүгінгі күні тек экономикалық қана емес, рухани бірліктің де арнайы жүйелі құрылмауы; кейбір түркі халықтарының этникалық санасының жойыла бастауы; рухани құн-

дылықтардың өзіндік ішкі қайшылықтарының кездесуі; түркі мемлекеттерінің саяси ұстанымдарының тұтастай біркелкі еместігі; түркілік рухани құндылықтардың жеке ұлттар мен ұлыстар аясында тарамдалып, ішкі жағдайда иелік етуі мен сол мемлекеттің идеялық құнары ретінде меншіктелуі; түркілік рухани құндылықтарды әртарапты түсіндірулердің кездесуі; түркілік өркениет тарихы аясындағы оның көшпелі немесе отырықшыл халық болғандығы туралы бүгінгі ғылыми дискурстың нақты бір шешімге келмеуі; түркілік жалпытұтастық идеясының өзін бүгінгі күнгі әртүрлі түсінуділік т.б.

Келесі кезекте, біріншіден, түркілік рухани құндылықтардың аясын қай дәуірден бастау керек және оны шартты түрде қандай кезеңдерге жіктеуге болады; екіншіден, жалпы рухани құндылықтардың өзіндік жүйесін құрып, оның аясында түркілік руханиятты зерделеу қандай бағыттарға ажырайды; үшіншіден, оларды сараптау мен жүйелеуде, біз қандай әдіснамаларды қолданамыз; төртіншіден, пайымдалған, зерделенген, таразыланған құндылықтар жүйесін бүгінгі күнге қалай көшіре аламыз, қайта жаңғыртудың өзіндік тәсілдерінің теориясын қалайша ұсынуға болады? деген проблемалық алаңға кезігеміз және оны былайша таразылап өтпекпіз:

Бірінші мәселе бойынша, тарихқа көз жіберсек, есте жоқ ескі замандарға шолу жасап, «түркілік тайпалық нышандардың» пайда болуын тым әріден бастауға да болады. Мәселен, Солтүстік Америка мен Шығыс Азияны біріктіретін Беринг бұғазы ашылмай тұрған кезеңдегі алып екі материктің жалғасып жатқан дәуірінде мәдениеттердің сұхбаттастығы мен қатар көші-қон үрдісі де орын алғандығы шындық. Осыған орай, қазіргі ғалымдар Америкадағы үндістер мен бүгінгі түркі халықтарының арасынан тіршілік ету дәстүрлері болсын, діл мен сенім бірлігі болсын, мәдени-әлеуметтік нышандар болсын белгілі бір ұқсастықтарды тауып отыруы да заңды құбылыс. Немесе, Үнді-Арииліктердің тіршілік еткен мекені ретінде, түркілік мәдениеттің түптамырлы түбірлестіктерін иран, үнді, еуропаның кейбір халықтарынан да кездестіруіміз де ұмытылған тарихтың шынайы келбеті болып табылады. Сондай-ақ қазіргі Қазақстан аумағындағы аймақта құрылған Андронов мәдениеті де тым көне архетиптерді оятады. Осыған орай, қазақ руханиятының тарихи тамырының тереңде жатырғандығын байыптаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты туындысында оның эволюциясының хронологиясын жасап, түпбастауын бұдан 6000 жылдық

уақыт арена-сынан туындатып, бүгінгі күнге дейінгі қалыптасқан он екі кезеңді ажыратып көрсетеді және оны арииліктер дәуірінен бастайды [8, 267-284 б.]. Түркілік өркениет пен руханияттың тамыры, шындығында да, әзірге мәлім тарих бойынша (мүмкін, одан да әрі) 5-6 мың жылдықты құрайды [9, 15 б.].

Ендеше, түркілік руханият түркі қағанаты дәуірінде бірден туа салған құрылым, саяси-идеологиялық қондырма емес, биогенетикалық ұрпақтар сабақтастығы арқылы этникалық тұтастық рухының тарихи-мәдени түп тамырларынан жалғасын тауып келе жатырған байырғы ата-тектерімізден тасымалданып, бүгінгі күнгі Түркілік мемлекеттердің руханилық дәрежесі мен өмір сүруінің витальдік күшінің кіріктірілген құндылығын айғақтап отыр. Түркілік Руханият белгілі бір этностың тұтас рухани мәдениет болмысымен, тіршілік ету салттарымен, өмірлік құндылықтар жүйесімен, оның ішкі дүниесімен астасып жатырған мызғымас, барынша тұрақты ұстанымдардың, ұстындардың, қағидалардың, даналық бастаулардың жүйеленген, объективтендірілген жиынтығынан құралатын болғандықтан, оның тасымалдану жолдары да көптүрлі.

Бірақ, бұл кезеңдердегі түркілік рухани құндылықтарды зерделеу мен пайымдау айтарлықтай қиыншылықтарға кезіктіреді және ол мәдениеттердің симбиозына, түркілердің басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кеткендіктерінен, түркілік рухани құндылықтарды сараптауды неғұрлым берірек, «әбден орныққан» кезеңнен бастаған жөн сияқты. Осы тектес көзқарастар да бүгінгі түркілік руханиятты өрлету дискурсында кездесіп отырады: «Түркі мәдениеті жоқ жерден пайда болған жоқ, ол өзінің құндылықтар жүйесіне үйлесе кеткен барлық мәдени жетістіктерді сіңіріп алды», – деп тұжырымдаған Ж. Мадалиева, оның тарихының өте ерте замандардан бастау алатындығын дәйектей келе, пікірлерін былайша сабақтайды: «Өкінішке қарай, тарихта біздің алыс бабаларымыз жайлы ақпарат өте аз, ал ғасырлар тереңінен жеткен шағын мәліметтер өткен тарихты толығымен сипаттай алмайды. Ең бастысы түркі тілі, дін тілі, ғылым-білім тілі, мемлекет тіліне айналды» [10, 340 б.].

Ендеше, түркілік рухани құндылықтарды тарихи тұрғыдан зерттеуде мынадай дәуірлерді шартты түрде бөліп көрсетуімізге болады: 1. Сақ-скиф дәуірі (б.э.б 1 мыңжылдық – б.э дейін); 2. Ғұндар кезеңі (б.э.б. 300 жылдар – б.э. 400ж); 3. Түркі қағанаты заманы (5-8 ғғ.); 4. Оғыз-қыпшақ бірлестігінің дәуірі (8-12ғғ.); 5. Түркі халықтарының ыдырауы мен әлемге таралу мезгілі жә-

не Шыңғысшылдық идеясының үстемдік құрған уақыты (12-15 ғғ.); 7. Түркі халықтарының жеке мемлекет құрып, дербес тіршілік етуі (15-19 ғғ.); 8. Қазіргі түркі халықтарының рухани ынтымақтастыққа ұмтылу кезеңі (20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басы).

Жеті Атаға дейін үйленбеу дәстүрі түркі тектес халықтардың ішінде тек қазақтарда ғана бар дейміз. Алайда, хакас халқында *«Читі төлге читіре хыс алыспачан»* деген мақал-мәтел кездеседі. Бұл мақалдан хакас халқының да дүниетамында жеті ұрпаққа дейін қыз берісіп, қыз алыспаудың бар екенін аңғарамыз [3, 54 б.]; [5, 156 б.]. Сонымен қатар, *«Мал өлзе-сөөгі халар, кізі өлзе- ізі халар»* – *«Жақсының аты өлмейді, ақынның хаты өлмейді»* немесе *«Тіріг кізее ол ма ниме читпес»* – *«Тірі адам тіршілігін жасайды»* деген мақал-мәтелдерден тек қана рухани жағынан ұқсастықтар ғана емес, тілдік аспектілер жағынан да ұқсастықтарының жеткілікті екенін көреміз [6, 89].

«Хортых кізі хозан осхас»-«қорқақтың қолы қысқа», «Атты чаг чазапча, кізіні кип чазапча»-«ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек», «Пілген сурар, пілбеен сур полбас», «Пала тілі тадылыг полчан» – *«Бала тілі бал», «Пілбес кізее-мун чох, пілер кізее-пір чох»* – *«Білгенге маржан, білмеске арзан»* келтірілген әр мысалды оқи отырып, біз азда болса, әр мақалдың мағынасын түсінеміз [3, 55-59]. Демек, тілдік ұқсастықтар белгілі бір этностың қалыптасып, дамуындағы тоғысатын бір нүктесі болып саналады. Әрине, тілдік жағынан ұқсас әр халықтың тілдерін, туыс тілдер қатарына жатқыза алмаймыз, себебі, тілдік ұқсастықтардың да пайда болуы халықтың тұрмысы мен өмір-салтының бір түбірден өрбуінің нәтижесі болып табылады. Әр мақал-мәтелдің астарында жатқан философия, халықтың мыңдаған жылдық тарихы мен мәдениетін қарапайым сөздер арқылы, бейнелі түрде жеткізеді. Белгілі бір халықтың әлемді танып, өмір заңдылықтарын қаншалықты игере білгенінің де айқын көрінісін сипаттайтын нақыл сөздер болашақ ұрпақ үшін өнеге болып сақталып келеді.

Жоғарыда келтірілген, хакас халқының аталы сөздері олардың өмір тәжірибесі мен тағылым тәлімін тереңінен тануға мүмкіндік береді. Атап өтілген мысалдар бойынша, біз Сібір территориясында өмір сүріп жатқан бір ғана халықтың тілдік және рухани құндылықтарын қарастырып, олардың бізге ұқсас тұстары мен өзіне тән ерекшеліктерін атап өттік. Бұл ұқсастықтардың бар болуы екі халықтың мәдениетінің, тарихының бір негізден тарағандығының және де қанша ғасыр Ресей империясының құрамына кірген Сібір халықтарының түркілік менталитет пен рухты сақтай білгеніне көз жеткізеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақтың мақал-мәтелдері [Текст]/ құраст. А.Т. Смайлова. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2002. – 312 б.
- 2 Баскаков Н.А., Инкижекова-Грекул А.И. Хакасско-русский словарь. – М.: Гос. Издательство иностранных и национальных словарей, 1953. – 66 с.
- 3 Кирбижекова У.Н., Чистобаева Н.С. (сост.) Хыйха сөс: сөспектер, сиспектер база таптырғастар. – Абакан: ГБНИУ РХ «ХакНИИЯЛИ», 2014. – 84 с.
- 4 Қазақтың мақалдары мен мәтелдері [Текст] / Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1959. – 300 б.
- 5 Қазақ мақал-мәтелдері [Текст] / құраст. Ж. Малайсарин. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС, 2003. – 184 б.
- 6 Қазақ мақал-мәтелдері [Текст]: жинақ / құраст. және ауд. М. Акқозин. – Алматы : ФинЭк, 2000. – 112 б.

References

- 1 Kazaktin makal-matelderi kurast. A. T. Smaylova. –Almaty: koshpendiler baspasy, 2002. –312 b.
- 2 Baskakov N.A., Inkizheкова-Grekul A.I. Hakassko-russkii slovar. – M.: Gos. Izd-vo inostrannyh i nasionalnyh slovarei, 1953. – 66 s.
- 3 Kirbizheкова U.N., Chistobayeva N. S. (sost.) Hiyka sos: sospekter, sispekter baza taptyrgastar. – Abakan: GBNIU PH «HakNIYYALI», 2014. – 84 s.
- 4 Kazaktin makal-matelderi kurast. O. Turmanzhanov. – Almaty: Korkem adebiyet baspasi, 1959. – 300 b.
- 5 Kazaktin makal-matelderi kurast. ZH. Malaysarin. – Almaty: «Ana tili» baspasi, ZHSHS, 2003. – 112 b.
- 6 Kazaktin makal-matelderi kurast. jane aud. M. Akkozин. – Almaty: FinEk, 2000. – 112 b.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Ахапов Е.А., Баубекқызы Ж.

**Аниме және Жапон тілі:
бастапқы сауалнама негізінде
оқыту әдістемесін жақсарту
мүмкіндіктері**

Аниме және манга-жапон поп-мәдениетінің ең танымал бөлігінің бірі. Әсіресе, аниме мен манга әсері жастар арасында айрықша көрініс тапқан. Соңғы жылдарғы зерттеулер студенттердің жапон тілін таңдауға және оны жалғастыруына мотивациялық рөлі жоғары болғанын көрсетіп отыр. Алайда, Қазақстанда бұл тақырып әлі терең зерттелмеген. Осыған орай мақалада жапон анимесі мен манганы қолданып, жапон тілі сабағы әдістемесі сапасын жақсарту мүмкіндігіне қатысты студенттерге жүргізілген бастапқы сауалнама нәтижесі талқыланылып, респонденттердің пікіріне талдау жасалынды.

Түйін сөздер: жапон тілі, аниме, сауалнама, оқыту әдістемесі, 日本語 nihongo, アニメ anime, アンケート anketa, 教授法 kyoujuhou.

Akhapov Y.A., Baubekkyzy Z.

**Anime and Japanese: potential
improvement of teaching meth-
ods on the basis of preliminary
survey**

Japanese anime and manga is considered as an integral part of Japanese popular culture. In recent years, it began to spread widely throughout the world. Especially, it has a significant impact on the youth identity in the selection of foreign language and increasing the motivation of students to study Japanese language. Unfortunately, this issue has not been studied in Kazakhstan yet. The article discusses the results of a preliminary survey for students to improve the methods of teaching Japanese language with Japanese anime and manga, and analyzed the views of the respondents.

Key words: Japanese language, anime, questionnaire survey, teaching methods, 日本語 nihongo, アニメ anime, アンケート anketa, 教授法 kyoujuhou.

Ахапов Е.А., Баубекқызы Ж.

**Аниме и Японский язык:
возможности улучшения
методики преподавания на
основе предварительного
анкетирования**

В последние годы японские аниме и манга как неотъемлемая часть японской поп-культуры получили широкое распространение во всем мире. Особенно очень высокое их влияние на молодежь. В исследованиях ученых установлено, что аниме и манга сыграли важную роль при выборе иностранного языка и повысили мотивацию студентов к изучению японского языка. К сожалению, данная тема в Казахстане ещё глубоко не изучена. В связи с этим в статье рассматриваются результаты предварительного анкетирования студентов и проводится анализ мнения респондентов для улучшения методики преподавания японского языка с использованием японских аниме и манга.


Ключевые слова: японский язык, аниме, анкетирование, методика преподавания, 日本語 nihongo, アニメ anime, アンケート anketa, 教授法 kyoujuhou.

**АНИМЕ ЖӘНЕ ЖАПОН
ТІЛІ: БАСТАПҚЫ
САУАЛНАМА
НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІН
ЖАҚСARTY
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпіріндегі жастар арасында жапон поп-мәдениетінің бірі аниме және манга өте танымал. Әсіресе, студенттерге шет тілдерінің арасынан жапон тілін таңдауға аниме мен манга әсерін тигізіп, университет қабырғасында жапон тілін жалғастырып оқуына да мотивациялық рөлі жоғары болғаны туралы кеңінен айтылып келеді [1, 3]. Алайда, сан түрлі характерлер мен әртүрлі жанрлардан тұратын аниме мен манга тілі жалпы жапон тілі оқулықтары мен сөздіктерінде кездеспейтін сөздер мен сөйлеу мәнерімен ерекшеленеді. Сондықтан, аниме мен манганы жапон тілінде үйрену оңайға түспейтіні анық. Яғни, жапон тілін оқып жүрген студенттерге арнайы оқу құралы, қосымша материалдар қажет. Осыған қарамастан жастар арасындағы аниме мен мангаға қызығушылығы, осы поп мәдениетінің оларға ықпалының жоғары болуы, студенттердің жапон тілін тереңірек оқып үйренуге қатысты шабытын жоғарылататыны сөзсіз. Демек, аниме мен манга студенттерге жапон тілі деңгейін жоғарылатып, бір жағынан мұғалімдерге жапон тілін оқыту әдістемесі сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты жапон тілін оқып жүрген студенттерге жапон анимесі және манга арқылы жапон тілін оқыту әдістемесі сапасын жақсарту жолдарын қарастыру. Нәтижесінде, университеттің оқу бағдарламасына жаңа интерактивті және инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданған оқу құралы, жаңа пәнді енгізуді ұсыну болып табылады. Осы мақаланың басты міндеті – аниме мен мангаға қатысты бастапқы сауалнама нәтижесін негізгіге ала отырып, респонденттердің жапон тілі, аниме мен манга туралы пікірлерін талқылап, жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру жолдарына бағыт-бағдар алу.

Зерттеу нысанына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Қиыршығыс кафедрасы Жапонтану бөлімінің бакалавриат 1-3 курс студенттері таңдап алынды. Жоғарыда аталған курстарды таңдау себебіне жапон тілін оқыту әдістемесі сапасын осы бастапқы курста жүргізген тиімді деп санаймыз. Студенттерден сауалнама жазба түрінде алынды. Сауалнамалық бланк барлығы 23 студентке таратылып, оның 15-нен жауап оралды.



1-сурет – Студенттердің жапон тілін таңдау себебі
 Ескерту: n – респонденттер саны




2-сурет – Студенттердің жапон тіліне қызығушылығы
 Ескерту: n – респонденттер саны

1-суреттен студенттерге жапон тілін таңдауға жапон озық технологиялары мен жапон поп-мәдениетінің ықпалы жоғары болғаны көрініп тұр. Бұл жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жапон озық технологияларының жиі қолданыста болуы, Қазақстан нарығында жапон тауарлары сапасының өте жоғары болуы және жапон брендінің беделі өз ықпалын тигізіп отыр деп айтуға болады. Дегенмен,

жауаптардың ішінен жапон поп-мәдениетінің екінші орынды алуы, студенттердің арасында оның әсері соңғы кездері артып келе жатқанын көрсетіп отыр.


Респонденттердің жауабынан олардың жапон тіліне қызығушылығы жоғары екені байқалады (2-сурет). Алайда, студенттер арасында орташа және төмен жауабы 20% көрсетіп отырғанын айтып өткен жөн.



3-сурет – Жапон тілі сабағының сапасы
Ескерту: n – респонденттер саны

Университет қабырғасындағы жапон тілі сабақтары сіздің көңіліңізден шығады ма сұрағына, олардың 80%-ның көңілінен шығатыны анықталды. Алайда, жапон тілі сабақтарының сапасы орташа деп жауап бер-


гендері 20% құрады. Яғни, бұл жапон тілі сабақтарына методикалық өзгерістер енгізіп, оның сапасын жоғарылату жолдарын қарастырудың керектігін көрсетіп отырғанын байқауға болады.




4-сурет – Жапон тілі сабағына өзгерістер енгізу туралы
Ескерту: n – респонденттер саны

Жоғарыдағы мәселелерді ескере отырып, жапон тілі сабақтарына өзгеріс енгенін қалайсыз ба сұрағына, студенттердің 80% – ия жауабын таңдап отыр (4-сурет). Төмендегі аниме немесе манганы қолданған жапон тілі сабағына қатысып көргіңіз

келе ме сауалына, студенттердің 93% – ия деп жауап берді (5-сурет). Демек, респонденттер арасында аниме мен манганы қолданған жапон тілі сабағына қызығушылығы жоғары және өзгерістер енгізуге қарсы емес деп тұжырымдауға болады.



5-сурет – Аниме немесе манганы қолданған жапон тілі сабағы
Ескерту: n – респонденттер саны



6-сурет – Студенттердің қосымша оқу құралдарын қолдануы
Ескерту: n – респонденттер саны

Жапон тілі сабағында аниме немесе манганы қолданып, оны тартымды және сапалы өткізу үшін алдымен студенттердің жапон анимесін көріп, манганы оқитыны туралы алдын-ала ақ-

параттардың болуы қажет. 6-суреттегі сұрақтан студенттердің 93% жапон тілі сабақтарынан тыс қосымша оқу құралдарына аниме мен манганы қолданатыны белгілі болды.



7-сурет – Студенттердің аниме және манганы қолдануы
Ескерту: n – респонденттер саны

Осыған қоса, күнделікті тұрмыста студенттердің басым бөлігі жапон анимесін көріп, манга оқып тұратыны анықталды (7-сурет). Яғни, жоғарыдағы жауаптардан жақын болашақта аниме мен манганы қолданған жапон тілі сабағын өткізу мүмкіндігі өте жоғары деп болжауға болады.

Мақалада жапон анимесімен манганы қолданып жапон тілі сабағы әдістемесі сапасын жақсарту мүмкіндігіне қатысты студенттерге жүргізілген бастапқы сауалнама нәтижесі тал-

қыланылып, респонденттердің пікірне талдау жасалынды. Әсіресе, келесі өзекті тақырыптар: студенттерге жапон тілін таңдауға тигізген әсері, олардың жапон тіліне қызығушылығы, жапон тілі сабағында жапон анимесі мен манганы қолданған сабақтар өткізуге қатысты пікірі қарастырылды. Нәтижесінде, студенттердің жапон аниме мен мангасына қызығушылығы өте жоғары болып, жақын болашақта аниме мен манганы қолданған жапон тілі сабағын өткізу мүмкіндігі жоғары екені анықталды.

Әдебиеттер

- 1 熊野七「廣利正代 (2008) 「『アニメ「マンガ」調査「究—地域事情と日本語「材—」『「際交流基金日本語「育紀要」第4「、55—69、「際交流基金
- 2 矢崎「夫 (2009) 「アニメを使った日本語「育活動『アニメで日本語』の開「—「アニマシオン」のティ「チング「ストラテジ」に着目して」『「岡大「「際センタ「「紀要」第3「、27—42、「岡大「「際センタ「
- 3 熊野七「 (2010) 「日本語「習者とアニメ「マンガ」～聞き取り調査結果から見える現「とニ「ズ」『「島大「留「生センタ「「紀要」第20「、89—103、「島大「留「センタ「

References

- 1 Nanae KUMANO, Masayo HIROTOSHI (2008) 「『Anime, manga』 chousakenkyu—chiikijijo to nihongokyozai—」 『Kokusaikouryukikin Nihongokyoku Kiyō』 Dai 4 go, 55-69, Kokusaikouryukikin
- 2 Michio YAMAZAKI (2009) 「Anime wo tsukatta nihongokyoku katusudou 『Anime de nihongo』 no kaihatsu—「Ani-mashion」 no teiching sutorategi ni chakumokushite」 『Shizuokadaigaku kokusaisenta Kiyō』 Dai 3 go, 27-42, Shizuokadaigaku kokusaisenta
- 3 Nanae KUMANO (2010) 「Nihongogakushusha to anime, manga ~ kikitochousa kekka kara mieru genjou to niizu」 『Hirosimadaigaku Ryuugakusenta Kiyō』 Dai 20 go, 89-103, Hirosimadaigaku Ryuugakusenta

Ахметбек Г., Есболат Ш.
**Лу Синь шығармаларындағы
қоғамдық шындық**

«АQ-дің ресми өмірбаяны» повесі Лу Синнің ең көлемді шығармасы, мұнда автор 1911 жылғы революция кезінде орын алған оқиғаны баяндайды. Сол кездегі Қытай ауылының азып-тозған өмірін, шаруалардың аштық күйі мен кедейлігін, шенеуніктер мен жергілікті байлар тарапынан болған адам айтқысыз қанаушылық мен езгіні, яғни әлеуметтік жүйенің құлдырауын керемет шынайылықпен көрсеткен.

Түйін сөздер: Лу Синь, Қытай қоғамы, ащы мысқыл, сарказм, шынайылық.

Akhmetbek G. Esbolat T.
**Realities of society
in Lu Xin's works**

The story "True Story of A-Q", the largest work of Lu Xin where the author displayed events against revolution of 1911. On a living example of the Chinese village the writer truthfully and brightly showed process of ruin of the village, hunger and poverty of peasants, intolerable service conditions and oppression, an arbitrariness and arbitrariness of officials and the local nobility – all that characterizes by itself decline of social system in general.

Key words: Lu Xin, Chinese society, sharp satire, sarcasm, reality.

Ахметбек Г., Есболат Ш.
**Реальности общества
в произведениях Лу Синя**

Повесть «Подлинная история А-Q» – самое крупное произведение Лу Синя, где автор отобразил события на фоне революции 1911 года. На живом примере китайской деревни писатель правдиво и ярко показал процесс разорения деревни, голод и нищету крестьян, невыносимые условия эксплуатации и гнета, произвол и самоуправство чиновничества и местной знати – все то, что характеризует собой упадок социальной системы в целом.

Ключевые слова: Лу Синь, китайское общество, острая сатира, сарказм, реальность.

ЛУ СИНЬ ШЫҒАРМАЛАРЫН- ДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ШЫНДЫҚ

Идеологияның бір саласы болған әдебиет қоғаммен бірге туады, қоғаммен бірге дамиды. Қоғамнан тыс әдебиет болмайды. Лу Синь өмір сүрген кезең Қытай қоғамының жартылай отар, жартылай феодалдық қоғамда тұрған кезі еді

1840 жылғы Қытайда болған «апиын соғысы», Чиң патшалығы қоғамының саяси тұрғыдан іріп-шіруі, әскери қуатының әлсіреуі Қытайдың саяси, қоғамдық өмірінің өзгерісіне әкелді. Ал мұндай қоғамдық жағдайды өзгертуге үлкен толқын керек болды. Осы толқынның басын «Тайпиң-тианго төңкерістік қозғалысы» бастаса, оны кейін «Қытай-Франция соғысы», жылқы жылғы «Қытай-Жапон соғысы», «ит жылындағы заң өзгерісі», «Ихытуан қозғалысы» және 1911 жылғы Сүн Жұңшанның басшылығындағы әлемге әйгілі «доңыз жылғы» төңкерістерінің ықпалы зор болғандығын айтуға болады [1]. Осы қоғамдық жағдайдың барлығы да әдебиеттің жаңа бір өрісте, тың қарқында дамуына алып келді. Осы өзгерістің нәтижесінде «4-мамыр» әдебиет қозғалысының дамуы пайда болды. Мәдениет төңкерісі нәтижесінде Қытай әдебиеті екі бағытта жүрді. Біріншісі, шетелдік классикалық әдебиетті аударуда Қытай оқырмандарының санасына сәуле түсіру көзделсе, екінші бағыт – ақын-жазушылардың шығармаларына жаңа бетбұрыс әкеп, заманауи қоғамдық шындықтың келбетін ашатын жаңа туындыларды жарыққа әкелу. Осы жаңа заманғы әдебиет «төңкерісінің» басында тұрған Лу Синь екі бағытты да қатар ұстанды. Ол орыс, жапон жазушыларының шығармаларын Қытай тіліне аударумен бірге өзі де қуатты шығармаларды көптеп тудырды. Лу Синь шығармаларын сол кезеңдегі Қытай қоғамынан бөле қарауға болмайды. Жазушының шығармалары дені қара түнек қоғамда жатқан қытай қоғамының қараңғылығын қақ жарып, серпілуге үндеді. Өйткені, ол көбіне көне Қытай қоғамының келеңсіз жақтарын ашуға тырысты. Мысал ретінде оның «АҚ-дің ресми өмірбаяны» шығармасындағы бейнеленген көріністерді айтуға болады.

«АҚ-дің ресми өмірбаяны» шығармасы алғашқыда Бейжіңде шығатын «Таңсәрі» газетінің қосымша беттерінде 1921 жылдың 4 желтоқсанынан 1922 жылдың 12 сәуіріне дейін апта сайын, кейде апта аралап, «Барын» деген қалам атпен жарияланып тұрған. Автор өзі бұл әңгіменің орысша аудармасына 1925 жылы

қысқаша алғысөз жазып кейін келе «Жинақ сыртындағы жинақ» деген топтамаға кіргізген. 1926 жылы «AQ-дің ресми өмірбаяны» деген мақала жазып, оны «Торғын күндік жинағының жалғасына» жариялаған.

Автордың «AQ-дің ресми өмірбаяны» повесі үлкен тоғыз тараудан тұрады. Әр тарауында қоғамдық жағдайдың әр қырын қаламына арқау еткен. Автордың Қытайдың ертедегі тарихын жақсы білетіні осы шығармасын оқу барысында айқын байқалады. Автор шығарманың атын қоюда өзінің рухани толғанысын жақсы баяндаған. Мысалы «есім келісті болмайынша, сөз өрісті болмайды» деген Құңзының «Ақылия» деген кітабынан алынған сөзінің, «Артына өлмейтін сөз қалдырар» деген тіркесінің де үлкен мағынасы бар екендігін байқатады. Бұл тіркес Қытай тарихындағы «азбайтын мораль», «өшпейтін еңбек», «өлмейтін сөз» дегенді меңзейді. Сонымен бірге «Ішкі өмірбаян» (бұрынғы Құңзышы әулиелердің істерін көбінесе осылай жазатындығын), «Ресми тарих» атты (феодалдық кезеңде үкімет мойындап, өңдеп бекіткен тарихи кітаптар Чиң патшалығының Чиянлұң кезінде «Тарихи естеліктерден» «Миң патшалығының тарихына» дейінгі 24 бөлім тарихи кітаптарды осылай атаған), т.б. терминдерді орнын тауып, сәтті қолдана білуінен оның үлкен оқымыстылық қыры да аңғарылады.

Автор шығармасының атын «AQ» деп қоюға да үлкен мән берген. Өйткені, Лу Синьнің бұл шығармасы тақырыбының сонылығымен де ерекшеленеді. Сол кезеңдегі шетел термин сөздерінің Қытайдағы газет-журналдарда да көптеп басылып, қоғамдық ауқымға айналғаны да осы тақырыптан аңғарылады. Ешқандай мағына, мазмұн бермейтін бұл атаудың алынуы туралы да автордың ішкі толғанысы осы повестің кіріспе бөлімінде кең көлемде сөз болады. Автор кіріспесінде AQ-дің аты бар, заты жоқ, тегінің де кім екені белгісіз екендігін айта келіп, оның жігерсіз, өлген рухтың адамы екендігін, намыстың не екендігін білмейтіндігін юморлы тілмен сықаққа айналдыра отырып ашқан. AQ-атты есімнің кейіпкерге автордың өзі ойлап тапқан аты екендігі белгілі. Бұл шығармаға арқау болған кейіпкердің өткен өмірі бұлыңғыр екендігін, тек ауылдастарының үйінде жұмыс шығып қалғанда ғана оның керегі болмаса, жай күндері ешкім де оны іздеп қоймайтындығын, біреулер тегін тектеп, ұрысқанда ғана көзін алайтып қойғаны болмаса, қолынан келер қайрат жоқ екенін ащы тілмен шеней, шебер жеткізе білген.

Кейіпкердің ұждансыз, тек қарыны тойғанына мәз болып жүре беретіндігін, елдердің ащы сықағы мен таяғын да бойкүйездікпен көтере білгендігін сөз етіледі. Оның басында баспанасы, әйелі мен баласы жоқ, жатар орны ауылындағы тозығы жеткен, ескіден келе жатқан шағын ғибадатхана екендігін де автор тілге тиек етеді. Алайда сондай күйде жүрген AQ-дің бір мінезі – ауылындағы ешкімді де бойына тоғытпай, өзін тәкәппар ұстайтын тоғышарлығы. Шығарманың басынан-аяғына дейін ащы сықаққа толы. Кейіпкер жалған жаланың күнәһары болып ажал құшса да, ештемені аңғара алмай, өмірмен қош айтысып кеткенін шебер жеткізген. Әліпті таяқ деп білмейтін ол өзіне-өзі ор қазып, өз ажалын өзі жақындатуға себеп болғанын да сезіне білмейтіндігін автор ашына жазады.

AQ-дің тоғышар бейнесін автор төмендегідей суреттейді: «... ерігіп жүргендер сонда да қоймайтын, олар AQ-ді мазақтап, ең ақырында, тіпті ұруға дейтін баратын. AQ бұндайда жеңілген рай білдіретін. Ерігіп жүргендер оның сарғыш айдарынан ұстап, тамға басын төрт-бес рет түйгіштейтін де, құмарларынан шығып, жеңіп шыққан пішінмен мәз болып кететін. Мең-зең болған AQ «дүние не болып барады, тіпті бала екеш, баладан да таяқ жедім-ау» деп ойлайтын. Сөйтсе де іштей разы болып, жеңіп шыққан пішінмен жүре беретін» [2, 130]. AQ-дің осы бейнесі оның әр адамнан таяқ жеген тұстарында көрініс беріп отырады.

AQ-дің істемеген ісі, араласпаған тірлігі жоқ. Алайда, бәрінен де тұмсығы тасқа тиіп, меселі қайтады. Алайда, елейтін ол емес, өз ойының, қиялының жетегімен өзінше өмір сүретін кейіпкер.

Ешкіммен тірлігі жоқ AQ-дің де жауласатын адамдары сол ауылда бар екендігін автор айшықты сөздермен сықақ ете көрсетеді. Ол – қаба сақал Уаң. Кейіпкер осы Уаңнан ғана қорықпайды. Сөзге келісіп қалған екеуі ұстаса кетеді. Жұдырығын ала жүгірсе, өзінен Уаң қорқады деп ойлайды. Алайда, жағдай оның ойлағанындай болмайды. Қаба сақал Уаң оны сақалынан сүйреп, тамға басқалардай басын соғады. AQ өзгелерден қанша таяқ жесе де елемей жүре беретін, бірақ мына қаба сақал Уаңнан таяқ жегеніне бұрын ешкімнен таяқ жеп көрмегендей, қатты қорынады. Осы жағдайды автор шебер тілмен бейнелей білген.

Сол кезеңдерде саяси толқулар болады да елді үрей билейді. «Төңкеріс» деген сөздің не екенін білмесе де ол, өзін төңкерісшілердің қатарынан санайды. Төңкеріс бола қалса, өзін қорлаған

Жау мырзаның үйін тонамақ болады. Сол ойдың жетегімен біраз қиялдап та алады. Сол күндердің бірінде Жау мырзаның үйін қарақшылар тонап кетеді. Түнде келе жатқан АҚ қараңғыда қашып келе жатқан біреумен ілесе қашады. Оның қасында тұрып не жағдай болғанын сұрайды. Кейіпкер Шың Ды Жаудың үйін қарақшылар тонап кеткенін айтады. АҚ қиялының селге кеткеніне қатты өкінеді. Көп өтпей, қаладан әскер келіп, оны ұстап әкетеді. Жаудың үйін тонағандарды таппаған әскерилер оны Жаудың үйін тонаушы ретінде ұстап, өмірінде хат танып, жазу жаза білмейтін оған, өлім парағына өз еркімен мойындадым деген қол қойғызып алады. Қол қоя алмайтындығын білген тергеушілер атының орнына шеңбер сыза салуды бұйырады. АҚ өзі салған шеңбердің ойдағыдай болмай, сопақ болып қалғанына іштей қатты өкінішін білдіреді. Өлер алдындағы оны көше аралатып, масқаралағанын да сезбеген күйі, бір оқтың құрбаны болғанын да білмей, өмірден аттанып кете барады.

Автор осы шығармасында шағын ауылдың тұрмысын, ондағы адамдардың мінез-құлқын, ештемеден хабарсыз ұйқылы-ою тірлігін суреттеу арқылы, ештеменің байыбына бара бермейтін, құлқынның құлы болып, көрінгеннің босағасын сағалауды мұрат еткендер дейді. Ар-намысы өлген АҚ-дің образын жасау арқылы құлдық бұғаудан құтыла алмаған Қытай қоғамының шындығын ащы әжуамен айшықты көрсетеді. Өмірі қалам ұстап, хат жазып көрмеген, надандықтың шырмауында қалған АҚ образын сомдау арқылы сол кезеңдегі қоғамның бет-бейнесін типтік кейіпкердің образды тұлғасын сомдау арқылы көрсетіп береді.

Феодалдық қоғамның жағымсыз жағын суреттейтін Лу Синьнің шығармасының бірі – «Құң ижи». Бұл шығарма да алғашында 1919 жылдың сәуір айында «Жаңа жастар» ай сайынғы журналының 6 томының 4-санында жарияланған. Жарияланған шығармасының соңына автор «бұл әңгіме сымағым былтыр қыста жазылған

еді. Ондағы ойым қоғамдағы әлденендей бір өмірді жазып, оқырмандарға ұсынудан бөлек, бөтен ештеңе емес еді, бірақ құйма әріптермен құйылып жарияланғанда аяқ астынан біреулер шығарманың кең таралуына себепкер болды... 1919 жылдың 23 наурызында жазылды» дейді. Шығарманың оқиғасы Лу Жын қалашығындағы шағын «Игілік» атты шарапханадан өрбиді. Автор «мен» деген кейіпкердің атымен осы шарапханада қызмет көрсетуші даяшы ретінде көрінеді. Шарап ішушілердің арасындағы бір «Құң ижи» атты кейіпкердің трагедиялы өмірін көрсетеді. Шарап ішуі де мәдениетті, жүрген жерін дыр-дуга айналдыратын, феодалдық қоғамның зиялы өкілінен саналатын оның сол кезеңдегі мансапқа жету оқуынан өте алмай, өмір жолын бір арнаға сала алмай, ішкілікке салынған халге түскен бейшара халін суреттейді. Жазуы көркем ол қаламгерлік қуатын сатып, елдің шығармасын көшіріп беріп, сонан тапқан ақшасы арқылы ауқат етуге қанағат етпей, ұрлық істеймін деп ұстатып, аяғын феодал шонжарлардың сындырып, тастағаны баяндалады. Сондай қиын жағдайда жүрсе де, арақ ішуін қоймаған оның ұшты-күйлі жоқ болғаны туралы айта келіп, «мен» оны өлді деген тұжырыммен сипаттайды. Яғни автордың айтпағы өзіне шығар жол табуға талпынбаған, тек мансап жолын ғана күн көрудің көзі санайтын зиялы қауымның сол кездегі келбетін ашып көрсеткен.

Қорыта келе, Лу Синь шығармаларын ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қытай қоғамының, феодалдық идеяның мазмұны мен көрінісін ашып көрсететін көркем туындылар деп айтуға негіз бар. Өйткені, көркем әдебиеттегі шындық дегеннің өзі автордың өзі жасаған дәуірдің шынайылығын көзімен көріп, көңілімен түйсіну арқылы қиял елегінен өткізіп, көркем туындыға айналдыра білуі, қоғамдағы типтік образдарды сомдай білуі деп пайымдағанымыз орынды. Сондықтан Лу Синь шығармалары «өз дәуірінің айнасы» деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер

- 1 Мәсімханұлы Д. Мұхтар Әуезов және Лу Синь. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 360 б.
 - 2 Синь Лу. Әңгімелер. Аударғандар: Мыңжани Н., Әленұлы М., Ақыштайұлы Ә. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1987. – 722 б.
 - 3 Федоренко Н.Т. Лу Синь // Федоренко Н.Т. Китайские записи. – М., 1955.
- Reference
- 1 Masimhanuly D. Muhtar Auevov zhane Lu Sin'. – Almaty: Balalar adebiyeti, 2007. – 360 b.
 - 2 Sin' Lu. Angimeler. Audargandar: Mynzhani N., Alenuly M., Akyshtajuly A. – Urimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 1987. – 722 b.
 - 3 Fedorenko N.T. Lu Cyn. –M.:1955.

Ахметбек Г., Есболат Т.

**Ань Лушан көтерілісінің ұлы
ақын Ду Фу шығармашылығы-
на тигізген ықпалы**

Мақала Ань Лушан көтерілісінің Қытай әдебиетінің алтын ғасыры саналатын Таң әулеті тұсындағы ұлы ақын, танымал әдебиетші, гуманист және отансүйгіш тұлға Ду Фудың шығармашылық қызметіне жасаған ықпалы қарастырылады. Әсіресе, бұл көтеріліс әділдік пен теңдік сезіміне толы жазушы Ду Фудың таптық күштерге деген өшпенділігін арттырып, оның шығармашылығының сомдала түсуіне түрткі болған.

Түйін сөздер: Ань Лушан көтерілісі, қоғамдық жағдай, таптық күш, ұлттық дағдарыс.

Akhmetbek G., Esbolat T.

**Rise of An Lushan and his
influence on the work of the
great poet Du Fu**

The paper examines the impact of An Lushan rebellion in the work of a patriot, a humanist, a famous writer and great poet of the Tang Dynasty, which is considered the golden age of Chinese literature.

Key words: An Lushan revolt, social status, class force, a national crisis.

Ахметбек Г., Есболат Т.

**Восстание Ань Лушаня
и его влияние на творчество
великого поэта Ду Фу**

В статье рассматривается влияние восстания Ань Лушаня на творчество патриота, гуманиста, известного литератора и великого поэта Танской династии, которая считается Золотым веком китайской литературы.

Ключевые слова: восстание Ань Лушаня, социальное положение, классовая сила, национальный кризис.

АНЬ ЛУШАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ ҰЛЫ АҚЫН ДУ ФУ ШЫҒАР- МАШЫЛЫҒЫНА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ

Ду Фу (712-770), жанама аты Зы Ми (字美), ол өзіне Ду Линь бұқарасы 杜陵布衣, Шау Линь қариясы 少陵野老 деп лақап ат қойған. Гуң ауданындағы (қазіргі Хы Нан өлкесі) кедейленген текті шенеунік отбасында дүниеге келген. Таң патшалығының дамуынан құлдырауына дейінгі кезеңдерді басынан өткізген, оның поэзиясынан елге деген уайымы мен халыққа деген жанашырлығы ерекше сезіледі. Ду Фу қарапайым халықтың өміріне үлкен мән беріп, оларға ерекше жанашырлық танытты, сол тұстағы саяси жағдай мен қоғамдық өмірге көп көңіл бөлді. Қытайдың ежелгі әдебиет тарихындағы *реалист* ақын атанған. Оның өз Отаны мен халқына деген махаббаты өзгеше. Оның халық мақтанышына айналуының өзі кездейсоқтық емес, қайта оның субъективті және объективті жағдайда қалыптасқандығын көре аламыз. Осының бәрі Ду Фу өмір сүрген қоғамдық ортамен тығыз байланысты.

Белгілі ақын, жазушы – өзі өмір сүрген қоғамының айнасы, өйткені, олар қай уақытта болсын, өз қоғамының жағдайынан алшақ кете алмайды. Кез-келген тұлғаның өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортасы оның шығармашылығы, идеологиясы, жасампаздығында шешуші роль атқарады. Әсіресе, сол әлеуметтік қақтығыстар шиеленіскен қоғамдағы билеуші таптардың халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығы мен ондағы ұлттық дағдарыс тіпті күшейе түскен қоғамдық жағдайдың жазушыларға тигізер әсері мен ықпалы орасан зор болмақ. Мұндай дәуір халықтың қайтпас қайсарлығы мен мұқалмас жігерін ұштай түседі. Ал Ду Фу жасаған қоғам да дәл сондай [1].

Қытай тарихындағы 755-763 жылдары орын алған Ань Лушан көтерілісі мемлекет үшін ауыр сынақ еді. Бұл көтерілісте ірі феодалдардың орталық билік бақылауынан шығу талпынысы және көшпенді тайпалардың Таң империясының байлығы есебінен олжа тапқысы келгендігі байқалды. Осындай сұрапыл күндері ақын отандастарының басынан кешкен тауқыметін, дүние кезіп жүрген өз отбасына қатысты үрей, достарынан айырылған күйініш сезімі, қала мен ауылдардың қирағанына жүректің сыздап ауруы сияқты сынақтардан өтті. Бір жыл бойы жатжерліктер Ду Фуды империяның астанасында тұтқында ұстаған. Ду Фу өмірінің соңғы он бес жылында Таң әулетінің саясаты, экономикасы, әскери қуаты, мәдениеті құлдыраған,

бұл өзгерістер, әрине, Ань Лушан көтерілісімен тікелей байланысы бар. Әрі бұл көтеріліс ұлы ақын Ду Фудың жеке өмірі мен оның шығармашылық қызметіне орасан зор ықпал етті.

Ань Лушан көтерілісінің ұлы ақын Ду Фудың шығармашылық жолына тигізген ықпалын төмендегідей бірнеше жақтардан көре аламыз.

Біріншіден, Ань Лушан көтерілісінің бұрқетуі ақын Ду Фудың таптық күштерге деген сенімін өзгертіп, оларға деген өшпенділігін бірден күшейтті. Өйткені, жоғары жік ақсүйектерінің ұятсыз, қатыгездігі мен жауыздығы, өзара қайшылыққа толы әділетсіздік орын алған қоғамдық жағдайлар Ду Фуды бірден шынайы тұрмысқа тереңнен араласуына мәжбүр етті. Әрі осы арқылы оның шығармашылық жазудағы тәжірибелерін молайтып, шыңдады.

Сол тұста Ду Фу Таң әулетінің тозып кеткендігін, халықтың аянышты тағдырын төмендегідей өлең жолымен жеткізіп берген.

朱门酒肉臭，
路有冻死骨。
(赴奉先县咏怀)

Шарап пен асқа толы сарайда,
Тоқшылық иісі бұрқыраған,
Жолда аштықтан өлгендердің,
Тіршілікте асқазандары шұрқыраған.

Бұл жөнінде Гау Ар Жи (高尔基) «мол тұрмыстық тәжірибелер мен қаруланған ақын жазушылар, бастысы, реалды өмірдегі шынайы адамдар мен олардың субъективті көзқарастарын бірден өздеріне тәнті етіп отырады» деген. Осы негізде жасампаздыққа көшеді. Сондықтан Ду Фу көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарды басынан өткізген тәжірибесі мол, қарулы ақындардың бірі саналады.

Мысалы, Яң Го Жоңды (杨国忠) бірінші рет кезіктіргенде Ду Фу оны халық қамы үшін ойланатын нағыз ержүрек батыр деп бағалаған. Бірақ уақыт өте келе Яң Го Жоңның сән-салтанатқа бой ұрып, масайраған өмірін көрумен қатар оның ұсқынсыздығы мен халықты сүліктей соратын жауыз билеуші топтардың бірі екендігін байқайды. Шындықты әшкерелеу негізінде «Әскери арба сапары» (兵车行) атты өлеңін жазады. Мұнда Яң Го Жоң мен Таң Шуан Жоңның (唐玄宗) милитаристік саясатын ашық түрде шабуыл жасап, олардың әділетсіздігін әшкерелейді. Ал «Сулұлар сапары» (丽人行) атты өлеңінде Яң Го Жоңның Го мемлекетінің (虢国) ханымы арасындағы қатынастарын бетіне басып, мазақ етеді.

Міне, осындай қарама-қайшылықтар – Ду Фуды бірден бір алға итермелеуші күш. Текті шенеунік отбасында дүниеге келгенмен, ол феодалдық қоғамның керанаулығына, надандығына, көнешілдігіне төзе келе, бірте-бірте субъективті түрде сол қоғамның жақтаушысынан соңында қарсыласы мен шабулдаушысына айналған. Өзінің «Бей Жың» (北征) атты өлеңінде Яң Го Жоңға алдамшы, жауыз деген ат берген.

Дегенмен зұлымдыққа толы феодалдық қоғамда ақын үшін халық жағына шығып, оның қамын ойлау, оны жырына қосу ерлікпен бірдей іс саналатынын мойындау керек.

Екіншіден, Ань Лушан көтерілісімен бірге Ду Фудың еңбекші халыққа деген терең махаббаты мен сүйіспеншілігі артады. Оның осы кездегі поэзиясы қарапайым адамдарға деген құрметімен ерекшеленеді. Мысалы, өз азығын ауыр еңбекпен табатын Куйчжоу шаруалары туралы ақын жан жылуымен жеткізіп («Шыбық жинап жүрген әйелдер туралы»), немесе долы өзендегі қайықшылардың ержүректілігі мен күш-жігеріне («Керемет шеберлер») таңырқайды.

759 жылы Ду Фу жазған «Үш шенеунік» және «Үш қоштасу» өлең жинақтарынан Отанға шын берілген, жан дүниесінің тазалығын, өмірге деген сүйіспеншілігін сақтап қалған адамдардың образы көзге елестейді. Ақын Отан тақырыбын, Отанға деген сағынышты өз өлең жолдарында керемет жеткізе білген. Бұған мысал ретінде ақынның «Хынан мен Хыбейді алып, есіл ерлер» (闻官军收河南河北) алуымызға болады.

闻官军收河南河北	
剑外忽传收蓟北，	白日放歌，须纵酒，
初闻涕泪满衣裳。	青春作伴好还乡。
却看妻子愁河在，	即从巴峡穿巫峡，
漫卷诗书喜欲狂。	便下襄阳向洛阳。

Хынан мен Хыбейді алып, есіл ерлер
Жүргенде шетте зарығып, Ән шырқап тапа тал түсте,
Туған ел болып арманы. Дауысым көкте самғады.
Естілді біздің ерлердің, Кеседе мөлдір шараптан,
Қайтарып Хыбейді парлады. Түбінде тамшы қалмады.
Қуаныштан көл болып, Осынау сәтті көктемде,
Көзімнің жасы парлады. Қамдандым елге барғалы.
Жан жарым ол да жадырап, Шаң Яңға жетсем тау асып,
Ашылып гүлдей жайнады. Өзендер кешіп арналы,
Асыға іздеп дәптерді, Жан жақын жер ғой, шіркін-ай!
Қолға алдым өлең жазғалы. Астанам – Ло Яң ар жағы [2, 34].

Үшіншіден, Ань Лушан көтерілісі ақын шығармашылығында жаңа тақырыптағы өлеңдердің дүниеге келуіне әсер етті. Олар кең ауқымды, қоғамдық мазмұнға толы, терең мәндегі саяси маңыздылыққа ие өлеңдер, яғни сол кездегі

реалистік бағыттағы өмір шындығы мен халық тұрмысының айқын айнасы бола алды. Сондықтан Ду Фу өлеңдерін «Поэзиядағы тарих» (诗史) деген атқа ие болып, сол дәуірдің асыл мұрасына айналды.

Қытай ғалымы С Да Лиын (斯大林) сөзімен айтсақ, «бір қоғамның нақты бейнесі мен онда болған шынайы жағдайларды тек кітап сөресінен білу әрі түсіну жеткіліксіз, ол үшін тұрмысқа тыңнан зерттеу жүргізу керек». Қағида ретінде қабылдасақ, онда сол кездегі біршама ақын-жазушылар шығармашылықтары осының айқын дәлелі болмақ. Мұны біз Ду Фудың жасампаздығы барысында анық көре аламыз. Оның «кітап үйі» мен патшалық ордадан алшақ кетіп, халықпен жақындасып, олармен ниеттес болған кезі өлең жазудағы шабытының ең шарықтаған мезгілі деуге болады. Бұл кезеңде (757 сәуірден 759 шілдеге дейін) «Цян ауылы» (羌村), «Солтүстік алым» (北征), «Үш шенеунік» (三吏), «Үш қоштасу» (三别) жинағындағы: «Үйсіздің қоштасуы» (无家), «Жас жұбайлар қоштасуы» (新婚别) және «Қартайған шақтағы қоштасуы» (垂老别) болып табылады. Осылар секілді бірқатар терең халықтық сипатқа толы туындыларын жазды.

Оның поэзиялық жолдарынан соғысқа жаны қас екендігін, ал әскерге алынып, қыршыннан қиылған сарбаздар, әкесіз қалған бала мен жесір

қалған әйелдер қайғысына ортақтасу байқалады. Сонымен бірге оның поэзиясынан патриоттық нотадағы, яғни отандастарын шеттен келген басып алушыларға тойтарыс беруге шақыратын жолдар да кездеседі. Оның гуманистік (人道主义) және реалистік (现实主义) көзқарасы туындыларының бірден-бір шығар төркіні екендігін анық көре аламыз [3, 3-14]. Қытай мемлекеті үшін осындай қиын-қыстау кезінде азамат және патриот Ду Фудың поэтикалық таланты толық ашылады.

Өмірінің соңғы онжылдығында ақын науқас әрі өмір тауқыметінен қалжыраса да, өлең жазуын тоқтатпаған, тіпті бұл кезең оның шығармашылығының ең жемісті уақыты болды деп саналады. Бұл уақытта ақынның қылқаламынан 1072 өлең туып, сақталып қалған барлық шығармаларының төрттен үшін құрап, бізге дейін жеткен. Бұл өлеңдерінің ерекшелігіне жүріп өткен өміріне қайта бір саяхат шеккендей әсер қалдырады. Мұндағы мотивтер сағыныш, уайым мен жалғыздықты жырлайды. Ду Фу осы кезеңде табиғат суреттемелері мен философиялық лириканың үлгісін жасады.

Қорытып айтқанда, Ду Фу шығармалары – шынайы өмірдің айнасы. Ань Лушан көтерілісінің ұлы ақынның жеке өмірі мен оның шығармашылық қызметіне жасаған ықпалының зор болғандығын айта аламыз.

Әдебиеттер

- 1 聂石樵, 邓魁英. 杜甫选集. [M].上海: 上海古籍出版社, 1983.
- 2 Сатитұлы Ж., Досымбекова Р. Қытай поэзиясы: Хрестоматиялық өлеңдер жинағы. – Алматы, 2009.
- 3 陈婉俊. 唐诗三百首. [M].北京: 中华书局, 1984.

References

- 1 Niè shíqiào, dèngkuíyīng. Dùfū xuǎnjí. [M]. Shànghǎi: Shànghǎi gǔjī chūbǎn shè, 1983.
- 2 Satiuly Zh., Dosymbekova R. Qytai poeziyasy: Hrestomatyalyq olender jinagy. – Almaty, 2009.
- 3 Chénwǎnjùn. Tángshī sānbǎi shǒu. [M]. Běijīng: Zhōnghuá shūjú, 1984.

Ахметбек Г., Есболат Ш.
**Лу Синь шығармаларының
қазақ тіліндегі аудармалары**

Мақалада Қытайдың ұлы жазушысы Лу Синь шығармашылығына шолу жасалумен қатар, оның шығармаларының қазақ тіліне аударылуы үрдісі қарастырылады. Сол секілді жазушы шығармаларының қазақ тіліне аудармасының ерекшеліктері айтылып, аудармашылар жөнінде тың мәліметтер ұсынылады.

Түйін сөздер: Лу Синь аудармалары, Қытай қоғамы, шынайылық, Н. Мыңжани, М. Әленұлы, Ә. Ақыштайұлы.

Akhmetbek G., Esbolat Sh.
**Translations of works of Lu Xun
in the Kazakh language**

The article, along with a brief description of the great Chinese writer Lu Xun, considered the process of translating his works into the Kazakh language. As they say about the features of the writer's translation into Kazakh language, is given new information about translators.

Key words: translation of Lu Xun, the Chinese society, the reality, Mynzhani N., M. Alenuly, A. Akyshtayuly.

Ахметбек Г., Есболат Ш.
**Переводы произведений
Лу Синя на казахский язык**

В статье наряду с кратким описанием творчества великого китайского писателя Лу Синя, рассматривается процесс перевода его произведений на казахский язык. Также говорится об особенностях переводов писателя на казахский язык, даются новые сведения о переводчиках.

Ключевые слова: переводы Лу Синя, китайское общество, реальность, Н. Мынжани, М. Аленулы, А. Ақыштайұлы.

ЛУ СИНЬ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

Әр халық өзінің ұлы тұлғаларын тудырады. Қазақ халқы Абай және Мұхтар арқылы мақтанса, Қытай халқының мақтаныштарының бірі – Лу Синь. Лу Синь – автордың қалам аты. Шын есімі – Жоу Шурін¹. Лу Синь Чжэцзян аймағының Шаосин уездік қалашығында Жоу отбасында 1881 жылы дүниеге келген. Оның әкесі көзі ашық білімді адам болса, анасы шаруалар отбасынан болған. Он сегіз жасында Лу Синь Нанкиндегі теңіз училищесі түсіп, жарты жылдан кейін оны тастайды да, таулы-темір жол училищесінде оқуын жалғастырады. Мұнда ол жаратылыстану мен техника саласына өте бір терең қызығушылықпен білегін сыбана кіріседі. Міне, ең талапты әрі үздіктер қатарында Жапонияда оқуын жалғастыруға мемлекет тарапынан жіберіледі. Алайда, техникалық білімін шыңдаудан бас тартып, медицинаға ден қояды.

Оның әдебиетке тосын жағдайда келгені өзінің кітаптарына жазған алғысөздерінде айтылған. Халықтың тәнін емдегенімен, рухани дүниесінде сілкініс болмаған жағдайда, бәрінің де бекер екендігін түсінген ол, кенет әдебиетке бет бұрады. Оның әдебиетке бет бұруының бірден бір себебі, Жапонияда оқып жүргенде өзінің отандастарының рухы өлгенін баяндайтын киноны көргеннен кейін туындаған. Ол кинода Ресейдің тыңшысы ретінде жазаланған қандастарын жазалау сәтінде қасындағы отандастарының масқаралай күліп тұрғаны айтылады. Жапонияда жүрген кезінде отаншыл жастардың басын қосып, жаңа журнал ашуға ұмтылыс жасайды. «Жаңа өмір» атты журналды дайындап баспаға ұсынбақшы болады. Алайда, қандай да бір себептермен журнал баспа бетін көрмейді. Ізденуін бір сәтке де тоқтатпаған жазушы Жин Шиний деген досының қолқасымен «Жаңа жастар» журналына алғашқы әңгімелерін жариялай бастайды. «Есалаңның естелігі» деген тырнақалды повесі алғашында сол журналда басылады. Кейіннен бұл повестпен қатар оншақты басқа әңгімелерімен «Айқай» деген жинақта баспаға ұсынған. Одан кейін де бірнеше кітаптары жарық көрген.

Лу Синь – Қытайдың жаңа заман әдебиетінің негізін салған тұлғаларының бірі, ұлы ойшылы және «төңкерісшісі». Лу Синь кең көлемді әрі көп қырлы жазушы, оның әдеби шығармала-

¹ Жоу Шу-рін орыс тілінде Чжоу Шу-жэнь деп жазылып жүр.

ры, публицистикасы, әдеби сын тұрғысындағы жұмыстары, зерттеулері мен аудармалары 20 том кітап болып, қытай тілінде басылып шыққан.

Лу Синь шығармаларында реализм басым. Әдебиет пен өнердегі кең қанат жайған өмір құбылыстарын бір қалыпта шыншылдықпен баяндауды мақсат ететін реализм әдісін автордың кез-келген шығармаларынан кездестіре аламыз. Өйткені, Лу Синь шығармалары өмір мәселелерін, қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан алуан жайларды мейілінше кең қамтып, қарапайым адамдардың тұрмыс мәселесін жете талдауға баса мән берген. Лу Синь шығармалары өмірдегі кез-келген жағдайды, адамдардың іс-әрекетін бейнелеуді басты мақсат етіп ұстанады. Типтік кейіпкерді сомдап, қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайдың барлығын да сол образ төңірегінде өрбітеді.

Лу Синь өзі шығарма жазып қана қоймай, шетелдік классиктердің туындыларын қытай тіліне аударып, қалың оқырман қауымға таныстырған. Айталық, Лу Синь 23 жасында жапон тілінен Жол Верннің «Айға сапар», «Жер кіндігіне сапар» деген әңгімелерін Жапонияда жүрген кезінде аударды. Сонымен бірге Жу Зорын сияқты қаламгер серіктерімен бірге «Шетел әңгімелері» жинағының екі томын шығарды. Жинақта Ресей, Польша, Англия, Америка, Франция, Финляндия секілді елдердің үздік шығармаларынан он алты әңгіме аударып жариялаған.

Көркем аударманың бүгінгі әдеби процесте алатын орны үлкен. Аударма – әдебиеттің кең арналы мол саласының бірі. Аударманың сөз дамытудағы мәні де айрықша зор, өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады.

Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аударылуы өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап, қолға алына бастады. Бұрын тек өзге тілдің аудармасы арқылы танысатын қазақ оқырмандары енді тікелей қазақ тіліне аударма мәтіндер арқылы Лу Синь шығармаларымен таныса алатын болды. Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аудармасының бірнеше ерекшеліктерін атауға болады:

Біріншіден, аудармасының тілі жатық және автордың ойын барынша дәл, түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан.

Екіншіден, аудармашылар тарапынан мәтінде кездесетін кейбір түсініксіз сөздер мен лауазым атауларына, тарихи шежірелер мен кітаптарға, кісі аттарына, патшалықтар мен хандықтардың тарихы туралы мол түсініктер беруге тырысқан.

Үшіншіден, Лу Синь шығармаларының аудармасын жекелеген бір ғана автор емес, бірнеше автордың аудармалары арқылы қазақ оқырмандарына жеткізіп отырған. Осы арқылы аударма әдебиеттің өрісін кеңейтіп, қазақ оқырмандарының XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қытайдағы қоғамдық жағдаймен танысуға зор мүмкіндік тудырған. Арнайы қытай тілінің маманы немесе зерттеуші ғалымдар болмаса, қытай жазушыларының құнды шығармаларымен қазақ оқырмандары таныса алмайтыны белгілі.

Төртіншіден, Лу Синь аудармаларының басым бөлігі Қытайдағы қазақтардың аудармасы екендігі айқын. Алайда, ондағы қазақтардың бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы жазуын (төте жазуды немесе араб әрпіндегі қазақ жазуын) қолданатын болғандықтан, Қазақстандағы оқырман қауымға оның жетпей жатқаны белгілі. Осы негіздерді басшылыққа ала отырып, Лу Синь шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларының қысқаша мазмұнын бере кетуді де жөн деп ойлаймыз.

Қытайдағы қазақ тіліне аударылған Лу Синь шығармалары Н. Мыңжани, М. Әленұлы, Ә. Ақыштайұлы жазушының қайтыс болғанына 50 жыл толуын еске түсіруге байланысты топтастырып 1987 жылы «Лу Синь әңгімелері» деген атпен жариялады [2]. Алайда, бұл кітапта қай аудармашы автордың қандай шығармаларын аударғаны белгісіз, аудармашылар туралы онда ешқандай мәлімет берілмеген. Тек «Айқай», «Серменде», «Жаңғыртылған ертегі» атты үш кітабынан жалпы саны 33 әңгімесін аударып, құрастырып бастырған.

Осы тұрғыда Лу Синь шығармаларын аударуға ат салысқан аудармашылар туралы қысшаға мәлімет бере кетуді жөн санадық. Өйткені, олар бірден Лу Синь шығармаларын аударуда аудармашылық жолға түскен жоқ, қайта ұзақ уақыт дайындықтың арқасында ғана қалам тартуға бекінген. Өйткені, Лу Синь шығармаларын қазақ оқырмандарына түсінікті тілмен автордың сөз саптасын сақтай отырып, жеткізу үлкен еңбекті қажет етеді.

Лу Синьнің ең алғаш баспа бетін көрген шығармасы – «Есалаңның естелігі» повесі. Ол қазақ тіліне Н. Мыңжанидың аудармасы негізінде жетті. Осы аударманың Қытайдағы қазақ мектептері оқулықтарына енгенін айта кеткен абзал. Сонымен Лу Синь шығармаларын аударуға ат салысқан тұлғаның бірі – Нығмет Мыңжани.

Н. Мыңжани 1922 жылы ҚХР ШҰАР Тарбағатай аймағы Толы ауданында дүниеге келген. Жастайынан оқуға зерек болғандықтан, өз ауылы мен Шәуешек қаласынан тоғыз жылдық

мектепті жақсы бітіреді. Осы кезеңде Шыңжаң өлкелік сақшы мекемесі аз ұлт аудармашыларын тәрбиелеу үшін оқушы қабылдайды. 17 жастағы Нығымет осы оқу орнынан оқып, 1941 жылы бітіріп, өлкелік қоғам қауіпсіздік мекемесіне аудармашы болып жұмыс істейді. Оның аудармашылық таланты осы кезден бастап ашылады. Н. Мыңжани Лу Синь шығармаларын аударғанға дейін бірсыпыра қытай жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған болатын. Соның ішінде «Хоршин даласында» (1953), «Бақытты болашақ» (1955), «Су бойында» романының 3 кітабы (1975), «Қызыл сарай түсі» 4, 6-кітаптары (1977), сонымен бірге Мау Зыдүн, Ли Шаушидың саяси мазмұндағы кітаптарын қазақшаға аударған.

Лу Синнің алғашқы көлемді шығармасы – «Есалаңның естелігі», «Жындының естелігі» немесе «Қояншықтың қолжазбасы», «Есалаңның күнделігі» деген аттармен жарияланған. «Есалаңның естелігі» шығармасында автор өзі өмір сүрген дәуір шындығын астарлы түрде берген. Автор осы шығармасында ежелгі Қытай қоғамындағы «адамды адам жеу» дәстүрін шығармаға арқау ету арқылы қоғам шындығын ашып көрсеткен.

«Адамды адам жеу» туралы Қытай ғалымдарының пікірі де екі жаққа жарылады. Бір бөлімі расында да тарихта сондай жағдай болғаны туралы айтса, екіншісі аңыз ретінде қарайды. Лу Синнің осы әңгімесінде төмендегідей үзінділер беріледі: Ли Шыжын өзінің «дәрі шөптер бірдемесі» деген кітабында: адам етін пісіріп жеуге болады, – деп айқын жазған ғой... тағы бір үзіндіде «балаларды айырбастап жеуге болады» деген мәтіндерді кездестіреміз. Осы туралы төмендегідей түсінік беруге болады. Миң патшалығы тұсындағы атақты Ли Шыжын дейтін дәрігер 12 томнан тұратын «Шипалы шөптер шежіресі» деген кітабындағы «адамның етімен өкпе туберкулезін жазуға болады» деген жолдарын алып отырса керек, «балаларды айырбастап жеуге болады» туралы «Зо Ши Миң жылнамасында» Сұң патшалығының сарбаздары Хуа Юуан, Чу патшалығының сарбазы Зы Фанға Сұң патшалығының орталығын Чу патшалығының әскерлері қоршап алғандағы аянышты жағдайды баяндағанда «астық болмағандықтан жұрт өзара балаларын айырбастап алып жеді» деген сөзін алса керек. Автор осы арқылы өзі өмір сүріп отырған қоғамның қара түнектен айырыла алмай тұрған аянышты халін суреттеген. Оны автордың өзінің ой толғанысымен ұштастыра қарастыруға болады. Ол «Айқай» атты кітабына жазған алғысөз-

зінде өзінің талпынысының тоқырауға ұшырап, қолдау таппағаны жайлы, сол кезеңнің бейнесін анық көруге болады: «Жарандар арасында жападан жалғыз жар салғанмен, әлеумет ешбір рай білдірмесе, не құптамаса, не қарсы тұрмаса, бейне ұшы-қиырсыз қу медиа құла түзде не қыларыңды білмей қаңғырып қалғандай болады екенсің, бұл қандай қасірет десеңізші!» дейді. Осы жағдайдан-ақ өзі өмір сүрген қоғамның Лу Синнің үндеуіне ешқандай бір реакция көрсетпей, мүлгіген ұйқы қалпында қалғанын аңғаруға болады.

Халықтың жаңалыққа үрейлене қарайтынын «Есалаң» атты кейіпкер арқылы беріп отырған. «Есалаң» деп отырғаны шын мәнінде ойы озық, алғабасар, өзіндік ойы бар, өзі жасаған қоғамға разы емес, оны өзгерткісі келетін, жаңашылдыққа жаны құмар адам ретінде түсінуге болады. Автор реалды өмірдің шындығын символдық тұрғыда көрсете білген.

Лу Синь шығармаларын қазақ тіліне аударуда айтарлықтай үлес қосқан – Әбділдабек Ақыштайұлы. Оның Лу Синь шығармаларын қазақ тіліне аударуы 1962 жылы Шыңжаң халық баспасынан «АҚ-дың ресми өмірбаянын» (阿Q正传) аударуға тапсырыс беруден басталады. Аударма 1963 жылы жеке кітапша болып басылып шығады. Сол кездегі жас аудармашының аудармасын халық ерекше ықыласпен қабылдады. Өйткені, АҚ образының күрделілігі мен автордың тіл ерекшелігін, сатиралық, юморлық бояуын астарлы мәнін терең түсінбеген адамның оны аударуы да мүмкін емес еді.

Қазақтың белгілі ақыны Сарқытқан Ақмәдиұлы Ә. Ақыштайұлының аудармасын сөз етіп, былай деп жыр арнаған:

Шаттансақ, шалқып тасып кетеді өлең,
Асқарды асу бермес төтелеген.
Разы Лу Синь саған, Әбділдабек,
Қолына АҚ-ін жетелеген – деп жыр толғайды [1, 887-б.]

«АҚ-дың ресми өмірбаянын» Шыңжаң халық баспасы бірнеше рет басып шығарды. Қазақстанның «Жалын» баспасы 1992 жылы шығарған Қытай жазушыларының әңгімелер жинағы «Гүл десте» де «АҚ-дың ресми өмірбаянымен» басталады.

Ә. Ақыштайұлы Лу Синь шығармаларынан «Айқай», «Серменде», «Жаңғыртылған ескі ертегілер», «Өшпес шырақ», «Масқаралау», «Жалғыздық», «Шер», «Аға-бауыр» «Айрылысу», «Көкті жамау», «Айға ұшу», «Сиыр жоңышқа тергендер», «Зұлыпхар», «Қорғаннан шығу», «Соғыспау», «Тірілген аруақ» т.б. 40 жуық әң-

гімесін аударған. «Жабайы шөптер», «Кеште жиналған таң гүлі», «Таңдамалы хаттары» қамтылған 150-ге жуық публицистикалық, лирикалық эсселерінен аударып, оқырмандар қауымына табыстады [3].

Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аударылуына ат салысқан келесі бір жазушы – Өзімхан Тышанұлы. Ол 1988 жылы Лу Синнің «Торғын күндік» атты әңгімелер мен эсселер жинағын қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарады.

Сол секілді Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аударылуына ат салысқан келесі аудармашы – Меллатхан Әленұлы. Ол Лу Синнің «Айқай» жинағынан «Күң ижи» (孔乙己), «Дәрі» (药), «Шаштың әңгімесі» (头发的故事), «Туған жер» (故乡), «Көкшыбық шағаны», «Ақ сәуле» (白光), «Қоян мен мысық» (兔子和猫), «Үйрек-тің комедиясы» (鸭子的喜剧) сияқты әңгімелері, «Серменде» (仿佛) кітабынан «Тілеу» (祝福), «Бақытты отау» (快乐家族) әңгімелерін, «Кеште жиналған таң гүлдері» (朝花夕拾) «Көкорайлы бақтан Сәнәуи медресесіне», «Әке сырқаты», «Ұсақ-түйек естеліктер», «Тыңие мырза», «Фан Аниұн» сияқты эсселерін аударды. 1988 жылы шілдеде Халық баспасынан Лу Синнің 1918-1924 жылдары жазылған әңгімелері «Аңызғақ» деп аталатын жинаққа топталып, қазақ тілінде басылып шығады.

Лу Синь шығармаларының Қазақстанда жарық көруі 1958 жылдан бастау алады. Ол кездегі Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аударылуы орыс тіліне аударылған мәтінді пайдалан-

ғандықтан әуелгі түпнұсқа әңгімеге қарағанда ауытқушылықтар болғаны байқалады.

Лу Синь шығармаларын аударуда үлес қосқан ғалым – Дүкен Мәсімханұлы. Д. Мәсімханұлы Лу Синь шығармалары мен қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің шығармашылық үндестігін, көтерген тақырыптарын, екі тұлғаның шығармасында кездесетін ұлттық дәстүр мен жаңашылдықты салыстыра отырып, әдебиеттанушылық тұрғысынан зерттеп, «Мұхтар Әуезов және Лу Синь» [4] атты монографиялық еңбегімен толықтырды. Сонымен қатар Қазақстанда қолға алынған әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударуға тапсырма берген мемлекеттік бағдарлама аясында Лу Синь шығармаларын қазақ тіліне аударып, жариялауға өз үлесін қосты. Лу Синнің өмір жолы, шығармашылық портретіне жан-жақты тоқталып, көлемді ғылыми мақала жазған.

Аударма арқылы әдеби байланыстар нығая түседі. Көркем аударма жасау үшін аудармашы кем дегенде екі халықтың тілін, тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, әдет-ғұрпын, менталитетін жетік білуі керек. Ондай болмаған жағдайда аударма сапалы шықпайды. Шығарманың түпнұсқадағы ұлттық сипаты, өзіндік өзгешеліктері сақталмайды. Аударма сөз қолдану, ойдың мағынасын толық жеткізу, көркемдігін жоғалтпау, маңызын төмендетпеу сияқтыларға баса назар аударылады. Лу Синь шығармаларының қазақ тіліне аударылу барысын, негізінен, сәтті аударылған жұмыстар қатарына жатқыза аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. 4 том. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2011. 925 б.
- 2 Синь Лу. Әңгімелер. Аударғандар: Мыңжани Н., Әленұлы М., Ақыштайұлы Ә. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 1987. – 722 б.
- 3 Лу Синь. Таңдамалылар. Аударған: Ақыштайұлы Ә. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2013. – 355 б.
- 4 Мәсімханұлы Д. Мұхтар Әуезов және Лу Синь. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 360 б.
- 5 Федоренко Н.Т. Лу Синь // Китайские записи. – М., 1955.

References

- 1 Kazak adebietinin tarihy. 4 tom. – Urimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 2011. 925 b.
- 2 Sin' Lu. Angimeler. Audargandar: Mynzhani N., Alenuly M., Akyshtajuly A. – Urimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 1987. – 722 b.
- 3 Lu Sin'. Tandamalyar. Audargan: Akyshtajuly A. – Urimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 2013. – 355 b.
- 4 Masimhanuly D. Muhtar Auevov zhane Lu Sin'. – Almaty: Balalar adebieti, 2007. – 360 b.
- 5 Fedorenko N.T. Lu Sin' // Kitajskie zapisi. –M., 1955.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़ारबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Ахметжанова Ә.Т.
**Национальное мировоззрение
в романе Чхве Ин Хуна
«Площадь»**

Проанализирована роль образа в национальном мировоззрении в прошлом и настоящем. Отмечено, что мировоззренческая система любой нации состоит из ряда образов окружающего мира. Исторические события, которые были столь сложными в период разделения корейской нации стало причиной для изменения национального мировоззрения и идеологии в целом. В романе Чхве Ин Хуна «Площадь» есть тонкая грань между свободой внутренней и свободой внешней. Прежде всего, это происходит через оппозицию религиозных идеологий и культур, а впоследствии становится важным фактором для развития страны в целом.

Ключевые слова: корейская литература, возрождение национальной литературы, роман, историческая тематика.

Ahmetzhanova A.T.
**The national outlook in the novel
Choi Ying Hoon «Square»**

The role of the image of the national outlook as in past and present is very important. It is noted that the ideological system of any nation is made up of a series of images of the world. Historical developments that were so complex during separation of the Korean nation was the reason for the change of the national outlook and ideology as a whole. In the novel, Choi Ying Hoon "Square" is a fine line between freedom of internal and external freedom. First of all, it is through the opposition of religious ideologies and cultures, and subsequently becomes an important factor for the development of the country as a whole.

Key words: Korean literature, national literature renaissance, romance, historical themes.

Ахметжанова Ә.Т.
**Чхве Ин Хунның «Алаң»
атты романындағы ұлттық
дүниетаным**

Ұлттық дүниетанымның өткен және қазіргі рөлі. Ол кез-келген ұлттың идеологиялық жүйесі, әлемнің бейнесін құрайды. Корей ұлтының екіге бөліну кезінде соншалықты күрделі тарихи оқиғалар тұтастай алғанда ұлттық дүниетаным мен идеологияның өзгеруіне себеп болды. Чхве Ин Хунның «Алаң» атты романында ішкі және сыртқы түсініспеушіліктер мазалайды. Біріншіден, ол діни идеология мен мәдени оппозиция арқылы, сондай-ақ кейіннен тұтастай алғанда елдің дамуы үшін маңызды факторына айналып отыр.

Түйін сөздер: корей әдебиеті, ұлттық әдебиетті жаңғырту, роман, тарихи тақырып.

НАЦИОНАЛЬНОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ В РОМАНЕ ЧХВЕ ИН ХУНА «ПЛОЩАДЬ»

История знает множество переломных моментов в творчестве великих стран. Вспоминая Францию 15 века, мы видели репрессии и гонения великих людей, выражающих свое отношение к государству и церкви путем написания литературных произведений. И дело тут даже не в веровании в церковь и признании князей, как о проблемах их быта, на которое не обращали внимание. Как и во Франции, тематика национального мировоззрения присутствовала и раскрывалась в произведениях корейских авторов, которые активно соприкасались с этой темой. И поводом тому послужила война.

После освобождения Кореи перед культурными деятелями встал задача возрождения национальной литературы, которая в течение 40-летнего японского колониального режима находилась в затяжном кризисе. Однако в литературных кругах, так же как и во всем корейском обществе, произошел идеологический раскол, явившийся следствием противоборства идей коммунизма и западной демократии на Корейском полуострове и разделения единой страны на две части. Однако переломным этапом в истории литературы Южной Кореи явилась вторая половина 1950-х годов, молодое поколение молодых авторов, многие из которых оказались на войне, испытав ту горечь потерь и страдания, получившие огромный жизненный опыт, в последующем ставший основой их творчества, стали писать.

В это же время на литературной сцене появились талантливые писатели-модернисты, которых называют «послевоенным поколением». К ним относятся О Санвон, Со Гивон, Чхве Инхун, Сон Чхансон и другие.

Эти молодые авторы наполнили прозу 1950-х годов темой Корейской войны, используя при этом нетрадиционные литературно-художественные средства, чтобы передать свое личное видение трагизма войны и ее ужасающих последствий. Поиски смысла жизни и своего места в послевоенном обществе оказались бесплодными и, как стоило ожидать, не найдя ответов на волновавшие их вопросы, они выплеснули весь пессимизм в свои произведения.

Если 50-ые годы запоминаются более молодыми и новыми авторами, активно воплощающими увиденное в свои произведения, то вторая половина 1960-х и 70-х годов характери-

зуются литературными экспертами наоборот, как период застоя в южнокорейской прозе, что, в первую очередь, связано с душной атмосферой военной диктатуры в стране, 1980-е годы – как период поисков новой идейности, а 1990-е – как период индивидуальной чувственности. Литература 1970-80-х годов обогатилась не только новыми именами, но и новыми течениями. В творчестве стала заметна социальная направленность, и таковая обширно раскрывала проблемы общественной жизни страны, явления и процессы, вызванные столкновением старого и нового.

Говоря о тех самых столкновениях, стоит особо выделить произведение Чхве Инхуна «Площадь». [1] Изданный в 1961 году роман считается произведением, наиболее ярко отразившим настроения всего десятилетия, он освещает Корейскую войну под новым углом зрения. Площадь в романе Чхве символизирует свободу и равенство, и он стал своеобразным литературным символом страны. Главный герой романа Мёнчун сталкивается с трудностями, которые главным образом перекликаются с основными проблемами нации. Вечные вопросы – Как жить? Что делать? – стоят не только перед главными героями, но и всеми, кто мучим дилеммой – Где родина – Север или Юг? Остаться в Корее или эмигрировать? Продолжать жить или свести счеты? В отличие от закрытого места, открытая площадь символизирует общество. И если данные понятия преобразовать в обобщённые слова, то в результате, на мой взгляд, формируются такие понятия, как свобода и равенство. Главный герой Менчжун пытается сохранить эти оба понятия, одно из которых принадлежит югу, а другое северу. Однако он приходит к выводу, что на юге нет никаких закрытых мест, а пулемётные установки существуют только на севере и таким образом узнает о лицемерии и фальши коммунистического режима. В центре этих двух значительно противоречащих друг другу полярных идей – корейская война.

Роман «Площадь» стал первым произведением корейской литературы, в котором автор дерзнул обратиться к теме двух разделённых Корей, всё это время считавшейся запретной в корейском обществе, этот факт серьёзно и объективно описывает недостатки обеих идеологических систем. Герой романа, осознав лживость северокорейской пропаганды, которая пытается оправдать собственное развязывание войны, переживает крушение иллюзий и одновременно осознаёт, что любовь к Ын-хе, которую он встретил на поле боя, есть единственная, са-

мая ценная истина в его жизни. Однако идущая война не даёт двум героям наслаждаться их чувствами. Будучи разлучён с Ын-хе, Мёнчжун попадает в плен. А после освобождения из плена он оказывается неспособен выбрать между Югом с его капиталистическим обществом, погрязшим в коррупции и несправедливости, и Севером с его лживым и лицемерным коммунистическим порядком, где власть принадлежит народу лишь на словах, а на деле правит диктатор. Поэтому в конечном счёте он выбирает другой путь, другую страну. Главный герой понимает, что и коммунистическая идеология, которую принял Север, и капиталистические ценности, к которым приобщился Юг, есть, по сути дела, номинальные идеологии, навязанные откуда-то извне, а не избранные самостоятельно в силу внутренних потребностей корейского общества. Писатели этого поколения с их собственными детскими воспоминаниями о войне, живя бок о бок с поколением отцов, в какой-то момент обнаружили в своей душе раны, оставленные войной, и осознали, что эти раны оказывают влияние на реальность, в которой они живут. Будучи поколением, получившим демократическое образование, эти авторы имели собственную индивидуальность и были внутренне свободными людьми, осознающими, что они сами могут выбрать общество, в котором жить. Молодежь Южной Кореи, так же как и послевоенное поколение во многих странах, оказалось «потерянным поколением», на смену которому придет новое, «бунтующее поколение», решившее бороться за свои права и будущее страны.

Роман «Площадь» – это начало литературной темы про «разделённую нацию», к которой впоследствии не раз обращались корейские писатели и поэты. Жизнь к этому народу часто бывала немилостива, ему знакомы и война, и голод, и суровая бедность. Но удары судьбы корейцы привыкли сносить с мудрым терпением и улыбкой, не жалуясь. В массе своей они работают как лошади, но не ноют, потому что помнят, для чего живут на этом свете: для детей, для родителей, чтобы цепь рода, семьи не прерывалась. Нормальные корейцы любят пошутить и повеселиться, большие любители поесть, не дураки выпить и поволочиться за женщинами. Они совсем не те затюканные неврастеники, которые встают перед нами со страниц высокой корейской прозы» [2].

Сегодня на книжном рынке Южной Кореи в среди бестселлеров около половины книг посвящены исторической тематике. Она стала весьма

популярной в Корее и сейчас находит выражение в разных формах, таких как телесериалы, художественные кинокартины, драматические пьесы и романы. Люди стали интересоваться ими, ибо чтением художественной прозы они глубже и эмоциональнее познают свое прошлое, восходят к корням традиционной этнической культуры и ощущают свою «корейскость», а именно тем, чем в конечном счете они отличаются от других людей мира. Поиски этой «корейскости» – своей национальной исключительности уводили писателей в глубокое прошлое, к средневековым династиям и былому величию страны. Другое направление поиска приводило литераторов и других деятелей культуры к стержневым истокам корейской души, психологии и менталитета, к таким как древние верования, конфуцианская этика и мораль, философский дуализм «инь-яня» и «хан» – неизбывная печаль и вечное страдание, выпавшие на долю корейцев. Третий путь, ставший популярным среди некоторых молодых авторов – уход в авангардизм, экзистенциализм и другие новомодные западные «измы» [3, с. 109].

С этой точки зрения представляется естественным то, что автор избрал нелинейную, модернистскую структуру изложения, рваную композицию, когда события то и дело отсылают нас в прошлое. Учитывая вышеизложенное, можно сказать, что роман «Площадь» по праву считается выдающимся произведением корейской литературы, предложившим читателям более глубокую интерпретацию образа и влияния Корейской войны.

Каким же такое простое и в то же время неприемлемое своей абстрактностью произведение может стать ключевым в литературе 1960-х г.? Ответ на этот вопрос мы находим в слове «свобода». Народный бунт, хоть и временно, но по-

ложил конец этим действиям. Это стало возможным, потому что бунт был во имя свободы. Однако самоубийство главного героя символизируется со свободой в качестве синдрома как совокупность всех признаков: год спустя после бунта, 16 мая произошёл государственный переворот.

Таким образом, корейская художественная литература 1960-х годов начала поиск богини свободы, которая проявила бы себя на какой-то период времени. Однако свобода теряет всякий смысл без идеи равенства. Данный трагизм витал в воздухе и в 1960-е годы был не совсем понятен.

Необходимо отметить перемены, вызванные государственным переворотом. Так, лозунг, сторонниками которого были лидеры государственного переворота, звучал так: «Мы быстро облегчим экономическое затруднительное положение людей, которые на грани голода».

В этой фразе – обещание преимущества экономического процветания над вопросом о свободе, поднятым во время народного бунта. С той поры по всей стране начались процессы модернизации и индустриализации [3, 34]. Необходимо отметить тот исторический факт, что демократизация и модернизация всегда шли рука об руку в западном мире. Трудности и противоречия, стоявшие на пути к этим двум идеалам, были в полной мере отображены появлением среднего класса и осведомлённостью среди низших слоёв общества 1970-х годов. Вопрос о том, как корейский народ достигает идей свободы (модернизация) и равенства (демократизация), был значимым в 1960-е и 1970-е и даже в некоторой степени 1980-е годы. Это также зависело и от хода истории и от тех проблем, которые были вызваны разделением страны.

Литература

- 1 Хун. Ч.И. Площадь. – М., 2002. – С. 256.
- 2 Габрусенко Т. Корейская литература и российский читатель. – Русский журнал, 28 Ноября 2000. – <http://old.russ.ru/krug/20001128.html>
- 3 Ким Г.Н. Современная южнокорейская проза как историко-страноведческий источник. – Алматы, 2009. – С.109.
- 4 Сайдазимова У.Т. Корейская проза. – Ташкент, 2013. – С. 34.

References

- 1 Hung. CHU.I. Area. – M., 2002. – P. 256.
- 2 T. Gabrusenko Korean literature and Russian reader. – Russian Journal, 28 November 2000. – <http://old.russ.ru/krug/20001128.html>
- 3 Kim GN South Korean Modern Prose as a historical and regional studies the source. Almaty, 2009. – P.109
- 4 Saydazimova U.T Korean prose. Tashkent, 2013. – P. 34.

Әмірбекова С.К.,
Абдрахманова К.Х.

**Араб және Қазақ
паремияларындағы «Ата-ана
мен бала» концептісі**

Мақалада араб-қазақ тілдеріндегі отбасыға байланысты фразеологизмдер қарастырылып отыр. Бұл сөз орамдары араб фразеологиясында маңызды рөл атқарады және араб әдеби тілінің көркем сөз байлығы мен бірегейлігін айқын да, толық көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерінің зерттелуі араб тілін терең және жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Жұмыстың басты мақсаты – араб-қазақ паремияларындағы «ата-ана мен бала» концептісіне салыстырмалы талдау жүргізу арқылы олардың ортақ және дифференциалдық ерекшеліктері мен мағыналық үйлесімділігіне классификация беру.

Түйін сөздер: паремия, мақал-мәтел, отбасы, концепт, туыстық терминдер.

Amirbekova S.K.
Abdrahmanova K.H.

**Concept of «Parents and
children» in Arabic and
Kazakh paremiaes**

The article describes semantic analogues of phraseological units about family in the Kazakh and Arabic languages. They are numerous, and play an important role in the Arabic phraseology and fully reflect the richness and uniqueness of the Arabic language. Studying the structural features of phraseological units allows us to learn the Arabic language thoroughly and comprehensively. The following problem are put: make comparative analysis of proverbs concept of «parents and children», define general and differential differences and with functional semantic classifications.

Key words: paremiaes, proverbs, family, concept, marital kinship.

Амирбекова С.К.
Абдрахманова К.Х.

**Концепт «Родители и дети»
в арабских и казахских
паремиях**

В статье рассматриваются смысловые аналоги описания фразеологизмов о семье в арабском и казахском языках. Эти обороты многочисленны, играют важную роль в арабской фразеологии и наиболее ярко и полно отражают богатство и уникальность арабского литературного языка. Изучение структурных особенностей фразеологических единиц позволяет узнать арабский язык глубоко и всесторонне. Ставятся следующие задачи: сделать сравнительный анализ паремиям концепта «родители и дети», определить общие и дифференциальные отличия и функционально-смысловые классификации.

Ключевые слова: паремия, пословицы и поговорки, семья, концепт, термины родства.

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПАРЕМИЯЛАРЫН- ДАҒЫ «АТА-АНА МЕН БАЛА» КОНЦЕПТІСІ

Соңғы жылдары тіл білімінде қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдердің тілдік материалдарымен салыстыра-салғастыра зерттеу қолға алынуда.

Ұлт мәдениетінің қай түрі болмасын, сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті тілде көрініс табады. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге, ең алдымен, тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі, бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Ұлт мәдениеті, діні салт дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін сөздер тілімізде өте көп. Сол концептілердің бірі – араб және қазақ тілдеріндегі ата-ана мен бала концептісі.

Араб және қазақ тілдеріндегі *ата-ана мен бала* концептісінің басты айырмашылығы – отбасы, шаңырақ мүшелерінің бір-біріне тікелей жақындығы қан арқылы тікелей байланысын, өзара тығыз қарым-қатынасын саралайды: ата-ананың балаларымен, ұлы мен қызының ата-анасымен қарым-қатынасы. Араб тілінде *وليد* – *وليدة* сөздері *ата-ана* мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде *ата-ана* лексемасы өздерінен туған балаларына қатысты айтылады. Бұл лексемалар гипергипонимикалық қарым-қатынасымен ұштасып жатыр.

Ежелден келе жатқан қазақ дәстүрінде бір ортадан тарап, бірнеше буынға жеткен ұрпақтар жалғасын – бір әулет деп атайды. Мысалы, Құнанбай әулеті, Абылай әулеті, тағы сол сияқты. «Жақсы» деген атымен шыққандықтан бүкіл қазақ халқы мақтан тұтатын әулеттер. Бұны халқымыз басқа ел-жұртқа өнеге ретінде «тегі жақсы, текті әулет» деп дәріптейді. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» деп бір ауыз нақылмен түйеді.

Ал «бала» концептісі – ер мен әйелдің бір кіндіктен тараған ұрпақтары: бала, қыз, немере, шөбере, жиендер [4, 103]. Ұрпақ қазақ үшін қастерлі ұғым «өмірімнің жалғасы, мұрагерім» деп таныған. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» дейді қазақ.

Шаңырақты нұрға бөлеп, ерлі-зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік пен махабаттың беки түсуіне себеп болатын бірден-бір дәнекер – бала, ұрпақ, әулет. Сол себепті, қазақ «Бір баласы бардың – шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың – өкпе-бауыр, жалы бар, үш баласы бардың бардың Бұхарада құты бар, Хорасанда қолы бар» деп ұрпақтың өсіп-өнуіне, көбейіп-өрбуіне ден қойып, соған ынталандырып отырған. Айтылған сөздердің қанымызға сіңгені сонша, қазақ үшін шаңырақты баласыз елестету мүмкін емес. Ерлі-зайыпты екеуі үйленді ме, ағайын-жұрт тоғыз ай, тоғыз күннен кейін шілдехана тойын көруге асық болып отырады. Қос жұптың да күтетін алғашқы «жемісі» – бала. Сондықтан да халықтар арасында «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақыл сөз тараған.

Ал араб тілінде *ام* *ана* сөзінің беретін мағынасы: 1. Туған, ішінен шыққан. 2. Әлдебір еркектің егде әйелі. 3. Ана – бәрінің негізі, тірегі *ام كل شیء* 4. Елді мекен, аймақ анасы – *ام القرى* Мекке (яғни қажылық жасау үшін әлемнің түкпір-түкпірінен ағылған қасиетті жер) [2,31].

Ал *әке* *اب* лексемасы – араб тілінде дүниеге әкелген немесе ағатайы, атасы, не нәрсені де алғаш тұрғызған дүние-мүліктің иесі, қожайыны мағынасында қолданылады. Кейде тіпті адамның қолының ашықтығын баса көрсету үшін қолданылатын *اب الضيف* құдайы қонақтың әкесі» деген де мағынасы бар [2].

Енді араб тілі мен қазақ тіліндегі ата-аналар мен олардың ұрпақтары – бала-шағасына қатысты қалыптасқан паремиялардың мазмұндық құрылымын саралап көрелік. Екі тілге де ортақ мазмұндық ой түзейтін мақал-мәтелдер:

«Ұл» лексемасы қазақ тілінде: 1. Еркек бала, ер бала. 2. Халық қамын ойлайтын ер-азамат, ер-жігіт [4, 857].

Араб тілінде *ابن*: 1. Ер жынысты бала. 2. Ауыспалы мағынада: *ابن السبيل* «саяхатшы», *ابن الناس* «халық қаһарманы» ұғымдарын сыйғызады [2, 76]. Қызға қатысты қос тілде де 1. Ұрғашы жынысты сәби, әйел бала. 2. «болашақ ана» деп бір ауыз сөзбен тоқтам жасайды.

Ұл, ер бала *ابن* сөзі араб тілінде, өзге тілмен салыстырғанда, анағұрлым жиірек қолданылады. Біздің ойымызша, арабтар ежелден ер адамға басымдық бедел берген, күні бүгінге дейін арабтар қыздарынан гөрі ұлдарының жан-жақты білім алуына, ішіп-жемі, киіміне, қалта қаражатына, тағы басқа игіліктеріне ақшаны көбірек бөліп, жұмсайды. Бұл дерек мұрагерлікке

қатысты заңдарында: ұлға берілетін мұраның қызға берілетіннен екі есе көптігінен нақты көрініс тапқан. *إِنَّكَ إِلِيكَ، بِنْتُكَ لَا* «Ұлың сенікі, қыз біреудікі» яғни, бойжеткен қыз өзге отбасында өмір сүреді деп санаған. Ал ер бала қандай жағдайда да өз ата-тегінің, қанының жалғастырушысы. Осындай ұлға қатысты көзқарас қазақ халқында да ежелден қалыптасқан. Қос тілдегі ауыз әдебиеті үлгілері, аңыз, әпсана желілерінен де ер баланың басымдық бедел алатынын анықтау қиын емес: «Ұлың өссе – ырысың, қызың орнын тапса – ырысың». «Ұл туғанға – күн туған» деп айтады. Араб нақылдарында да еркек кіндікті деп немере, шөберелерін де жоғары бағалаған: *إِنَّ الْإِبْنَ إِذَا الْهَيَّبَ، إِنَّ الْبِنْتَ إِذَا الْغَرِيبَ* «Ұлдың баласы – сүйікті, қыздың баласы – жат» [8, 257]. Қазақтар: «Бала қымбат, немере – ыстық», «Ұлдың баласы – ұрпақ».

«Бала-шаға» ұғымы араб тіліндегі нақылдарға қарағанда, қазақ халқында кеңірек, әрі көбірек қолданысқа ие. Ал араб халқы үшін «ұл», «қыз» ұғымдары қатаң түрде жіктеліп, ұлдар, қыздар деген ұғымдар көпше, жекеше түрде де бөлек-бөлек таратылады. Мұны біз араб мақал-мәтелдерінен анық байқаймыз. Бала-шаға қазақ тілінде шектеуді емес, баршылық, көпшілік мағынасында қолданылып, халқымыздың ұл-қыз баласына деген кең пейілін білдіреді. Ұл-қызын бөліп-жармай, еркетай, сүйкімдім, тентегім немесе тұңғышым, кенжем деп еркелетіп қолдану кеңінен тараған.

Араб-қазақ паремияларда «қыздың ұзатылатыны» айқын, тұрақты түсіндіріледі. Оның негізінде: *أَخْطُبُ لِبِنْتِكَ قَبْلَ أَنْ تَخْطُبَ لِابْنِكَ* «Ұлыңды емес қызыңды бірінші үйлендір (ұзаттыруы)» Қазағымыз: «Қыз мұраты – кету», «Отырған қыз – орнын табар», «Қыз кетсе – қуаныш, тұрақтаса – жұбаныш», «Апасы киген сәукелені сіңлісі де киеді» деп әр қырынан бейнелеп суреттейді.

Араб дәстүрінде еркектің ажырасуына болады деп саналған, ал әйел ерінен ажырап жатса, екінші рет күйеуге шығуы қиын дейді. Сол себептен де кез-келген ата-ана қыздарын барынша лайықты, сенімді деген ер адамға беруге тырысады: *وطني المرأة زوجها* «Әйелдің отаны – күйеуі».

Араб-қазақ тілдеріндегі «бала» концептісіне қатысты паремиялардың ұқсас белгілері:

1. Қос тілдегі паремияда да баланы туып-өсіру қажеттілігі, өзінен кейінгі ұрпаққа қалдыру, тұқым, тайпа жалғастығын үзбеу тағлы-

мы арқау болады. البيت الى ما فيشوا صغار مقبر «Баласыз үй – мазар», المال والبنون زينة الحياة الدنيا

«Ақша мен бала – өмірдің сәні», الاطفال ازهار في «Балалар – өмір гүлдері» [8,157]. Қазағымыз: «Жалғыз ағаш – орман болмас, жалғыз жігіт – би болмас», «Баласыз ана – гүлсіз алма», «Бір бала атаға жете туады, бір бала атадан өте туады, бір бала кейін қарай кете туады».

2. Араб-қазақ паремияларында бала тәрбиесіне айрықша мән берілген. Дұрыс тәрбие беруге баса назар аударылған. Адамгершілікке шақыратын паремиялар шарият заңында нақты кеңестер ата-анаға бұйырыла айтылады. Бұл талап-тілектерге қарап, екі халық өкіліне де кейінгі ұрпақ жалғасын айрықша жауапкершілікте тәрбиелеу маңыздылығы тән екені байқалады. Лайықты ұрпақ өз ұлтын, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі, тілін, мәдениетін, өмір сүру ерекшелігін көзінің ақ-қарасындай сақтап, болашаққа ұластырушы мағынасында жауапкершілікті екенін ұқтырады. ومن لم يؤدبه أبوه وأمه، «Ата-анасы тәрбие бермесе, өмірдің қиындығы тәрбие береді», بك إنك، أحسن ما ينبغي عليه

«Балаңды ойлап жыламау үшін, балаңды жылатқыз» [8, 195]. Қазақ нақылдарынан: «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю», «Ұлын өссе, ұлы үлгілілермен ауылдас бол! Қызың өссе, қызы үлгілілермен ауылдас бол!», «Қарағайға қарап тал өсер, үлкенге қарап бала өсер».

3. Ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қатаң қарағанымен араб, қазақ халықтары да ұл-қыз, бала-шағасына ерекше мейірімін айрықша сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын арнайды. Араб-қазақ паремияларының көбісі ата-ананың балаларына деген махаббатын айғақтайды. Солай бола тұра, қазақ нақылдарының көбісі ананың баласына деген сүйіспеншілігін ерекше білдірсе, әкенің баласына арнаған ыстық ықыласын аз кездесетінін аңғартады. Араб мақалдарында керісінше, нақылдың көбісі әкенің балаға деген сүйіспеншілігін байқатса, қалғаны ананың махаббатына тиесілі екені де даусыз: ما فبالأسي من تقئت الكيد، مثل أسي وإلي «Бүйрегінің ауырғаны, тек әкесі баласы үшін уайымдауымен тең», ما مات حى لميت أسيفاً، أعذر من، وإلي على ولد «Өлі ешкім де жақыны қайтыс болғанынан өлген жоқ, тек әкесі баласы үшін қайғыруы болмаса» [8,485]. Қазақ нақылдары: «Ақ шашты ана: «жастығым – балам» дейді. Ақылды бала: «ай-күнім – анам» дейді», «Бала

– көңілдің гүлі, көздің нұры». «Анасын сүйгеннің баласын сүй», «Жалғыз бала атқа шапса, анасы үйінде отырып, тақымын қысады». Бұл деректерге қарап, қазақ аналарының сүйіспеншілігін, ашық айтып жеткізетініне, ал араб ер азаматтарының балаларына деген ыстық пейілін елден жасырын, құпия ұстайтынын, жария етуді әбес көретіндіктерімен түсіндіруге болады. Ежелгі замандарда араб әлемінде еркек баласын елдің көзінше құшақтап сүю ұят саналыпты. Сол себепті, араб паремияларында әкенің балаға деген махаббатын дәріптеу жоққа шығарылмайды.

4. Ата-анасын жақсы көру мен құрмет көрсетуге, қадір тұтуға арналған араб-қазақ нақылдары көптеп кездеседі. Ата-анаға қатысты қазақ нақылдарының қай-қайсысында да әкенің, шешенің лайықты орны қатар аталады. Және түрлі жағдайда да ата-ана, әке-шеше деп қатар айтылып, жазылады: «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің», «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет», «Ананың алды – ақ жайлау», «Мейірімі мол ананың – жүрегі жылы, қолы кең, кең пейілді атаның жүзі жылы, жолы кең». «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Әкеден – ақыл, анадан – мейірім». Араб тілінде: وأعط أباك النصف حياً ميتاً وفضل عليه من كرامتها الأم «Әкенді тірісінде де, қайтыс болғаннан кейін де жартынды ғана бер, ананың қадірін арттыр», «Жәннат – аналардың аяқ астында», غضب الأب من غضب الرب، رضا الأب من رضا الرب «Әкенің қаһары Алладан, разылығы да Алладан» [8,345].

5. Сонымен қатар араб-қазақ паремиялогиялық оралымдарда балалардың әке-шешелерінің мінез-құлқын алғанын, түр-түсі, түрлі қимыл-әрекеттерінде де ұқсастық кездесетіні баяндайды. Көп жағдайда қазақ-араб нақылдары балаларының әке-шешесіне ұқсайтынын жалпылама келтірмей, ұлды әкесіне, қызды шешесіне ұқсату дерегі жиірек ұшырайды. Сондықтан да атам қазақ: «Анасын көріп қызын ал» немесе «Әкеге қарап ұл өсер» деп тоқ етер түйін жасайды, арабтар: إبن الوز عوام «Қаздың баласы – жүзгіш», طب الجرّ تما يتطلع البنت لأمّا «Табақты айналдырса да, қызы анасына ұқсайды». Және бір назар аударатын жәйт екі тілде де – баласын қозы, лақ, балапан, құлыншақпен одан басқа тал-терекпен теңеу арқылы баяндау көп ұшырасады. Қазақтар: «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Сайына қарай – саласы, әкесіне қарай – баласы», «Ақ шашты ана: жасты-

ғым – балам» дейді. Ақылды бала «Ай-күнім – анам» дейді, немесе «Бала – ананың бауыр еті, көз нұры», «Қарға балсын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым!» дер, арабтарда: **هَذَا الشَّيْبِلُ مِنْ ذَاكَ الْأَسَدِ** «Бұл – алан арыстанның баласы», **الْقَرْدُ فِي عَيْنِ أُمِّ غَزَالٍ** «Маймыл анасына ғазель боп көрінеді», **الْخَنَفْسَةُ شَافَتْ إِبْنًا** «Қоңыз баласын көріп, маржан көргендей болды» деп жануар табиғаты көріністерінен теңеу басым [8, 386].

6. Араб-қазақ паремиялардың бір бөлігі бала-шаға, ұрпағыңның көп болғанын тілге тиек етіп, кеңірек насихаттайды және үлкен отбасылық тәжірибе, өмір жолымен қалыптасатыны ескертіледі: **أَمْرٌ عَشْرَةَ مَدِيرَةٍ وَ أَمْرٌ وَاحِدٌ مُخَيَّرَةٍ**

«Бір баласы бар анадан, он баланың анасы-пысық болады», қазақтар: «Алты ұл туған ананы – ханым десе болады, кезек сыйласқан ағайынды жаным десе болады», «Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың өкпе-бауыр, жалы бар, үш баласы бардың Бұқарада құты, Қорасанда қолы бар», – деп жалғасады.

7. Араб тілінде де, қазақ тілінде де баланың өз еңбегімен өсіп-жетілуін, ата-анасының ұрпағына кішкентайынан ұқтырып, үйрететіні үлгілі тәжірибесімен ел қатарына қосылуын қалайтыны анық көрініс тапқан. Балаларына есепсіз қаражат беріп, тәрбиесіз өсуіне жол берілмеуін ескертетін нақыл сөздер қос тілде де көптеп кездеседі. Мысалы, «Жалқау байымас, сұқ сеірімес», «Берекесіздің ауылы – мерекесіз», «Еріншек түске дейін ұйықтайды, кешке дейін есінейді», «Болар адам он бес жастан бас болар, болмас адам отызында жас болар», **كُنْ إِبْنَ مَنْ شِئْتَ وَ اكْتَسِبْ إِدْبًا غُنْيَكَ مَحْمُودُهُ عَنْ النَّسَبِ**

إِنَّ الْفَتَى مَنْ يَقُولُ هَذَا أَنْذَا لَيْسَ الْفَتَى مَنْ يَقُولُ «Кімнің баласы болсаң да, тәрбие алып, тегіңе сүйінбе, «Бұл менің әкем» демей, «Бұл менмін» деген адам абырой табады», **إِنُّو عَلِيَّ كِتْفُو وَ يَدْوَرُ عَلَيْهِ** «Баласын арқасына отырғызып, қайдасың деп іздеп жүр екен», яғни баласының күн көрісінің жағы, өмірге бейімделмегенін көрсетеді [8, 174].

8. Араб-қазақ паремиялардың ішінде ұлдың әкесі үшін, қыздың анасы үшін бағасы жоғары екені көрініс табады. Ұлдың отбасындағы әлеуметтік орны қыз баласына қарағанда жоғары екені айқын. Қыз баланы өзге отбасы мүшесіне, яғни «қонақ» санайтыны ежелден бар. Сол себепті де «Қыз – қонақ» деп » ойлау екі ұлтқа да

бөтен естілмейді. **الَّتِي يَسْعِدُهَا زَمَانُهَا، بَتَّيْبِهَا** «Ұлдан бұрын қыз туған ана бақытты», **الْبَيْتُ لِأُمِّهَا وَ الصَّبِيُّ لِأَبُوهِ** «Қыз анасына көмекші, ұл – әкесінің қолғанаты» яғни әрқайсысы шаңырақтағы өз орнын біліп, өз рөлінде болғаны абзал [8, 147]. Қазақ нақылдары: «Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар», «Әкелі бала – жаужүрек».

Араб паремияларынан қазақ паремияларының айырмашылықтары:

1. Қос тілде де *әке, ана, ұл мен қызға* қатысты метафоралық бейнелеу, әсірелеп жеткізу болғанымен, мазмұн жағынан бір-біріне ұқсамайды. Ата-ана мен балалар туралы мақал-мәтелдер теңеу, асыра бағалау (гипербола) немесе қарапайым метафорадан құрылған.

Мысалы: **يَخْلُقُ مِنَ ظَهْرِ الْعَالَمِ فَاسِدٌ وَ مِنْ زَهْرٍ الْفَسَدُ الْعَلِيمُ** «Ғалымнан содыр тууы мүмкін, кесірліден ғалым өмірге келуі де мүмкін» [7,9]. Бұл мақал жақсы ата-анадан жаман бала өсіп шығуы немесе керісінше болуы мүмкін екендігін баяндайды. Бұл мысалда бір ескеретін мәселе «оқымысты» сөзі – «жақсы» сөзінің синонимі ретінде қолданылса, ал «кесірлі» сөзі «оқымыстыға» қарама-қарсы мағынада алынған. Бұл қанатты сөздерден араб әлемінің «ежелден ғалымдарын, оқымыстыларын қадірлеп, сыйлаған» деген ой туындайды. Келесі мақалда: **الْقَرَسُ مِنْ وَرَاءِ الْفَارِسِ** «Аттың жақсысы шабандозынан» [8, 548], араб халқы шаңырақтағы қыздың, бойжеткеннің тәрбиесіне әкесі мен ағалары жауапты саналған, ал әйелдерге – күйеуі қожайын. Бойжеткен немесе зайыбының жүріс-тұрысы, мінез-құлқы ұнамсыз болса, оған жоғарыда аталған еркек азаматтар кінәлі деп есептелгендіктен бұл мақал айтылады.

Ал қазақ дәстүрінде керісінше: «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» десе, ер балаға қатысты: «Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер!», «Ер бала – ата-анаға таяу, қыз бала – үйге жаққан бояу» деп әспеттейді.

Көп метафоралар араб теңеулерінде: әкені сарымсаққа, қасқырға, бауыр мен бүркітке теңесе: **أَمَّهُ بَصْلَهُ وَ أَبَهُ تَوْمَ، وَ سَأَلَ مِثْلِي رَحَةَ التَّوْمِ** «Анасы пияз, әкесі жуа болса, баласынан неге иіс бар» [8, 116], қазақтар әкені – асқар тау, бәйтерек деп, ананы – ұя, мектеп, өмірге балайды. Араб нақылдарына қарағанда, қазақ мақал-мәтелдерде ананы зат есімнен гөрі сын есімді сөздермен баламалай жеткізу басым. Мысалы: «мейірімі мол, пейілі кең» немесе «жүрегі

шуақты, назары қуатты» «көркі мен жақсылығы» тағы басқа болып жалғасады.

Қазақ нақылдарда ұл, ер бала: *құлыным, қошақаным, лағым, балапаным, жаным, жарығым, айым, бауырым, көгершінім, қанатым, атар таңым, жүрегім, күнім, жұлдызым, шылдыр шүмегім, қыраным, жапырағым* тағы басқа теңеулермен атаса, қыздарын: *гүлім, күнім, райханым, жұбанышым, қуанышым, көзімнің қарашығы немесе көзімнің ағы мен қарасы, шырыным, шекерім, балдай тәттім, аққуым* тағы басқа теңеулер қолданса, араб нақылдарында ұл, ер баланы: *қоңызым, бұзауым, сұңқарым, бауырым, балапаным*, ал қыз баланы: *мысығым, газелім, раушаным, маймылым, орман құстарым* деген теңеулерін қолданған.

Араб нақылдарында «әке» мен «анаға» қатысты тағы бір ерекше сипат бар. Ежелден бар дәстүр бойынша өз ұрпағымен мақтанғысы келген шақта ұл қыздарының есімдері алдына атау жалғайды. Сол атаумен қоса айтып, тілдеріне тиек етеді. Мысалы, *أبو محمد* «Мұхамедтің әкесі» немесе *أم فاطمة* «Фатиманың анасы». Ауызекі тілде жиі айтылады [7,78].

2. Араб паремияларында «ана», «әке» «қыз» және «ұл» атауларын метафораға жатқызады. Мысалы, *إلى أمه يلحف اللؤلؤ* «Анасымен мұңын (уайымын) бөлісуге бара жатыр». Осы мысалда «ана» – отбасы, достары, туысқандары, бір сөзбен айтқанда, ең жақын адамдары мағынасында бейнеленген. Сөйтіп, әрі қысылғанда қол ұшын созып, көмектесетін жандар мағынасында қолданады. «Жалғыз ағаш орман емес» демекші, кім-кімде жалғыз-жарым бола тұра жақын адамдарымен бірге болғанды айрықша мән бере атайды. «Әкеге» қатысты: *أبو الهول* «қорқыныштың әкесі – Сфинкс», *أبو*

الركاب «грипп ауруы», *أبو النوم* «ұйқының әкесі – мак гүлі» т.б.

Анықталған 10 паремияда «қыз» концепті түрлі мазмұнды метафоралық оймен тарқатылады: *بنت الدهر* тағдырдың қызы – жамандық, *بنت الشفة* еріннің қызы – сөз, *بنت الفكر* ойдың қызы – пікір, көзқарас, *بنت السلطان* сұлтанның қызы – бақ-дәулетті әйел, *بنت حواء* Хауа-Ананың қызы – гүлдер мен жасыл шалғын және т.б. Мысалы, *بنت الشفة* бұл жерде «еріннің қызы – сөз» екенін айтпайды, бұл метафора «Ол маған ештеңе демеді» дегенді ұқтырады [8, 302].

Араб мақал-мәтеліндегі «ұл» метафорасы келесі жолдарда көрсетілген мағынада қолданылады: *بنو الحرب* соғыс ұлдары – жауынгерлер, *أبنو الأدب* әдептің ұлы – тәртіптің адамы, *أبنو الناس* адамзаттың ұлы – сыйлы адам, *أبنو الدب* қасқырдың баласы – тәрбиеге көнбейтін жан, *أبنو الصقر* қырандардың баласы – бай-дәулеттің иесі және т. б.

Мысалы, *إِنَّ الْخَلَالَ عِنْدَ ذِكْرِ بَيَانٍ* «Тәрбиелі жан туралы ойласаң келе қалады». Осы нақылдағы тәрбиелі адам «рұқсат етілгеннің ұлы» мағынасында қолданылған. Мұндай тұрақты сөз тіркестері екі мағынада қолданылады: а) «заңды некеден туған», б) «тәрбиелі адам» [8].

Қорыта келе, араб – қазақ тілдеріндегі паремиялардың қай-қайсысынан да ата-ана мен ұл-қызы, балалары арасындағы байланыс, қарым-қатынастың өмірде қаншалықты зор бағаға ие екені анықталды. Қос халық менталитетінде де келер ұрпақты лайықты тәрбиелеу аса жауапкершілікті жүктейтінін байқатады. Ежелден қалыптасқан мәдениет, салт-дәстүрлі негізде ұлтты сақтау, баянды болашаққа ұластыру үрдісін ту ететіні екі ұлт тіршілігінен анық көрініс тапқан.

Әдебиеттер

- 1 Кухарева Е.В. Арабские пословицы и поговорки. Словарь с лексико-фразеологическими комментариями. – М.: АСТ, 2008-303 с.
- 2 Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – Ташкент: «Камалак», 1994. – 912 с.
- 3 Эшанкулов А.У. Фразеология в тексте и в словаре /Паремиялогия или фразеология/. Сбор. науч. труд. – Самарканд, 1986. – 59 с.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – А: Дайк. – Пресс, 2008. – 968 б.
- 5 Шайхуллин Т.А. Зиганшин Э.М. Зияева А.Н. Стилистика арабского языка: Учебное пособие. – Казань: Магариф, 2008 г. – 383 с.
- 6 Шайхуллин Т.А. Русские и арабские паремии с компонентом-наименованием родственных отношений: концептуально-семантический и этнокультурный аспекты. Автореферат. – Казань 2012.
- 7 معجم الأعراب الاصطلاحية ١٩٨٥-١٤٠٥
- 8 مجمع الأمثال. لابي الفضل احمد بن محمد الميداني ١٩٥٥. 462 ص

References

- 1 Kuhareva E.V. Arabskiye poslovizy i pogovorki. Slovar s leksiko-frazeologicheskimi kommentariyami. – M.: ACT, 2008. – 303 s.
- 2 Baranov H.K. Arabsko-russkiye slovar. – Tashkent: Kamalak, 1994. – 912 s.
- 3 Eshankulov A.T. Frazeologye v tekste i v slovare/ Paremiologye ili frazeologye//sbor.nauch.trud. – Samarkand, 1986. – 59 s.
- 4 Kazakh tilidegi tusundirme sozdigi/ Jalpy redaktsiyasyn baskargan A.Y.Yskakov. – Almaty. 1966. – 510 p.
- 5 Shaihullin T.A. Ziganshin E.M. Zilyaeva A.N. Stilistika arabskogo yazyka:Uchebnoe posobyе. – Kazan': Magarif, 2008. – 383 s.
- 6 Shaihullin T.A. Russkiye I arabskiye paramye s komponentom-nayemenovanyem rodstvennyh otnosheniy: konseptualno-semanticheskyy i etnokulturologicheskyy aspekty: Aftoreferat. – Kazan, 2012.
- 7 Mu'gam al-a'barat al-istilahya 1985. – 455s.
- 8 Mu'gam al-amsal. Abi al-Fadal Ahmad ben Muhammad al-Maidani 1955. – 462 s.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Боранбаева А.Ж.

**Мағынасы өзгерген түркі
кірме сөздері (парсы тілінің
мысалында)**

Парсы халқы өзінің сан ғасырлық тарихында көршілес халықтармен мәдени-экономикалық байланыстарға түсті. Сондай халықтардың бірі – түркі халықтары. Иран-түркі халықтарының екі мың жылға созылған мәдени, саяси-экономикалық қатынастары қос халықтың да тіліне елеулі әсер қалдырды. Мақалада парсы тіліндегі түркі кірме сөздері, оның ішінде мағынасы өзгерген түркі кірме сөздері қарастырылды. Себебі, түркі тілдеріндегі араб-парсы элементтері отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан біршама зерттелген және зерттелуде. Мақалада парсы тіліндегі түркі кірме сөздеріне парсы және қазақ тілдерінің осы заманғы түсіндірме сөздіктеріне сүйене отырып, талдау жасалды.

Түйін сөздер: парсы, түркізмдер, кірме сөз, сөздің семантикасы.

Boranbayeva A.Zh.

**Turkic borrowing words with
the change of semantics (on the
example of the Persian language)**

The article describes the assimilation of Turkic words which entered to the Persian Language. This research showed that some turkic words changed their semantics.

Key words: Persian, Turkic words, assimilated words, the meaning of words.

Боранбаева А.Ж.

**Тюркские заимствования
с изменением семантики (на
примере персидского языка)**

В статье рассматривается освоение тюркизмов, которые вошли в персидский язык. Исследование показало, что некоторые тюркские слова полностью изменили свою семантику.

Ключевые слова: персидский, тюркизмы, заимствованные слова, семантика слова.

МАҒЫНАСЫ ӨЗГЕРГЕН ТҮРКІ КІРМЕ СӨЗДЕРІ (ПАРСЫ ТІЛІНІҢ МЫСАЛЫНДА)

Әлемнің өзге тілдері сияқты парсы тілі де айналасындағы көптеген тілдермен қарым-қатынаста болып, әлі де байланысын жалғастырып отыр. Зерттеушілер пікіріне сүйенсек, қазіргі уақытта дүниежүзіндегі өзге тілдермен қарым-қатынасқа түспеген, басқа тілдерден сөз қабылдамаған тіл жоқ деп кесіп айта аламыз. Сондықтан өзге тілдердің парсы тіліне тигізген ықпалы аз болған жоқ. Парсы халқының өткен тарихы, мәдениеті оның басты байлығы – тілінен анық байқалады. Түркі тілдеріндегі араб-парсы элементтері, арабтар мен парсылардың түркі халықтарына жасаған мәдени-тілдік ықпалы отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан біршама зерттелді, қазір де өзектілігін жоя қойған жоқ. Бұл мәселе қазақ тілші-ғалымдарының назарында болып келеді, олар біршама зерттеу жұмыстарында әр қырынан қарастырып, зерттеп жүр.

Кейбір түркі сөздері парсы тілінде мағыналық жағынан алғашқы тұлғасынан алшақтап кеткен. Олардың осылайша алғашқы және кейінгі ауысқан мағыналарының арасында байланыс үзіліп қалған. Бұл сөздер парсы тіліне ауысқаннан кейін бұрынғы мағынасы ұмытылып, семантикалық өзгерістерге ұшырап, жаңа мағынаға ие болған. Дегенмен де бұл сөздерде фонетикалық ұқсастықтар сақталып қалған. Мұндай сөздердің қатарына *орда* сөзі жатады. اردو، اردو (орду, урду) түркі-моңғол. зат. 1. Соғысқа аттанып бара жатқан мұздай қаруланған әскер мен олардың қажетті заттары. 2. Әскери лагерь. 3. Спортшылар немесе бойскауттар жаттығуға немесе демалуға жиналатын жер. 4. Пәкістан мен Үндістанның кейбір аймақтарында таралған тіл [М1. 197, 400; Д5. 1778; Д8. 485; Ж, 38].

*Орда*¹ зат. 1. тар. *Орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай.* Бұлар шулап бір күні келді *ордаға*, Хан мен уәзір қарайды тамашаға. Бәрі де есі шығып, жынды болған. 2. этн. *Қазақ киіз үйінің шоқтығынаан саналатын, құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды тұрғын жайдың аса сыйымды түрі, ел билеген хан мен сұлтандар үшін көпшіліктің қатысуымен салтанатты, рәсімді жиындар өткізіп тұруға, елшілер мен құрметті қонақ қабылдауға, қарсы жақтың зиялыларымен келіссөздер жүргізуге шартқа қол қоюға ыңғайластырылған сыйымды орынның болуын қарастырған ізденістің нәтижесінде пайда болған 12 тіпті одан да көп, қанатты киіз үйдің үлгісі.* (Абай, Тол. жин.) [ҚӘТС11. 735].

*Орда*² зат. ойын. этн. *Хан сайланған қызыл асықпен шертіп ататын асық ойынының бір түрі*. Қырық шамалы *орданы* атып жатқан кезі екен («Атамұра»).

*Орда*³. зат. этн. ойын. *Ақсүйек ойынындағы сүйеті тауып алған баланың ұтқанын білдіретін шартты мекен* [ҚӘТС11. 736]. Бұл сөздің Үндістанның мұсылман дінін қабылдаған тұрғындарының тілі атауына айналып кеткен тарихының өзі аса қызық, ал парсы тілінде беретін негізгі мағынасы – әр түрлі саладағы *лагерь* ұғымы.

Келесі қарастыратын сөзімізге келсек, оның қазіргі мағынасы түпкі мағынасынан мүлдем алыстап кеткен. Қазақ тіліндегі *айғақ* сөзі мен тура осындай парсы тіліндегі сөздің семантикалық айырмашылықтарына назар салсақ, мүлдем бір-біріне мағыналық жағынан ұқсамайтын жат сөздерді көреміз.

Айғақ зат. 1 Дәлел, куә. Бір Алла жалғыз өзі болсын айғақ, Тұралық уағданы бекем байлап, Сен үшін бір басымды еттім құрбан, Шынжырлап жіберсе де, Сібірге айдап! (М.Дулатов, Шығ.). 2. Тінту, тергеу кездерінде куәгер болуға арнайы шақырылатын адам. Берік кешіктермей айғақтарды шақыртып, солардың қатысуымен Козелькинаға бірнеше суреттерді қатар қойып көрсетті (Қ.Құдабаева, Ұйқысыз.). 3. Қылмыстың жасалғанын дәлелдейтін дерек заттар [ҚӘТС1. 138].

ایقاغ (эйғағ, ейғағ, әйқақ, ейғақ) түркі. сын.көне. Өсекші, жалақор.

"زبان کشیده چو نیغی به سرزنش سوسن"

دهان گساده شقایق چو مردم ایغاغ " (حافظ).

«Зэбанкешидечутиғибесэрзэнеш-эсусэн

Дэһангошадешәкайекчүмәрдом-ээйғағ» (Һафез).

«Лилияны жазалаған ұстара секілді тілін созды,

Көкнәр өсекші адамдар секілді аузын ашты» [М1.417, 418; Д8. 577; А1.248].

Түтін сөзі – парсы тілінде жалқы есім, өсімдік атауы. Бұл сөз қазақ тілінде «оттың түтіні, темекінің түтіні» ұғымында жұмсалады.

توتون (тутун) түркі. зат. бот. Темекі [Д15. 1087; М1. 1161; А1. 681].

Түтін зат. 1. *Жаққан оттан будақтап, бықсып, шұбатылып шығатын көкшіл сұр немесе қара газ түріндегі қошқыл зат*. Біз келіп жеткенде, ауылда аттар көп көрінді. Кейбір үйлерден түтін шығып жатыр, кейбір үйлерден *түтін*

андығандар шығып жатыр (М.Дулатов, Шығ.).

2. *Темекі тартқанда мұрыннан, ауыздан деммен бірге шығатын зат*. Қазандағы көп ноғай Есепке кірді ертерек, Шылым тартып бағзысы *Түтін* атар мұрнынан (Кердері Әбубәкір, Қазағым) [ҚӘТС14. 528].

Қазақ тілінде қолданыстан шыққан *боқша* сөзі парсы тілінде де кездеседі.

بوغچه, بوججه, بوغجه, بوججه (боғ-чә (э), бок-чә(э), буғ-джә(э), буғ-чә(э), бок-чә (э) түркі. зат. Киім және маталар түйілетін үлкен қол орамал.

مرد باشد که باو تا ندھی صد تتگه"

در بغل بوججه نیارد که نهاد در بازار "(نظام قاری).

Мәрд башәд ке бе у та нәдеһи сәд тәнге

Дәр бәғәл-ә боғчә нәйәрәд ке нәһәд дәр ба-зар (Незам Ғари).

Оған жүз теңге бермесен, базардан алғанын қолтығына тығып, түйілген орамалмен әкелмейтін адам (Незам Ғари) [М1. 551, 555, 604; Д11.168, 377, 379; Ж, 90].

*Боқша*¹зат. көне. *Иленген ешкі терісінен немесе былғарыдан тігілген қалта, сөмке*. Жақып егін туралы мақала басылған газеттерді *боқша-сына* салып, *боқшаны* қанжығасына байлады (Б. Майлин, Шығ.) [ҚӘТС3. 436].

Алайда, парсы тіліндегі мағынасы сәл өзгешерек.

Әрине, *боқша* сөзінің тағы бір омонимі қазақ тілінде бар:

*Боқша*² үст. Бокқа ұқсап, бок сияктанып [ҚӘТС3. 436]. Алайда, біз қарастырып отырған парсы тіліне кірген бокша сөзіне мұның еш қатысы жоқ.

Келесі қарастырылатын *керек-жарақ* сөзінің парсы тілінде мағынасы ғана өзгеріп кетпеген, тіпті басқа сөз табына ауысып кеткен. Қазақ тілінде «құрал-жабдықты» білдіретін зат есім болса, парсы тілінде «қорғайтын адам» мағынасындағы сын есімге айналып кеткен.

گرک یراق (гәрәк-йәрақ) түркі. сын. Қорғаушы, арқа сүйер адам [М3. 3263].

Керек-жарақ зат. *Қажетті нәрселер*. Шанаға бүкіл *керек-жарағын* тиеп, үстіне балаларды отырғызып, сиырды бұзауымен тіркеп, жолға шықты (М.Жұмағұлов, Қыран) [ҚӘТС7. 646]. Түркінің «қаңғыбас, қыдырымпаз адам» мағынасындағы *кезбе* сөзі парсы тілінде мансап атауына айналып кеткені төмендегі сөздіктерден алынған деректерден көрінеді.

گزمه (гәзмә) түркі. зат. Түнгі қарауыл [М3. 3309; Д41. 292].

Кезбе зат.1 Өмір). 2. *Қыдырымпаз*. Байлығымды сұрасаң, Нарынға малым сыймаған. Қара сирақ, *кезбе* ақын, Маған неңді айтасың (Қ.Сыдықов, Теңіз.) [ҚӘТС7. *Ел аралаушы, қаңғыбас*. – Сен ол *кезбе* шалды жақсы білесің бе? (З.Шашкин, 527)].

Парсы және қазақ тілдерінде беретін мағыналары алшақтап кеткен сөздердің қатарына *жасақ* сөзі де жатады.

ياساق،ياساق،ياساق (йасак, йасак, йасак, йасак) түркі. зат. көне. 1. Саясат. 2. Азғындық, күнә. 3. Мемлекеттік аппарат.

هر کدام كه ياساق و آيين مملكت مضبوط داشتند... ذكر " жақсы аты тарихта қалады». *ياساق کردن* (йасак кәрдән) көне. Бұйрық беру [М4. 5244, 5257, Д50. 85, 87, Ж. 442, А2. 2660].

Жасақ зат. тар. 1. көне. *Тайпа көсемінің, ханның төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауы*. Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болған кезеңнен бастап, әртүрлі аймақтарда *жасақ* құрыла бастаған (ҚҰЭ). 2. *Басқа елге жорық жасар алдында, тайпаға не ұлтқа сырттан қатер төнген кезде, сондай қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер тұсында халық арасында өз еркімен жиналып, басқыншыларға не әлеуметтік әділетсіздікке қарсы көтерілген қарулы қол*. – Қалың солдат қаптаған Қазақтары аралас, Ауылға біздің қонды деп, – деп. «Бар ма *жасақ* алдымда, Біліп кел», – деп жіберді, «Аламыз сенен хабар» деп (О. Шипин, Дастан). 3. *Жеңілген елден заттай алынатын алым-салық*. Алтын Орда хандары қол астындағы елдерден, кейін Ресей патшалары Еділ бойы, Сібір, Орта Азия халықтарынан осындай *жасақ* жинаған (ҚҰЭ).- Өздері *жасақ* төлемейтін олар өз құлқындарын да ұмытпайды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 4. *КСРО үкіметінде қоғамдық тәр-*

тіп ережелерін бұзушылармен күресу үшін мемлекеттік органдарға көмектесу мақсатында құрылған ерікті ұйым. Осындай *жасақтар* Халық *жасақтары* деп аталған (ҚҰЭ) [ҚӘТС6. 150]. Мағыналары алыстап кеткен сөздердің қатарына *өрмек, баспашы* сөздері де жатады.

اورمک، اورمک (ормәк, урмәк) түркі. зат. 1. Жүннен немесе мақтадан тоқылған мата түрі. 2. Осы матадан тігілетін сұр түсті киім атауы [М1. 206, 400, А1. 118].

Өрмек зат.көлөнер. *Алаша, басқұр, бау және шекпен тоқу үшін екі басы қазыққа керіліп, желісі жерге қатар тартылған, иірілген жіп керілген тоқыма құралы*. «Тезірек шық» деді де Қартқожа *өрмектен* аттаған әжедей аяғын көтере-көтере басып, үй артындағы қосқа барды (Ж. Аймауытов, Шығ.) [ҚӘТС12. 201].

بسمه چي (бәсмә-чи) түркі.күрделі сын, күрделі зат. Алтын, күміс табақтың бетіне өрнек салатын адам [М1. 536].

Баспашы зат. *Баспа өнімін шығарушы*. Жиында Қазақ *баспашыларының* бүгінгі мәселелері қаралды («Жас Алаш») [ҚӘТС3. 65].

Осы мысалдардан парсы тіліндегі түркі кірме сөздерінің кейбіреуінің түп мағынасынан алшақтағаны байқалады. Түркі сөздерінің парсы тіліне он ғасырдан астам уақыттан бере кіре бастағаны мәлім. Сондықтан мұндай өзгерістердің болуы – заңды құбылыс. Себебі, кез-келген тіл үнемі дамып, оның сөздік қорындағы сөздер мағынасы да өзгеріп отырады. Бұл – заңды құбылыс. Бұл заңдылық парсы тілінен де айналып өтпеген. Мағынасы өзгерсе де, *түтін, орда* сөздері әлі күнге дейін қолданысқа ие. Өткен ғасырдың 30-жылдарынан бері парсы тілін кірме сөздерден тазарту тоқтаусыз түрде болса, да парсы тілінде осындай парсы тілінде баламасы жоқ түркі сөздерінің кездесуі ата-баба тілінің байлығын, қолдану аясының кең екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Moin M. Farhang-e farsi. Dj – 1,3,4. – Tehran: Sefehr, 1375/1996.
- 2 Dehhoda A.A. Logatname-ye Dehhoda. Dj – 5, 8, 15, 41, 50. – Tehran: Sirus, 1375/1996.
- 3 Жеменей И. Парсыша-қазақша сөздік. – Алматы: Зерде, 2003.
- 4 Anvari Hasan. Farhang-e feshorde-ye sohan. Dj – 1, 2. – Tehran: Sohan, 1382/2003.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1,3 Т. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.
- 6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 6, 7 Т. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 11 Т. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
- 8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 12, 14 Т. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013.

References

- 1 Moin M. Farhang-e farsi. Dj – 1,3,4. – Tehran: Sefehr, 1375/1996.
- 2 Dehhoda A.A. Logatname-ie Dehhoda. Dj – 5, 8, 15, 41, 50. – Tehran: Sirus, 1375/1996.
- 3 Zhemenev I. Parsyssha-qazaqsha sozdik – Almaty: Zerde, 2003.
- 4 Anvari Hasan. Farhang-e feshorde-ye sohan. Dj -1, 2. – Tehran: Sohan, 1382/2003.
- 5 Qazaq adeby tilinin sozdigi. 1, 3 T. – Almaty: «Arys», 2006.
- 6 Qazaq adeby tilinin sozdigi. 6,7 T. – Almaty: «Arys», 2007.
- 7 Qazaq adeby tilinin sozdigi. 11 T. – Almaty: «Arys», 2009.
- 8 Qazaq adeby tilinin sozdigi. 12, 14 T. – Almaty: «Arys», 2013.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कजाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Джельдыбаева Р.Б., Әнуәр А.

**Қазақ және қытай тілдеріндегі
алғыс мәнді сөз тіркестердің
ерекшеліктері**

Бұл мақала қазақ және қытай тілдеріндегі алғыс мәнді сөз тіркестер қарастырылған, сонымен бірге алғыс мәндерді сөз тіркестердің ерекшеліктеріне тоқталдық. Алғыс – адамдар арасындағы сыпайы қарым қатынас жасауға, сонымен қатар мәдени ерекше құндылыққа ие тілдік бірлік. Мақалада ауызекі тілдегі алғысты білдіретін тіркестерді негіз етілді. Аталған мақалада негізінен қазақ және қытай тілдеріндегі алғыс мәнді тіркестерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеу болды.

Түйін сөздер: алғыс, сөз тіркес, мәдениет, экспрессив, фразеология.

Jeldybaeva R.B. Anuar A.

**The peculiarities of emotional –
expressive phraseological units in
Kazakh and Chinese languages**

The article deals with the peculiarities of emotional – expressive phraseological units, mainly was made an accent on the peculiarities of this units. Emotional – expressive phraseological units makes people to create respectful relationships. We made an emphasis from linguocultural bases on research of the emotional – expressive phraseological units in Kazakh and Chinese languages

Key words: emotional – expressive, cultural, phraseological.

Джельдыбаева Р.Б., Ануар А.

**Особенности эмоционально-
экспрессивных выражений в
казахском и китайском языках**

В данной статье рассматриваются особенности эмоционально-экспрессивных выражений в казахском и китайском языках. Эмоционально-экспрессивные фразеологизмы выражают чувства взгляды человека как с положительным, так и с негативным подтекстом. Основными фразеологическими оборотами, рассматриваемыми в двух языках, являются обороты эмоционально-экспрессивных выражений. Данное сопоставительное исследование основано на лингвокультурном аспекте китайского и казахского языков.

Ключевые слова: благодарность, словосочетание, культура, экспрессив, фразеология.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ АЛҒЫС МӘНДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі кезде ұлттық сөздердің табиғатын зерттеу тіл білімі саласында ерекше орынға ие. Мәдениет пен тілді өзара байланыстыру ерекшелігі – тілді ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде қарастыру. Қазіргі тіл білімі саласындағы зерттеу жұмыстары осының дәлелі. Олай деуге себеп, қазақтың дәстүрлі мәдениетінің вербальдық табиғатына байланысты сөздердің ерекше қасиетке ие болғаны белгілі. Адамның адамға деген ерекше көзқарасының әсерінен пайда болған сөздер тобының бірі – алғыс пен қарғыс сөздері болып келеді. Әрине, алғыс пен қарғыс сөздері әрбір халықта бар, бірақ әрбіреуінің өзіндік этнолингвистикалық мәні мен лингвомәдени мағынасы бар.

Алғыс мәнді сөз тіркестерді адамның көңіл-күйін, көзқарасын білдіретіндігін, бірі жағымды көзқарастан, екіншісі – жағымсыз көзқарастан пайда болатындығы белгілі. Біз алғыспен қатар қарғыс туралы біраз айтып кетсек болады. Өйткені, бұлар адам баласының өздері өмір сүрген ортада бір-біріне жасаған достық-дұшпандық, жақсылық-жаманшылық қарым-қатынасының әрекетінен келіп шығады. Мұндай қарым-қатынас олардың іс-әрекетінен көрінеді де, соған жауап ретінде қарсы адамның ерекше сезімі пайда болады. Ондай сезім не асқан қуаныш пен ризалықтан, не ерекше реніш пен наразылықтан туады. Мысалы, бір адамның біреуге істеген қызметі адал болғанда, оған разы болған жағдайда: жақсылығың алдыңнан шықсын; бейнетсіз өмір сүр; қосағыңмен қоса ағар; шыққан тауың биік болсын; басыңа бақыт құсы қонсын! т.б. алғыс сөздер айтылады [2].

Алғыс – адамдар арасындағы сыпайы қарым қатынас жасауға, сонымен қатар мәдени ерекше құндылыққа ие тілдік бірлік.

Қытай тілінде алғысты білдіретін сөздерді «感谢» деп қарастырады [3]. Қытай мәдениетінде адамдарға көмек көрсету, әсіресе туысқандарға көмек беруді табиғи құбылыс ретінде қарайды. Сол себепті, алғыс айтуды қажет етпейді. Егер алғыс білдірсең, бөтен адам екендігіңді білдіреді. Қытайлар алғысты сөзбен айтып жеткізу емес, көңілмен білдірген дұрыс деп есептейді. Қытайлардың алғыс мәнді тіркестерді білдіру тәсілдері жоғарғы экспрессивтікті және көбінесе толық сипатта береді.

Қазақ және қытай тілдеріндегі алғысты білдіретін сөздерді бата, тілек тұрғысынан да қолданады. Адам көңілінің риза болуынан тілек пен бата алғыс ретінде қолданылады. Бұл қол-

данысты алғыс мәнді тіркестердің өзіндік ерекшеліктерін береді.

Ал қазақ тілінде адамның жағымды көзқарасын білдіретін алғыс мәнді сөз тіркестері бір – біріне деген достық, жолдастық, туыстық, ізгілік, қарым-қатынасының әрекетіне қатысты пайда болған, асқан қуанышпен ризалықтан айтылады. Мысалы, көсегең көгерсін; өркенің өссін, көп жаса; бағың ашылсын; көңілің шайдай ашылсын. Мұндай сөз тіркестерін өз ішінде қолдану жағдайына байланысты бірнеше түрге бөлуге болады:

Адам қуанышты жағдайға кез болғанда айтылатын тілектер, бала туғанда айтылатын: бауы берік болсын, Бақытты, өмірлі болсын.

Үйленгенде: қолыңа қондырған құсың құтты болсын, алған жарың адал болсын! Қуаныштарың құтты болсын, Адалынан берсін. Абыройлы бол, Қадамың құтты болсын т.б.

Қытай тілінде үйленген жас жұбайларға айтатын тілектері бар. Мысалы,

相亲相爱, 百年好合- жүз жыл бірге болыңдар, 花好月圆, 白头偕老-

Үй-ішіне амандық, береке тілеу мағынасында айтылатын тілектер: арбаның екі арысы аман болсын / ерлі-зайыптылардың амандықта болуын тілеу; берекесін берсін т.б.

Үй салып алғанда: Қоныс құтты болсын! Шаңырағың биік болсын деген қазақ тіліндегі сөз тіркестері айтылады.

Қытай тілінде 祝贺乔迁之喜 жаңа үй салғанда: Қоныс құтты болсын деген тілек. Сонымен қатар отбасының бейбітшілікте, тыныштығын тілеу мақсатында қолданылатын тіркестер: 天伦之乐- отбасы қуанышы, 共享天伦- отбасы қуанышын бірлесіп көру, 欢聚一堂- қуанышты бірге тойлау, 幸福美满- бақ-берекеге толсын, 合家欢乐- отбасы қуанышы толсын!

Жол жүретін адамдарға тілек айтылатын тілектер: жол болсын, Сәт сапар, Жортқанда жолың болсын! Оң сапар берсін! Қайырлы сапар!

Ал қытай тілінде 一路平安 *yí lù píng ān sàt сапар тілеймін!*

Жаңа бір іс ашқанда қолданылатын тіркестер; Саудаң жүрсін! Табысың мол болсын! Пайдаң мол болсын!

Қытай тілінде осыған ұқсас бірқатар тіркестер бар. Мысалы: 恭喜发财 - байлық тілеймін, 开业大吉 - істе сәттілік тілеймін; 蒸蒸日上- күннен күнге өркендей бер, 马到功成 - табысқа жете бер; 生意兴隆-саудаң гүлдене берсін!

Бұлардан басқа де ертемен келген адам: Қайырлы таң! 早上, 早安, 早 Кеште келген адам: кеш жарық! 晚上. 晚安 *Түшікіргенде:*

Сау бол! Шашалғанда: май қан! Ас болсын 慢慢吃, 吃好, 吃饱, 别客气

Кездейсоқ кездескен ауыртпалық екінші қайталамасын деген мағынада тілек білдіретін сөздер: түбінің қайырын берсін, артты той болсын, ақырын берсін. Бұлар жамандыққа жақсылық тілеу ниетінде болғандықтан, алғыс мәнді тұрақты сөз тіркестерінің қатарына жатқызуға болады. Жоғарыда талданған алғыс мәнді тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде де қытай тілінде әбден орныққан элементтер. Тілімізде бұрыннан бар өмірлі бол, бақытты бол, өмір жасын ұзақ болсын, ал қытай тілінде 长寿百年 *changshoubainian* жүз жасаңыз, 多福多寿 көп бақыт, ұзақ жас, 祝你幸福, сізге бақыт тілеймін 祝你长命百岁 ұзақ ғұмыр тілеймін, 祝你长寿 тәрізді модельдердің негізінде, соның әсерімен жаңа алғыс мәнді фразеологизмдер жасалады: халқыңа қалаулы бол, мәртебең биік болсын, талабыңа нұр жаусын, ағайынға қадірлі бол, даңқың ассын деген сөз тіркестері соңғы замандарда тіпті біздің дәуірімізде туған деуге болады. Ал қытай тілінде заман ағымына сай туындаған сөз тіркестерге мыналарды айтсақ болады: 蒸蒸日上 күннен күнге көркейе берсін, 国泰民安 ел-аман жұрт тыныштығын 天下太平 бейбітшілікті болсын, тыныштық болсын 人寿年丰 адамдардың жастары ұзақ деген тіркестер қалыптасқан.

Алғыс мәнді фразеологизмдердің ауызекі тілді әдетте қолданылатын қарапайым түрлері рахмет, көп-көп рахмет, алғысым шексіз, үлкен рахмет, 谢谢 рахмет, 感谢 алғыс білдіру, 太感谢了 үлкен рахмет, 多谢 көп рахмет, 万分感谢, 十分感谢 үлкен рахмет, 非常感谢 үлкен рахмет, 感恩图报 жақсылыққа жақсылық қайыру, 感恩戴德 алғыс білдіру, 衷心感谢 шын жүректен алғыс білдіру т.б.

Отанға, халыққа, тыныштыққа, бейбіт өмір, еңбекте табысқа жетуге байланысты қолданылатын алғыс мәнді жаңа сөз тіркестері де бар: жазың жаңбырлы, бағың жемісті болсын! Еңбегің жемісті болсын, аспаның ашық болсын, әлемде тыныштық болсын! Жастарға ұзақ өмір, денсаулық тілеу мағынасында айтылатын алғыс мәнді сөз тіркестері: өркенің өссін! Өмір жасың ұзақ болсын, өмірлі болсын! Көп жаса! Мың болғыр, толып дами бер, өнерің өркен жая берсін деген жақсы тілек білдіру үшін қолданылатын тіркестер.

Алғыс мәнді фразеологизмдердің жергілікті ерекшеліктерін жинап, талдау – өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе. Сондықтан біз тек бұлардың қолданылуында жергілікті ерекшеліктерін де кездесетіндігін байқадық.

Сонымен алғыс мәнді фразеологизмдердің қолдану аясына қарай бірнеше салаға бөлетіндігін байқадық.

Алғыс мағыналы фразеологизмдердің де-ні тура мағынадағы сөз орамдары. Бір адамның екінші бір адамға істеген қызметі адал болғанда, оған разы болған адам алғыс алғыс айтатын белгілі [2].

Қорыта келе, алғыс, тілек мәнді сөз тіркестері – ауызекі сөйлеу тілінің фразеологиясына жатады, ол жазушылардың халықтың ғасырлар бойы келе жатқан сөйлеу тілі дәстүріндегі сөз саптау үлгілерін өз шығармаларында орынды пайдалануымен ұштасып жатады. Бұлар шығармада алуан түрлі қызмет атқарады, бірде кейіпкерге мінездеме беруде, тілін саралауда, енді бірде қоғамдық құбылыстарды, адамдардың қарым-қатынасын, психологиялық жай-күйін эмоциялы-экспрессивті түрде суреттеуге қатысады. Сонымен алғыс мәнді фразеологизмдер қазіргі әдеби тілде, ауызекі тілде де қолданысын тауып келеді.

Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс деп білетін халық өзінің елдік болмысын танып біле бастаған кезеңінен-ақ өзге де, көрші жұртта не боп жатыр дегенге жіті құлақ түреді. Сондағы ең алдымен көңіл бөлетін – жан дүниені байытар рухани қазына үлгілері. Ендеше, рухани ауыс-түйіс, мәдени жалғастық ежелден-ақ ел назарында болып келген. Кедергі – тіл өзгешелігі болсы, халық оның да жолын тапқан: тіл үйрену арқылы бір халықтың қазынасын екінші тілге аудару дәстүрі батыс, шығыс елдерінің қай-қайсысының да тарихында болған. Әлем халықтарының әдебиетінің бір бірімен байланысында, ғылым мен

әдебиет салаларында халықаралық ынтымақтас-тықтың дамуында аудармалардың маңызы зор.

Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдердің тілде қолданылатын жағдайларын екі топқа бөліп, бөлек-бөлек қарауға болады: алғыс және тілек мағынасындағы сөз тіркестерінің қолданылу ситуациясы және қарғыс мәнді сөз тіркестерінің қолданылу ситуациясы.

Алғыс, тілек мәнді сөз тіркестері – ауызекі сөйлеу тілінің фразеологиясына жатады, ол жазушылардың халықтың ғасырлар бойы келе жатқан сөйлеу тілі дәстүріндегі сөз саптау үлгілерін өз шығармаларында орынды пайдалануымен ұштасып жатады. Бұлар шығармада алуан түрлі қызмет атқарады, бірде кейіпкерге мінездеме беруде, тілін саралауда, енді бірде қоғамдық құбылыстарды, адамдардың қарым-қатынасын, психологиялық жай-күйін эмоциялы-экспрессивті түрде суреттеуге қатысады. Сонымен алғыс мәнді фразеологизмдер қазіргі әдеби тілде, ауызекі тілде де жиі қолданысын тауып келеді.

Қытай және қазақ тілдерінің фразеологизмдерін құрылымдық-компоненттік модельдерді бөліп алу арқылы салғастыру – екі тілдің типологиялық ерекшеліктері, грамматикалық жүйедегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарды ашып көрсетуге және оларды өз дәрежесінде аударуға мүмкіндік берді.

Алғыс мәнді фразеологизмдер қытай және қазақ тілдеріндегі лексикасынан елеулі орын алады. Қытай тіліндегі алғыс мәнді фразеологизмдерді ана тіліне аудару барысында кездесетін қиыншылықтарды ескере отырып, әр тілдің өзіндік ерекшеліктері де ескеру қажет.

Әдебиеттер

1. I. K. Кеңесбаев. Қазақ тілінің идиомалары мен фразалары туралы// Халық мұғалімі. – 1946. – N 1,2,3,4.
2. Тулекова С. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер. Канд.диссер. Алматы, 1974
3. Цыхай (сөздер теңізі) сөздігі. Тіл бөлімі. – Шанхай: Сөздік баспасы, 1989. – 2292 б.
4. Чаң Сюань, Чюань Ци. Фразеологизмдерді таңдау// Чжунгуо үйвен, 1958. – N 10 (76). – 471-474 бб.
5. Ши Ши. Қытай тілінің фразеологизмдерін талдау. Чүнчин баспасы, 1979. – 540
6. Чжен Фу. Фразеологизмдердің қолданылуы// Чжунгуо үйвен, 1965. – N 6 (139). – 463-466 бб.

References

1. I.K.Kenesbaev.Kazahnin tilinin idimodari men frazalari turali//Halik mugalimi. – 1946. – N1,2,3,4.
2. Tulekova C. Kazak tilindegi algic jene kargic mendi frazialogizimder. Kand.diser. Almaty, 1974
3. Cihai (sozder tenizi) sozdigi. Til bolimi. – Shanghai: sozdik bacpaci, 1989. – 2292
4. Qan xuan, Quan zi.Frazialogizimderdi tanday // Zhongguo yuwen, 1958, – N 10(76).-471-474.
5. Xixi.Kitai tilinin frazialogizimderin talday. Qunqin bacpaci, 1979. – 540
6. Chen fu. Frazialogizimderdin koldanuli // Zhongguo yuwen, 1965, – N6(139). – 463-466

Егізбаева Н.Ж.
**Түркі тілдеріндегі дыбыс
алмасу үрдістері**

Кез келген тілдің қарым-қатынас құралы ретінде дамуы барысында көптеген өзгерістер мен құбылыстардың болуы заңды. Сондай құбылыстардың біріне дыбыстардың алмасуы, өзгеруі жатады. Морфемалар құрамында, жігінде кейде фонетикалық заңдылықтармен түсіндіруге келмейтін әртүрлі дыбыстық өзгерістер кездеседі, ондай құбылыстарды фонология, морфонология тұрғысынан зерттеу қажеттілігі туындайды. Түркі тілдерінің көпшілігіне тән осындай дыбыс алмасулардың бірі – дыбыстардың сәйкестігі. Мақалада түркі тілдеріндегі дыбыстардың сәйкестігі салыстырыла зерттеліп, бұл құбылыстардың морфонологиялық сипаты ашылады. Фонетикалық дыбыс алмасу мен морфонологиялық дыбыс алмасудың айырмашылықтары талданады.

Түйін сөздер: морфонологиялық құбылыс, дыбыс, алмасу, фонетикалық заңдылықтар, дыбыс сәйкестігі.

Yegizbaeva N.Zh.
**Tendencies of sound alternation
in Turkic languages**

In the evolution of any language there are various changes and the different phenomena, including a sound interchange meet. So, as a part of morphemes and on their joint various sound changes which can't be explained from the point of view of phonetic regularities can meet, the similar phenomena need to be considered from a position of phonology and morphonology. One of such sound interchanges in Turkic languages is sound correspondence. In the present article alternation under which in Turkic languages it is accepted to call sound correspondence, is considered from the point of view of morphonology. Besides, in article distinctions of a phonetic sound interchange as the morphonological phenomenon are analyzed.

Key words: morphonological phenomenon, sound, alternation, sounds of a back row, phonetic regularities, sound compliance.

Егізбаева Н.Ж.
**Тенденции чередования звуков
в тюркских языках**

В эволюции любого языка происходят различные изменения и встречаются разные явления, в том числе и чередование звуков. Так, в составе морфем и на их стыке могут встречаться различные звуковые изменения, которые невозможно объяснить с точки зрения фонетических закономерностей, подобные явления необходимо рассматривать с позиции фонологии и морфонологии. Одним из таких чередований звуков в тюркских языках является звуковое соответствие. В настоящей статье чередование, под которым в тюркских языках принято называть соответствие звуков, рассматривается с точки зрения морфонологии. Кроме того, в статье анализируются различия фонетического чередования звуков как морфонологическое явление.

Ключевые слова: морфонологическое явление, звук, чередование, звуки заднего ряда, фонетические закономерности, звуковое соответствие.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫС АЛМАСУ ҮРДІСТЕРІ

Тілдердің фонологиялық жүйесі ұзақ уақыт бойында дами отырып қалыптасқандықтан, дыбыстарға байланысты өзгерістер де сан алуан дамуды басынан кешірген. Тілдің өзінің ішкі табиғи даму заңдылығы мен сыртқы әсерлер де мұндай құбылыстардың негізгі себебін анықтауда біршама қиындықтар туғызуы мүмкін. Дыбыс алмасулары фонетика мен морфология салаларының заңдылықтарына көне бермейтін, сөзжасам тәсілінің де талаптарына жауап бере бермейтін аралық (фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысты) құбылыс болып табылады. Дыбыс алмасуларына байланысты құбылыстардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, көп жағдайда фонологиялық шарттылық орын алады. Сондықтан дыбыс алмасулары таза фонетикалық себептермен жүзеге аспайды және олардың өзгеруіне басқа да факторлардың әсері болады.

Тіл білімінде сөз варианттары, дыбыстар сәйкестігі мәселесі аз зерттелген жоқ. Варианттылық мәселесі синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Жалпы осы варианттылық мәселесі тіл білімінің барлық саласына қатысты. Көбінесе лексикология, диалектология, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеліп, қарастырылған. Әдеби тілдегі кейбір сөздердің ауызекі сөйлеу тілінде басқаша немесе әдеби тілде бірнеше нұсқасының қатар қолданылуы сөз құрамындағы дыбыстардың алмасуынан болатыны белгілі. Бұл құбылыс түркітануда «сингармониялық варианттар», «сингармониялық параллельдер» немесе «фонетикалық дыбыс сәйкестігі», «дыбыстардың спонтанды (игерусіз) өзгерісі» деп әртүрлі аталып жүр. Олардың пайда болу, қалыптасу себептері де әртүрлі түсіндіріліп келеді.

Түркі тілдеріндегі дыбыс алмасуларына қатысты ғалым А.М. Щербак сөз құрамындағы дыбыстардың өзгеруі арқылы мағынаның ажыратылуы осы тілдердің диалектілерінің байланысынан және туыс тілдердің өзара әсерінен пайда болған, кездейсоқ құбылыс [1, 26 б.] десе, Э.В. Севортян дыбыс алмасу құбылысын түркі сөздері түбірінің «өзгермелілігінен» дей келе: «...факты позволяют допустить фонетическое непостоянство корня, его вариативность для ранних эпох в истории тюркских языков. Следовательно, не представляется возможным абсо-

лютно во всех случаях руководствоваться принципом фонетического закона» [2, 76 б.], – деп оларды фонетикалық заңдылық негізінде анықтауға болмайды деген пікір келтіреді.

Түркітануда морфонологияның зерттеу объектісі, бірліктері жайлы пікір айтқан алғашқы ғалымдардың бірі И.П. Павлов фонемалардың алмасуы мен дыбыстардың алмасуын бөліп қарастырады. Ол Н.С. Трубецкойдың ізімен фонемалардың морфологияға қызмет ету барысында алмасатындығын чуваш тілі материалдары негізінде көрсетеді. Яғни фонемалардың сөздің лексикалық мағынасына әсер етпей, фонетикалық заңдылықтарға тәуелсіз алмасуын И.П. Павлов морфонология тұрғысынан қарастырады. Ол «Язык эволюционирует. Непостоянство и изменчивость языковых элементов наблюдается и в морфонологии» [3, 48 б.], – деп морфонологиялық құбылыстардың белгілі бір тіл заңдылықтарына тәуелсіз екендігін айтады. Ғалым түркі тілдерінің ішінде чуваш тілі морфемаларының құрамы мен олардың жұмсалып заңдылықтарын қарастырып, морфема құрамындағы фонемалардың қызметін ашып көрсетеді.

Түркітанушы Э.Р. Тенишев сары ұйғыр тіліндегі дыбыс алмасулары таза фонетикалық себептермен түсіндіруге болмайтындығын, олардың өзгеруінде басқа да факторлардың әсері болатынын дәлелдей келе: «Под фonomорфологией понимается совокупность фонологических средств, которые принимаются в морфологических целях или сопровождает явление морфологий» [4, 21 б.], – деп бұл құбылыстың морфологиядан алшақ қарастырылмайтынын білдіреді. Ғалым фonomорфологиялық ерекшеліктер ретінде дауыстылардың үндесуін, дауыссыздардың үндесуін, ассимиляция, дыбыстардың алмасуын (морфемалар жігіндегі) қарастырады.

Қазақ және түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне тән дыбыс алмасу осы ұлттардың өмір тәжірибесі бойы тілдің даму барысында қалыптасқан, оның дыбыстық болмысын айшықтайтын белгілерінің бірі екендігі мәлім. Дыбыс алмасулары жөнінде зерттеуші М. Моллованың пікірі мынадай: «спонтанды ауысулар, яғни бір фонеманың екінші фонемаға сәйкес келуі – фонетикалық құбылыс, ал дауыстылардың ешқандай мән жүктелмей алмасулары – тарихи құбылыс» [5, 56 б.]. Бұл пікір дыбыс алмасуларының тіл тарихымен байланысын растай түседі.

Позициялық алмасуларды якут, тува тілдері материалының негізінде морфологиялық тұрғыдан қарастырған тіл мамандарының бірі В.И. Золхоев. Ол морфемалардың фонемалық

құрылымын анықтау морфонологияның міндеті деп көрсетеді. Ғалым якут, тува тілдеріндегі фонемаларды үндестік заңына сәйкес, алты сингармониялық морфонемаға топтайды. Ол морфонема ны алмасушы фонемалар кешені деп түсіндіреді. Алайда, дыбыстар сәйкестігінің морфонологияға қатысы жайлы пікір білдірмеген.

Қырғыз тілінің маманы Т. Садыков негізде (түбірде) болуы мүмкін өзгерістерді төмендегіше көрсетеді: 1) *л > н* (*ал- > ан-, бул- > мун- > мын-, очол-ошон-, ушу- > ушун-, тигил- > титан-, тетигил- > тетигин-, тететигил- > тететигин-, кайсыл- > кайсын-*); 2) *б – м* (*бул- > бун- > мун-, бул- > бын- > мын-*); 3) «мен», «сен», «ол», «бұл» есімдіктерінің барыс септігіндегі формаларының бөлшектеу ерекше түсіндіруді қажет етеді; 4) *л > Ø* (*бул-/ бу-, ошол-/ ошо-, ушул/ушу-, тигил-/ тиги-, тетигил-/ тетиги-, тээте-тигил-/ тээтетиги, кайсыл- /кайсы-*) [6, 73 б.]. Ғалым соңғы «алмасуды» сөздердің параллель нұсқаларын тудыратын стилистикалық факторлармен байланыстырады. Бұл мақсаттарды шешу тілдегі жалпы морфонологиялық құбылыстардың табиғатын ашуда аса маңызды болмақ. Алайда, тілдердің өзіндік ерекшеліктері мен тілге әсер ететін экстралингвистикалық факторларға байланысты бұл мақсаттар күрделене түсетіндігі сөзсіз.

Дыбыстардың игерусіз, еркін алмасуының себебін, бір топ ғалымдар көрші дыбыстардың әсерінен болған комбинаторлық өзгеріс десе, кейбіреулері жергілікті тіл ерекшеліктерімен байланыстырады.

Сондай құбылыстардың бірі п-б дыбыстарының алмасуына тоқтала кетсек, Б. Сағындықұлы сөз басында қатаң дыбыстардың ұяңдануын: «... адамзат тілінің даму заңдылықтарына бағынатын ерекше құбылыстардың бірі. Басқаша айтқанда, дыбысталуы қиын тілдік элементтерді адам организмі физиологиясының мүмкіндігіне сәйкес жеңілдетіп айтуға тырысушылық – тілдің өз табиғаты тудырған тұрақты тенденция ретінде, өзгеруді, құбылуды айқындайтын үлкен бағыт ретінде есте жоқ ежелгі дәуірден қазірге дейін өмір сүріп келеді», – деп ұяңданудың сөйлеу барысында іске асқан құбылыс ретінде көрсетеді [7, 26 б.]. Осы еңбегінде профессор Б. Сағындықұлы *у~п~б, п~б~в, п~у, б~в* дыбыстарының тегі бір, бір кездегі бір фонеманың аллофоны болғандықтан, варианттар құрамында бір-біріне ауысқанымен, сөздің мағынасына ешқандай нұқсан келмейтіндігін атап өтеді [7, 26 б.]. Олардың алмасып қолданылуына тектестігінің де үлкен әсер еткендігін байқауға болады.

Олардың жайдан-жай мұндай өзгеріске ұшырамайтындығын С. Омарбеков те айтады. Ғалым *n* дыбысының *б*-ға алмасуын қатаңдық және ұяңдық қасиеттеріне қарай, фонологиялық жүгі жоқ тұста бірінің орнына бірінің қолданылуы деп түсіндіреді. Мұнда сөз мағынасында ешқандай өзгеріс болмауы керек. С. Омарбеков бұл алмасуды: «Подобную картину нельзя себе представить как некую произвольную взаимозаменяемость этих согласных. Наоборот, даже самый беглый обзор начала тюркского слова показывает наличие определенной закономерности в употреблении *n*, *б*» [8, 58 б.], – деп түсіндіреді. Түркі тілдерінің ішінде сөз басында *n* мүлде кездеспейтіндері бар, керісінше башқұрт, якут тілдерінде сөз басында тек *б* айтылады. Қазақ говорларында *б-n* алмасуы қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерде аздау. Сондықтан мұны басқа тілдердің әсерінен болған құбылыс деп айту қиын.

Сөздер құрамындағы дыбыстардың алмасуын көбіне жергілікті тіл ерекшеліктері деп қарау, солай қабылдау қалыптасқан. Дегенмен морфемалар құрамында дыбыстардың алмасып қолданылуына, жергілікті тіл ерекшеліктерінің пайда болуына әсер ететін тілдік және экстралингвистикалық факторлар болады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, диалектілік ерекшеліктер – өткен замандардың ізі, осы күні кездеспейтін, бір кездердегі тілдік және диалектілік жүйелердің қалдығы, жұрнағы. Олар қашан да жалпы халықтық сөйлеу негізіне сүйенетін қазіргі говорлардың табиғи элементтеріне айналып кеткен. Жеке диалектілік жүйелер жалпы халықтық негізде бола отырып, бір-біріне және әдеби тілге қарама-қарсы құбылыс болып табылады. Мәселен, әдеби тілдің даму барысында өзгеріске ұшырап, басқаша вариантта жұмсалатындары да ауызекі тілде кездесе береді.

П-б дыбыстарының сөздің мағынасына әсер етпей алмасуы сөздің ортаңғы позицияларында да кездеседі. Сөздің анлаут позициясындағы *n-б*-ның қайсысы бұрынғы, қайсысы кейінгі деген сұрақтың жауабын көптеген түркітанушылар қарастырған. В.В. Радлов, С. Малов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак сөз басындағы ұяңдарды қатаңдардың варианты, яғни көне түркі тілдерінде көбіне қатаңдардың сөздің басында кездесетіндігін айтады. Бұл ғалымдардың пікірі бойынша, көне түркі тілінде қатаңдар, әсіресе сөз басында өте көп қолданылады. Яғни тілдің эволюциялық даму барысындағы ұяңдану үрдісінің әсерінен *n-б* алмасуы іске асқан. Көне түркі тілдерінде қатаң-ұяң оппозициясы болмаған.

Э.В. Севортян түркі тілдерінде *ана* және *аба* (аппа, аппә) сөздерін бір мағына береді дей отырып, бірінші нұсқасын көнелеу деп түсіндіреді [2, 54 б.].

А.М. Щербак кейбір түркі тілдерінде бастапқы *n* және *б*, *т* және *д*, *с* және *з* бірін-бірін еркін алмастырады деп көрсетеді [1, 95 б.].

Алайда, сөз басында *n* не *б*-мен айтылатын барлық сөздерді бірімен бірін ауыстырып қолдану беруге болмайтындығы анық. Бұл сөз басында аталған дыбыстардың алмауы өзіндік «зандылықтарға» негізделетіні және мұндай құбылыс фонетикалық заңдылықтардан өзгеше екендігін көрсетеді. Мұндай құбылыстар әрине морфонологиялық құбылыстар ретінде қарастырылуы тиіс. Сөз басындағы *n-б* алмасуы, С. Омарбековтің көрсетуінше, Өзбекстан, Тәжікстан, Қазақстан, Түрікменстан республикаларының территориясымен осы республикаларға шектес аймақта тұратын қазақтардың тілінде көп байқалады [8, 123 б.].

Аталған *б-n* дыбыс алмасуының қатарына *б-n-у* дыбыс алмасуын да қосуға болады. Бұл турасында профессор С. Бизақов: «*П/б* дыбыстарының кейде сонор «*у*»-мен алмасуы да байқалады. Дегенмен шұғыл «*n*» дыбысының үнді «*у*»-ға айналу аралығындағы бірнеше дыбыстық вариант болған тәрізді. Атап айтқанда, түбірдегі қатаң «*n*» қосымшадағы дыбыстың әсерінен алдымен ұяң «*б*»-ға, сосын спиранттық вариантқа, одан үнді дыбысқа ауысуы мүмкін. Сөйтіп, бастапқы тұлға *жапын/жабын/жауып* түрінде өзгеріп келсе керек. Осы типтес варианттардың ертедегі сыңары жазба ескерткіштерде, қазіргі туыс тілдер мен говорларда кездесіп қалады», – деген тұжырым жасайды [9, 54 б.].

Тіліміздегі бұл құбылыс морфемалар құрамында іске асатындықтан, оларды тек фонетикалық заңдылық деп емес, морфонология тұрғысынан қарастырған жөн деп есептейміз. Мәселен, *n* дыбысының *б*-ға алмасуы кейбір сөздерге қосымша жалғанғанда *көп* – *көбі*, *жап* – *жабады* – *жабық*, *сап* – *сабы* (күректің сабы) болып өзгереді де, *әскер сапында* дегенде өзгермейді. Яғни бұл бір фонетикалық заңдылық бойынша алмасатын болса, онда бәрі бірдей белгілі бір ережеге сәйкес алмасуы керек еді. Мұнда сөйлеуде (речь) үнем принципі бойынша, сөйлеуші өзінің артикуляциялық мүмкіндіктеріне байланысты кейбір дыбыстарды алмастырып қолданады. Сөйлеу үрдісінде сол нұсқа бірте-бірте нормаға айналып, қалыптасып кеткен.

Сөз басында *б* мен *n* алмасуы жергілікті ерекшеліктерде ғана көрініп қоймай, тіпті ор-

фографиялық сөздікте де «жарысып жүретіндігін» байқауға болады, мысалы, *байым – пайым, балуан – палуан, барабар – паранар, бәле – пәле, пенде – бенде* т.б.

Түркі тілдерінің жіктелісін анықтау барысында түркі тілдеріне ортақ кейбір тіл арты дыбыстарының алға жылжу үдерісі болғанын, көне түркі тілдерінде сөздің соңында тіл арты *ɣ* және *ɟ* дыбыстарының көбірек кездесетінін айтады. Ал кейінірек пайда болған тілдерде бұл дыбыстар жартылай дауысты дыбыстарға ауысады немесе мүлдем түсіп қалады. Бұл құбылысқа С.Е. Малов «опереднение», яғни дыбыстардың тіл алдына жылжуы деген атауды алғаш ұсынады. Мысал ретінде көне түркі тілдерінде (әзірбайжан, оғыз, сары ұйғыр, хакас, шағатай тілдері) *тау* сөзі *тағ* болып айтылған, ал жаңа түркі тілдерінде қырғыз (*тоо*), қазақ (*тау*), татар (*тау*), чуваш (*ту*), якут (*тыа*) деп қолданылады. Осы тілдерде *ɣ*, *ɟ* дыбыстары сөз ортасында да дауыстылармен алмасады. Мысалы, «суық» сөзі көне ұйғыр тілінде *соғық*, түркімен тілінде *совук*, шор, хакас тілдерінде *сѡк* болып *ɣ* дыбысы *у* дыбысымен алмасқан. Бұған тағы бір мысал, *елу* сөзінің көне түркі ескерткіштеріндегі нұсқасы *әлиг*, шағатай тілінде *алик* болса, қазіргі түркі тілдерінде қазақ тілінде *елу*, қырғыз тілінде *елү*, татар тілінде *әлли* болып қолданылады [10, 140 б.].

Д.А. Салихова татар тіліндегі *ак+а = ага* «ағады» мысалындағы алмасатын *[к]-[ғ]* дыбыстары бір морфонемаға бірігеді (*қ-ғ*) деп көрсетеді. Мұны ол М.З. Закиевтің морфемалар құрамындағы өзгерістердің дыбыстар алмасуынан іске асады деген тұжырымынан алады [11, 11 б.].

Ұяндану үрдісі, түркітанушы ғалымдардың пайымдауынша, барлық түркі тілдеріне ортақ және олар дыбыстардың қалыптасу, жіктелу кезеңдерінде іске асқан. Жоғарыда аталған зерттеулер бойынша тұжырымдай келе, дыбыстардың алмасуына психологиялық факторлар, аналогия құбылысы және т.б. экстралингвистикалық факторлар әсер еткен деген қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып және дыбыстардың алмасуына себеп болатын морфонологиялық құбылыстар: тіл алдына жылжу үрдісі, сөзді оңай айтуға ұмтылу үрдісі, үнем принципі негізінде түбірдегі дыбыстардың еркін алмасуын морфонологиялық дыбыс алмасудың бірі деп қарастырамыз. Ал морфонологиялық құбылыстар артикуляциялық шекке, мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу дағдысында туындап, қалыптасқан өзгерістер.

Жалпы тіл біліміндегі зерттеушілердің еңбектерінен байқайтынымыз: морфонологиялық құбылыстар әр тілде әрқалай жүзеге асады. Мәселен, орыс тілінде дыбыстар сөз мағынасына әсерсіз, көбіне грамматикалық мақсатта алмасатынын морфонологиялық деп аталғанын түсіндік. Ал түркі тілдерінде дыбыстардың алмасуына ғалымдар сәйкестікті де жатқызады.

Дыбыс алмасуларына байланысты құбылыстардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, көп жағдайда фонологиялық шарттылық орын алады. Сондықтан дыбыс алмасулары таза фонетикалық себептермен жүзеге аспайды және олардың өзгеруіне басқа да факторлардың әсері болады.

Әдебиеттер

- 1 Щербак А.М. Способы выражения грамматических значений в тюркских языках // Вопросы языкознания. – 1957. – №1. – С.25-36.
- 2 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1974. – Т.1. – 776 с.
- 3 Павлов И.Г. Краткий очерк морфонологии современного чувашского языка // Чувашский язык, литература и фольклор. – 1974. – Вып. 4. – С.41-53.
- 4 Тенишев Э.Р. Строй сарыг-югурского языка. – М., 1976. – 416 с.
- 5 Моллова М. К истории тюркского вокализма // Вопросы языкознания. – 1966. – №2. – С.56-65.
- 6 Садыков Т. Основы кыргызской фонологии и морфонологии / ответ. ред. Б.О. Орузбаева. АН Республики Кыргызстан, Ин-т Языкознания. – Бишкек: Илим, 1992. – 156 с.
- 7 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – 168 б.
- 8 Омарбеков С. География фонетических различий казахской речи. –Алма-Ата: Рауан, 1992. – 223 с.
- 9 Бизаков С. Вариант сөздер сөздігі. – Алматы: Білім, 2000. – 426 б.
- 10 Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – М., 1952. – Т.ХІ, вып.2. – С.135-143.
- 11 Салихова Д.А. Об одном морфонологическом явлении в татарском языке // Советская тюркология. – 1986. – №5. – С. 33-37.

References

- 1 Sherbak A.M. Spособы vyrazheniya grammaticheskikh znacheniy v tyurkskikh yazykakh // Voprosy yazykoznaniya. – 1957. – №1. – S.25-36.
- 2 Sevortyan E.V. Etimologicheskyy slovar' tyurkskikh yazykov.– M., 1974. – T.1. – 776 s.
- 3 Pavlov I.G. Kratkiy ocherk morfonologii sovremennogo chuvashskogo yazyka // Chuvashskiy yazyk, literatura i fol'klor. – 1974. – Vyp. 4. – S.41-53.
- 4 Tenishev E.R. Stroy saryg-yugurskogo yazyka. – M., 1976. – 416 s.
- 5 Mollova M. K istorii tyurkskogo vokalizma // Voprosy yazykoznaniya. – 1966. – №2. – S.56-65.
- 6 Sadykov T. Osnovy kyrgyzskoy fonologii i morfonologii / otvet. red. B.O. Oruzbayeva. AN Respubliki Kyrgyzstan, In-t Yazykoznaniya. – Bishkek: Ilim, 1992. – 156 s.
- 7 Sağyndykuly B. Kazak tili leksikasy damuynyn etimologiyalyk negizderi. – Almaty, 1994. – 168 b.
- 8 Omarbekov S. Geografiya foneticheskikh razlichiy kazakhskoy rechi. –Alma-Ata: Rauan, 1992. – 223 s.
- 9 Gadzhiyeva N.Z. Problemy tyurkskoy areal'noy lingvistiki. – M., 1975. – 302 s.
- 10 Bizakov S. Variant sezder sezdiği. – Almaty: Bilim, 2000. – 426 b.
- 11 Malov S.Ye. Drevniye i novyye tyurkskiye yazyki // Izvestiya AN SSSR. Otdeleniye literatury i yazyka. – M., 1952. – T.KHÍ, vyp.2. – S.135-143.
- 12 Salikhova D.A. Ob odnom morfonologicheskom yavlenii v tatarskom yazyke // Sovetskaya tyurkologiya. – 1986. – №5. – S. 33-37.

Ембергенова. М.Қ.
Қытай тіліндегі (习惯用语) дағды сөздерді қолданғанда кездесетін кейбір қателіктер

Yembergenova M.K.
The special attention paid on errors that meet in the using of (习惯用语) idioms in Chinese language

Ембергенова М.К.
Некоторые ошибки, встречающиеся при использовании (习惯用语) идиом китайского языка

Мақалада студенттердің қытай тіліндегі дағды сөздерді қолданғанда кездесетін қателіктер жайында баяндалады. Сол қателіктердің себеп салдары мен қателікке бой алдыратын кейбір факторлар қарастырылады. Қытай тіліндегі дағды сөздерді үйренгенде иероглифтен, сол елдің менталитеті, салт-дәстүрі мен мәдениетінен бөлек, ана тілінің ықпалынан, сөздің ауыспалы мағынасынан, зат есімнен, синоним сөздерден қытай тіліне тән мөлшер сөзден, етістіктің ауысып қолданылуының әсерінен пайда болған қателіктерге тоқталдық.

Түйін сөздер: дағды сөздер, қателіктер, үйрету жолдары.

The article tells about the students admitted errors in the application of Chinese idioms, and some of the factors considered and the reasons for admission of these errors. Particular attention is paid to the mistake that because of ignorance of the mentality of the country, the traditions and culture that determine the correct application of idioms, as well as the influence of the native language, the meaning of the variables of words, synonyms with the typical number of words in the Chinese language to study the idioms of Chinese.

Key words: idiom, errors, teaching skills.

В статье рассказывается о допускаемых студентами ошибках в применении идиом китайского языка и рассматриваются некоторые факторы, а также причины допущения этих ошибок. Особое внимание уделено ошибкам, которые допускаются из-за незнания менталитета страны, традиций и культуры, от которых зависит правильное применение идиом, а также влияния родного языка, смысла переменных слов, синонимов с типичным количеством слов в китайском языке на изучение идиом китайского языка.

Ключевые слова: идиомы, ошибки, навыки преподавания.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ (习惯用语) ДАҒДЫ СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНҒАНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР ҚАТЕЛІКТЕР

Соңғы жылдары қытай тіліне қызығушылық танытып жүрген Қазақстан студенттерінің саны артуда. Бастапқыда тіл үйренушілер иероглифті жаттау, дыбыстау немесе төрт тонды меңгеру қиын десе, уақыт өте келе, қытай тілінің орта және жоғарғы сатысында тағы да бір қиындыққа тап болады. Ол – қытай тіліндегі дағды сөздер.

Дағды сөздер күнделікті өмірде өте жиі қолданыста. Дағды сөздердің сабақтан тыс, мәселен кино көргенде, әдеби кітаптар оқығанда, әңгімелескен кезде қолданылуы 80%-ға жетеді екен. Студент үшін қытай тіліндегі дағды сөздерді еркін меңгеру ең басты мәселе. Өйткені, студент әр иероглифтің қалай оқылатынын, не мағына беретінін, қалай қолданылатынын жақсы білгенімен дағды сөзді көргенде, аң-таң болып қалатыны бар. Ал сөзбе-сөз аударатын болсақ, ол кезде дағды сөз өз мағынасын өзгертеді.

Сонау XX ғасырдың 60 жылдарынан, күні бүгінге дейін, ғылым саласында Қытай тіліндегі дағды сөздерді зерттеген шетелдік ғалымдар аз емес. Қытай тіліндегі дағды сөздердің шығу тарихы өте терең, әрі қолданысы кең. Онда қытай халқының мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы, тұрмыс тіршілігі жатыр.

Төменде студенттердің сабақ барысында дағды сөздерді қолданғанда жіберетін кейбір қателіктеріне кеңінен тоқталып өтейік.

Ана тілінің ықпалынан пайда болған қателіктер.

Психология ғылымында “迁移 (ағыл.тіл.totransfer тасымалдау, араластыру) деген ұғым бар. Бұл дегеніміз жаңа нәрсе үйрену кезінде, өз білімі мен біліктілігіне, әдіс тәсіліне, тәжірибесіне, ой тұжырымына және с.с. сүйенгендіктен, жаңа затты үйрену барысында соған да әсер етуі екен. Мұндай тасымалдау екіге бөлінеді; 正迁移 (positivetransfer) дұрыс тасымалдау және 负迁移 (negativetransfer) қате тасымалдау. Шет тілін үйрену барысында, студент жалпы қиыншылықты жоямын деген оймен, ана тіліндегі мағынасы сәйкес келетін сөзбен алмастырып немесе соған ұқсас сөзге еліктеп қолданады. Сол себепті студент қытай және қазақ тілдерінде кездесетін кейбір дағды сөздерде, аудармасы және қолдану жағынан қиындық пен қателікке ұшырайды.

Мәселен 吹耳边风 айту, үгіттеу (在耳朵边说话, 指鼓关系密切的人去做某事), 打小报告 жамандау, ғайбаттау (背地里向上或长辈某人的坏话) осы екі дағды сөзде, жел сөзі «刮 тұру», есеп сөзі «写 жазу» етістігімен қолданады деген оймен «刮耳边风», «写小报告» деген қателіктер жіберіп алады. Сол сияқты «倒胃口—丢胃口», «做手脚——耍手脚» деп мүлдем басқа сөзге айналдырып жібереді.

Оқыту тактикасындағы қателіктер.

Қытай тілін терең үйрене бастағаннан кейін, бірте-бірте сөздік қорына дағды сөздер де қосылады. Сөздік қоры көбейген студент, осы кезде тағы бір қиындыққа тап болады. Әсіресе, мөлшер сөздерді, дағды сөйлем ішінде «бұрынғы әдетінше» қолданады. Мысалы: 小菜一碟 болмашы нәрсе (比喻很容易做到的事儿), 说不到一块儿 тіл табыса алмау (说不来) деген дағды сөздерді алайық.

Осыған дейін мөлшер сөздер мына құрылыммен «量词+名词», «一块儿+动词» жасалады деген түсінік қалыптасса, енді сол қалыптасқан стереотипті өзгертуге тура келеді. Олай болмаған жағдайда сөйлемнің жалпы мағынасы өзгереді. Мысалы: «小菜一碟» — «一碟小菜 бір тостаған тамақ», «说不到一块儿» — «一块儿说/唱/做 бірге айту» деп қалыптасқан дағды сөзден жай ғана мөлшер сөз мағынаға ауысып кетеді.

3. Салт-дәстүр айырмашылығынан болатын қателіктер.

Тіл – салт-дәстүрді жалғастырушы көпір. Екі елдің әдет-ғұрып айырмашылығы, дағды сөздерге әсерін тигізбей қоймайды. Соның әсерінен кейбір студент дағды сөздерді тез жаттап алғанымен, оны қай кезде қолдану керек екенін, айыра алмай қалатын тұстары бар. Мысалы: 热锅上的蚂蚁 өзін қоярға жер таппау (形容某人心情慌乱不安, 或非常着急, 不知道该怎么办). Қазақтың түсінігінде, құмырсқа – еңбекқор, шыдамды, төзімді жәндік. Сол себепті «热锅上的蚂蚁» деген дағды сөзін «қазанның үстіндегі құмырсқа» деген әсер болады.

4. Үйренушіден кеткен қателіктер.

Сабақ барысында студент «өзім білемге» салып, қатеге жол береді. Мысалы ізденушінің ішкі түйсігі 打哈哈 әзілдесу (开玩笑), 以眼还眼, 以牙还牙 кекке кек (比喻用对方对待自己的手段还击对方), 一咬牙 бір шешімге келу (下定决心) осы дағды сөздерді басқаша қабылдауы мүмкін. Себебі, дағды сөздердің жалпы мағынасын терең ойламай, әр сөздің аудармасына ғана көңіл бөлгендіктен. Мысалы, «打哈哈 айқайлап күлді», «以眼还眼, 以牙还牙 көзге көзді, тіске

тісті алмастыру», «一咬牙 тістеп алды» деп қате аудару кездеседі.

Шет тілін үйренгенде, сөздің мағынасы мен қолдану жолдарын қатар алып жүру міндетті. Әсіресе, дағды сөздерде сөздің терең мағынасы мен астарын білу үлкен жауапкершілік. Ізденуші дағды сөздерді үйрену кезінде иероглифтің мағынасымен қатар, дағды сөздердің шығу тарихын, мән мағынасын, қолдану жолдарын, қай ортаға сәйкес келетінін және т.б. білгені нұр үстіне нұр болмақ.

Қытай тіліндегі дағды сөздерді өткенде, қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларымен үйрету, оның үстіне синонимді дағды сөздермен байланыстыру, оның сөз қорының баюына септігін тигізеді. Мәселен, адамның қартайып өмірден өтуі – бұл қалыпты жағдай, бірақ сұм ажал айтып келмейді емес пе? Сол себепті, қазақ және қытай мәдениетінде бір адамды өлді деуге аузы бармай, қайғылы хабар «өлімді» басқа сөздер арқылы астарлап жеткізіп отырған. Оған мына төмендегі дағды сөздер мысал бола алады: 去世了 дүниеден өтті, 过去了 қайтыс болды, 走了 жүріп кетті, 不在了 арамздан кетті, 闭眼了 көзін жұмды, 不行了 болмай қалды, 睡着了 ұйқыға кетті, 老了 қисайып қалды, 上西天了 о дүниелік болды, 永远地离开了 我们 бізді мәңгілікке тастап кетті, 心脏停止了跳动 жүрегі сокканын тоқтатты, 停止了呼吸 тынысы тоқтады.

Міне, осыдан біз қытай тіліндегі бір дағды сөздің, қаншама ұқсас мағынасы бар екенін байқаймыз.

Мақаламызды қорытындылай келе айтатынымыз, тілді жақсы меңгергеннің ең негізгі көрсеткіші, оның қолданысқа түсе алуында, байланыс құралына айналуында және қарым қатынасты жалғастыруында. Осыған қарап, біз тілді жетік меңгеру үшін, сол тілдегі дағды сөздерді қалай және қайда қолданылатынын білуіміз міндетті.

Қытай тіліндегі дағды сөздердің тарихы терең, құрылымдық формасы ауқымды болғандықтан, үйренушілер үшін бастапқыда ауыр болатыны белгілі. Шетел студенттері дағды сөздерді үйрену барысында, ана тілінің әсерінен, салт-дәстүрдің айырмашылығынан, оқытудағы кейбір әдіс-тәсілдің дұрыс қолданбау салдарынан, иероглифті тек сөзбе сөз аударып, кейбір дағды сөздің ауыспалы мағынада келетінін, қалай қолдану керек екенін білмей қалатыны рас.

Осы мәселелерге сүйене отыра, қытай тіліндегі дағды сөздерді үйренген кезде мөлшер сөз, зат есім, етістік, синонимға ерекше көңіл

бөлген дұрыс. Әлбетте, дағды сөздерді үйретудің басқа да әдіс-тәсілдері көп. Сонымен қатар, оқытушы сабақ барысында екі елдің ұлттық

құндылығына, әдет-ғұрпына, салт-дәстүрі мен менталитетіне ерекше көңіл бөлгені нұр үстіне нұр болмақ.

Әдебиеттер

- 1 杨金华•留学生汉语习惯用语词典 [M]·上海译文出版社, 2009.8
- 2 苏向丽•汉语习惯用语学习手册 [M]·北京大学出版社, 2007: 6
- 3 农建华•汉语口语习惯用语教程 [M]·北京语言大学出版社, 2011
- 4 北京语言大学汉语水平考试中心•中国汉语水平考试大纲(高等) [C]·北京语言大学出版社, 2005: 5

References

- 1 Yang Jin Hua. Liu xue sheng han yu xi guan yong yu ci dian (M) Shang hai yi wen chu ban shi, 2009.8
- 2 Su Xiang.Li. Han yu xi guan yu xue xi shou ce (M) Bei jing da xue chu ban shi,2007;6
- 3 Nong Jian Hua. Han yu kou yu xi guan yong yu jiao cheng (M) Bei jing yu yan da xue chu ban shi,2011
- 4 Bei jing yu yan da xue han yu shui ping shi zhong xin. Zhong guo han yu shui ping kao shi da gang (gao deng) (C) . Bei jing yu yan da xue chu ban shi, 2005; 5

Жиекбаева А.Б.,
Жамалова А.А.

**Араб тіліне кірме сөздердің
енуінің тарихи-лингвистикалық
себептері**

Мақала араб тіліндегі кірме сөздер мәселесіне арналған, соның ішінде тарихи-лингвистикалық себептері қарастырылады. Исламға дейінгі дәуірден бастап қазіргі араб тілінің толығып баюында парсы, грек, үнді, түрік, француз, ағылшын халықтарының қалдырған іздері орасан зор. Әртүрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасаған араб халқы тілге әсер ететін факторлардан қалыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан олардың тіліндегі кейбір сөздер, терминдер, атаулар екі жақтың өзара қатынасы арқылы алынған кірмеліктерге айналды.

Түйін сөздер: кірме сөздер, тарихи-лингвистикалық себеп, қарым-қатынас, исламның таралуы, өркениеттердің тоғысуы.

Zhiyekbaeva A.B.,
Zhamalova A.A.

**Historical and linguistic reasons
for the introduction of adopted
words in Arabic**

The article deals with the issue of adopted words in Arabic. Starting with the pre-Islamic period in replenishing and enriching the modern Arabic language contributed greatly to the peoples of the Persians, Greeks, Indians, Turks, French and English as well. Establish communication with different nationalities Arab people could not be subject to the factors influencing the language. Therefore, during the mutual relations with different nations have taken some of the words, terms which were adopted words.

Key words: adopted words, historical and linguistic reasons why relations, the spread of Islam, contingency of civilizations.

Жиекбаева А.Б.,
Жамалова А.А.

**Историко-лингвистические
причины заимствования
в арабском языке**

В статье рассматривается вопрос о заимствованных словах в арабском языке, историко-лингвистические причины заимствования иноязычных единиц. Начиная с доисламского периода в пополнении и обогащении современного арабского языка внесли большой вклад такие народы, как персы, греки, индусы, турки, французы и англичане. Арабы, установившие связь с разными национальностями, не могли не подвергнуться факторам, влияющими на язык, поэтому в арабском языке имеют место некоторые заимствованные слова, термины.

Ключевые слова: заимствованные слова, историко-лингвистические причины, отношения, распространение ислама, сближение цивилизаций.

АРАБ ТІЛІНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЕНУІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИ- КАЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Адамның жаратылысы, оның табиғаты әлеуметтік болмыс болып табылады. Оның өмірін жалпыға ортақ жүйеде өмір сүретін, қоғам мүшелерінің арасында заттар, пікірлер алмасу үшін жаратылғандай деп қана елестетуге болады. Сондықтан адамзат қоғамында әсер ету мен әсерленудің орын алуы сөзсіз [1, 174]. Тіл табиғаты – кез-келген қоғамның ішінде дамитын әлеуметтік құбылыс. Тіл де осы халықтар секілді, басқа өркениеттермен тоғысып, жанаспаса дамуы мүмкін емес. Ал, өркениет ол бірден-бір үлкен күш, дамыған өркениет көршілес әлсіз өркениеттерге сырттай әсер етіп үстемдігін алып, жан-жақты ықпал етеді. Осы кезде тіл мен дін кез келген өркениеттің негізгі, басты элементіне айналады [2, 116]. Араб тілі де дәл осы жағдайды басынан өткерді. Көршілес халықтардың дамыған мәдениетінің әсер еткені анық. Олар лингвистикалық жағынан бұрын тарихи-лингвистикалық себептермен енген. Өйткені, дәуіріміздің VII ғ. екінші жартысында Арабия түбегінде болған тарихи өзгерістердің нәтижесінде, ислам пайда болғаннан кейін, осы уақытқа дейін әлемдік оқиғаларда ешқандай ерекше рөлі жоқ, өзімен-өзі болып көшпелі өмір кешіп жүрген арабтар үлкен күшке айналды.

Сырт елдерді ислам дініне ендіру Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде-ақ басталған болатын. Ол қайтыс болған соң орынбасарлары (халифтер) шет жерлерге шабуыл жасауды үдете түсті. Олар Сирияны, Иранды өз ықпалына бағындырып, қазіргі Әзірбайжан территориясына аяқ басты [3, 13]. Осы жерде мекен еткен парсы халқын алар болсақ, парсы халқы Ресей мен Орта Азияның арасындағы шөлейтті жерлер мен Каспий теңізінің маңында мекендеп, әлемнің түкпірлеріне тарап кеткен деген болжам бар [4, 436]. Исламға дейінгі дәуірде арабтың парсы халқымен қарым-қатынасы басқа көрші халықтармен салыстырғанда мықты болды. Міне, осы ерекше қарым-қатынас – исламға дейінгі және одан кейінгі кездегі тығыз тілдік байланыстың негізі. Бұл екі тілдің әрқайсысы бір біріне үлкен тілдік әсер етіп, бір-бірінің сөз бірліктерін, стильдері мен құрылымдарын алған. Алайда айта кететін маңызды жәйт, ол Ирак екі халықты байланыстырушы көпір іспеттес ел болғаннан бастап, араб тілінен парсы тіліне енген сөз бірліктерінің едәуір көп болғандығы [5,12].

Ефрат батыс жағалауында орналасқан Куфа мен Нажафтағы үлкен қорғандар бәдеуилер мен Ирактың шекарасында мекендеушілерге тиесілі еді. Олар парсы территориясына бәдеуилердің шабуылдарынан қорғану үшін құрылған еді. Парсылардың арасында араб және араб емес өзге тұрғындар мекен еткен болса, осы тайпаларды басқаратын арнайы патшалары да болған. Оның ең атақтылары: *ملك النعمان بن إمري القيس، المنذر* [6, 223 б].

Араб тайпаларының парсы халқымен араласуындағы алыс-берістер исламның алғашқы кезеңінен бастап омаяттар, абасидтер дәуірі мен әсіресе хижраның үшінші жүз жылдығының басында ислам халифаттарының көлеңкесінде күшейген парсы мемлекетінің арқасында тілдік әсер ету мен әсерлену болғаны рас. Парсы тілінің таралу аясы мынандай территорияны қамтыған: оңтүстікте Парсы шығанағы, Оман теңізі немесе Арабия теңізі; батыста Месопотамия мен Армения; солтүстікте Кавказ таулары мен Орта Азияның шөлді жерлері; шығыста Памир шөлді аймақтар мен Инд теңізіне дейін жайылған. Тіпті парсы көшпенділері белгілі бір кезде шығысындағы солтүстік Моғолстан мен батыстағы Қара теңізге дейін жайылып, бүгінге дейін сол жерлерді мекен етуде [4, 436].

Парсы мен араб халқының қарым-қатынасына түрткі болған бірінші себеп – араб халқының парсы тілін ислам дінін жеңіл тарату құралы деп білуінде. Бұл өз кезегінде парсылардың араб тілін үйренуіне алып келді. Ал, екінші себеп араб ғұламалары мен парсы ғұламаларының бір-бірінің тіліне деген қызығушылығының артуы. Яғни ұзақ ғасырлар бойы араб тілі мен парсы тілін қатар қолданып, шығармашылық тілі етіп таңдағандар болды, олар: ибн Сина, Абу ар-Рейхан аль-Бируни, Абдул Қахир аль-Журжани, шейх аль-Аттар, шейх Мухаммад аль-Ғазали. Осы екінші себеп, дәлірек шығармашылық жолы арқылы көптеген парсы терминдері мен парсы сөз бірліктері араб тіліне енген болу керек. Жалпы парсы тілі шет тілдердің ішінде араб тілімен мәдениет, өркениет, әдебиет жағынан қатынасқа түскен ең алғашқы тіл болды. «Араб тілінің ғажайыптылығы» атты кітаптың авторының айтуы бойынша – "Парсы халқы көнеден келе жатқан өркениеті мықты халық. Олардың ғылымы, әдебиеті мен әдемі өнері тамырларын тереңге жая бастады, әсіресе шекіп жазу, түрлі түсті сурет салу мен музыка өнері кең дамыды. Арабтар парсылардан мәде-

ниет жағынан көп үйреніп, басқа тілдерге қарағанда көбірек парсы сөздерін қолданды». Бұл парсы мен араб тілдерінің өзара тоғысу тарихы жыл санауымызға дейінгі ғасырлардан бастап, қазірге дейін жалғасуда. Ал абасситтер дәуірінде байланыс едәуір кең түрде жүзеге асты, нәтижесінде аударма күшейді. Парсы кітаптары араб тіліне аударылған, соның ішінде ең көне кітаптардың бірі «Қалила мен Димна» мен ибн Мукаффагтың әдебиеттері екені анықталған. Кейде кітап толығымен, кейде жартылай, ал кейде тек өздеріне сай келетін тақырыптарды аударған. Әрине, парсы тілінің араб тіліне, әдебиетіне тигізген әсері тек әдебиетпен ғана шектеліп қалмаған, керсінше әртүрлі салаларда да өз ізін қалдырды. Әкімшілік, саясат аясы болсын немесе ғылым, әдебиет саласы болсын, не болмаса қаладағы әлеуметтік өмір шеңбері болсын парсылар сол дәуірде көш басында болған. Арабтар олардан әкімшілік, мекемелік хаттардағы, жазу өнеріндегі, ғылымның астрология, ботаника, медицина т.б. салаларындағы, сондай-ақ тамақ, киім-кешек, сусындармен байланысты терминдері мен өсімдіктердің, емді шөптердің, гүлдер мен бағалы тастардың атауларын алған. Араб сөздіктерінен парсы сөз бірліктерінің сөзжасам арқылы, не қалыпқа салу арқылы арабшаландырылғанын көрсек болады. Арабтар ол сөздерді өздерінің ислами орталарына сай келетін сөздерді алып, мағыналарына көп мән беретін болған [7, 8-96]. **Парсы** тілінен енген сөздер төмендегідей топтастыруға болады:

киім-кешек, атаулары:

اورمغان – керемет жібек матасы, جورب – қолғап, سروال وسريال – шалбар,

آذريون – жазғы аяккіім (сандали), صندل – сары түстің бір түрі, дәлірек айтқанда, сәбіз түсі; минералды заттар мен бағалы заттар атаулары:

جواهر – болат, فولاد – қымбатты бағалы заттар, فيروز – мыс оксиді, جنزار – көгілдір ақық (бирюза), لازورد – көкшіл сыр (лазурь);

өсімдік, хош иісті гүлдер, жемісті және жеміс бермейтін ағаштар атауларынан:

نيلوفر – тұңғиық (су астында өсетін гүлді өсімдік), تفاح – алма, خربز – қарбыз, ياسمين – ақгүл, ақтамакгүл, بازنجان – кәді (баклажан), خيار – қияр, لوز – бадам, طرخون – эстрагон;

жануарлар мен құстар атауы :

سمند او سمندر – саламандра (кесіртке тәрізді жәндік), سنور – жолбарыс, سونديق و – мысық,

кар-шыға – كَرْد, тотықұс – بِيغَاء, сұңқар – سُوقَان – қыран; سَوْدَان – суыға;

тамақ пен сусын атаулары:

қант қосып пісірілген шырынды – بَخْتَج و بَذَق – сорпа, شُورْبَا – домалақ қалың нан, جَرْدَق – бал мен раушан гүлден жасалған қоспа, جَلْنَجِين – балмұздақ; بُوْظَة

сондай-ақ басқарма, әкімшілікте қолданылатын бірқатар сөздер:

زيديق, почта – بَرِيد, мемлекеттік мекеме – دِيَوَان – атеист, دستور – дәліз, دهْلِيْز – орындық, أَرِيْكَة – үлгі [8, 68-69 б.].

Араб тіліне, сондай-ақ, семит тілдерінен арамей, эфиоп тілдерінің әсер етпей қоймағаны белгілі. Араб халқы көршілес жатқан арамей халқымен сауда-саттық, хижра, сапар шегу, арабтың кейбір тайпаларының арамей тайпаларымен қосылу арқасында Араб жарты аралының солтүстік бөлігінде қарым-қатынасқа түсіп отырды. Арамей халқы Сирияның жазық даласы мен алқаптарын негізгі мекені етіп, сауда жолдары арқылы өтетін керуендердің аялдамаларына билігін жүргізген. Арамей тілі Таяу Шығыста өте үлкен маңызға ие болған. Арамей тілінің жан-жаққа тарап, дамығандығы сонша, тіпті сауда мен дипломатияның тіліне айналды. Ұлы Александр Македонскийдің жаулап алуынан кейін арамей тілі грек тілімен қатар қолданылатындай дәрежеге жетті. Дамаскіде Меккенің саудагерлері арамей халқымен байланыс жасап, сауда керуендері Араб аралындағы сауда орындары арқылы өтіп жүретін болған. Арамей тілі саясат пен қаржы тілі болумен қатар, кейбір арабтардың қабылдаған еврей дінінің және Гассан мен Хирадағы христиан арабтардың да тілі болды [9, 386]. Осылайша арамей тілінің еврейлік диалектісін христиандар Сирия, Палестинада қолданса, екінші Месопатамиядағы ассириялық диалектісі Сирияның солтүстігіне дейін жетіп, сол жерлерде ғана қолданыста болған. Исламның алғашқы жылдарында арабтар бірінші болып, арамей тілінің **ассириялық** диалектісінен Араб жарты аралында өспейтін өсімдіктер атауын алды, мысалы: الرمان – анар,

الكبريت – шарап, الخمر – зайтун, الزيت – күкірт, المرجان – маржан;

тұрмыстағы құрал-саймандар атаулары: الباب – есік, القفل – құлып, الزجاج – шыны, шөлмек, الكيس – жүзік, сақина; الخاتم – қылыш, السيف – қапшық;

мемлекеттік басқармада қолданылатын сөздер: المدينة – әлем, العالم – ұлт, الأمة – сұлтан, السلطان – сағат, الساعة – жол, السبيل – базар, السوق – қала;

الكتاب – жазу, оқу, білім саласындағы сөздер: التفسير – түсіндірме, тәпсір, التلميذ – оқушы, kitap – сурет, [10, 196].

Ал, Йемен ерекше географиялық аймақта орналасқанына байланысты, теңіз және құрғақ жолдарымен танымал еді. Бұл үлкен маңызы бар территория кейде арабтарға, кейде парсыларға, ал кейде эфиоптарға тиесілі болды. Исламға дейінгі кезеңде христиандар мен еврейлер кеңінен тарап, талас тартыстар орын алған. Йемендік арабтар мен эфиоптар арасында тығыз мәдени, экономикалық, саяси қарым-қатынастар бірқатар **эфиоптық** сөз бірліктерінің араб тіліне тасымалдануына алып келді. Олар көбіне діни сарындағы сөздер:

محراب – ғибадатхана, منبر – екіжүзді, المنافع – орындықтар, البرهان – дәлел [11, 1466].

Ал, **үнділерге** тоқталар болсақ, арабтар олармен сауда қарым-қатынастарын орнатып, тауарлар айырбастаған. Осылайша тікелей немесе арада делдал болған парсылар арқылы үнді сөздері араб тіліне еніп кеткен. Ал арабтардың Еуропа пен Шығысты қытай, үнді тауарларымен қызықтыруы 15-ші ғасырда еуропалықтардың арабтармен байланыс орнатуына итермеледі. Ал **диди** бойынша «Арабтар әртүрлі аймақтың өзіне тиесілі сөздерді қолдануға тырысқан» десе, ал доктор يوسف былай дейді «Бұл орайда арабтардың әдеби үнді санскрит тіліндегі сөздерді емес, сол аймақтардың тұрғындары мен саудагерлердің ауызекі сөздерінен алғаны белгілі». Арабтар үнділерден кейбір өсімдік, жануар, емдік шөптер, хош иісті әтірлер, қымбат бағалы тастар, мата мен қылыш атауларын алған. Үнділерден енген сөздер: بها – күріш, أرز – тазартылған мақта, زنجبيل – мырыш, توتياء – жанжабіл, занзабіл (имбирь), طاووس – бор, سكر – қант, طباشير – саптыаяқ, فنجان – лимон, النمط – үлгі, فيل – піл, [8, 69-706].

Арабтардың гректермен, византиялық римдіктермен қатынасы жыл санауымызға дейінгі уақытта, яғни Египет, Сирия, Палестина мен Ирактың бір бөлігінің отарлануына жарты ғасыр қалғанда орнаған еді. Бұл отаршылдық ислам келген кезде де жалғасын тауып, Александрия, Иерусалим, Дамаск, Антакия, Латакия грек тілі тараған негізгі қалаларға айналған еді. Грек тілі дін мен философияда айқын көрінді. Бұл екі саладағы сөздер тікелей гректерден немесе гректермен саяси, рухани жағынан тығыз

байланыста болған сириялықтардан енді. Көбіне теңіз өмірі, жаратылыстану мен психологиялық ғылымдармен байланысты сөздер мен әкімшілік, діни атаулар, материалды заттардың атаулары енген:

сегізаяқ, - أخطبوط, Інжіл, - إنجيل, Ібіліс, - إبليس, белдеу, - إقليم, аңыз, ертегі; - أسطورة, флот, - أسطول, аймақ, - أنجر السفينة, зәкір, - بلغم, қақырық, - برقوق, алхоры, алша, - بطاقة, карточка, - دكان, дүкен, - فندق, мейрамхана, - طلسم, тұмар [8, 70-716].

Арабтар грек тілімен латын тілін ажыратпаған, керсінше бұл екі тіл де рим тілі деген атаумен белгілі болды. Қысқаша айтар болсақ, латын тіліндегі сөздер де сауда-саттық, крест жорықтары, саясат пен мәдениет аясындағы байланыстар арқылы кірген болатын. Латын тілінен алынып, қолданыста жиі болған сөздер тізбегі: император, - امبراطور, қасиетті үй, - إلیاء أو إلیاء, жанартау, - برکان, жол, - سراط أو صراط, пеш, - قرصان, ормал, - منديل, жейде, - قميص, қарақшы, - قرقصان, консул, - قنصل [8, 716].

Ал, аббасия дәуірінен кейінгі кезеңде арабтар қандай сөздерді алды деген сұрақ туындайды. Бұл кезең хижра санауының 656 жылы болған Бағдадтың құлауы мен мамлук сұлтандарының араб территориясына кірумен байланысты болды. Мамлуктер кезеңінен бастап, арабтар өз ата-бабаларының басқа тілдерден алған сөздеріне қоса жаңа сөздер, оралымдар мен жаңа мағыналарды ала бастады. Бұл кірмеліктер бірте-бірте сөздіктерде, ғылыми кітаптар мен энциклопедияларда орын алып, сол кезеңдегі ислами араб мәдениетінің айнасы еді. Айта кететін маңызды нәрсе мамлуктердің ресми тілі араб тілі еді. Ал тілдегі кірмелік екі тілдің түрік және парсы тілдерінің араласуы арқылы көрініс тапты, сонымен қоса черкестерден келген кавказ-

дың кейбір сөздері де араб тіліне кірген. Осы мәселе жөнінде арабтар қандай сөздерді алған деген сұраққа толығырақ мағлұмат беретін кітаптар да бар, олар: "عیون التواریخ" - дің-іні Шакр, "المختصر فی أخبار البشر" - дің-іні Абу-л-фадл, "مسالك الأبصار فی ممالك الأمصار" - дің-іні فضل الله العمري, "البدایة و النهایة" - дің-іні Казимир димашки, "تحفة النظائر فی الجوزیة, السخاوی, السیوطی, ابن طولون الدمشقی, الجبرتی" - сондай-ақ, "غرائب الأمصار" - дің-іні "تحفة النظائر فی الجوزیة, السخاوی, السیوطی, ابن طولون الدمشقی, الجبرتی" - лердің жазған туындылары қаншама. Осы кезеңге жататын кірмеліктер төмендегіше: "الأتابك" - түрік сөзі, мағынасы - әскер көшбасшысы, "أنا" - әке, немесе үлкен жасты құрметті кісі, "بك" - ханзада; "الألدش أو الألدش" - түрік сөзі, мағынасы - жолдас, негізгі түрік тілінде "یولداش" - жол, "دش" - қатысу, ортақтастық амалы; "أبیك" - түрік сөзі, мағынасы - адам есімі Айбек, әскербасы атабектен шыққан, "أی" - ай, "بك" - ханзада; "البقشیش" - парсы сөзі, мағынасы - шайлық, шайпұл, даяшының қызметі үшін төленетін қосымша пұл; "البیرق" - түрік сөзі, мағынасы - байрақ, жалау, ту; "الیوزباشی" - түрік сөзі, мағынасы - жүзбасы, "یوز" және "باش" басшы, дәл солай "البکباشی" - мыңбасы; "الدبوس" - парсы сөзі, мағынасы - түйреуіш, ілгек; "الدمغة" - түрік сөзі, мағынасы мөр, баспа; "الرنك" - елтаңба; "المطهرجي" - негізгі араб тіліндегі مطهرة тазалағыш деген сөз түрік тіліне еніп, жуынуға, дәрет алуға арналған ыдыс - аяқ деген мағынаны береді. "البازار" - базар, сауда; "خرطوش" - оқ, патрон; "القاییق" - түрік сөзі, мағынасы - кішкентай кеме, яғни қайық; "یازجی" - түрік сөзі, мағынасы - жазушы [8, 71-73].

Бұндай құбылыс, яғни кірмеліктердің енуі барлық тілдерде байқалары сөзсіз, өйткені жоғарыда айтып кеткеніміздей тіл әлеуметтік құбылыс, оған толығы, даму, алу, беру атауларының бәрі тән.

Әдебиеттер

1. عبد العزيز عبد الفیظ الهوالی القاهرة 2005 س طبعة تروق الراهییین فصول فی فقه لعربیة د.
2. Samuel P. Huntington -The Clash of Civilization 576p. Publication date 1996, publisher Simon & Schuster
3. Алжанбаева Ұ.Т. Араб тіліндегі түркізмдер, Алматы «Қазақ университеті» 2001. – 143 б.
4. الأدب الفارسی, د. محمد محمدی, طبع بیروت 1967 م.
5. فقه اللغة د. عبد الواحد وافی دار نهضة مصر للطبع و النشر, القاهرة
6. تاریخ العرب قبل الإسلام لجرجی زیدان
7. المغرب والدخیل فی اللغة العربیة تحت إشراف الأستاذ الدكتور محمود عبد السلام أحمد شرف الدین إعداد الطالب: کل محمد باسل العام الدراسي 1423 هـ الموافق 2002 م
8. ما أخذہ العرب من اللغات الأخری. د. مسعود بوبو من کتاب تراث العرب طبعة القاهرة 2007 س الطبعة الثالثة دار الراهییین
9. تاریخ العرب القدسم, د. توفیق برو, الطبعة الأولى, دار الفكر 1984 م دمشق سوریه
10. القاهرة, مصر العرب فی القديم و الحديث مع معاجم للألفاظ العربیة, د. محمد حسن عبد العزیز, دار الفكر العربی.
11. التطور النحوی للغة العربیة, برجستراسر, ترجمة د. رمضان عبد التواب 1402 هـ 1982 م, الناشئ مکتبة الخانجی بالقاهرة, دار الرفاعي بالریاض

References

- 1 Fusulu fii fiqhi liarabiiya. d.Abd al-Aziz al-Fit al-Hauali. Al-Qahira, 2005, tibat turuuq al-Rahibiin
- 2 Samuel P. Huntington -The Clash of Civilization 576p. Publication date 1996, publisher Simon & Schuster
- 3 Alsanzaeva U.T. Arab tilindegi turkizimder, Almaty «Qazaq universiteti» 2001, 143-b.
- 4 Al-Adabu al-Farisi, Muhammad Muhammadi, tib'u Bairut 1967.
- 5 Fiqhu al-Luga d.Abd al-Uahid Uafii, daru nahda misr li-l- tib'u ua al-nashri, Al-Qahira
- 6 Tariih al-Arab qabla-l-Islam li Jirji Zeidan
- 7 li muarrab ua al-dahil fii al-lugati al-arabiia tahta ishraf al-ustaz al-duktur Mahmud abd al-Salam Ahmad Sharaf al-Din, 2002
- 8 ma ahaza al-arab min al-lugati al-uhra, d. Masmud Bubu min kitab turas al-arab, tib'a Al-Qahira 2007, al- tib'a al-salisa daar al-Rahibiin
- 9 tarih al-arab al-qadim, d.Taufiq Baru, al- tib'a al-aula, daar al-fikr 1984, Dimashq, Suriya
- 10 al-muarrab fii al-qadim ua al-hadis maa maajim li-l-alfazi al-muarraba, d.Muhammad Hasan abd Al-Aziz, daar al-fikr al-arabi, Al-Qahira, Misr
- 11 al-tataaur al-nahau li-l-lugati al-arabiyati, tarjamatu d. Ramadan abd al-Tauab 1982, daar al-rifaai bi al-Riyad

Жұмажанова Ф.Т.
**Абай Құнанбаев
лирикасындағы шариғат**

Ақын Абай Құнанбаевтың кез-келген өлеңін алып қарасақ, сырлы суреттерге толы бейнелеулері тереңге тартып, ой тұңғыығына батырады. Қазақ деген қаймана халықтың бүкіл болмысын жырларында қалтқысыз суреттейді. Халқының болашағына алдағы ғасырлар тере-зесінен үңіліп, қайран елі қазағының оқып, білім алуы, өзара бірлікте, ынтымақта болуы жұрт қатарына қосылудың жолы екендігін өз шы-ғармашылығында айтып кетті.

Мақалада ақын қазақ баласын имандылыққа шақыра отырып, бес асыл істі бойына жинауға шақырған бірнеше ислами діни өлең-дері талданады.

Түйін сөздер: дін, иман, ислам, шариғат, ғибадат.

Zhumazhanova F.T.
**Shariah in Abay
Kunanbaev's Lyriks**

In this article the problems of Islamic Shariah's reflection in Abay Kunanbaev's Lyriks are considered.

In his article the author analyses Abay Kunanbaev's poetry in comparison with Islamic Shariah

Key words: religion, faith, islam, sharia, worship.

Жұмажанова Ф.Т.
**Шариат в лирике Абая
Кунанбаева**

В этой статье рассматривается проблема влияния Исламского шариата в лирике Абая Кунанбаева. В своей статье автор анализирует поэзию Абая Кунанбаева в сравнении с Исламским шариатом.

Ключевы слова: религия, вера, ислам, шариат, поклонение.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ

Қазақ халқының әдебиет тарихында артында өшпес мұра қалдырған Абай Құнанбаевтың орны ерекше. Оның кез-келген өлеңі сырлы суреттерге толы. Өзі өмір сүрген қоғамының әділетсіз көріністерін өлеңмен өріп, ащы зармен сыртқа төгеді.

Ұлы Абайдың халық қамын терең ойлаған кемеңгерлігі оны ақындықтан да жоғары биікке көтеріп, өз даласымен шектелмеген ұлы ағартушылық деңгейге шығарды. Ақынның асыл қасиеттерін жете байқаған ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусәр дариясы; ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләзатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды», – [1, 160] деп Абайдың ұлттың қамын ойлап, мемлекет болуын көксеген биік тұлға екендігіне осы ғасыр деңгейінен баға берді.

Сауатын он жасында Семей медресесінде Ғабұлжаппар татар молдасынан ашқан Абай одан кейін Ахмет Риза деген молдадан үш жыл дәріс алады. Медреседе оқу ескіше, ылғи дін сабақтары. Ұстаз халфелердің бар бейіл бергені – дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша. Ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерінде араб, парсы сөздерін қоспалап жазған. Мысалы, балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Физули, Шамси, Сайхали
Навои, Сағди, Фердоуси,
Хожа, Хафиз – бу хаммаси
Медет бер, я, шағири фарияд! [2.33]

– деп білдірген. Демек, Құран тілі арабша тіл сындыруы, дүниетанымын араб, парсы шайырларының мұраларынан танып-білуі қазақ әдебиетіне шариат көріністерін ендіруге ықпал еткені анық. Өйткені, Абайдың дінге деген көзқарасы медреседе қалыптасқандықтан – оның дүниетанымы әу бастан-ақ шариғат негіздері арқылы кеңіді деп ойлаймыз. Бұған дәлел ретінде Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінен үзінді келтірсек:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан, оның төртгі
Алланы танытуға сөзі апырмасы.
Амантуды оқымаған кісі бар ма?
Уактубиһи дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер
Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға... [2.111]

Ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп жаратушының барлығына ешқандай шәк келтірмейді. Бұл Құрандағы لا إله إلا الله محمد رسول الله «лә иллаһи илла Алла, Мұхаммад расул Аллаһи» делінген шаһада сөзімен теңдес.

Ақын Алланың бір, пайғамбардың хақтығын ақылмен түсінген адам. Абайдың қожа молдаларға қарсы болу себебі, олардың көбінің діни сауатсыздығы, имандары әлсіз оңай олжа жолында алласын айырбастап жіберуге дайын тұратындықтары. Ақын өзі де «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес [2, 31], – дейді.

Ақын бұл өлеңінде Алланы танудың жолы – жүрек, шын ықылас, сүю екенін айтады. Абай Аллаға құлшылық ету құр сөзбен бітпейтінін оған шын ниет, шексіз сүю арқылы жетуге болатынын айтады:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс.
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.
Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған.
Хуснизан мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған [2,112].

Бұл өлеңінде ақын ораза, намаз, зекет, қажы сияқты иманды бекітетін шариғат ғибадаты туралы пікірлерді өте қисынды келтірген. Осы өлеңге мағыналас тағы бір шығармасы – «Алла деген сөз жеңіл» деп басталатын өлеңі.

Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа аһ.
Барлығынша шүбәсіз,
Неге мәужүт ол қуа... [2.31].

Бұл өлеңде Алланы, оның шексіз сыр-сипатын, сан түрлі кескін-келбетін ешбір ғұлама ғалым-дін жолындағы мұтакаллимдер болсын, қисын, дәлелді жетік білетін –мантикиндер болсын (логиктер) толық біле алмайды. Алайда, Алла Тағаланың жаратқан пендесі өзінің жаратушысын жүрегімен, сана-сезімімен әрқашан танымақ жолына түскені абзал. Бұл тақырыпқа арналған шумақтар басқа да өлеңдерінде кездеседі.

Күні түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі,
Халыққа махлұқ ақылы жете алмайды
Оймен білген нәрсенің бәрі-дәһрі
Өзгені ақыл ойға қондырады
Біле алмай, бір тәңіріні болдырады [2, 225].

Абай үшін адамзат баласының бәрі бір-біріне бауыр. Ол Алла – бір, пайғамбар хақ деп ақылмен түсінеді. Дін – адамның көңілі, сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеті деп түсіндіреді. Иманның үш асылы үшін малың түгіл басыңды байла, растау, бекіту бір Алланың досы дейді. Оны бұзатын іс-әрекеттерден бойынды алшақ ұстап, сақтанып жүру керектігін айтады. Абайдың Алланы сүюі дүниені ізгілік пен сүю деп тануымен байланысты. Осы үш сүюді қамтыған имани гүл танымында Алланы алғаш, пендені кейін атауынан шариғат ғибадатынан мол хабардар екендігі көрінеді. Ақын ең түпкі үшінші сүюді – әділетті екінші сүюдегі адамзат үшін қасиетті де, қадірлі болуынан шығарады. Абай танымындағы әділет – адамзаттың ең негізгі сүйеніші мен тірегі, өмірінің мәні. «Барлық жақсылық пен ізгілік бір Алладан» деп түсінген әрбір пенде өзінің адамгершілік қасиетін жетілдіру арқылы шариғаттың тек ізгілікке, рахымды мейірімді болуға үндейтінін осы өлеңінен көреміз:

Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң үйреніп, сенде ұқсап бақ
Құран рас, Алланың сөзі дүр ол
Тәуилін білерлік, ғылымың шақ
Алланың, пайғамбардың жолындамыз
Ынтамызды бұзбастық иманымыз
Пайда мақтан, әуесқой – шайтан ісі
Кәні, біздің нәсіні тыйғанымыз
Мүмин болсаң, әуелі иманды бол
Пендеге иман өзі ашады жол
Шын илан да, таза ойла бір иманды
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол
[2,113].

Бұл жерде әңгіме Алланың мінсіз, пайғамбар хақ екендігін түсініп, мойындап, қабылдауда. Оны жасамасақ, оған ақыл, сана-сезімің жетпесе мінді. Ал адамдарға өмір иесі Алланы, оның мінсіз екендігін тану парыз. Алла мінсіз болғанмен, адам мінді. Бұл өмір қажеттілігінен туған. Құранда бұл туралы:

وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَٰئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصَّادِقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ أُولَٰئِكَ رَفِيقًا

«Ал, кәне, кім Аллаға, пайғамбарға бойұсынса, міне солар Алла нығыметке бөлеген Пайғамбарлар, шыншылдар және игілермен бірге болады...» (ниса сүресі 68 аят). «Құран рас, Алла сөзі дүр» дегеннің анық мағынасын білуге (Тәуилін) білімің сәйкес дегені. Алла – ақиқат, мінсіз, пайғамбар хақ, ол адамдарға «қажетті қағидаларды жеткізуші. Адам осыларды түсінуші, қабылдаушы, соған орай сенімге енуші, өмір иесі. Себебі, Алла да пайғамбар да Адам үшін қажет. Алланың мінсіз, пайғамбардың хақ екенін мойындау адам санасын имандылыққа кенелтеді. Құранда:

إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا الْأَمَانَاتِ إِلَىٰ أَهْلِهَا وَإِذَا حَكَمْتُمْ بَيْنَ النَّاسِ أَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ إِنَّ اللَّهَ نِعِمَّا يَعِظُكُمْ بِهِ إِنَّ اللَّهَ كَانَ سَمِيعًا بَصِيرًا 58. يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا

«Шәксіз Алла толық естуші, тым қырағы. Әй, мүміндер! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар» (ниса сүресі 58, 59 аят).

Ол үшін Алла туралы тек сенім ғана қалыптаспай, оны тануға талпыныс жасау керек. Алланы тану шындықты тану, оның керемет құпиясын барлау ақиқатты аңғару. Алла – әр нәрсеге күші толық жетуші. Алла әуелгі әрі соңғы. Сондай-ақ ол әр нәрсені толық білуші екендігін осы өлең арқылы танытып, адамдарды таза имандылыққа шақырады.

Қасиетті Құранда:

أَلَمْ يَأْنِ لِلَّذِينَ آمَنُوا أَنْ تَخْشَعَ قُلُوبُهُمْ لِذِكْرِ اللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ الْحَقِّ وَلَا يَكُونُوا كَالَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلُ فَطَالَ عَلَيْهِمُ الْأَمَدُ فَقَسَتْ قُلُوبُهُمْ وَكَثِيرٌ مِنْهُمْ فَاسِقُونَ .

«Иман келтіргендердің жүректері Алланың зікіріне (Құранға) жұмсап, әрі түскен хақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар» [3, 539], – делініп басқа да кітаптар түскендігі туралы айтылады. Абай бұл туралы:

Көп кітап келді Алладан оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас, – деген.

Абайдың айтып отырған осы төрт кітабы туралы ғалым-философ Ғарифолла Есім [4, 68], «Хакім Абай» еңбегінде мынадай толық түсінік береді: «Мұса пайғамбарға келген – Тәурат, Дәуіт пайғамбарға келген – Зәбур, Иса пайғамбарға келген – Інжіл, және Мұхаммед пайғамбарға с.а.с келген – қасиетті Құран. Ғалым осы дәйектерді келтіру арқылы Абай өлеңінде айтылған төрт кітаптың не екендігінің мәнін ашып береді. Өйткені, шариғат бойынша Алла тағала тарапынан түсірілген барлық кітаптарға иман келтіру иманның негіздерінен саналады. Ол туралы Құранның ниса сүресінің 136 аятында былай делінген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا آمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَالْكِتَابِ الَّذِي نَزَّلَ عَلَىٰ رَسُولِهِ وَالْكِتَابِ الَّذِي أَنْزَلَ مِنْ قَبْلُ وَمَنْ يَكْفُرْ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا بَعِيدًا .

«Әй, мүміндер! Аллаға, Пайғамбарларына және оған түсірілген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ахирет күніне қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасады» [5, 100]. Абайдың мына өлеңінде:

Дүниеге дос акиретке бірдей болмас

Екеуі тап бірдей боп орныға алмас

Дүниеге ынтық махшарға амалсыздың

Иманын түгел деуге аузым бармас [2, 226].

– деп отырғаны акиреттің бар екендігіне күмән келтіретін адамның дүниеқоңыздығын мінейді. Ондай адамдардың иманы жоқ дейді. Ал бұл туралы Құранның Мутаффиғун сүресінде:

إِذَا تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ 13. كَلَّا بَلْ رَانَ عَلَىٰ قُلُوبِهِمْ مَا كَانُوا يَكْسِبُونَ 14. كَلَّا إِنَّهُمْ عَنْ رَبِّهِمْ يَوْمَئِذٍ لَمَحْجُوبُونَ 15. ثُمَّ إِنَّهُمْ لَصَالُوا الْجَحِيمِ .

«...Қашан оған аяттарымыз оқылса: «Бұрынғылардың ертегісі» деді. Жоқ. Бәлкім олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты.

Жоқ олай емес. Негізінде олар ол күні, Раббыларының дидарынан махрұм қалады. Сосын олар, әлбетте тозаққа кіреді», – делінеді [5, 588]. Өлгеннен кейін тірілу, мәңгілік өмірдің барлығы – Исламда негізгі сенімдердің бірі Құран Кәрімнің басты қағидаларының бірі ғылым-білімді игеруге шақыру болса, Абай да қазақ баласын өнер-білімге шақырды. Алланың ақ

жолына түскен, жүрегінде иман нұры бар адам адамшылықтан аттамайтынын білген ақын қазақ баласын имандылыққа шақыра отырып, бес асыл істі бойына жинауға шақырды. Бұл аталған ізгі қасиеттердің бастауы қасиетті Құран Кәрімде жатса, Абай қазақ баласын имандылықтың алғы шарттарымен тәрбиелеуді жөн көрді.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.
- 2 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.1. – 336 б.
- 3 Халифа Алтай Ғақып ұлы. Ғибадатул ислам. – Алматы: Берен, 1994. – 128 б.
- 4 Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 б.
- 5 Құран Кәрім. Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты. – Почта құтысы 3561 Медине Мұнаууара Сауд Арабия. – 1991. – 604 б.

References

- 1 N. A. Nazarbayev. Abay turaly soz. – Almaty: Rauan1995. – 160 b
- 2 Abay. Shygarmalarynyn eky tomdyktolyk zhynagy. – Almaty: Zhazushy, 1995-T.1. – 136 b
- 3 Xalyfa Altay Gakypuly. Gybadatul islam. – Almaty:Beren, 1994. – 128 b
- 4 ESYM G.HAKIM Abay. – Almaty: Beren, 1994. – 128 b
- 5 Quran Karym. Eky Xaram kyzmetkery Fahd patshanyn Quran Sharyf basym kombynaty. – Pochta kutusy 3561 Medyne Munauuara Saud Arabya. – 1991. – 604 b

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फराबी नामक कजाख राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Кенжебаева А.Ә.,
Кенжебаева Л.Ә.

**А. Жұбаныш пен Чи Ли
шығармаларындағы бақыт пен
қайғы тақырыбы**

Kenzhebaeva A.A.,
Kenzhebaeva L.A.

**The problem of happiness and
unhappiness in the works of
A.Zhubanysh and Chi Li**

Кенжебаева А.А.,
Кенжебаева Л.А.

**Проблема счастья и несчастья
в произведениях
А. Жубаныш и Чи Ли**

Берілген мақалада қазіргі заман қытай және қазақ әдебиеттерінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген қос жазушы – А.Жұбаныш пен Чи Лидің туындыларына салыстырмалы талдау жасалынған. Аталған жазушылардың шығармаларындағы бақыт және қайғы тақырыбы туралы авторлық пайымдары мен көзқарастары салыстырмалы түрде зерделенген. Сондай-ақ бұрымдылар шығармаларындағы образдар галереясын талдау жасау арқылы екі ұлттың бақыт пен қайғы ұғымдарын қабылдаудағы ұлттық менталдық танымы туралы жан-жақты ақпарат берілген.

Түйін сөздер: «әйелдер шығармашылығы», бақыт концептісі, қайғы концептісі, ұлттық дүниетаным, романтика, психологиялық келбет.

In this article, a central place in the study of the article takes the concept of happiness and unhappiness, based on an analysis of creativity of modern Kazakh writer Zhubanysh A. and Chinese writer Chi Li. Observations received regarding the similarities and differences in the organization of the studied concept, confirmed the material works of both writers.

Key words: women's literature, the concept of happiness and unhappiness, the national world view, romance, psychological shape.

В данной статье центральное место занимает исследование концепта счастье и несчастье, основанное на анализе творчества современной казахской писательницы А. Жубаныш и китайской писательницы Чи Ли. Наблюдения, полученные относительно сходства и различия в организации изучаемого концепта, подтвердил материал произведений обеих писательниц.

Ключевые слова: женская литература, концепт счастья и несчастья, национальное мировоззрение, романтика, психологический облик.

А. ЖҰБАНЫШ ПЕН ЧИ ЛИ ШЫҒАРМАЛА- РЫНДАҒЫ БАҚЫТ ПЕН ҚАЙҒЫ ТАҚЫРЫБЫ

Қазіргі таңдағы қытай «әйелдер прозасы» Қазақстандағы әйелдер шығармашылығымен параллельді түрде дамып келеді, қытай аруларының көтерген проблемалары қазақ жазушы әйелдер шығармаларындағы тақырыптармен үндес. Қазақ оқырмандарына мүлдем бейтаныс қытай әйелдерінің көркем шығармашылығы әдеби процестерде өзгергенімен, өзіндік үнімен ерекшеленеді. Қытайдың қазіргі таңдағы әдебиет айдынында өзіндік қол таңбаларымен көзге түскен – Чжан Цзе, Ван Ан И, Чи Ли, Лин Бай, Чжаң Қаңқаң шығармашылығы қытай сыншылары тарапынан жоғары бағалануда.

80-ші және 90-шы жылдардағы Қытай мен Қазақстандағы «әйелдер шығармашылығы» тек қазіргі заман әдебиетінің дамуындағы жалпы тенденцияларды ғана көрсетіп қоймай, болмыстың әлемдік көрінісіндегі өзгерістерді де таныта бастады. Ал бақыт пен қайғы мәселесі осы тұрғыда салмақты орын алады. Жаһандану дәуіріндегі рухани құндылықтардың құбылып, өзгеруіне орай, әлеуметтік тұрғыдан өзекті ең маңызды ұғымдардың бірі – «бақыт» концептісі. Бақыт пен қайғы мәселесі әсіресе XX ғасырдың аяғында белең алған әлемдік дағдарыстар мен бетбұрыстар аясында шиеленісіп, универсалды қасиетке ие болды.

Халқымыздың дүниетанымында салмақты орын алған, адамзат жаратылғаннан бастап, бүгінгі қоғамдық дамуымызбен тікелей байланысты рухани өмірдің өзегіне айналған «Бақыт» пен «Қайғы» ұғымдарының тамыры тұңғық тереңде жатыр. «Бақыт» – ұлттық бояуы айқын, негізгі концептілердің бірі. Қазақ халқының пайымынша, өмірдің белгілі мәнділігі бақыттың алғышарты болып табылса, екінші жағынан бақытқа деген ұмтылыстың өзі бақытқа жетер алтын кілт. Мақсатсыз, мағынасыз ғұмыр кешу – адам баласы үшін бақытсыздық, керісінше, адам неғұрлым өз өмірін тереңдей түсініп, бағалай алса, бақыт сезімін ұғынып, ғұмыры жарқырай түседі. Жалпы адам жаны *күмәндану, азаптану, түңілу, қиналу* секілді алуан түрлі сезім күйлерін бастан кешкенде түрлі ойдың құшағына енеді, қайғы мен мұң содан туындайды. Бұл көріністер – қазіргі таңдағы бұрымдылар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналған құбылыстардың бірі.

Қытай халқының танымындағы бақыт ұғымы адамның өзін қоршаған жандарға деген мейірім-шапағатын төгіп, қаморлық

көрсетіп, төзімділік пен қажырлық танытқаны үшін тәңірдің жіберген сыйы деп түсіндіреді. Сун әулеті кезінде өмір сүрген белді қытай ақыны Фан Чжоң Йэн (X ғ.) бақыт ұғымына былайша сипаттама береді: «Айнала қоршаған жандардың шат-шадыман сезімге бөленіп, қуанышты жүзін көргенде ғана мен өзімді шынайы бақытты жан ретінде сезінемін.» /1/

Бақыт пен қайғы турасында сыр шеткен қытайдың қазіргі заман жазушылары өте көп. Олар сомдаған алуан түрлі кейіпкерлер бойынан көбінесе «шалғайдағы арманнан» гөрі «жақын жағалаудың» қамын ойлауға бағытталған қытайдың дәстүрлі философиясының дәстүрлерін аңғаруға болады. Кейінгі кезең жазушылар шығармаларында бақыт дегеніміз – өмірден барынша ләззат алу деп түсінген «арзан» жандардың образдары тізбектеле бастады.

«Бақыт» ұғымы құндылықтар жүйесімен тығыз байланыста, тіпті оған тиесілі болғандықтан, рухани құндылықтар туралы таным өзгеріске ұшыраған дағдарысқа толы, қилы замандарда бақыт туралы түсінік күрделене түседі.

Қытай жазушысы Чи Ли (池莉) шығармашылығы қазақ оқырманы үшін бейтаныс боп келеді. Оның туындылары көптеген халықаралық сыйлықтарға ие болып жүр. Чи Лидің «Тынымсыз тірлік» повесі және «Армысың, Юэ-эр» атты әңгімесі Қытайдағы ең таңдаулы шығармалар қатарына енген туындылар қатарына енді. Қазіргі қоғамдағы адам жанының коммерциализацияға ұшырауы нәзік жанды әйелдің арман-мүдделерімен, бақыт туралы танымымен сәйкес келмей, кейіпкерлер соңында тығырықтан шығар жалғыз жол – отабасымен ажырасу деп табады. Жазушы Чи Ли шығармада бұл құбылыстың қасіретін ашып көрсетуге ұмтылады. Чи Ли сомдаған дарынды бойжеткендер тұрмыс тұрпайылығынан қол үзу үшін тұрмыс құрмауға бекінген бейнелерді шынайы суреттейді. Жазушының белді туындылары: «Тынымсыз тіршілік» (烦恼人生) «Махаббат туралы айтпайық» (《不谈爱情》), «Бір түнде ашылған раушан гүлдері» (一夜盛开如玫瑰) «Қуаныштан айқайла» (《有了快感你就喊》) «Сені қанша сүйсем де жеткіліксіз» (《怎么爱你也不够》) т.б.

А. Жұбаныш пен Чи Ли туындылары белгілі дәрежеде ұқсастықтар мен үндестіктерге ие: әйелдің қазіргі таңдағы қоғамдағы ортақ проблематикасы, әйел бақыты мен мұң-мұқтажықтары және оның бейнеленуіндегі ұлттық формалар; бірдей стилистикалық тәсілдердің пайдалануы, әсіресе ауызекі – тұрмыстық тілдің, диалог тәсілдердің молынан қолданылуы екеуіне де тән.

Сондай-ақ жазушы шығармашылығында күн, жұлдыздар, түн, жаңбыр негізгі рөл атқарады. Әсіресе, назар аударатын жайт – олардың туындыларындағы жел мен жаңбыр, бұлт қаламгерлер өмірінің тұрақты атрибуты іспеттес. Мәселен, А.Жұбаныш желдің өзінің әртүрлі мағынасын құлпырта пайдаланады. «Жаңбыр жауса екен» әңгімесіндегі жаңбыр, жел, бұлт кейіпкердің жан сарайындағы құпия сырын ашудың лейтмотивіне айналған: «Бала күнімде жылаған күнді үнемі жұбатып жүруші едім. Сұр бұлттан ауыр сокқы алып, жеңіліске ұшыраған аспанды жұбату үшін жаныма өзім құралыптас балаларды жиып ап, ауыл шетіндегі биік шыңда «Ақ шелек, көк шелек, құйма, құйма», «Сарф, сарф» деп айқайлайтынбыз.» Немесе: «Көшпелі бұлт күнді күңіретпей, еркіне қалдырып, жылатпай, кете барса деп тілеуші едім. Көк тәңірі екі көзіне ерік беріп, етегі жасқа толса, мөлтілдеген мол моншақтарды жерге тигізбей, аппақ орамалыммен сұртуге асығатынмын. Ал түнгі аспанда жұлдыздар бұлт артына жасырынып, жылап тұрғандай сезілетін.». Жазушының аталған туындысынан тағы бір үзінді алып көрелік: «Түнгі үздіксіз жаңбырдан соң қала көшесі моншаға түскендей тазарып, бейкүнә күйге еніпті. Аспанды тесіп өтердей, дүрсілдеген найзағай дыбысы да, ызғырық желдің ашуы да басылған. Жым-жырт. Жай ғана аспан дыбыссыз жылап тұр.» (А.Жұбаныш «Жаңбыр жауса екен»)

Қос жазушы да табиғат құбылыстарын кейіпкердің тағдырына жанама әсер етуші тамаша деталь ретінде қолданады, Жұбаныш Айгүл туындыларында ол жел, жаңбыр, аспан болса: «Жігіттің сөзін жел ұшырып әкетті. Долы жел сұлудың мөлдір сезімін лайлауға келген жігіт пиғылын кәдеге асырмауға тырысты. Ашуға мінген дауыл алдымен тал теректің жапырақтарына тиісіп, жерге ұшырды. Жазықсыз жапырақтар дір-дір етеді... Жігіт қайта сөйлемек болып еді, жел енді оған тікелей шабуылға көшіп, шашына «тиісті». Жігіт ашуланып, шашын түзеп еді, жел тыңдамады. Тағы да шашын жөндеді, бірақ, бәрібір тыңдамады, «мазақтай берді, мазақтай берді». Желдің адалдық үшін күшке мінгенін көрген аспан қаһарлана бастады.» («Ақымақ»). Жазушының келесі туындысы – «Жаңбыр жауса екен» атты шығармасынан үзінді алып көрелік: «Түнгі үздіксіз жаңбырдан соң қала көшесі моншаға түскендей тазарып, бейкүнә күйге еніпті. Аспанды тесіп өтердей, дүрсілдеген найзағай дыбысы да, ызғырық желдің ашуы да басылған. Жым-жырт. Жай ғана аспан дыбыссыз жылап тұр. Сары жапыраққа оранған қаланы мен жөнді

білмеймін. Сірә, жерді жатсынбасын деді ме, шаһардың аспаны мені жауынымен «шомылдырмады». Қолшатыр астына тығылған күйде аялдамаға жеттім.» «Жаңбыр біздің ішкі көріністеріміз ғой... Жауын ғана ойларымды әлдеқайда алысқа, әлдеқайда биікке жетелейді. Жаңбыр адам жанын тез ұғады, адам да мұның жанын тез түсінуі керек. Бұл менің өмірімдегі аса бір маңызды ұғым болып кетті ғой...» деген кейіпкер сөздерінен-ақ жан дүние тазалығына ұмтылған жанның философиялық таным-талғамын байқауға болады. Жазушы кейіпкерлерінің есімдерін де Жангүл, Жаннұр, Сезім, Ерке, Гүлім, Айым деп кездейсоқ атамаған. Жан дүниесі гүлдей нәзік, ерке жандардың жан сарайының құпия қалтарыстарын, сезім айшықтарын ашуға деген ұмтылысты аңғаруға болады. Қаламгердің жаңбырды кейіпкер қыздың жан дүниесіндегі күйзеліс пен мұңды білдіруде тамаша деталь ретінде қолданған тағы бір туындысы «Қуыршақта» былай деп береді: «Тынысым тарылып, далаға шықтым. Айымның тағдыры енді не болмақ? Далада жаңбыр сіркірей бастады. Аспан да Айымның жағдайына алаңдап, жас төккен сияқты боп көрінді маған». Айымның ауруханада жан тапсыруымен бітетін туынды қуаныш пен қайғының әп сәтте екенін оқырман есіне тағы да салып өтеді. Өмірдің мәнін түсіндіруге арналады.

Ал қытай жазушысы Чи Лидің «Чинну» туындысындағы кейіпкердің есімінің Цин Ну атауы да кездейсоқ құбылыс емес, қытай тілінен аударғанда ол – «көгілдір күн» немесе аптап ыстықта желпуіш ретінде қолданылатын « бамбук түтікшесі » деген мағына береді. Кейіпкердің есімі оның мінезіне де сипаттама бере алады, қараңғы дәстүр шырмауындағы қыстақтың күңгір тартқан тіршілігінен хабар береді: мұнда әйелдер шашын жылдап жумайды, ал балалар ас орнына топырақ жейді. Шығарманың басты кейіпкері бір жағынан ол аптап ыстықта сағындырып соққан самал жел ретінде суреттелсе, екінші жағынан Цин Ну – қоғамның, қараңғы дәстүрлердің және өз күйеуінің шырмауында қалған басыбайлы күн іспеттес. Кейіпкердің бейнесі оқырман көз алдына алғашқыда қалыңдық ретінде көрініс береді: «Бойжеткен желмен желбіреген жібек белдемше мен көйлек киген еді. Оның басында қалыңдық киетін қып-қызыл телпек бар. Күйеу жігітпен бірге қалыңдық өзенмен жүзіп оның жұртына қарай бағыт алды», – деп суреттеледі [2].

Қытай ұлтының дүниетанымында өзен мен өмір – өзара үндестіктегі егіз ұғымдар. Өмір – өзен ағысы. Өзен ағысының суреттелуі арқылы жазушы Цин Нудың тағдырын баяндайды:

«Янцзы өзенінің барлық құйылыстарын толық санап шығу мүмкін емес, сондай-ақ осы ағыстар арнасында өтіп жатқан алуан ғұмырлардың да санын дөп басып айту қиын» [3].

Өзен тек кеңістікті ғана емес, сондай-ақ философиялық мәні тереңде жатқан уақыт категориясын да қамтиды. «Қанша қалтарыстардан өткеніміз де, қанша уақыт өткені де белгісіз. Бір күні өзендер арнасы кеңіп, өзен жағасына жасыл жапырағы жайқалып терек тұрды, құстардың сайраған дауысы ағаштар саясынан естіліп жатты» [4].

Өзен – өмір ағысы ретінде Циннудың өзін қоршаған адамдардың тұрмысы мен дәстүрлерден бас тартауына еш мүмкіндік бермеді. Өзен – дәстүрлі тұрмыстың бөлінбес бөлшегі іспеттес. Дәл осы өзен Чи Ли кейіпкерінің жаңа жолға түсуіне ырық бермеді. «Олар айлақтың жел тимес жағына қарай аялдады, зәкірді судан шығарып, оны кәрі ағаштардың түбіріне қарай бекітті. Осы сәттен бастап, ұзақ, ғұмырлы болуын қадағалады. Әдетте мұндай қайықтарды майлап қоймайды, мерзімі өткен соң оларды шірітіп, тастап кететін. Еркек сол қағидаға сүйеніп, қайықты мәңгілікке тастап кетті» [5]. Сонымен, оқиға бастала салысымен Цин Ну тұтқын жағдайында өмір кешкен әйел ретінде суреттеледі, жас әйел қайықты шірітіп, тастап кеткен күйеуінің басыбайлы күні ретіндегі жағдайда сипатталады.

Чи Ли шығармасында суреттелген салт-дәстүрлер – шіріген қайық ретінде алып, қарастырылады. Бұл дәстүрлер қоғамның ескішілдіктерінің сыртқы көріністерінің бірі ретінде көрініс тапқан. Мұндағы шіріген қайық – аяққа тапталған әйел тағдырының символы іспеттес. Автор Цин Ну күндік шырмауында ұстаған қоғамды қалай суреттеген? Талдап көрелік: «Еркектер араққа сылқия тойып ішкендерімен, асқа жарымады, ал әйелдер шашты жуғаннан гөрі тарауға әуес. Әйелдер де, ерлерде сүйретпелерін қалай болса солай кие салып, шапқыласып жүр, өмірге деген еш өпелері жоқ еді» (Чи Ли «Чин Ну»). Тағы кейіпке енген қоғам мүшелері қарапайым дүниелер туралы таным-түсінігі қалыптаспаған, ал сол қоғамдағы әйел тағдыры одан да мүшкіл. Олардың мұқтажымен санасқан ешкім жоқ, тек күндік өмірді норма ретінде таныған олар үшін Чин Нудың асқақ армандары мен жаңашылдыққа толы көзқарасы мүлдем түсініксіз.

Шығармадағы Цин Ну және оның жұбайы Цзэ Хао қыстақтағы екі түрлі әлемнің көрінісін береді. Цзэ Хао бойынан алғашқыда новаторға тән қасиеттер байқала бастайды: «Қыстаққа орала салысымен, дүкен ашады. Қыстақта тұта-

рын еркектердің таным шеңберін ұлғайтуға тырысты, сол арқылы өзінің қара басының қамын ойлап, дйттеген мақсаттарына қол жеткізбекші болады». (Чи Ли «Чиңну») Цзэ Хаодың жаңалығының ешқандай рақымшылдық, адамгершілік ұғымдармен байланысы жоқ еді. Цзэ Хао жеке басының пайдасын ғана ойлаған өзімшіл жан ретінде суреттеледі, үй-жайын жөндеу, дүкен ашу арқылы қоғамда өз орнын алып, пайдасын көздеген мақсаттардан тұрады. Цзэ Хаодың және айнала қоршаған ортаның бірден ауыз жаласуы оның пайдасының мақсатының тез арада іс жүзіне асуы арқылы көрінеді: «Сауда кемелері мен қайықтары әрбір он күн сайын, кем дегенде жарты күнде бір рет айлаққа келіп, табан тіреді, көшенің екі шетінде дүкендер қаздай тізіле бастады» (Чи Ли «Чиң Ну»).

Цзо Хао әлемі еркектер үшін өте түсінікті дүние – сатып алу, қайта сату, пайда көру, сатылымға жарамаса, латқырып тастау. Мұнда рухани әлемнің өсіп, өркендеуі міндетті емес, кейіпкер пайымынша, «әр адам өзі үшін ұстаз әрі өзінің сенемін өзі қолдан жасап алады». Ал Цин Ну образы Цзо Хаоға мүлдем кереғар: оның ықпалымен қыстақтағы әйел атаулысының сырт келбеті өзгеріске ұшырай бастады, балалардың тамақтануы мен емделуі біршама жақсара түседі, алайда, бұл өзгерістерді алғашында күмәнмен қарсы алған қыстақ тұрғындары Цин Нуды шет қаға береді, себебі, ол – қыстақ үшін мүлдем жат адам еді, сырт келбеті де өзгелерден оқшау, оның әлемі – жұмбаққа толы еді.

Әйел жаны қашан да сұлулыққа, тазалыққа құштар. Тазалықтың символы болған су лейтмотиві Жұбаныш Айгүл кейіпкерлерін өте жақын, жазушы сомдаған әйелдердің барлығы дерлік «жаңбырды жақсы көретін жандар»: «Ақ жауын...аппақ жауын аспаннан жерге үнсіз домалағанда жанарымнан жас кетті. Бәлкім, мен жаңбырға ғашық болған шығармын, бәлкім...» (А. Жұбаныш «Жаңбыр жауса екен»). А. Жұбаныш шығармаларында көптеп кездесетін тағы бір деталь – ақ қар. Ол туралы жазушы кейіпкері: «Далада қар жауып тұр. Аппақ қар. Шіркін, адамдардың көңілі осындай ақ болса ғой», – дейді. (А. Жұбаныш «Жағымпаз») ал Чи Лидің туындыларында күн лейтмотиві көбірек орын алған. Мұны жазушы шығармаларының атынан да байқауға болады: «Күннің атуы» (太阳出世) атты шығармасында жас жұбайлар Жао Шутян мен Ли Сяоланның отбасындағы тар жол тайғақ кешулері туралы баяндалады. Жазушы мұнда әсіресе әйелдің биік рухы мен шешуші мезетте табандылық көрсетіп, дұрыс шешім қабылдай

білген даналығы, керек кезде жұбайына да де-меу болған нәзік әйелдің қажыр қайраты туралы суреттеледі. Тағдырдың кезекті соққысына ұшыраған жас жұбайлар, экономикалық жағдайдың төмендігінен перзент сүюден бас тартуға бел байлайды. Бойын біткен баланы алдыртуға жүгінген Сяолан оталау бөлмесіне кірерде, кенет ана жүрегі болашақ сәбиіне деген ыстық сезім туындап: «Әлемде қиыншылық атаулының алуан түрлісі шарлап жүр, бірақ нәрестем жауыннан кейінгі жарқырап шыққан күндей шуағын сепкенде қайғы деген немене?», – деп шешеді. Ұнжырғасы түскен Жао Шутяньнің қанатына рух беріп, тұрмыс тауқыметіне беріспей, қайратын биік ту етіп, көтеруіне ықпал жасайды. Шығарма өн бойында жазушының бақыт туралы жасаған өзіндік тұжырымын аңғару қиын емес: «Бақыт – ол бірлесіп жеңген қиындықтар», – деген жазушы пайымынымен оқырман еріксіз келіседі.

Қос жазушының туындыларында да орталық орында тұрған ұғым – бақыт пен қайғы. Әйел бақытының негізі не? Өмір сүрудегі мақсаты неде? Өмірдің мән-маңызы, мазмұны неде?» деген сауалдар өзінен өзі өрбіп, кейіпкерлерге маза бермейді, олар әлемде болып өткен алапат оқиғаларының негізгі себепкері адам деп тауып, әсіресе әйел болмыс-бітімін, жан әлемін, ішкі дүниесін зерттеуге ден қойып қояды. Мәселен, бақыт деген ұғымды Айгүл Жұбаныш кейіпкерінің сөзімен айтсақ: «Бақыт дегенің – жанның тазалығы ғой. Ал тазалық – тектіліктен, қаннан дариды», – дейді. (А. Жұбаныш «Жағымпаз») Екеуіне де ортақ нәрсе – адамтану ғылымына сол тұста айрықша белең алған әйел бейнесін ашып көрсету. Сондай-ақ қайғыны жеңіп, мұңды сейілту үшін әйел қандай жолды ұстанғаны жөн деген сауалдарға жауап іздейді. Әйел бақытының формуласы қандай болу керек? Деген сауалға екі жазушы да жауап іздейді. Қайғыға батырып, әйел жанына жара салып, сызат түсірген жандарды жазғырмайды, айуандығын кешіруге тырысады. Тіпті неше түрлі сұмдықты көрсеткен жұбайларының қателіктеріне түсіністікпен қарап, әйел табиғатының құдіретін паш етеді. «Қара сөмке», «Қуыршақ», «Есіл жағасындағы екеу», «Гиппократ анты үшін», «Бөрте», «Тағдыр», «Жаңбыр жауса екен» туындыларында қоғамнан, еркектің қатігездігінен түңілген әйелдер табиғаттың тосын да, мылқау құбылысымен ғана сырласа алады және одан жауап алады. Айгүл Жұбаныш пен Чи Ли шығармалары әр алуан ұлттық тұрмыс тіршілікті айқындайтын түрлі әдеби дәстүрлердегі мәдени құндылықтарға бағыттал-

ған еркекшеліктер көзге түседі. Чи Ли қаламынан туған кейіпкерлер тұрмыс тұрпайылығынан қашудың жолы – саналы түрде тұрмыс құрудан бас тарту деп ойлайды. «Табиғаттың әр мезгілі өзінше әсем» («冷也好热也好活着就好») атты шығармасында екі дәрігер әйелдің өмірі туралы жазылған, негізгі кейіпкер Ли Цзяньвэй, кісі өліміне күдікті жан ретінде түрмеге түседі, отбасы тарапынан қолдау көрмеген әйел босану үстінде де еш сүйеу таппайды. Тергеу изоляторына түскен әйелімен жүздесуге жұбайы Лао Чу бір рет те келмейді, тіптен сот залына да келмейді. Қолдау көрмек түгілі, күйеуі табалап, жүрегі ауру әйелді емдеуге кегіскені үшін кінә тағады. «Бейтаныс адамдарға тіл қатпа» шығармасында Сюй Лин шаштараз салонында қызмет істейді мен Сюй Хуңмэй жиырма жыл бойы зауытта жұмыс істеген жерорта жасқа келген әйел, өмірінің орта шенінде күйеуі оны тастап жауқазындай құлпырған Сюй Линмен қол ұстасып кетеді. Қызметсіз, отбасы қолдауынсыз қалған жалғыз ілікті әйел тағдырдың талай соққысына төтеп береді (Чи Ли). Аталған екі шығармада да бақытты отбасы туралы жазады, оқиға ортасында ер адамдардың әлсіздігі мен жауапкершілігі тарапынан ажырап кеткен отбасы трагедиясы сөз болады.

Бақыт және қайғы тақырыбына қалам тартқан жазушының, «Күннің шығуы» (太阳出世) «Тынымсыз тірлік» («烦恼人生»), «Қайырылмастан кеткеніндегі» («一去永不回») Вын Чүән, «Өзіңді кім деп ойлайсың?» («你以为你是谁»), «Аралас-құраластағы» («来来往往») Лина, «Махаббат туралы тілқатпадағы» («不谈爱情») Чи Лидің «Чиң Ну» (1987 ж.), «Махаббат туралы айтпаңыз» (1988) повесі және «Сондықтан» (2006) романы көптеген оқырманның жүрегіне жол тапқан туындылар десе болады. Қаламгер арулар туындыларындағы кейіпкерлер өз бетінше бақыт жолын табуға тырысады, күреседі, ұмтылады.

Әйел бақыты неде? деген сауалға жазушы қаламгерлер өз тарапынан жауап іздейді. Чи Ли мен А.Жұбаныш өз көркем шығармаларының астарында «әйел бақыты - татулығы жарасқан отбасында» деген ұғым жасырынып тұр. Олар сомдаған кейіпкерлер осы жарастықты сақтауға тырысады, сол үшін күреседі, бірде жеңсе, бірде жеңіліс табады. Чи Ли мен Айгүл кейіпкерлері қарапайым тұрмыс арнасымен біте қайнасқан

жандар – Чиң Ну, Сюй Лин, Сюй Хуңмэй, Жангүл, Айым, Жаннұрлар әйел бақытын көксейді, алайда, олардың барлығы қоғамның бір бөлшегі боп табылғандықтан, бақытты болуы қоғамдағы әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты екенін терең түсінеді. Жалпы алып қарайтын болсақ, қос арудың көркем туындыларындағы өмір концепциясы мұңға толы. Бірақ тағдыр қаншалықты қаталдығымен азаптай түссе де, нәзік жанды әйелдің бақыт жолындағы ұмтылыстары мен армандары асқақ, бақыт үшін күрес жолында талмай арпалысады. Олар сомдаған әйелдер махаббатқа зәру жандар, олар сүрген әлемде махаббат тапшы, осыдан барып, кейіпкерлер бақытқа жетудің неше түрлі жолдарын қарастырады.

Қытай әдебиетіндегі бақыт пен қайғы ұғымдары өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді, мұнда әйел дәстүрлі мәдениет шеңбері аттғаны үшін іштей бақытсыздыққа тап болады, себебі, дәстүрден аттаған әйел отбасы мен қоғам тарапынан қарсылыққа тап болып, өз бетінше күресуге мәжбүр болады.

Қазіргі заманғы қытай әдебиетінде әйелдің өзіндік санасы проблемасы «бақытты әйел» ұғымына қарама-қарсы қойылған. Оның қасіреттелігі – әйелдің бақытты болуға толық мүмкіндігі бола тұра, ол бұл мүмкіндіктерді аңғармауында, пайдалана алмауында. Чи Лидің «Чиң Ну» атты туындысы осы құбылысты ашатын ең көрнекті шығармасы боп табылады. Мұнда дәстүрлі тұрмысқа қарсы тұрған әйел санасының асау бұлқынысы сипатталады. Бақыт дегеніміз – айналадағы адамдардың жарқын жүзі, қуанышы екенін бұлжымас қағида етіп өскен Чиң Ну шыдамдылығына, төзіміне еріксіз иланасыз. Халықтық қағида мен тыйым құндағында өскен қыздың қоршаған орта мен отбасы ұлағатын бұзбай, жан азабына түсуі оқырманды терең ойға жетелейді.

Ер мен әйел арасындағы махаббат сезімдерінің ащы шындық пен романтика арасындағы қақтығыстары шығыс аруларының шығармаларын жақындастыра түскендей. Қазіргі таңдағы әйел санасымен өміріндегі тұрмыс пен арман – екі жазушының да шығармашылық лабораториясының зерттеу нысаны боп табылады. Осылайша авторлар бақыт жолындағы мәңгілік ізденістер тұңғиығына дендеп енуге ұмтылады, тұңғиығы терең сауалдарға өз тарапынан жауап іздейді.

Әдебиеттер

- 1 周静漪 池莉小说的比较研究述评Jingdezhen Comprehensive College Journal, 2010, 25(3):63-65
- 2 李丹 论池莉小说的影视改编, 《延安大学》, 2014

3 张肃佳 池莉、王安忆市民小说比较研究, 云南大学, 2008

4 А.Кенжебаева. «Әйел прозасындағы» әйел образының ерекшелігі» (қазақ және қытай әдебиеттері негізінде) Филол. ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс. Алматы, 2000. – 89 б.

References

1 Zhou Jingyi Chi Li xiaoshuodebijiaoyanjiushupin Jingdezhen Comprehensive College Journal》, 2010, 25(3):63-65

2 Li dan Lun Chili xiaoshuode yingshi gaibian, 《Yanan daxue, 2014

3 Zhang Sujia Chi Li、Wang Anyi shimin xiaoshuo bijiao yanjiu, Yunnan daxue, 2008

4 А. KENZHEBAEVA. «Aiel prozasendage» aiel obrazenen ereksheligi» (qazaq zhane және qetai adebietteri negizinde) Filol. gelemdarenen kandidate darezhesin alu ushin jazelgan diss. Almaty, 2000. 89 b.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़ारबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Қойбақова А.С.

**Қытай тіліндегі қалыптасқан
сөздердің анықтамалары және
жасалу жолдары**

Қытай тіліндегі қалыптасқан сөздер, бұл ауызекі тілдік нормаларға негізделетін, адамдардың күнделікті өмірінде кең қолданылатын тұрақты тіркестер. Олар қазіргі заманғы ауызекі қарапайым тіл нормалары бойынша құрылады. Бірақ олар тек ауызекі тілде ғана емес, сондай-ақ, публицистикалық стильде және түрлі көркем әдеби шығармаларда да көрініс табады.

Бұл мақалада қытай тіліндегі қалыптасқан сөздерге, олардың анықтамасына тоқталып өтеміз. Сонымен қатар, қалыптасқан сөздердің бірнеше жасалу жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: фразеологизм, қалыптасқан сөздер, идиома, грамматика, лексика.

Koybakova A.

**Definitions and methods of
formation of usual expressions in
Chinese language**

Definitions and steady combinations in Chinese language are stabled spoken rules which are used daily among people. Nowadays, this kind of definitions are build by usual oral norms. They are used not only in conversation, but also in publicistic and different types of artistic literatures.

This article focuses in definitions in Chinese language which will be learned. And also how are made some of steady combinations of words.

Key words: phraseology, steady combinations of words, idioms, grammar, vocabulary.

Койбакова А.С.

**Определения и способы
образования привычных
выражений в китайском языке**

Привычные выражения в китайском языке основаны на нормах разговорного языка и являются устойчивыми словосочетаниями, которые обширно используются в бытовой жизни. Они формируются на основе простого разговорного языка современного мира. Однако, слова отражаются не только в разговорном стиле, а также в различных художественных произведениях.

В этой статье мы остановимся на привычных выражениях в китайском языке и их значениях. Также будет сделан анализ о способах образования слов.

Ключевые слова: фразеологизм, привычные выражения, идиома, грамматика, лексика.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ҚАЛЫПТАСҚАН СӨЗДЕРДІҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

«Тіл – кез келген халықтың түпнегізі, халықтың тәжірибесі, білімі, мәдениеті, тарихының тоғысуы. Тіл – бұл ұлттың эмоционалды сана сезім қоры мен жәдігері. Ана тілінде халық өз өзін танып, көрсете біледі». Ұлы ақын Ш. Айтматовтың бұл сөзі қандай да бір халықтың мәдениеті, тұрмысы мен тарихын зерттеудегі тамаша материал ретінде тілдің мән мағынасын, қызметін өте дәл көрсетеді. Шынымен де, кез келген тілдік бірлік, яғни бір буынды сөзден бастап, күрделі тұрақты тіркестермен аяқтап, барлығы да халықтың материалды, рухани мәдениетінің көрініс табатын материал болып табылады.

Тіл байлығы бұл оның фразеологиясының да байлығы, яғни қанатты сөздер, мақал мәтелдер, идиомалар және т.б. көркем тұрақты тіркестердің көптігі. Бұл тұрақты тіркестердің басқа тілдік категориялардан өзгешелігі мағынасының тұтастығы, тіркес тиянақталығы, бейнелеу мәнерлілігі. Қытай тіліндегі тұрақты тіркестер де осындай қасиеттерге ие болатыны даусыз.

Қытай тілі – жер бетіндегі ең көне, ең бай тілдердің бірі. Тіл байлығы бұл фразеологиялық қордың байлығында, ал қытай тілі лексикалық қордың құрамдас бөлігі болып табылатын фразеологиялық мұраға өте бай. Қытай тіліндегі фразеологизмдер өте ерте пайда болғанмен, Қытай Халық Республикасы болып құрылғанға дейін фразеологияға қатысты ешқандай зерттеулер жүргізілмеген. Сондай-ақ фразеология жеке пән, тілдік сала ретінде қалыптаспаған. Тек өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қана, бұл салада алға басушылық байқала бастады. XX ғ. соңына қарай тамаша ғылыми еңбектер, сөздіктер шыға бастады.

Көптеген зерттеуші мамандарға қазіргі қытай тілінің чыңой, сиохоуой (астарлы сөздер), яңюй (мақал) сияқты фразеологиялық топтары белгілі. Аталған фразеологиялық бірліктерден басқа салыстырмалы түрде зерттеушілердің назарын аударған тағы бір топ бар. Ол – гуанюңюй немесе қалыптасқан сөздер.

Қалыптасқан сөздер қытай фразеологиясы саласында ерекше орын алатын, өзіндік ерекшелігі бар, ауызекі тілдік сипатқа ие болғандықтан, адамдар арасындағы коммуникацияда маңызды рөл атқаратын фразеологиялық бірлік. Ол басқа фразеологиялық топтардан бірқатар қасиеттерімен ерекшеленеді. Қалыптасқан сөздер адам тәжірибесіне негізделуді қажет етпейді.

Мысалы, чыңюйлер ежелгі қытай тілінің нормалары бойынша құрылған, олардың құрамында әдетте ескі, қолданыстан шығып қалған сөздер немесе қазіргі заманғы қытай тілінде қолданылмайтын бір буынды сөздер кездеседі. Ал қалыптасқан сөздер күнделікті тұрмыста, адамдар қарым қатынасында өте жиі қолданылатындықтан, көбінесе мағынасы түсінікті ауызекі тілде қолданылатын сөздерден тұрады, яғни ауызекі тілдің нормалары бойынша құрылады. Қалыптасқан сөздер бұл ауызекі тіл нормалары бойынша құрылған, белгілі бір сөйлем мүшесін атқаратын, жалпыланған, ауыспалы көркем мағынаға ие тұрақты тіркес. Қалыптасқан сөздердің тарихы – бұл бұқара халықтың ауызекі тілінің тарихы. Олардың осындай халықтық, бәріне мәлімділік, түсініктілік сипаты оның ішкі мазмұнында да, сыртқы формасында да көрініс алады.

Қалыптасқан сөздердің қолданылып, жасалуының қайнар көздері халықтың күнделікті өмірінің әрбір саласы болып табылады. Бұл сипаттары олардың ұзақ уақыт бойы кең таралып, түрлі салаларда қолданылуын білдіреді. Осы екі сипатын уақыттық және кеңістік тұрғыдан қарап зерттеуге болады. Уақыт тұрғысынан қарасақ, барлық қалыптасқан сөздердің салыстырмалы түрде ұзақ уақыт көп таралуының тарихы бар, яғни қалыптасқан сөздің қандай да бір дәуірдегі танымалдылығын анықтай аламыз. Осылайша қалыптасқан сөздердің кең таралғандығы мен кең қолданысын түсіндіруге болады. Кеңістік тұрғысынан да қалыптасқан сөздің бұл сипаттары өте айқын байқалады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында қытай тілі білімінде қалыптасқан сөздер жеке дара бірліктер тобы ретінде қалыптасқанмен, оның анықтамасында бірқатар қарама-қайшылықтар туындады. Көптеген қытай лингвистері қалыптасқан сөздер қатарына ең алдымен тура және ауыспалы мағынасында қолданылатын, семантикалық екі жақты, үш буынды етістікті объектілі тіркестерді жатқызады. Қалыптасқан сөздердің категориялық белгілерін анықтауда басқа да көзқарастар бар. Кейбір ғалымдар қалыптасқан сөздер семантикалық екі жақты бола алмайды десе, басқалары қалыптасқан сөздер міндетті түрде үш сөзді емес төрт сөзден құралады деді. Ал үшінші бір топ қалыптасқан сөздерді мақал-мәтелдердің бір түрі деп қарастырды [1].

Вың Дуанжын осындай әртүрлі, кейде мүлде қарама-қайшы көзқарастардың орын алуы осы мәселенің жеткілікті зерттелмеуінде деп санайды [1]. Ма Гофан сияқты ол да қалыптасқан сөздер халықтық сөздер мен Чыңюйдан

бірқатар белгілірімен ерекшеленетін жеке дара фразеологизмдер түрі деп тұжырымдайды [1]. Бұл зерттеушілердің пікірінше Гуанюңюй ауызекі тілде кеңінен қолданылатын және анық айқындалған ауызекі тілдік сипаты бар тұрақты «қалыптасқан» сөздер. Грамматикалық құрылымы жағынан қалыптасқан сөздер екі типке бөлінеді: аяқталған ойды білдірмейтін тіркес құрылымды және аяқталған тиянақты ойды білдіретін сөйлем құрылымды. Құрылымдық сипаты жағынан өзгешеліктері болғанымен, бұл олардың мағыналық жағына әсер етпейді. Олар мақалдар сияқты дидактикалық, тәрбиелік сипатқа ие болмайды, жалпыламайды. Олар тек тілдің көркем құралы ретінде адамдардың, оқиғалардың, түрлі жағдайлардың ерекшеліктерін, сипатын көрсетеді [2].

Қалыптасқан сөздердің жасалуының басты қайнар көзі әрине, ауызекі тіл болып саналады. Алайда, көптеген деректер көрсеткендей, қалыптасқан сөздер тарихы өте терең. Олардың көбісі ежелгі тарихи және әдеби ескерткіштерден табылуы арқасында қазіргі заманғы тілде кеңінен қолданылады.

Грамматикалық құрылысы бойынша қалыптасқан сөздер сөз тіркесі болып табылады. Сөйлем құрылымды қалыптасқан сөздер өте сирек кездеседі. Бұған қоса олар мағыналық, интонациялық жағынан аяқталмаған номинативті бірліктер болып табылады және белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы:

背靠背 «сыртынан (көзі жоқ жерде) сөйлеу (сын тағу)» (сөзбе-сөз «арқаны арқаға сүйеу»)

铁将军把门 «құлыпталған есік» (сөзбе-сөз «темір генерал есікті күзетіп отыр»)

脑袋搬家 «қайтыс болу; дүниеден өту» (сөзбе-сөз «миы көшіп кетті»)

两面光 «екі жақты; екі жаққа қызмет ету; екі жаққа жарамсақтану» (сөзбе-сөз «екі жағы да тегіс»)

脸皮薄 «арлы, ұялшақ, тұйық, ұяң» (сөзбе-сөз «бет терісі жұқа»)

脸皮厚 «арсыз, ұятсыз, терісі қалың» (сөзбе-сөз «бет терісі қалың»)

Қалыптасқан сөздердің көп бөлігі қысқа үш компонентті сөз тіркестер болып табылады. Қалыптасқан сөздердің ең аз саны екі, яғни жалпы сөз тіркесінің қалыптасуына қажетті дәл сол міндетті минимум. Мысалы, 吃醋 «қызғану» (сөзбе-сөз «сірке суын ішу»); 抹黑 «қаралау, жала жабу, масқаралау» (сөзбе-сөз «қара жағу»); 泡汤 «жүзеге аспау, сәтсіздік, бос әурешілік» (сөзбе-сөз «сорпа қайнату»); 爬坡 «өзін өзі тексеру; бір мәселені талдау, түсіну» (сөзбе-сөз «жарға өрмелеу»);

坐辣 «қиын жағдайға тап болу; біреуді қиын жағдайда қалдыру» (сөзбе-сөз «майшамға отыру»); 下海 «кәсіпкерлікпен айналысу» (сөзбе-сөз «теңізге шығу») [3] т.б.

Қалыптасқан сөздер ең көп дегенде төрт немесе бес компоненттен тұрады. Бірақ мұндай қалыптасқан сөздер өте сирек кездеседі. Мысалы:

赶鸭子上架 «мүмкін еместі талап ету» (сөзбе-сөз «үйректерге жұмыртқа басқызу»)

门在葫芦里 «барлығынан хабарсыз болу; жан-жағында болып жатқанды білмеу» (сөзбе-сөз «асқабақтың ішінде қамалып қалу»)

坐下班车 «келесі жолы жолы болар; сәті түсер» (сөзбе-сөз «келесі көлікке отыру»)

Қалыптасқан сөз тіркестерінің жасалу құрылымдарын негізгі екі топқа есімді және етістікті бөле аламыз. Есімді қалыптасқан сөздер копулятивті (қиыстырушы) және атрибутивті (анықтаушы) сөз тіркестер модельдерін құрастырады. Зат есім мен зат есімді тіркестер, мысалы:

菜包子 «ешқандай пайдасы жоқ адам» (сөзбе-сөз «ішінде көкөністі қоспасы бар самса»)

牛脖子 «қисық, қикар» (сөзбе-сөз «өгіз мойын»)

狗腿子 «қызметші, малай» (сөзбе-сөз «иттің аяғы»)

鸡毛蒜皮 «түкке тұрмайтын нәрсе» (сөзбе-сөз «тауық қауырсыны, сарымсақ қабығы»)

Қытай тілінде сын есім тіркестерінен жасалған қалыптасқан сөздер жиі кездеседі. Мысалы:

酸甜苦辣 «тағдыр талқысы, өмір құбылмалары» (сөзбе-сөз «қышқыл, ащы, тәтті»)

二五八 «ретсіз, төмен дәрежелі» (сөзбе-сөз «екі, бес, сегіз»)

二百五 «топас, ақымақ» (сөзбе-сөз «екі жүз елу»)

一五一十 «жете, егжей тегжейлі» (сөзбе-сөз бір бестік, екі ондық)

Сын есім мен зат есімнен құралған:

软刀子 «залым, арам ойлы, кара ниетті» (сөзбе-сөз «жұмсақ пышақ»)

闷葫芦 «жұмбақ, сырлы; тіл қатпау; үнсіз» (сөзбе-сөз «жабық асқабақ»)

野鸳鸯 «азаматтық некеде тұратын жұбайлар» (сөзбе-сөз «жабайы үйректер»)

Сан есім мен зат есімнен құралған:

八辈子 «өмір бойы, мәңгә» (сөзбе-сөз «сегіз ұрпақ»)

两口子 «ерлі зайыптылар» (сөзбе-сөз «екі ауыз»)

Сан есім +мөлшер сөз+ зат есімнен құралғандары:

一阵风 «лезде; әп сәтте; көзді ашып жұмғанша» (сөзбе-сөз желдің бір екпіні)

一锅粥 «астан-кестен; зобалан; ретсіздік» (сөзбе-сөз «бір қазан ботқа»)

一把手 «шебер, епті, өнерпаз» (сөзбе-сөз «бірінші қол»)

二把刀 «епсіз, шорқақ» (сөзбе –сөз «екінші пышақ») [3]

Есімді қалыптасқан сөздерге сондай-ақ зат есімді негізгі сөзге анықтама етістік немесе етістікті объектілі құрылыс арқылы берілген атрибутивті типтегі фразеологиялық бірліктер де жатады. Мысалы:

保险箱 «қауіпсіз жер; пана» (сөзбе-сөз «қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жәшік»).

护身符 «тұмар; қамқоршы» (сөзбе-сөз «денені қорғайтын сиқырлы таңба»).

结发夫妻 «күйеуі мен әйелі; ерлі-зайыпты» (сөзбе-сөз «шаштары өрілген жұбайлар»)

落汤鸡 «үсті басы су болу; малмандай су болу» (сөзбе-сөз «көжеге түсіп кеткен тауық»)

甩手掌柜 «қызметін, жұмысын тастау; бақылаусыз қалдыру» (сөзбе-сөз «барлығына қол сермеген қожайын») [3].

Етістікті қалыптасқан сөздер саны жағынан ең көп және кең таралған фразеологизмдер тобы. Бұл топтағы қалыптасқан сөздер, негізінен екі үш компонентті етістікті- объектілі тіркестер болып табылады. Мысалы: 丢脸 «масқара болу» (сөзбе-сөз «бетін жоғалту»).

穿线 «айттыру; таныстыру» (сөзбе –сөз «жіп тарту»).

打炮 «үлкен жетістікке жету; жақсы әсер қалдыру» (сөзбе-сөз «зенбірек ату»).

放羊 «еркіндікке жіберу; бостандық беру» (сөзбе –сөз «қойларды жіберу»)

扣帽子 «ат қойып, айдар тағу; жала жабу» (сөзбе-сөз «қалпақ тағып алу») [3].

Бұл мысалдардан көретініміз, құрылысы жағынан қалыптасқан сөздер сөзбен тең емес, бірақ сөйлемдегі қызметі бойынша теңдесе алады, яғни тілде қалыптасқан сөздер сөз сияқты жеке дара сөйлем мүшесі ретінде қызмет атқарады.

Фразеологиялық бірлік ретінде қалыптасқан сөздердің негізгі ерекшелігі мағынасының біртұтастығы. Фразеологизмдердің мағынасының біртұтастығы оның компоненттерінің номинативті қызметін жоғалтып, лексикалық мағынасының әлсіреуі нәтижесінде пайда болады. Олар ауыспалы мағына негізінде туындайды және осы ауыспалы мағына оның шын болмысын құрайды.

Көптеген қытай зерттеушілерінің фразеологияға қатысты еңбектерінде әдетте, қалыптасқан сөздердің мағынасын оны құрайтын компоненттердің мағыналарының қосындысынан шығаруға болмайды деп көрсетеді. Алайда, қалыптасқан сөздер компоненттерінің мағына тұтастығының дәрежесі өте кең көлемде құбылып отырады.

Әдебиеттер

- 1 马国凡，高歌东。惯用语。— 2 版。— 呼和浩特；内蒙古人民出版社，1998年版112 -114 б.
- 2 李树辉。汉语文化要略。— 乌鲁木齐；新疆教育出版社，2002 年，98-103 б.
- 3 Ханзуша-Қазақша сөздік. — Синзяң Халық баспасы.1987, 88-95 б.

References

- 1 Ma Guofan, Gao Gedong. Guan Yongyu. — 2 ban. — Huhehaote; neimenggu renmin chubanshe, 1998 nianban. 112 -114 pages
- 2 Li shuyun. Hanyu wenhua yaolue. — Wulumuqi; Xinjiang jiaoyu chubanshe, 2002 nian, 98-103 112 -114 pages
- 3 Hanzusha-Khazaksha sozdik. — Xinjiang Halyk basapasy. 1987, 88-95 b.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Қойбақова А.С.
**Қытай тіліндегі омонимдердің
ерекшелігі**

Қытай тіліндегі омоним сөздер сөз байлығының құнарлы бір саласы болуымен қатар, бұл халықтың ұлттық таным-түсінігін, болмысын да танытатындығынан, әрі омоним сөздердің қисынын келтіріп, реңкін айқын ажыратып, тап басып, орнымен үйлестіріп, жұмсай білгенде ғана, ол сөз қорының асыл қазынасы бола алады.

Бұл мақалада омонимдердің қытай тілінде барынша көп және екі буынды омонимдарға қарағанда, бір буынды омонимдер саны басымырақ екеніне, алуан түрлілігі айтылады. Сонымен қатар омонимдердің үш түріне жеке-жеке тоқталып, мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: омоним, лексика, иероглиф, грамматика, ауызекі тіл, әдеби тіл.

Koybakova A.
**The features of homonyms in
chinese language**

Homonym words in Chinese language are significant parts of speech, they are reflection of national view and being. Only knowly differences in homonym words well and putting them correctly can make them treasure of speech.

In this article said about the diversity of homonym words and that one syllable words are than many syllable and two syllable words. Also, showed three types of homonym words and examples are given.

Key words: homonym, vocabulary, hieroglyph, grammar, oral speech, literature speech.

Койбакова А.С.
**Особенности омонимов
в китайском языке**

Будучи значимой частью речи, омонимы представляют национальное самосознание и бытие, придают оттенки значения, поэтому только при умении правильно использовать и различать омонимы, они могут быть украшением речи.

В данной статье указывается на то, что в китайском языке омонимов, состоящих из одного слога больше, чем состоящих из двух слогов и многосложных, а также об их разновидностях. Наряду с этим, разбирается каждый из трех видов омонимов, приводятся примеры.

Ключевые слова: омоним, лексика, иероглиф, грамматика, устная речь, литературная речь.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ОМОНИМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тілдегі омонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Тілдің бай да орамдылығы, оның сөздік құрамының қандай дәрежеде дамып жетілгені көп ретте омоним сөздер арқылы көрініс табады. Қай тілдің болса да, көне заманнан бергі даму тарихы, лексикалық, грамматикалық жағынан жетіле түсуі оның сөздік құрамындағы омонимдік қатардың молайып, толығып отыруымен де ерекшеленеді. Міне, бұл айтылғандардың барлығы да омонимдердің тілдегі атқаратын қызметінің орасан зор екендігін көрсетеді.

Қытай тілі дүниедегі ең ерте кезден бастап, дамыған тілдер қатарына жатады. Оның осындай бай тіл дәрежесіне көтерілуі әрине құрамына кіретін омоним сөздердің санының ерекше көптігінен нақтылы көрінеді. Бұған қарап, омоним сөздер тек қытай тілінде ғана соншама көп, басқа ұлт тілдерінде аз деп қарауға болмайды. Әрбір ұлттың өзінің өмір сүрген ортасына, әдет-салтына, сенім-нанымына, тілдік ерекшелігіне байланысты олардың өздеріне меншікті омоним сөздері де әртүрлі болады.

Қазіргі уақытта, қытай тілінің дамуына, оның өзекті мәселелеріне мемлекет деңгейінде жете мән беріліп отыр. Десек те, тіл үнемі бір орында тұрмағандықтан, үнемі даму, өзгеру үстінде болады. Тілдің негізі болып табылатын бір-бірімен тығыз байланысты екі нәрсе бар. Бірі – тілдің сөздік құрамы, екіншісі, оның грамматикалық құрылысы. Әлем тілдерінің арасында өзіндік орны мен өзіндік тарихы бар, қытай тілінің лексикасы да өзге тілдермен салыстыра қарағанда, өзіндік ұқсастықтар мен ерекшеліктерге ие.

Қытай тілі – ең омонимі көп тілдердің бірі. Әртүрлі жасалған есептеулерде омонимдердің саны лексиканың 10-16 пайызын құрай алатыны белгілі. Қытай тілінде омонимия бір буынды сөздермен қатар, екі буынды сөздер арасында да қолданылады және де бір буынды омонимдер анағұрлым көп [1].

Әрине, қытай тілінің өзге тілдерге ұқсамайтын, көптеген ерекшеліктері бар екендігін тіл ғалымдары ерте байқаған. Бұл жерде, ең алдымен, қытай тілі тек өзіне ғана тән фонетикалық және морфологиялық қасиеттерімен дараланатындығын, сонымен қатар көптеген грамматикалық өзгешеліктері де бар екенін, онда сөйлем мүшелерінің саны қазақ тіліндегідей бесеу емес,

алтау болып келетіндігін, септік, жіктік, тәуелдік жалғауларының болмайтындығын баса айтқан жөн. Бұлардың сыртында қытай тілінің көне және жаңа тіл, 7500-ден артық иероглифтің күрделі иероглиф және қарапайым иероглиф болып екі түрде бейнеленіп келгендігін, әсіресе, дыбыстардың тек иероглифпен ғана таңбаланып жазылатындығын, олардың арасында қазақ тіліндегі сияқты үндестік заңы, дыбыс және буын үндестігі, ілгерінді-кейінді ықпал дегендердің мүлде болмайтындығын ескеретін болсақ, онда қытай тілінің омонимдеріне қатысты да алуан түрлі айырмашылықтар болады.

Қытай тілінде омонимдер (同音词) деп, айтылуы жағынан, кейде жазылуы жағынан ұқсас, тондары бірдей, бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді айтады. 声母韵母和声调都相同的词是同音词 [1].

Мысалы: «密封» [mifeng] – «тығыз жабылған» және «蜜蜂» [mifeng] – «бал, әсел»

«目的» [mudi] – «мақсат» және «墓地» [mudi] – «қабір»

«占有» [zhanyou] – «игеру, иелену» және «战友» [zhanyou] «әскери жолдас»

«著名» [zhuming] – «атақты, әйгілі» және «注明» [zhuming] – «түсіндіру, баяндау»

«就是» [jiushi] – «дәл солай» және «旧式» [jiushi] – «ескі түр»

«规格» [guige] – «үлгі, форма» және «闺阁» [guige] – «әйелдер орны»

«皮» [pi] – «тері» және «疲» [pi] – «шаршау, қалжырау»

«分» [fen] – «бөлу» және «纷» [fen] – «аралас, хаос»

«矿» [kuang] – «кен, шахта» және «矿» [kuang] – «қорған»

«幼» [you] – «балалық» және «佑» [you] – «қорғау, қолдау»

«迅» [xun] – «асығу» және «逊» [xun] – «бас тарту, баз кешу»

«流» [liu] – «ағу, ағыс» және «旒» [liu] – «шашак» [2].

Қытай тілінде омонимдер бір буынды және екі буынды болып келеді. Бір буынды омонимдер аты айтып тұрғандай, бір ғана сөзден, яғни бір ғана иероглифтан тұрады. Мысалы: 提 [ti] ұстау, көтеру; 题 [ti] мәселе, сұрақ, тапсырма; 蹄 [ti] тұяқ; 亲 [qin] жақын, туған; 侵 [qin] шабуылдау; 扑 [pu] тап беру, ұру; 仆 [pu] құл, күң; 铺 [pu] төсеу, жаю; 莫 [mo] жоқ; 陌 [mo] жол; бөтен, бейтаныс; 默 [mo] үнсіз; 流 [liu] ағыс, ағу; 琉 [liu] черепица; 榴 [liu] үйенкі ағашы; 客 [ke] қонақ; 刻 [ke] кесу, бөлу; 克 [ke] жеңу, алу; грамм; 课 [ke] сабақ, бөлімше;

Қытай тілінде омонимдер бір буынды сөздермен қатар екі буынды сөздерге де тән, бірақ бір буыннан тұратын омонимдер әлдеқайда көп. Әдетте екі буынды омонимдер сөзжасам процесі кезінде жасалады. Бір буынды омонимдер басым болғандықтан, бұндай сөздердің қосылуы да жиі болады. Нәтижесінде көп буынды омонимдер пайда болады.

Екі буыннан тұратын 预言 yuyan «болжам» және 寓言 yuyan «аллегория» деген омоним сөздердің алғашқы буыны 预 yu «алдын-ала» деген және 寓 yu «аллегория» деген бір буыннан тұратын компоненттен тұрса, екінші бөлігі екеуінде де 言 yan «тіл» деген бір компоненттен құралған. Мысалы:

行事 [xingshi] іс жүргізу; 形式 [xingshi] форма, түр, сырт бейнесі; 刑事 [xingshi] қылмыстық іс; 形势 [xingshi] рельеф, ландшафт; 寿命 [shouming] өмір жас ұзақтығы; 受命 [shouming] бұйрық бойынша; 冷汗 [lenghan] суық тер; 冷焊 [lenghan] суық дәнекерлеу; 家境 [jiajing] отбасының материалдық жағдайы, 佳境 [jiajing] ғажайып көрініс; жақсы мүмкіндік; 会议 [huiyi] жиналыс, кеңес; 会意 [huiyi] идеограмма; 事物 [shiwu] зат, нәрсе; 事务 [shiwu] шаруа; 红运 [hongyun] бақыт, табыс; 红晕 [hongyun] бет қызылы; 抱腰 [baoyaoyao] белінен құшақтау; 抱要 [baoyaoyao] (контекске қарай аудару қажет); 变异 [bianyi] қалыптан ауытқу; 变易 [bianyi] өзгеру, өзгерту;

Келтірілген мысалдар бір буынды сөздер омонимдер көп буынды омонимдер негізін құрайтынын көрсетеді. Осылайша сөздердің екі нормаға ауысуы омонимдерді толық ығыстырып шығара алмады, бірақ едәуір қысқартты.

Мысалы, бір буынды 事 shi «іс, тірлік, шаруа» сөзіне қытай тілінде 19 омоним сәйкес келеді, ал екі буынды 事情 «shiqing» сөзіне омоним жоқ.

Shi

1. 士 1. 士人 2. 军人 3. 对人的美称 4. 指某些技术人
2. 氏 1. 姓 2. 对名人专家称呼
3. 示 1. 把事物摆出来或指出来使人知道
4. 世 1. 人的一辈子 2. 一代又一代 3. 时代 4. 时会
5. 仕 1. 旧指做官 2. 姓 [4]

Ал, «富人» және «夫人», «自产» және «资产» сөздерінің айтылуы бірдей болғанмен, тондары бірдей емес, сондықтан омоним бола алмайды. Сонымен қатар «东西 dongxi» тіркесіндегі «东西» (dongxi) және «买东西» тіркесіндегі «东西» (dongxi) сөздеріндегі «西» тондары әртүрлі болғандықтан, омоним бола алмайды. Сол сияқты «文章的大意» тіркесіндегі «大意» (dayi) мен «你太大意了» сөйлеміндегі «大意» (dayi) «意» сөзінің біреуі бірінші тон, екіншісі

жеңіл тон болғандықтан, омоним бола алмайды. Қазіргі заманғы қытай тілінде омонимдер саны шамамен 5500-ден асады [4].

Ауызекі тілге немесе әдеби тілге қатысты омонимдердің үш түрін атап көрсетуге болады. Бұл қытай тілінің иероглификалық жазуына байланысты болғандықтан, өте маңызды.

Бірінші түрі. Бұл түрде сөздер айтылуы және жазылуы жағынан сәйкес келеді. Бұл жағдайда бір иероглиф айтылуы ұқсас әртүрлі мағынадағы сөздерді береді. Оларды 同音同形词 «tong yintongxingci» дейді. 词сі деген сөздің «сөз» деген мағынасы бар және 词сі «әдеби форма» дегенде мағынасы бар. Мысалы:

1. 风化 [fenghua]

风化风俗教化. Бағыттау, тәрбиелеу

风化由于长期的风吹日晒, 雨水冲刷, 生物的破坏等作用, 地表面和组成地的各种石受到破坏或发生变化 [2]. Желдің әсерінен жарылу, бұзылу

2. 黑人 [heiren]

黑人黑色人种. Қара нәсілді адам

黑人没有户口的人 [2]. Үйі жоқ адам

3. 生气 [shengqi]

生气因为不合心意而不愉快. Ашулану, ренжу

生气生命力; 活力 [2]. Өмірге құштарлық

4. 生地 [shengdi]

生地药名. Дәрі атауы

生地从来种过的土地 [2] Егістік

5. 大方 [defang]

大方指专家学者; 内行人. Тұлға, зиялы адам

大方录查的一种 [3]. Көк шайдың бір түрі

6. 仪表 [yibiao]

仪表人的外表. Адамның келбеті, ажары

仪表测定的温度, 气压, 电量, 血压等的仪器 [3]. Құрал (қан қысымын, ауа қысымын өлшейтін)

7. 叫 [jiao]

叫人和动物的发音器官发生叫大的声音, 表示某种情绪, 感觉或欲望 [3]. Атау, шақыру, айқайлау

叫使; 命令. Бұйыру, жасату

8. 角 [jiao]

角鸟, 羊, 鹿等头上长的坚硬的东西. Мүйіз
角我国货币的辅助单位, 一角等于一圆的十分之一 [3]. Цзяо (ҚХР ақша бірлігі)

9. 抱 [bao]

抱用手臂为主. Құшақтау

抱~小鸟儿 [3]. Балапан басу

10. 井 [jing]

井能取水的深洞. Құдық

井形容整齐: ~然/~~有条 [3]. Жинақы

Тілдегі омонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Тілдің бай да орамдылығы, оның сөздік құрамының қандай дәрежеде дамып, жетілгені көп жағдайда омоним сөздер арқылы көрініс табады. Қай тілдің болса да, көне заманнан бергі даму тарихы, лексикалық, грамматикалық жағынан жетіле түсуі оның сөздік құрамындағы омонимдік қатардың молайып, толығып отыруымен де ерекшеленеді. Бұл айтылғандардың барлығы да омонимдердің тілдегі атқаратын қызметінің орасан зор екендігін көрсетеді. Қытай тіліндегі омоним сөздер сөз байлығының құнарлы бір саласы болуымен қатар, бұл халықтың ұлттық таным-түсінігін, болмысын танытатын, әрі омоним сөздердің қисынын келтіріп, реңін айқын ажыратып, тап басып, орнымен үйлестіріп, жұмсай білгенде ғана, ол сөз қорының асыл қазынасы бола алады.

Әдебиеттер

- 1 符淮青. 现代汉语词汇, 北京大学出版社. – 2005. – 67-70 页.
- 2 周祖谟. 汉语词汇讲话, 人民教育出版社. – 1959. – 110-112 页.
- 3 刘月华. 实用现代汉语语法, 外语教学与研究出版社. – 1983. – 94 页.
- 4 李树辉. 汉语文化要略, 新疆教育出版社. – 2002. – 55 页.

References

- 1 Fu Zhunqing. Xiandai Hanyu Cihui, Beijing daxue chubanshe. – 2005. – 67-70 pp.
- 2 Zhou zumo. Hanyu cihui yufa, renmin jiaoyu chubanshe, 1959. – 110-112 pp.
- 3 Liu yue hua. Shiyonghanyu yufa, Waiyu jiaoyu yu yanjiu chubanshe, 1983. – 94 p.
- 4 Li shuyun. Hanyu wenhua yaolue. – Wulumuqi; Xinjiang jiaoyu chubanshe. – 2002. – 55 p.

Қортабаева Г., Қалиев А.

**Түркі халықтарындағы Алдар
көсе бейнесі: салыстырмалы-
тарихи зерттеу**

Мақаланың мақсаты – қазақ және түркі халықтарының Алдар көсе бейнесіне салыстырмалы зерттеу жасау болып табылады. Зерттеудің нәтижесінде қазақ және түркілік этностардың фольклор жүйесінің ұқсас екендігі анықталды. Тарихи-мәдени, және тұрмыстық жағдайлардың ұқсастығы халықтың менталитетінде, әдебиеті, фолькору және дүниеге көзқарасында ізі қалдыратынын дәлелдейді.

Түйін сөздер: аңыз, юморлық бейне, фольклор, салыстырмалы зерттеу.

Kortabaeva G., Kaliev A.

**Comparative historical analysis:
the image of Aldar Kose in the
Turkic peoples**

Purpose of the article – to conduct a comparative historical analysis of Kazakh and Turkic images on the example of legends about Aldar-Kose. Research shows that Kazakh and Turkic ethnic groups have a similar system of folklore. Similar historical, cultural and social conditions contribute to the formation of national identity features in the literary, folk and philosophical outlook characterizes the ethnic group.

Key words: legend, humorous way, folklore, comparative study.

Қортабаева Г., Қалиев А.

**Сравнительно-исторический
анализ: образ Алдар-Косе
в тюркских народах**

Цель статьи – провести сравнительно-исторический анализ казахских и тюркских образцов на примере легенд об Алдаре-Косе. Исследования доказывают, что казахский и тюркский этносы обладают схожей системой фольклора. Схожие исторические, культурные и бытовые условия способствуют формированию своеобразия национальных особенностей в литературной, фольклорной и философской, характеризующей мировоззрение этноса.

Ключевые слова: легенда, юмористический образ, фольклор, сравнительное исследование.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫН- ДАҒЫ АЛДАР КӨСЕ БЕЙНЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ- ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері сын-сықаққа, әзіл-қал-жыңға толы десек, асыра айтқандық емес. Ауыз әдебиеті үлгілерінде, ертегілерде, аңыз-әңгімелерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақ-жаңылтпаштар құрамында кездесетін күлкілі аттар, бата, қанатты сөздердің, тұрақты тіркестердің құрамында ұшырасатын мифтік бейнелер, ел аузындағы есімдер, ойдан шығарылған аттар, тарихи тұлғалар. Қазақтың күлкі атасы Алдар көсенің қулығы, қазақы қалжыңдары, іс-әрекеті ел арасына кең таралғаны сонша, қазақ лингвомәдени социумінде стереотипті кейіпкер ретінде қолданылады [1, 31].

Алдар – ең көне, ертеден келе жатқан күлкілі юморлық бейне. Алдар аталуының уәжі, себебі көп. Алдар айналасындағы күлкі екі жағдайдан көрінеді: бірі персонаждың кейпінде, бетіне маса тайып жығылатын жылмағай, жалтыр иекті жылпостың *көсе* атануы болса, екіншісі *Менің атым Алдар* деп айғайлап тұр, өйткені сөздің түбірінде етістік «алдау» бар. Халық жек көрген адамдарынан Алдар аты арқылы өшін алған, «Алдар қу, Алдардың арбамайтыны, жалмамайтыны» жоқ деген сөз ел аузында мәтелге айналып кеткен. Оның себебін академик Мұхтар Әуезов былай түсіндіреді: «Алдар аты – күлкі аты, күлкіге өлім жоқ. Күлкі – өлмес елдің өшпес күші» [2, 32-33].

Академик Әлкей Марғұлан да Алдар көсе бейнесі туралы өз зерттеулерінде айтып кеткен: «...такие легендарные образы, как «Коркуд» и «Алпамыш», «Алдар-Косе» ярче всего сохранились в степях Казахстана».

Белгілі ғалым Б.Адамбаевтың пікірі де жоғарыда айтылған пікірді құптайды: «...Алдар көсе негізінде қазаққа тән кейіпкер» [3, 108].

Енді түркі халықтарына келетін болсақ, ғалым Қуанышбек Кенжалин өзбек әдебиетінде «*Бой билен қуса*» (Бай мен көсе) атты ертегі сюжеті түрікмендерде «*Дехкон билан қуса*» (Диқан мен көсе), сондай-ақ ирандарда «*Елгончи*» (Өтірікші) аттарымен мәлім екендігін өз зерттеуінде көрсеткен. Әрқайсысының өзі әртүрлі жағдай мен мазмұнды білдіреді; кейде диуана түрінде әңгімеленгенде, мейірімді ұлы данышпан, мінсіз қаһарман сипатында берілсе; кейде залым, сехргар – жағымсыз образ түрінде әрекет қылады. Сол себепті, қаһарман «*Алдар қуса*» емес, «*Елгончи*» немесе «*Куса*» деп жүргізіледі.

Шығыс ертегілеріне бұл кейіпкердің шынайы аты ауызға алынбайды.

Зерттеуші ғалымдар Алдар көсенің өзбек, қырғыз, қарақалпақ, моңғол, татар, дағыстан ертегілерінде мол сақталғанын айтады. Бұлардың барлығында Алдар көсе халық өкілі ретінде белсене араласып жүреді. Алдар көсенің аты көбінесе ертегілерде көрінеді. Оның тарихи-этногенездік белгісінен гөрі анекдоттық, күлдіргі сипаты басым. Алдар көсенің өз туысы, өмірбаяны туралы ешбір дерек жоқ. Өйткені, Қазан төңкерісіне дейінгі тапқа бөлінген, рушылдық, феодалдық қоғамды алсақ, соның қай дәуірі, қай кезі болсын, барлығына да Алдар көсе әңгімелері, оқиға тақырыптары қона кетеді. Алдар көсе әңгімелерінің шындығын сол заманның қайсысынан да болса табуға болады.

Алайда, осы күнге дейін кейбір ғалымдар Алдар көсе туралы деректерді аңыз-әңгімелерден іздейді. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде Алдардың дүниеге келуі жайлы аңыз-әңгімелер көп кездеседі. *«Қазақ ертегілері»* жинағының үшінші томында *«Алдардың тууы»* атты аңыз-ертегіде Алдардың әкесі Алдан деген момын адам болған екен деседі.

«Алдардың әкесі Алдан момын адам болыпты. Оның өмір бойы кәсібі қой бағу екен. Баққан қойы байдікі болған. Бай Алданды жалдағанда: «Асты жатып ішесің... Бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің», – деп алдайды. Алдан малын жылдап бағып, ақысын сұрағанда, «есің кетсе ешкі жи» деген деп жалғыз ешкі жетектетеді. Алдан ақысын даулап, алдына барса, оны хан да алдайды, «шаригат солай» деп қазы да алдайды. Басы ауырып барса, баксы да алдайды. Базарға барса, саудагер де алдайды. «Көзіңді жұмсаң керемет көресің», – деп ұры да алдайды. Сөйтіп, Алдан ешкімнен әділдік, теңдік таппай зарығып, торығып жүргенде, Алдар туады. Алдарды әлдилеп отырып әкесі:

Алдаушы арсыз көбейіп,
Ардан тойдым, қарағым.
Әділеттік таба алмай,
Заңнан тойдым, қарағым.
Арсыз заман-азаптап,
Жаннан тойдым, қарағым.
Арашашы болсын деп,
Алдар қойдым, қарағым... –

деп жауыздықтан көрген қорлығын, ызасын баласының бойына ана сүтімен, бесік жырымен бірге сіңіреді. Алдар есі кіріп, тілі шығысымен-ақ әкесіне:

– Ержетейін, ел аралайын. Алдаушылармен арбасып көрейін! – деп уәде береді.

«Алдар атануы» дейтін екінші бір аңызда «Баяғыда хан Жәнібек тұсында Қожыр деген бір шал болыпты, шалдың үш баласы болыпты», – деп басталатын аңызда шал:

– *Кәні, қайсың қандай кәсіппен мен асырайсыңдар?* – дейді балаларына.

– *Ей, ата, мен алдасам,*

Жын болса, арбасам.

Жұрт істейтін кәсіп көп,

Алдауды бер қаласам, – дейді сонда кенжесі.

– *Кенжем, сенің қалағаның алдау болса... бұл бір өзгеше кәсіп екен. Сенің де алдыңнан жарылқасын, Алдар бол!* – деп қолын жайып, батасын береді [4, 434-435].

Алдар көсенің туған, өлген уақыты жөнінде ауызша да, жазбаша да дерек жоқ. Тек қана өмір сүрген ортасын, дәуірін жорамалдайтын жанама мәліметтер ұшырасады.

Өзбек ауыз әдебиетінде *«Алдар қуса хикояси»* атты кітап, 1911-1912 жылдары Бұқарада жарық көрді [5]. Осы кітапта Алдар көсе жайлы дерек бар: «1691 жылы Самарқанд өлкесінде Жәнібек заманында ... Рамадан елінде Шумрай атты кісінің отбасында Құрай есімді бала дүниеге келеді. Құрай ер жетіп, әйел алады. Зали есімді ұлы дүниеге келеді. Баланың айлакерлігіне барша жұрт таңғалады. Сол уақытта Жиренше шешен атты бір данышпан өмір сүріпті. Ол әрбір сөзі үшін ханнан мың теңге алатын еді. Оның сөзі бір кітап болатын. Бір күні Жиренше ақшаларын қоржынына салып, атқа мініп, кетіп бара жатады. Жолда кездейсоқ ол Құрайдың баласына жолығады. Екеуі сөйлесіп, ақырында Жиренше, шешен бола тұра, баланың сөзіне жауап таба алмай, жарылып өледі. Осылайша, Жиреншенің аты мен барлық ақшасы балаға қалады. Кейіннен оның аты даңққа айналып, бүкіл әлемге тарайды. Ер жетіп, отызға келсе де, бетінде түгі жоқ, иегі шаштараздардың қайрағынан да тегіс болатын, бетіне шыбын қонса, аяғы тайып, тұра алмайтындай еді. Осылайша, ол ел арасында Алдар көсе атанады» деген пікір қазақ халқының тарихында өмір сүрген Жәнібек ханның заманына тура келеді.

Осы аңызға қарап, Алдар көсе бейнесінің өзбек және қазақ халықтарының фольклорында ортақ кейіпкер екендігіне көз жеткізуге болады.

Алдар көсе тарихта болған, өмір сүрген Жәнібек хан, Майқы, Төле бидің атына байланысты деректерде кездесетіндігін айтатын ғалымдар да болған. Б.Адамбаев: «Тарихи адамдар қазақтың аңыз-әңгімелерінің екінші бөлегі XIV-XVI ғасырларда өмір сүрген Асанқайғы, Алдар

көсе және Жиренше шешен төңірегіне топталған», – дей отырып, Алдар көсені XIV-XVI ғасырларда өмір сүрген деп көрсетеді [3, 102]. Ғалым: «...Шағатай нәсілінен шыққан Алаша ханды Жошы нәсілінен шыққан Шайбақ деген хан соғысып, Ортатөбеде өлтіріп, қазақ хандығын өзіне қосып алады. Кейін Жәнібек, Керей бастаған қазақ хандығы осының орнына құрылады. Демек, Алаша хан мен Жәнібек арасында мирастық, жалғастық бар. Нақтылы туған, өлген уақыттары мәлім болмағанымен, Алдар көсе ... Алаша мен Жәнібек хандардың тұсында өмір сүрген тарихи адамдар деуге негіз бар», – деп, сөзін жалғастырады [3, 113].

Ертегі жанрын зерттеген өзбек ғалымы Комил Имомов: «Көсе атымен атақты болған осы бір ертегі кейіпкерінің тарихи тұлға немесе ойдан шыққан әдеби образ екендігін анықтап, оның ортаға шыққан жерін табу өте қиын», – деген пікірі арқылы Алдар көсенің өмірде болған кісі ма яки халық өзі ойлап шығарған кейіпкер ме? – деп сұрақ қояды [6, 78].

Түрікменстандық фольклорист М.А. Сакали мен ұйғыр әдебиеттанушысы М. Хамраев, Алдар көсе образын жағымды кейіпкер сипатында қолға алып: «Ол әрқашан халық тарапына шығып, зұлымдық пен зорлықты әшкерелеген», – деп бағалаған болатын [7, 56].

Қырғыз ауыз әдебиетінде де Алдар көсе атымен аталатын аңыз-әңгімелер бар [8]. Қырғыз халық поэзиясында кездесетін Алдар көсе бейнесі зерттелмеген тақырып деуге болады. Алдар көсенің шыққан тегі туралы «Прodelки Алдар көсе» [8, 57] атты аңызда Алдардың бала күнгі есімі Шағатай екен, алдамшы және сақал-мұрт-

сыз болғандықтан, жұрт кейін Алдар көсе деп кеткен дейді: «Скоро люди увидели, что Чагатай – ловкий обманщик. Но обманывал он всегда только богатых и скупых баев, злых и жестоких ханов. У бедных он не брал ни гроша, раздoвал и то что добывал. Любил он подшутить над богачами, проделкам его не было конца. И всегда так изловчался, что смеялись все. Стал Чагатай джигитом, но вот беда: не было у него ни бороды, ни усов. И стали называть его «Алдар косе», что значило «безбороды хитрец.»

Қазақ арасында туып өскен Алдар көсе бейнесі туысқан өзбек, түрікмен ауыз әдебиеті арқылы ертегідегі Жібек жолымен тілі бөлек, Иран мемлекетіндегі парсы тіліне қосылатын халықтар ауыз әдебиетіне «Алдар», «Көсе», кейде «Аяр», «Шум бала» (Тентек бала) атымен жетіп барғанын көруге болады. Мысалы, «Персидские сказки» де Алдар мен Көсенің аты бір қолданбай, жеке-жеке кейіпкер есебінде аталынатынын көреміз.

Қорытындылай келгенде, Алдар да, Көсе де, Аяр, Ку бала да өзінше түрлі-түрлі мазмұн мен пішінді бейнелейді. Бірде өмірден безіп дуана, дервиш пішінінде, кейде ақылды, данышпан, мәртебелі ұлы адам бейнесінде көрінсе, «Қырық көсе» аңызында сиқырлы, залым кісі, жағымсыз кейіпкер бейнесінде беріледі. Демек, Алдар жинақталған, апеллятивтенген кейіпкерге айналып кеткен. Алдардың аты башқұрт, татар, қырғыз, ноғай, т.б түркі тілдеріне кең тараған. Бір қызығы, удмурд ертегілерінде *Алдар Иван*, *Алдар ағай*, *Иван Алдаров* дейтін персонаждар бар. Ал түрік фольклорында Алдар көсе бейнесі жоқ.

Әдебиеттер

- 1 Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономастикасы: поэтонимдердің этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 2013.
- 2 Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
- 3 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1976.
- 4 Қазақ ертегілері. III том. – Алматы, 1964.
- 5 Алдар куса хикояси. – Тошкент, 1911-1912.
- 6 Имомов К. Узбек сатирик эртаклари. – Тошкент, 1974.
- 7 Хамраев М. Уйгурские юморески. – Алма-Ата, 1969.
- 8 Киргизские сказки. – М., 1968.

References

- 1 Kortabaeva G.K. Kazakh onomastikasy: poetonomider etnolingvistika sipaty. – Almaty, 2013.
- 2 Auezov M.O. Er zhyldar oylary. – Almaty, 1959.
- 3 Adambaev B. Halyk danalygy. – Almaty, 1976.
- 4 Kazakh ertegileri. III tom. – Almaty, 1964.
- 5 Aldar Kusa hikoyasi. – Tashkent, 1911-1912.
- 6 K. Imomov Uzbek satirical ertaklari. – Tashkent, 1974.
- 7 Khamraev M. Uighur humorous pieces. – Alma-Ata, 1969.
- 8 Kyrgyz tales. – M., 1968.

Қыдыр Т.
**Мұхаммед пайғамбардың
көркем бейнесінің әдебиетте
жырлану ерекшеліктері**

Мақалада Мұхаммед пайғамбардың көркем бейнесінің әдебиетте жырлану ерекшеліктері туралы сөз болады. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінен мысалдар келтіріліп, әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктері кеңінен талданады.

Түйін сөздер: дін, пайғамбар, образ, сюжет, мәтін, әдебиет, қолжазба, жазба ескерткіш, автор.

Kydyr T.
**Features of an art image of the
prophet mahomed
in turkic writing**

The article discusses the features of the art image of the Prophet Mohammed in the literature. Provides examples from medieval written literature and analyzes the genre features artwork

Key words: religion, prophet, character, story, text, literature, literature Monuments, author.

Қыдыр Т.
**Особенности художественного
образа пророка Мухаммеда
в тюркской письменности**

В статье рассматриваются особенности художественного образа пророка Мухаммеда в литературе. Приводятся примеры из средневековой письменной литературы и анализируются жанровые особенности художественного произведения.

Ключевые слова: религия, пророк, образ, сюжет, текст, литература, письменные памятники, автор.

**МҰХАММЕД
ПАЙҒАМБАРДЫҢ
КӨРКЕМ БЕЙНЕСІНІҢ
ӘДЕБИЕТТЕ ЖЫРЛАНУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ардақты тұлғасы мен көркем мінезін, ерекше қасиеттері мен пайғамбарлық мұғжизасын насихаттау мұсылман шайырларының басты назарында тұрды. Исламның алғашқы жылдарында араб тілінде жазылған мадақ жырлар бергін келе Ислам дінінің таралу аймағының кеңеюімен ахам (арабтан өзге халықтар) халықтарының тілдерінде де көрініс тапты. Әсіресе, парсы мен түркіден шыққан шайырлар Алла елшісінің асыл қасиеттерін асқақтата жырлап, мұсылман үмбетінің жүрегінде пайғамбарға деген сүйіспеншілікті оята білді. «Он сегіз мың ғаламға басшы болған Мұхаммед, Отыз үш мың асхабқа көсем болған Мұхаммед» деп жырлаған Ахмет Иасауи қыпшақ даласында пайғамбарды мадақтаған алғашқы ақындардың бірі болды. Осылайша, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) асыл қасиеттерін өлең сөзбен өрнектеу – түркі жазба әдебиетіндегі басты тақырыптардың біріне айналды. Иасауи секілді шайырлар пайғамбарды мадақтап, арнайы даналық сөз жазса, кейбір ақындар өз шығармаларында Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып өтуді өздеріне міндет санады. Содан орта ғасырларлық ақындарда әуелі Алланың барлығы мен бірлігін айтып ұлықтау, кейін пайғамбардың ерекше сипаттарын айтып мадақтау, шығарманың жазылу себебін ашып көрсету, содан соң ғана негізгі бөлімге кірісетін дәстүр қалыптасты. Ислам өркениетінің аясында дүниеге келген діни-сопылық, діни-танымдық шығармаларды айтпағанның өзінде, ғашықтық һәм дидактикалық туындыларда да бұл дәстүр қатаң сақталды. Яғни, шығарманың бас жағында пайғамбарға мадақ айту – орта ғасырлық әдеби ескерткіштердің негізгі құрылымдарынан саналды. Ақындар өз туындыларындағы Алланы ұлықтаған жерді «Сәна» (яғни, ұлықтау, мадақтау) деп атаса, ал пайғамбарға мадақ айтылған жер «Нәғт» деген атпен белгілі болды. Нәғт – сөздікте біреуді мақтау, мадақтау деген мағына бергенімен де, көркем шығармада тек пайғамбардың тұлғасына ғана қарата қолданылды. Мысалы, «Құтты білікте» Жүсіп Баласағұн:

Рахымды ием пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың.

Ол – Алланың жаршысы, ерім, білгейсің,
Сен содан соң тура жолға кіргейсің [1, 67].

деп Алла елшісін асқақтата жырласа, Ахмет Жүйнеки «Ақиқат сыйында» Мұхаммедке (с.ғ.с.) былайша салауат жолдады:

Оны мадақтап, тәтті етемін бұл тілді,
Оның мадағы шекер татырар ұртымды.
Бүгін жетсін, менен салауат сан көркем,
Жаратушым менің, қамымды жесін таңертең [2, 7].

Көркем шығармалардағы Алла елшісінің асыл қасиеттерінің кейбірін бірнеше бәйіт көлемінде айтып өту – нағт деп аталса, пайғамбардың өнегелі өмір жолын тұтас қамтыған туындылар – Сияр (жол, әдіс, тұлға, келбет) деген атпен жазылды. «**Сирәтун-нәби**» («Пайғамбар жолы»), «**Сиәри нәбәуи**» («Пайғамбарлық жол»), «**Сияр шәріп**» («Қасиетті жол») деген атпен танымал болған мұндай шығармалар мұсылмандар арасында кеңінен сұранысқа ие болған. Себебі, Алла елшісінің өнегелі өмір жолын оқып-үйрену – тек сауап қана емес, сонымен бірге мұсылмандар үшін мәнді де, мағыналы өмір сүрудің негізі. Хронологиялық тәртіппен, жүйелі түрде баяндалған мұндай туындылар: Алла елшісінің туылуы, пайғамбарлықтың келуі, Меккеден Мединеге hijрет етуі, Миғражға көтерілуі және дүниеден өтуі секілді негізгі бөлімдерден тұрады. Сияр шығармалар қара сөзбен (проза) де, өлең сөзбен (поэзия) де жазылды.

Түркі жазба тілінде пайғамбар өмір жолын тұтас қамтыған алғашқы шығарма Алтын Орда тұсында дүниеге келді. Араб тарихшысы Әбулхасан ибн Хишамның «Сияри нәбәуи» деген еңбегі 1388 жылы Мұстафа ибн Жүсіп тарапынан көркем тәржімаланып, сол заман билеушісі Барқұққа сыйға тартылды. Содан XX ғасырдың басында Шәді Жәңгірұлы «Сияр шәріп» дейтін шығарма жазып, әдеби дәстүрді қайта жалғады.

Сираның халыққа мәлім көп сырлары,
Төменде білдіремін айтып оны.
Осындай ұлық іске қол ұрды деп,
Артымнан қылмаңыздар өсек мені.
Себебі кітап болған хикаяның,
Әртүрлі сөз айтады ішінде оның.
Расулдың туылғанынан өлгенінше,
Сирадай зікір айламас тамам бәрін, [3, 282] -

деп жырлаған ақын, пайғамбардың ғибратқа тола ғұмырын өлең сөзбен өрнектеп шықты. Бұл шығарма қадими услубпен жазылғандықтан да, барша түркі мұсылман жұртына белгілі болды.

Әдетте, ақын не жазушы өзінің қиялындағы «ұлы» кейіпкерін жасау мақсатында оның өмірінің кейбір сәттерін бұрмалап, тым әсірелеп жататын тұстары да болады. Алайда, пайғамбардың өнегелі өмір жолын суреттеуде әдеби шығармалардың талабымен көркемдеуге, әсірелеуге рұқсат етілгенімен де, тарихи оқиғаларды бұрмалауға, артық-кем мәлімет қосуға, Алла елшісі айтпаған сөздерімен жалған диалог құрастыруға тиым салынған. Мұндай күнәлі істен аулақ болуы үшін сияр тақырыбына баратын жазушылар мына үш дерекке арқа сүйеген: Қасиетті Құран, пайғамбар хадистері және ғалым-ғұламалардың зерттеулері. Сондықтан да ақындар көбінесе белгілі бір ғалымның сенімді еңбегін көркемдеп бергенді жөн көрген және шығарманың «Тәлиф-е сәбәб» яғни «Жазылу себебі» деген бөлімде қандай еңбектерге сүйеніп жазғанын ашып көрсетуге тырысқан. Мысалы, жоғарыда айтып өткен Шәді ақын «Бір кітап «Алты бармақ» қойған аты, Си-радан алынған-дүр асыл заты. Шығарып бұл кітапты одан айттым, Мұғтабар болғандықтан риуаяты», [3, ??] – деп, өзінің «Сияр шәріп» деген шығармасын қай деректер негізінде жазылғанын ашып айтқан.

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ғибратқа тола ғұмыры сияр тақырыбындағы шығармалардан бөлек, пайғамбарлар тарихынан сыр шертетін «Қиссаларда» да кеңінен баяндалған. Әдетте, «**Қиссасул-әнбия**» яғни «Пайғамбарлар қиссасы» деп аталатын прозалық һәм поэзиялық туындыларда Адам атадан бастап, Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі аралықта өмір сүрген жиырма бес пайғамбардың өмір тарихы беріледі. Адам ата, Нұх, Лұт, Ибраһим, Дәуіт, Сүлеймен, Мұса, Иса секілді Алла тарапынан өз қауымдарына жіберілген пайғамбарлар көшінің соңғы өкілі ретінде Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ғибратты ғұмыры да «Қиссалардың» қатарынан орын алған. Мысал ретінде XIV ғ. түркі тілінде жазылған Б. Рабғұзидың «Қиссасул-әнбия» (кейде «Қиссаси Рабғузи» деп те аталады) [4] атты туындысын ерекше атап өтуге болады.

Екі дүние сәруары болған Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмір жолы туралы шығарма жазу – шығармашыл адамнан терең діни біліммен қатар, тиянақтылық пен ыждағатты да қажет етері анық. Сондықтан да көптеген шайырлар Алла елшісінің өмірін бастан-аяқ баяндап шықпаса да, оның өмірінің ең әсерлі тұстарын әдемі суреттеп беруге тырысқан. Пайғамбардың ғибратқа тола ғұмырының ішіндегі сондай ең бір жарқын тұстарының бірі – Миғраж оқиғасы. Пайғамбардың пыраққа мініп, бір түннің ішінде жеті қат көкті шарлап шыққаны, Сидрәтул-

мунтаһада Жаратушымен дидарласқаны – Алла елшісінің негізгі мұғжизаларының бірі. Сол түні Исламдағы негізгі құлшылық амалдарынан саналатын бес уақыт намаз мұсылмандарға парыз болып бекітілген әрі Мұхаммедке (с.ғ.с.) о дүниеде өз үмбетіне шапағат ету хұқығы берілген. Сондықтан да бұл тақырыпқа көптеген шайырлар ат басын бұруға тырысқан. Тіпті пайғамбардың өнегелі өмір жолын бастан-аяқ жырлаған ақындар да, Миғраж оқиғасына жеткен уақытта, қайтадан «Тәсмие» айтып, («Бисмиллә», яғни Алланың атымен) жаңа жолдан бастап отырған.

Өлең сөзбен өрнектелген «Миғражнамалар», негізінен, үш композициядан тұрады:

Біріншісі, Исра. Алла елшісінің бір түннің ішінде пырақтың көмегімен Меккеден Мешіт Ақсаға баруы, онда екі ракағат намаз оқып, одан ары көкке қарай жол тартуы;

Екіншісі, Миғраж. Онда Мұхаммедтің (с.ғ.с.) көкке ұшуы, пайғамбарлар һәм періштелермен сұхбаттас болуы, Сидратул-мунтаһаға жетіп, Алла дидарын көруі;

Үшіншісі, Нузул, яғни, пайғамбардың жолда келе жатып, бірнеше оқиғаларды көруі, содан өз үйіне қайта келуі.

Осылайша, образдарының сан алуандығы және сюжеттерінің тартымдылығымен көркем шығармаға сұранып тұрған Миғраж оқиғасы шығыс мұсылман әдебиетінде кеңінен жырланды. Сондықтан да орта ғасырлық әдеби ескерткіштерді зерделеген ғалымдардың кейбірі «**Миғражнаманы**» діни әдебиеттің жеке бір жанры ретінде де қарастырған.

Түркі халықтарының ішінде бұл тақырыпқа алғаш барып, «Миғражнама» деген шығарма жазған Сүлеймен Бақырғани болатын. Ол XII ғасырда:

Құл Сүлеймен хош айтты,
Расул миғражын жайды,
Расул миғражын айтып,
Досына жәдігер қойды, йә, [5, 421] -
деп жырласа, XX ғасырда Мәшһүр Жүсіп:
Әуелі бисмиллада сөзім басы,
Тыйылмас булықса да көздің жасы.
Миғражын әнхазіретінің тамаша қып,
Сөйлеген акын Мәшһүр хикаясы,

деп, Миғраж оқиғасын қазақ даласында қайта жаңғыртты [6, 164].

Мұхаммед пайғамбардың басқа адамзат балаларынан басты айырмашылығы – пайғамбарлық қасиеті, өзіне тән ерекше сипаты мен көркем мінезі. Тумысынан ізгілік пен мейірімге жақын

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бойында сабырлылық, туралық, байсалдылық секілді көркем мінезге тән барша қасиеттер бар болатын. Өмірінде жалған сөйлеп көрмеген оны айнала-төңірегіндегілер пайғамбарлық келместен бұрын-ақ «Сенімді Мұхаммед» («Мухәммәдул-әмин») деп атап кеткен. Сондай-ақ, оның үстінде үнемі бір бұлттың еріп жүретіндігі, көлеңкесінің жерге түспеуі, екі жауырынының ортасында пайғамбарлық мөрдін болуы секілді өзіне ғана тән ерекшеліктері тағы болатын. Ал, пайғамбарлық келгеннен кейін айды екіге бөлуі, көктен Құранның түсуі, Миғражға көтерілуі секілді мұғжизалары пайда болған. Пайғамбардың осы үш қасиеті көркем әдебиетте кеңінен жырланды. Кейбір ақындар пайғамбардың барлық мұғжизаларын тізбектеп, көлемді шығарма жазса, келесі бір шайырлар оның бір ғана қасиетін суреттеп, қысқаша жазуға тырысты. Ғалымдар Алла елшісінің көркем мінездері жырланған шығармаларды «**шәмаил**» (көркем мінез, жақсы қасиет деген мағына береді) деп, ал болмыс бітімі мен мұғжизалары өлең сөзбен өрнектелген туындыларды «**хилиә**» (адамның келбеті, болмыс бітімі деген мағына береді) деп атаған. Ал, кейбір ғалымдар пайғамбардың өзіне тән қасиеттері мен мұғжизалары суреттелген шығармаларды бөліп-жармай, бәрін «хилиә» тақырыбындағы шығармалар аясында қарастырған.

Қазақ даласында пайғамбардың өмір тарихын асқақтата жырлаған Шәді төре:

Расулдың «харижи» жүз мұғжизасын,
Білдірген ақырында қылып қысқа.
Мендағы назым етіп сира тілін,
Бұл жерде білдірейін бағзы бірін.
Кейінгі ынтық болған үмбеттері,
Істеген істерінің көрсін түрін.[3, 285] –

деп, Алла елшісінің өзіне тән асыл қасиеттері мен мұғжизаларын затия, сифатия және харижия деп үш топқа бөліп, әдемі суреттеп шыққан.

Алла елшісінің айтқан сөздерін оқып үйрену, және онымен амал ету – әрбір мұсылманның басты міндеті. Сондықтан да әдебиет айдынында қалықтаған ақындар халықтың көкейінде тез жатталып, ұзақ сақталуы үшін пайғамбар сөздерін өлең сөзбен өрнектеп беруге тырысқан. Ондағы мақсат – мұшайраға қатысып, сөз жарыстыру емес, қайта Алла елшісінің өсиетін өскелең ұрпаққа жеткізіп, сауап алу, о дүниеде пайғамбардың шапағатына бөлену. Мұхаммедтің (с.ғ.с.): «Кімде-кім менің хадистерімнен қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, білмегендерге үйретсе, Хақ Тағала оны ғалымдар қатарына

жазады және қиямет күні болғанда шаһидтер қатарында тұрғызады», – деген сөзі ақындарды осындай қайырлы іске үндеген.

Ислам әлемінде пайғамбардың қырық хадисін зерделеп, еңбек жазған ғалымдар көптеп саналған. Солардың қатарында Имам Ғазалидің «Қудси қырық хадис», Имам Науауидің «Қырық хадис» секілді еңбектерін атап өтуге болады. Ғалымдар пайғамбардың хадистерін қара сөзбен талдап жеткізсе, ақындар ел арасына өлең сөзбен өрнектеп таратты. Соның нәтижесінде «**Әрбәғин**» жанры дүниеге келді. «**Әрбәғә**» – араб тілінде қырық деген мағына бергенімен де, термин ретінде пайғамбардың қырық хадисін көркем сөзбен насихаттауды айтады. Түркі дүниесінде Хазини, Науаи, Физули секілді шайырлар қырық хадисті өлеңге айналдырса, Алтын Орда тұсында өмір сүрген Махмұт Кердері, пайғамбардың қырық өсиетін қара сөзбен түркі тілінде жазып шықты. Прозалық туындыларда, көбінесе, пайғамбар хадистерінің аудармасымен бірге түсініктемесі де қатар беріледі. Ал, поэзиямен жазылған «**Әрбәғин**» жанры жазылуы жағынан екіге бөлінеді. Науаи, Физули секілді шайырлар пайғамбар хадисін түркі тіліне тәржімалап, өлең сөзбен өрнектеп шықса, Хазини аударып қана қоймастан, қасына хикаялар қосып, түсініктемесін де қатар берген. Тәржіма көп орынды алмайтындықтан да, шайырлар шығыс мұсылман әдебиетіндегі ең қысқа форма – рубайды қолданса, пайғамбар хадисін түсініктерімен берген ақындар мәснәуи өлең құрылысына жүгінген.

Пайғамбардың ғибратты ғұмырын насихаттайтын шығармалардың бірі – мәуліт. Сөздікте «туылу, дүниеге келу» деген мағына бергенімен де, діни термин ретінде пайғамбардың туылған күнін атап өтуді айтады. Мәулітте Алла елшісінің өнегелі өмірі туралы жазылған шығармалар оқылып, мадақ жырлар айтылады. Пайғамбардың туылған күніне арнайы жазылған шығармаларды «Мәуліп шәріп» деп атайды. Әдетте мәулітте оқылатын жырлар қасида жанрының өлең

құрылысымен жазылатындықтан да, кейде «Қасида» деп те аталады.

Мәуліт – синкретті жанр. Себебі, мәуліт шәріптерде пайғамбарды мадақтап, салауат айтылады (нағт), ғибратты ғұмырынан үзінділер оқылады (сияр), пайғамбарлық мұғжизалары қатарында көкке көтерілгені дәріптеліп (миғражнама), ерекше қасиеттері (хилиә) мен көркем мінезі (шәмаил) насихатталады. Сондай-ақ, мәуліт белгілі бір мақам үстінде орындалып, бір сюжет не оқиға желісі аяқталар тұста пайғамбарға салауат айтылып, қошаметке тола жыр жолдары арналады:

Мархамат, қош алып тұр үмметіңіз, ей, мархамат,
Мархамат, ей, мархамат, ей, мархамат!
Мархамат бізге қабыл сүннәтіңіз, ей, мархамат,
Мархамат, ей, мархамат, ей, мархамат!
Дүниеге зұлмат басқан, жарық сәуле, кел мархамат!
Мархамат, ей, мархамат, ей, мархамат!
Сол себеп бізге қымбат құрметіңіз, ей, мархамат,
Мархамат, ей, мархамат, ей, мархамат [7, 11]!

Мәуліттің басқа діни жанрлардан айырмашылығы – тек қана өлең сөзбен жазылып, белгілі бір мақам үстінде оқылатындығында.

Дін – насихат. Үгіт-насихат дұрыс жүргізілгенде ғана дін шынайы имани сенімге ұласады. Осы жағын ескерген шайырлар пайғамбардың ардақты тұлғасын, көркем мінезі мен ерекше қасиеттерін жырлау арқылы Исламды таратуға атсалысты. Соның нәтижесінде Шығыс мұсылман әдебиетінде әуелі арнаулармен басталған бұл дәстүр XII-XV ғ. мазмұн, форма жағынан кеңейсе, XVIII-XIX ғ. кемеліне келді. Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған», [8, 316] деп жазғанындай, қазақ даласынан шыққан ақындар Алла елшісінің асыл қасиеттерін жырлау арқылы Исламды кеңінен насихаттады.

Әдебиеттер

- 1 Баласағұн Ж. Құтты білік. «Әдеби жәдігерлер» сериясы. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.
- 2 Жүйнеки А. Ақиқат сыйы. «Қазыналы Оңтүстік» сериясы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2013.
- 3 Жәңгірұлы Ш. Сияр шәріп. «Қазыналы Оңтүстік» сериясы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 320 б.
- 4 Рабғұзи Б. Пайғамбарлар тарихы. «Әдеби жәдігерлер» сериясы. 8-том. – Алматы: Таймас, 2008. – 480 б.
- 5 Бақырғани С. Ақырзаман. «Әдеби жәдігерлер» сериясы. 7-том. Алматы: Таймас, 2008. – 480 б.
- 6 Көпейұлы М.-Ж. Шығармалары. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
- 7 Жолдасұлы Аа. Мәулид шәріп. – Алматы: Арыс, 2000. – 186 б.
- 8 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408б.

References

- 1 Balasagun J. Qutty bilik. «Adebi jadigerler» seriyasi. 5-tom. – Almaty: Taymas, 2007. – 536 b.
- 2 Juyneki A. Aqiat siyi. «Qazinaly Ontustik» seriyasy. – Almaty: Nurly alem, 2013. – 320 b.
- 3 Jangiruly Sh. Siyar sharip. «Qazinaly Ontustik» seriyasy. – Almaty: Nurly alem, 2013. – 320 b.
- 4 Rabguzi B. Paygambarlar tarihy. «Adebi jadigerler» seriyasi. 8-tom. – Almaty: Taymas, 2007. – 480 b.
- 5 Baqirgani S. Aqyrzaman. «Adebi jadigerler» seriyasi. 7-tom. – Almaty: Taymas, 2007. – 480 b.
- 6 Kopeiuly M.-J. Shygarmalary. 2-tom. – Almaty: Alash, 2003. – 432 b.
- 7 Joldasuly A. Maulid sharip. – Almaty: Arys, 2000. – 186 b.
- 8 Baytursynuly A. Shygarmalary. 1-tom. – Almaty: Alash, 2003. – 408 b.

Кыдырбаев Б.М.,
**Қазақстандағы корей тілін
оқытуда интерактивті
құралдарды қолдану әдісі**

Бұл мақалада Қазақстанда корей тілін оқытуда интерактивті құралдарды қолдану әдістемесі қарастырылады. Жаңа ақпараттық, интерактивтік және коммуникациялық технологияларын тиімді қолдануды жетілдіру жолдары, корей тілін іс жүзінде игеру ынтасын жоғарылату, педагогикалық ойлаудың жаңа мәдениетін қалыптастырудың талдауы беріледі.

Түйін сөздер: АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технология), инновациялық білім беру технологиялары, мотивация, тұлғалық-бағыттаушы тәсіл.

Kydyrbayev B.M.
**Method of application of the
interactive teaching aids Korean
language in Kazakhstan**

This article describes the method of application of the interactive teaching aids to Korean language in Kazakhstan. There are analysis and ways of improving the effective use of new informative, communicative and interactive technologies, increasing motivation to practical knowledge of the Korean language, the emergence of a new culture of pedagogical thinking.

Key words: ICT (information and communication technologies), innovative educational technology, motivation, personality-oriented approach.

Кыдырбаев Б.М.
**Методика применения
интерактивных средств
обучения корейскому языку
в Казахстане**

В данной статье рассматривается методика применения интерактивных средств обучения корейскому языку в Казахстане. Дается анализ и пути совершенствования эффективного использования новых информационных, коммуникационных и интерактивных технологий, повышение мотивации к практическому владению корейским языком, становление новой культуры педагогического мышления.

Ключевые слова: ИКТ (информационно-коммуникационные технологии), инновационные образовательные технологии, мотивация, личностно-ориентированный подход.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КОРЕЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА
ИНТЕРАКТИВТІ
ҚҰРАЛДАРДЫ
ҚОЛДАНУ ӘДІСІ**

Қазіргі адамзат дамуында білім беру жүйесі қатты өзгеріп, адамзат дамуы аясында қарқынды дамып келеді. Бұл инновациялық және жаңа ақпараттық технологияларсыз дамуы мүмкін емес. «Технология» түсінігі – өнер, шеберлік, дағды – алу әдістері және өңдеу, қайта өңдеу амалдарының жиынтығы. Өндірістік үдерістерді сипаттау, жетілдіру бойынша нұсқаулық, технологиялық ереже мен талаптар, карта, графиктер» [1,235].

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби мамандарды дайындау, алдымен, инновациялық білім беру жүйелерімен жүзеге асырылады (ойындық, коммуникациялық, ақпараттық, жобалау технологиялары және т.б.). Олар педагогтың жедел таңдауында кәсіби құрылыммен қамтамасыз етеді, осы мақсатта қоршаған ортада субъекті ретінде тұлғаны дамыту, тұлғаның іс-әрекеті еркіндігімен тығыз байланысты және әлеуметтік-мәдени құндылық ережелерін біріктіреді.

Шетел тілдерін оқытуда жаңа құралдарды жетілдіру мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болды, әсіресе О.И. Рудненко-Моргон [2], С.Н. Михайлова [3], А.А. Акишина [4], Э.Г. Азимова [5] **박영순** (Пак Ёң Сун) [6] және т.б.

Заманауи педагогикалық ғылымда инновациялық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану мәселесі өзекті болып отыр. Модельдеу, жасау, апробация, жетілдіру және жекешелендіру осы технологияларды диагностикалау үдерістерінің арнайы жоғары білім стандарты шартында әдістемелік жетілдіруді қажет етеді.

Мақала мақсаты – жаңа ақпараттық, коммуникациялық, интерактивті құралдарды максималды тиімді қолдану, жетілдіру жолдары мен корей тілін іс жүзінде игеру ынтасын арттыру, педагогикалық ойлаудың жаңа құрылымын қалыптастыру.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін келесідей тапсырмаларды орындау қажет:

Корей тілін оқытуда қолданылатын болашағы бар ақпараттық технологиялар туралы көзқарасты қалыптастыру;

Корей тілін оқытуда студенттердің танымдық қызметін активтеу;

Оқытуда тұлғалық-бағыттауыш тәсілді жүзеге асыру.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және лингвистикалық әдебиеттерде талдау кезінде белгілі бір тәжірибе жинақталған, дегенмен қазақтілді аудиторияда корей тілін оқытудың ғылыми жасалған әдістемесі әзірге болмай тұр.

Білім беру үдерісінде интерактивті құралдарды қолдану әдістемесін жетілдіру тек қана тұлғаның өзін-өзі тануын қамтамасыз етіп, оның дамуына және жүзеге асыруына жағдай жасап қоймай, сондай-ақ білім беруді қарқынды, экономикалық, қауіпсіз, нәтижелі оқушыны бағыттайды. Интерактивті оқыту орталық санат ретінде активтілік қарастырылатын дидактиканың жаңа формасы. Оқытудың интерактивтілік құралдары әдістемесі оқушының активтілігінен туындайды, мұндағы 1 деңгей – активтілікті бастаушы (рецепция және репродукция) – құбылысты түсіну, ұсынылған үлгі бойынша оларды иемдену, 2 деңгей – интерпретациялайтын активтілік (продукция элементтерінен репродукция), 3 деңгей – шығармашылық (продуктивті) – жаңа жағдайда білімін қолдануға бағытталу [8,5]. Оқытуды модернизациялауда инновациялық тәсіл оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа әдістемесіне сүйенеді – интерактивті оқыту формасы, интерактивті әдістеменің құралдары мен амалдары педагог пен оқытушының нәтижелілігі мен тиімділігін арттырады.

Корей тілін оқыту әдістемесінің заманауи сатысында корей тілі Интернет-порталында ұсынылатын дидактикалық материалдар (аудио-және видеоматериалдар, кітаптар, пайдалы сілтемелер және т.б.) саны жетерлік көп [7,3].

Интерактивті әдістеме құралдары мен амалдары қарым-қатынас кезінде, педагог пен оқушы арасында, тұлғалық-қызметте, кәсіби, құзыретті тәсілде орнатылады. Жаңа ақпараттық технологияларды, компьютерлік бағдарламаларды қолдану оқытуда тұлғалық-бағыттаушы тәсілді жүзеге асыруға, студент қабілеттілігін, оның қабілеттілігі мен бір беткейлілігін және т.б. ескере отырып, жекешелендіру мен дифференциациялауды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Корей тілі сабақтарында компьютерлік оқыту бағдарламаларының жұмыс істеу принципіне келесілер кіреді:

- лексиканы оқыту;
- айтуды өңдеу;
- диалогтық және монологтық тілді оқыту;
- хатты оқыту;
- граматикалық құбылыстарды өңдеу.

Корей тілі сабақтарында қолдану үшін қазіргі уақытта компьютерлік бағдарламалардың кең спектрі ұсынылады:

- оқыту бағдарламалары – белгілі бір білім, ілім және дағды алуға бағытталған;
- жаттықтырушы бағдарламалар – білім мен ілімді бекіту үшін;
- бақылаушы бағдарламалар – білім сапасын тексеру және оларды түзету;
- ойындық бағдарламалар.

Компьютерлік бағдарламаларды қолдануда келесідей мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылады:

Фонетиканы оқытуда:

Адекватты айту дағдысын игеру және естуде айырмашылығын білу. Жаңа тілдік материалды игеруде есту-айту дағдысын одан әрі жетілдіру;

Аудитивтік, айту және интонациялық дағдыны қалыптастыру.

Грамматиканы оқытуда:

Грамматикалық құралдар көлемін арттыру, жаңа грамматикалық құбылысты игеру және тілде оны қолдану;

Рецептивтік грамматикалық дағдыны қалыптастыру, танымдық дағдыны жетілдіру және корей сөйлемдері типтерінде коммуникативтік және барлық құрылымдарында қолдану.

Лексикамен жұмыс кезінде:

Лексикологиялық бірлікті жүйелеу, потенциалды сөздікті кеңейту, танымдық және тілде лексикологиялық бірлікті қолдану дағдыларын дамыту.

Оқудың лексикалық дағдыларын қалыптау, аудирлеу және жазбаша тілдің продуктивтік дағдылары.

Мәнерлеп оқуды оқытуда:

Мәнерлеп оқудың негізгі түрлерін қолдана отырып, түрлі стильдегі аутентивті қабылдау (публикациялық, әдеби, ғылыми-танымал): танымдық, зерттеуші, көретін, іздеуші және т.б.

Тілдік қиындықтарды өзіндік игеруін қалыптастыру, тілдік ақпаратты бере отырып, анықтамалық-ақпараттық қолдау көрсету (электронды энциклопедия, автоматты сөздік).

Оқыту мақсатына жету үшін және коммуникативті құзыреттілік дамуы үшін студенттерге қажет. Қарым-қатынас – бұл коммуникация, пікір мен ой алмасу. Қарым-қатынасты ұйымдастыруда оқушының жеке тәжірибесіндегі жағдайға байланысты құрған жөн, бұл оқушыға толығымен тұлғалық-бағыттаушы тәсіл асауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат. – М.: Издательский центр «Академия». – 2000.
- 2 Руденко-Моргун, О. И. Компьютерный урок без компьютерного учебника [Текст] / О.И. Руденко-Моргун // Русский язык за рубежом. – 2006. – № 3.
- 3 Михайлов, С. Н. Использование сетевых дневников в процессе овладения РКИ [Текст] / С. Н. Михайлов // Русский язык за рубежом. – 2006. – № 3.
- 4 Акишина, А. А. Учимся учить: для преподавателя русского языка как иностранного [Текст] / А. А. Акишина, О. Е. Каган. – 2-е изд., испр и доп. – М.: Рус. яз., 2002. – 256 с.
- 5 Азимов, Э. Г. Теория и практика использования компьютерных программ преподавания РКИ [Текст] / Э. Г. Азимов // Информационно-аналитический обзор. – 2000.
- 6 박영순. 외국어로서의 한국어 교육론 - 개고판. - 도서출판 월인.
- 7 Практическая методика обучения русскому языку как иностранному [Текст] / под ред. А. Н. Щукина. – М.: Рус. яз., 2003. – 304 с.
- 8 장 미라. 멀티미디어 활용한 한국어 교육. - 경희사이버대학교. - 2015. - 3-4с.

References

- 1 Novye pedagogicheskiye i informacionnye tehnologii v sisteme obrazovaniya / pod red. E.S. Polat. – M.: Izdatelskiy center «Akademya». – 2000.
- 2 Rudnenko-Morgun, O. I. Komputernyi urok bez komputernogo uchebnika [Tekst] / O. I. Rudenko-Morgun // Russkii yazyk za rubezhom. – 2006 № 3.
- 3 Mihailov, S. N. Ispolzovaniye setevykh dnevnikov v prosesse ovladeniya PKI [Tekst] / S. N. Mihailov // Russkii yazyk za rubezhom. – 2006. – № 3.
- 4 Akishina, A. A. Uchimsya uchit: dlya prepodavatelya russkogo yazyka kak inostrannogo [Tekst] / A. A. Akishina, O. E. Kagan. – 2-e izd., isprav. i dop. – M.: Rus. yaz., 2002. – 256 p.
- 5 Azimov, E. G. Theoriya i praktika ispolzovaniya komputernykh programm prepodavaniya PKI [Tekst] / E. G. Azimov // Informasionno-analiticheskii obzor. – 2000.
- 6 Pak YuonSoon. wegugorosoy hangugo kyoyuknon - kegopan.- dosochulpanwoonin.
- 7 Prakticheskaya metodika obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu [Tekst] / pod red. A. N. Shukina. – M.: Rus. yaz., 2003. – 304 p.
- 8 Chang Mira. Multimedia hwarengghan hangugo kyoyuk.- Kyonghisaibotehakyo. – 2015.- 3-4 p.

Мадиев Д.А., Абдурақын Н.
**«Жабайы шөптер» жинағының
Лу Синь шығармашылығын-
дағы орны**

Бұл мақалада Қытайдың жаңа дәуір әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, XX ғасырдың басындағы қытай қоғамының қиыншылықтарын бейнелейтін реалистік бағыттағы шығармаларымен қарапайым оқырманның жүрегіне жол тапқан белгілі жазушы Лу Синьнің шығармашылығы қарастырылады. 1927 жылы жазушының «Жабайы шөптер» деп аталған үшінші жинағы жарық көреді. Жинақтың алғашқы екі жинақтан ерекшелігі – мұнда негізінен автордың қара сөзбен, яғни, прозалық формада жазған өлеңдері жинақталған. Жинаққа енген әрбір шығарманың мазмұнынан 20-шы жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі Лу Синьнің көңіл-күйін, қорқынышы мен қуанышын, күдігі мен сенімділігін көруге болады.

Түйін сөздер: символ, аллегория, солтүстік милитаристер, пессимизм.

Madiyev D.A., Abdyrakyn N.
**Place of collector «Wild Grass»
in Lu Xun creativity**

In the article work of one of founders is examined new literature of China of Lu Blueing, author of works of realistic direction, where described to complication of Chinese society of beginning of XX of century. 1927 it appears a year 3 collection of writer under the name the «Wild Grass». Main feature of collection from the first two, that his verses were here collected in prose. Examining the verses of collection, it is possible to see the mood of writer, his doubts and faith, gladness and sorrow in the years of national liberation motion of the Chinese people in 20th.

Key words: symbol, allegory, north militarists, pessimism.

Мадиев Д.А., Абдурақын Н.
**Место сборника «Дикие травы»
в творчестве Лу Синь**

В статье рассматривается творчество одного из основателей новой литературы Китая Лу Синя, автора произведений реалистического направления, где описываются сложности китайского общества начала XX века. В 1927 году выходит в свет 3 сборник писателя под названием «Дикие травы». Главная особенность сборника от первых двух в том, что здесь были собраны его стихи в прозе. Рассматривая стихи сборника, можно увидеть настроение писателя, его сомнения и веру, радость и печаль в годы национально-освободительного движения китайского народа в 20-х годах.

Ключевые слова: символ, аллегория, северные милитаристы, пессимизм.

«ЖАБАЙЫ ШӨПТЕР» ЖИНАҒЫ- НЫҢ ЛУ СИНЬ ШЫҒАРМАШЫЛЫ- ҒЫНДАҒЫ ОРНЫ

1927 жылы Лу Синнің үшінші жинағы жарық көреді. Жинаққа белгілі жазушының 1924-1926 жылдары қаламынын шыққан қара сөзбен жазылған өлеңдері енген. Бұл – қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының күшейіп, империализммен күрестің өршіп тұрған кезі еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді мүшесі ретінде, бұл кезең Лу Синнің жеке басында да үлкен қауіп-қатерге толы болды. Жинаққа енген өлең жолдарынан жазушының ішкі дүниесі мен көңіл-күйін, орын алып отырған оқиғаларға жеке көзқарасын байқауға болады. Жинақтың ағылшын тіліндегі нұсқасының алғысөзінде Лу Синь былай деп еске алады: «Өлеңдер негізінен өткінші сезімнің әсерінен туындаған, өйткені ол кезде көп нәрсені тура айту қауіпті болатын, сондықтан кейбір жолдардың мағынасы біршама бұлыңғыр болып шыққан» (1931ж.).

«Көп нәрсені тура айту қауіпті болатын» деген сөзден сол кезде солтүстік милитаристердің қолында болған Пекиндегі прогрессивті ақын-жазушылардың үкімет тарапынан арандатушылыққа, қуғын-сүргінге ұшырағанын байқауға болады. Елдегі саяси жағдай ойды батыл жеткізуде әртүрлі символдар мен аллегорияларға, теңеулерге жүгінуге мәжбүр етеді. Аллегориялық стиль кейбір лирикалық көріністердің түпкі мағынасын дұрыс түсінуде қиыншылықтар тудырады, сондықтан, «Жабайы шөптерді» талдағанда, ол жайында тек болжамға ғана сүйенуге болады [1].

«Жабайы шөптер» жинағында Лу Синнің дүниетанымының күшті және әлсіз жақтары көрініс тапқан (әлсіз жағы деп оның революциялық бағыттағы позициясын айтуға болар, сол кездегі болашағы бұлыңғыр трагедиялық жағдайдан шығудың дұрыс жолын табу қазіргі күнде де кез-келгеннің қолынан келе бермес). Бұл бір жағынан оның қажымас қайраты, күреске үндеуі, биік арманы, екінші жағынан, адасуы мен қасіреті, түңілуі мен шағымы, астам адам жөніндегі идеясы [2].

Қайшылықтар қақтығысы, оларды еңсерудің қиын үрдісі Лу Синнің «Көлеңкенің қоштасуы», «Қабір тасындағы жазу» және «Үміт» атты өлеңдерінде толық ашылған. «Көлеңкенің қоштасуы» (24.09.1924ж.) өлеңіндегі жарық пен түнектің арасында адасып жүрген көлеңке Лу Синнің жан күйзелісінің бейнесі. Қайшылықтар жазушының жанын жейді, өзінің қайда барарын, өз

орнын қайдан іздерін білмейді. Шығарманы оқып отырған адам, түнекті реакционерлердің езгісіндегі қытай қоғамы деп қабылдайды. Авторға ертеңгі күннің белгісіздігінен гөрі, түнек болса да, бүгінгі күннің шынайы өмірі артық көрінеді. Бірақ ойының дұрыстығына сенімді болмағандықтан, жарық пен түнектің арасында адасуын жалғастырады. Мұндай ойлардың Лу Синьге келу себебін өзі былай деп түсіндіреді: «қытайдың қазіргі болмысы өте жабырқау, ал жарқын болашақ өте алыста, бұлыңғыр болып көрінді».

Тығырыққа тірелу мен күйзеліс сезімін «Қабір тасындағы жазу» (17.06.1925ж.) өлеңінен анығырақ көруге болады. Моланы суреттеу жабырғанқы көңіл-күйді мүлдем қоюлата түседі.

Өлеңде өзіндік талдау барысында туындайтын шешімі жоқ қайшылықтар туралы айтылады. Адам өзін-өзі танып біле алмайды, өйткені оның арманы шындықты парасатты қабылдауға мұрша бермейді. Нәтижесінде, адам қабірге түскенше ештеңеге көңілі толмайды, бірақ ол кезде өз-өзінді танып білудің еш мағынасы болмайды. Өз күдігінен арылудың амалын таппаған адам, одан қашып құтылудың жолын іздейді.

«Үміт» (1.01.1925ж.) өлеңі Лу Синьнің жастардың енжарлығына таңданысын көрсетеді. Ақынның жүрегін жабырқау сезімі жаулаған, жүректе қайғы да, қуаныш та жоқ. «Өзін-өзі алдарқату үшін» ол «жүректегі кеңістікті бос үмітпен толтырады». Өмірдегі қайшылықты өлең жолдарында былайша бейнелейді: үміт оты түнектің бетін қайтаратын сенім тудырады, бірақ шарасыздық жайлаған өмірді қорғаудың қажеті бар ма? Күрестің мақсаты не? Қазіргі жастардың енжарлығы жазушының күйінішін тудырады, үміт қайтадан күмәнмен қайшылыққа түседі.

«Өлі от» өлеңінде (23.04.1925 ж.) адамдарға көмек беру үшін құрбандыққа баруға дайын екендігі туралы айтылады. Өлі от суық шатқалда өшіп қалғанша, өзін тұтатқан адамға көмектесу үшін, соңына дейін жануды қалайды. Лу Синьнің түсінігінде, нағыз батыр бос өмірден гөрі игі мақсат үшін құрбан болуды қалайды. Дегенмен, батырдың құрбандығына барлығы бірдей лайық бола бермеді. Өлі оттың құтқарған адамы өзімшіл, ол өзін құтқарған отты сақтап қалуға тырыспайды да. Өлі от еліктеуге тұрарлық, бірақ оның болашағы жоқ, оны жеңіс емес, өлім күтіп тұр. Өлең жолдары Лу Синьнің өз басындағы күдікті бейнелейді, ол өзінің жүргізіп жатқан күресінің нәтижесі мен құрбандылығының қажеттілігіне сенбейді.

«Жабайы шөптердің» жанрын аңызға да, эссеге де жатқызуға болады, ол жазушының өз

ойын публицистикадағыдай тура жеткізуіне мүмкіншілік береді. Оның «Осындай сарбаз» өлеңіндегі бас кейіпкер тәнсіз тіршілік иелері арасындағы жалғандықпен күреседі. Олар үстіне ұлттық рухтың тазалығы, халық қалауы, мораль секілді әдемі сөздермен көмкерілген жалау мен мантияларды бүркеп алады. Бас кейіпкер олармен күреседі, олар құлаған кейіп танытады, сөйтіп ол мораль, ұлттық рух, халық қалауы секілді қасиетті сезімдерге қол көтерген қылмыскерге айналады. Лу Синь шығармада өтіріктің кез-келген түрімен шайқасады, оның асқақтығына, қарапайымдығына қарамайды. Ол қоғамда орын алған екіжүзділіктің өтіріктен күш алатынын бәрінің көріп-білгенін қалайды [3].

Лу Синь Қытайға осындай сарбаздар керек деп есептейді. Оларға уақытша жеңіліс те, жала да, тіпті өлім де қорқынышты емес. Бұл өлеңде Лу Синь өзінің жауларын – ескі өмірдің қорғаушыларын да бейнелейді. Олар жылтырақ атақтары мен өзін-өзі дәріптеушіліктерінің астына өздерінің немқұрайдылығын жасырған тірі қуыршақтар. «Осындай сарбаз» өлеңі автордың айтуынша, «ғалымдар мен әдебиетшілердің милитаристерге көмектескенінен» болған әсерден туындаған. Лу Синь идеялық дұшпандарымен күресті реакциялық өктемшіліктің жандайшаптарына қарсы күрес деп түсінеді.

Сонымен қатар, «Осындай сарбаз» өлеңі Лу Синді қинаған жалғыздық сезімін де бейнелейді. Оның кейіпкері көпке қарсы жалғыз күреседі. «Солғын тартқан қан дақтарының арасында» өлеңінің де бас кейіпкері жалғыз. Сарбаз образының осылай бейнеленуі Лу Синьнің сол жылдардағы идеялық позициясымен түсіндіріледі. Лу Синь бойындағы жалғыздық сезімін Пекинде орын алған жағдай да ушықтыра түсті. Реакция күштері Пекиндегі революциялық қозғалысты қатаң басып-жаныштады, сөйтіп революциялық бұқарадан бөлектеніп қалған Лу Синь бұл күресте өзін жалғыз сезінді.

Ештеңеге қарамай, алға басу ойы «Жолаушы» (2.03.1925ж.) өлеңінің кейіпкеріне де тән. Ол шаршап-шалдығудан, қанталаған жарадан да қорықпайды. Ол ешкімнің қайыр-садақасын алғысы келмейді, бұл оның намысына тиеді, адамдардың өзін мүсіркегенін қаламайды. Ол демалудан бас тартады, өйткені демалыс оның қайратын мұқалтады.

Жолаушы өзінің өткенімен қош айтысады, өзі қол үзген қоғамды жек көреді, өйткені онда «помещиктер бар, қуғын-сүргін өршіп тұр, түрмелер мен қисық күлкі және көз жасы бар». Оның ұраны тек қана алға. Бірақ болашақ бұлыңғыр:

ол өзін алдында не күтіп тұрғанын білмейді, өлім бе, жоқ гүлденген бақ па, оған ешкім нақты жауап бере алмайды. Дегенмен ешқандай белгісіздік оның қайтпас қайратын мұқалта алмайды. Мұндай шешімділік Лу Синнің өзіне де тән. Ол болашақ үшін ерлікпен күресті, бірақ сол жаңа қоғамның қандай болатынын өзі де білмеді. Бұл сенімсіздік пен күмәнді тудырды, бірақ болашақ үшін күресте берілмеді. Лу Синь өз бойындағы осындай қасиеттерін жолаушының образына жүктеді.

Әрине, қоғамда осындай келеңсіз күштер билік құрып жатқанда, Лу Синь бейқам қала алмады. Өзі жиі куәсі болып жүрген адамдардың қатігездігі мен рақымсыздығы оның бойында ыза-кекті тудырады. Бұл – адамдарға махаббаттан туындаған кек. Лу Синь өзін қоршаған ортаға түңіле қарады. Мұнда адамдар бір-біріне деген сенімді, кешірімді ұмытқан. Жүректеріндегі ақ пейіл жақынына деген жеккөрушілікпен, күдікпен алмасқан. Орта адамдарға кері әсер етеді, нәтижесінде, қызы туған анасын үйден қуып шығады, бір үзім нан да бермейді, анасының өзі үшін қаншама қиыншылыққа төзгенін ұмытады. Бұл трагедия жөнінде Лу Синь өзінің «Өлім алдындағы діріл» (29.06.1925ж.) өлеңінде жазады.

Ескі қоғамды мойындамағанымен, Лу Синь өзінің де сол қоғамға тәуелді екенін түсінеді.

«Жабайы шөптердің» пессимистік мазмұнын дұрыс түсіну үшін, Лу Синнің 1925 жылы 18 наурызда Сюй Гуан-пинге жазған хатындағы сөздері өте маңызды: «Менің шығармаларым ерекше көңілсіз, өйткені, мен әрдайым тек «түнек пен өлімнің» шын мәнінде бар екенін сезінемін, сонда да оған тайсалмай, қарсы тұрамын, сөйтіп, ащы айқаймен керексіз әуестеніп кетемін. Ал шын мәнінде, бұл жасқа және өмірлік тәжірибеге байланысты шығар, мүмкін олай емес те шығар, өйткені шын мәнінде тек «түнек пен өлімнің» ғана бар екенін мен дәлелдей алмаймын ғой».

Лу Синь мұндай оймен келісіп қана қоймай, оған қарсы шықты, оның толық жеңісін мойындағысы келмеді, өйткені Лу Синді қоршаған қытайлық ақиқатты көрсететін көптеген жағдайлар, мысалы, «Жандану» өлеңінде бейнеленген жас патриоттардың күресі, оның түнекті жеңуге болатындығына сенімін күшейтті.

Лу Синь «Жабайы шөптер» жинағының пессимистік көңіл-күйінің теріс ықпалын ешқашан азайтып көрсетуге тырыспаған, ол жайында оның 1934 жылдың 9 қазанында Сяо Цзю-июге жазған хатынан білуге болады: «Менің «Жабайы шөптер» кітабымды шеберлік жағынан нашар

деуге келмес, бірақ көңіл күйі өте төмен, өйткені шығарма, мен көптеген қиыншылықтармен бетпе-бет келгеннен кейін жазылған».

Дегенмен, мұндай көңіл-күйдің маңызын асыра көрсетуге де болмайды, өйткені олар, біріншіден, Лу Синнің шындықты іздеуден бас тартқанын білдірмейді, тек, оның идеялық қайшылықтармен күресіндегі уақытша жеңілістерін айғақтайды. Сәтсіздіктен Лу Синь шарасыздыққа түскен жоқ, керісінше, алдағы жаңа өмірге ұмтылуына түрткі болды. Лу Синнің ұлылығы оның пессимизмді жеңіп, үлкен үмітке келуінде, шарасыздықты жеңіп, «күрестің басқа әдісіне» үйрене бастауында. Екіншіден, мұндай көңіл-күй жинақтағы көптеген өлеңдерге тән жауынгерлік шабытты өшіре алмады. Нәтижесінде, дұрыс бастама уақытша торығу мен пессимистік көңілден күштірек болды. Ван Ши-цзин жинақтың мұндай ерекшелігі жайында былай дейді: «Жабайы шөптерде» уайым-қайғы мен жабырқау отта шыңдалған болат қылышқа ұқсайтын өшпенділік пен ызаға айналады, мұндай қылышпен түн ортасында тасты шапса, одан сансыз ұшқын ұшар еді».

Мысалы, Лу Синнің қарама-қайшы көзқарасын көрсететін «Үміт» өлеңінде жастарды қимылға барып, күресуге шақырады. «Осындай сарбаз» өлеңінде кейіпкер тәнсіз тіршілік иелерімен соғыста қаза табады, бірақ өлім оны жеңе алмайды, ол қайтадан найзасын көтереді.

1926 жылы 10 сәуірде Лу Синь «Жандану» өлеңін жазады. Бұл уақытта фэнтянь және чжилий милитаристерінің арасындағы соғыстың нәтижесінде, Фэн Юй-сян әскерін Чжан Цзо-Лин мен У Пэй-фудің біріккен күштері жапондардың көмегімен Пекиннен ығыстырып шығарады. Бірақ «өлім» шабуылы Лу Синнің бойында «өмір» сезімін тек шиеленістіре түседі. Пекинді бомбалау кезінде ол жас авторлардың еңбегімен жұмыс істейтін және жас буын туралы ойлары адамдарға деген сенімін күшейте түседі.

Қан төгіп, күресіп жатқан жастарға қарап, Лу Синь адам өмірінің шын мағынасын түсінді, өмірдің шын мәнін жазушы бақ-байлық емес, күрес деп түсінді. Жазушыны қоршаған қоғам оған шөл даланы еске салатын, «Жандану» өлеңінде жазғандай, өмірдің қиын сынағынан өткен жастар ғана шынығып, өмір сүруді үйренеді. Лу Синь жастарға жеңіл жолды ұсынған жоқ. Ол жастарды жақсы көрді, қиыншылықта көңілін аулады, және жас буынның өмірлік күшіне сенді.

1927 жылдың 26 сәуірінде Кантонда «Жабайы шөптердің» алғашқы жеке жинағына жазған «Қысқаша алғысөзінде» Лу Синь өзінің

ізденістеріне қорытынды жасады, қара сөзбен жазылған өлеңдер жинағының «Жабайы шөптер» аталуына түсініктеме берді, жинақтың жалпы идеясын ашты. «Қысқаша алғысөзінде» айтқандай, ол өзінің «Жабайы шөптерін» жақсы көреді, тек, олар әдемілік беріп тұрған, биік ағаштар өспейтін жерді жек көреді, ал «жабайы шөптер» тек лас өмірден ғана пайда болады.

Дегенмен, жазушының сүйікті шығармасы «Жабайы шөптер» лас өмірден нәр алып өссе де, биік ағаштардың жанында түкке тұрмаса да, бірақ, «әр тал шөптің өз өмірі үшін күресуге құқы бар». «Жабайы шөптер» Лу Синь үшін өте қымбат, мұнда оның ойлары, күдігі мен сенімділігі, өткен қуаныштары мен қайғысы көрініс тапқан. Қалай дегенмен де, Лу Синь болашақ үшін өзінің өткені – «Жабайы шөптерді» құрбан етуге дайын.

Әдебиеттер

- 1 Синь Лу. Повести и рассказы. – М.: Художественная литература, 1971. – 496 с.
- 2 Эйдли Л. З. О сюжетной прозе Лу Синя: статья-вступление // Лу Синь. Повести и рассказы. – М.: Художественная литература, 1971. С. 1-28.
- 3 Федоренко Н.Т. Лу Синь // Федоренко Н.Т. Китайские записи. – М., 1955.

References

- 1 Cyn Lu. Povesty y rassказы. – М.:Hudojestvennaya literature,1971. – 496 s.
- 2 Eidlin L.Z. O syujetnoy proze Lu Cynya:statya-vystupleniye. – М., 1971.
- 3 Fedorenko N.T. Lu Cyn. – М., 1955.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़ारबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Мұхитдинов Р.С.,
Жазылханұлы Е.

Араб тіліндегі кірме сөздерді анықтау тәсілдері

Мақалада араб тіліне енген кірме сөздерді анықтаудың тәсілдеріне талдау жасалады. Кірме сөздерді анықтау үшін Жәлалуддин әс-Суюти ұсынған жеті тәсілмен қатар тағы бірнеше тәсілдер талданады. Бұл мәселе араб тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде-ақ ғалымдардың назарын өзіне аударған болатын. Сондықтан аталған мәселеге қатысты орта ғасырлық ғалымдардың, әсіресе, лексикограф ғалымдардың көзқарастары мен ұстанымдары басшылыққа алынады. Әрбір тәсілге қатысты нақты дәлелдер келтіріліп, олардың қазақ тіліндегі аудармалары беріліп отырады.

Түйін сөздер: кірме сөз, төл сөз, түбір сөз, туынды сөз, әріп, дыбыс, сөздік, араб тілі, парсы тілі.

Mukhitdinov R.,
Zhazylkhanuly Y.n

Methods for determination of loan words in Arabic

The article analyzes the methods of determining the borrowing of Arabic words. There has been used seven methods of Al-Suyuti in order to determine borrowed Arabic words, and other methods. Scientists have noticed this problem at the time of the formation of Arabic linguistics. Thus, the article is devoted to the scientists' views and positions of the scientists of the middle century, particularly of lexicographers. In this article there will be given exact arguments and translations for every method in Kazakh language.

Key words: loan words, direct speech, the fundamental word, a derivative of the word, letter, sound, Dictionary, Arabic, Persian.

Мухитдинов Р.С.,
Жазылханұлы Е.

Методы определения заимствованных слов в арабском языке

В статье анализируются методы определения заимствований арабских слов. Для определения заимствованных арабских слов используются семь методов Джалалуддина ас-Суюти, а также и другие методы. Ученые обратили внимание на эту проблему еще во времена формирования арабского языкознания. Таким образом, в статье руководствуются взгляды и позиции ученых среднего века, особенно лексикографов. В статье каждому из методов будут приводиться точные аргументы и их переводы на казахском языке.

Ключевые слова: заимствованные слова, прямая речь, коренное слово, производное слово, буква, звук, словарь, арабский язык, персидский язык.

АРАБ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ АНЫҚТАУ ТӘСІЛДЕРІ

Араб тіліндегі кірме сөздер мәселесіне араб лингвист ғалымдары ерте кезден назар аударған. Олардың бұл тақырыпқа тоқталуына «Құран кәрім кітабында кірме сөз бар ма?» деген сұрақ түрткі болды. Бұл тақырыпқа Сибауайһи, Халил Ахмад әл-Фараһиди, Жауһари, Ибраһим Ибн Исхак әл-Фараби, Ибн Фарис сияқты атақты лингвисттер мен қатар Ибн Жәрир ат-Табари, Әбу Убайда, Фахруддин әр-Рази, әз-Замахшари сынды муфассир (тәпсірші ғалымдар) да тоқталған.

Имам Жәләлуддин әс-Суюти өзінің *المزهر في علوم اللغة* (әл-Музһир фи улуми әл-луғати уа ануағиһа) атты еңбегінде араб тіліндегі кірме сөздерді анықтаудың бірнеше тәсілдерін ұсынған. Енді сол ғалымның ұсынған тәсілдеріне кеңінен тоқталсақ [1, 270 б.]. Олар:

1. *النقل بأن ينقل ذلك أحد أئمة العربية*. Үлкен араб тілі ғалымдарының жеткізуі арқылы. Яғни белгілі бір ғалым қандай да бір сөздің кірме сөз екендігін айтып, ол сөздің қай тілден енгендігін көрсетіп кетсе, біз ол сөздің араб тіліне кірме сөз екендігін білеміз. Имам әс-Суютидің ... жылдар аралығында өмір сүргендігін ескерсек, онда ол бұл сөзі арқылы араб тілі грамматикасының негізін қалаған Халил әл-Фараһиди, Сибауайһи, Ибн Фарис, әл-Әзһари, Ибн Дурайд, әл-Жәуалики сынды ғалымдарды меңзегендігін түсінеміз. Қазіргі уақытта араб тіліне жаңадан енген кірме сөздерді анықтауды әл-Муғжам әл-уасит, әл-Мунжид сияқты араб тілінің үлкен түсіндірме сөздіктері арқылы біле аламыз. Мысалы: Халил өзінің әл-Айн сөздігінде: *نَاطُور: نَاطُور: النَّاطُور*: «Натур – егістікті күзетуші, араб сөзі емес» деп түсіндірген [2, 413 б.]. Өткен ғасырда жарық көрген әл-Мунжид араб тілі түсіндірме сөздігінде «الكُرْزُ әл-кәраз (шие) араб тіліне грек тілінен енген сөз» деп келген [3, 680 б.]. Яғни араб тіліндегі кірме сөзді анықтаудың бірінші тәсілі ғалымдардың пікірін немесе зерттеуін басшылыққа алу.

2. خروجه عن أوزان الأسماء العربية نحو إبريسم، فإن مثل. Кірме сөздің араб тілінде бар уәзіндердің (сөздің қалыбы немесе формасы) біріне сай келмеуі. Яғни кірме сөзді анықтаудың бір тәсілі ретінде араб тілі сарфында (морфологиясында) бар уәзіндерді қолдану. Біз араб тілінің қопармалы (флективті) тілдер тобына жататындығын білеміз. Қопармалы тілдерде қосымшалар түбірдің алдына да, арасына да немесе соңына да қосыла береді. Араб лингвисттері түбір мен қосымшаларды анықтау үшін сөздің уәзінін ойлап тапқан. Бұл әдіс бойынша түбір мен қосымшаларды тез ажыратып алуға болады. Сонымен қатар уәзін семантикалық қызмет (функция) те атқарады. Араб тіліндегі кез келген сөз белгілі бір уәзінде, яғни қалыпта келеді. Осы тәсілге сала отырып, араб уәзіндерінің ешқайсысына сай келмейтін сөздердің кірме сөз екендігін анықтаймыз. Мысалы: اِبْرَيْسَم ибрайсам (жібек) сөзі араб тіліндегі ешбір уәзінге сай келмейді, ол – парсы тілінен енген сөз. Сол сияқты ديموقراطية (димократия) сөзі де араб тілінің ешқандай уәзініне сай келмейді.

3. أن يكون أوله نون ثم راء نحو نرجس. فإن ذلك لا يكون في كلمة عربية. Араб тіліндегі төл сөздер нун және ра әріптерінің қатар келуімен басталмайды. Бұл пікірді имам әс-Суюти айтқан. Мысалы: نَرْجَس наржс (наржес гүлдің аты), نرد нард (нард ойыны, парсы тілінен енген), نرنج, نارن, نارنج (лимонның бір түрі парсы тілінен енген). Яғни араб тіліндегі кез келген нун және ра әріптерінің қатар келуімен басталған сөз кірме сөз болып табылады.

4. أن يكون آخره زاي بعد دال نحو مهندز. فإن ذلك لا يكون في كلمة عربية. Араб тіліндегі төл сөздер зәйн және дәл әріптерінің қатар келуімен аяқталмайды. Егер де араб тілінде осы аталған екі әріптің қатар келуімен аяқталған сөздер кездесетін болса, ол сөздер кірме сөз болып табылады. Өйткені, араб тілінде бұл екі әріптің қатар келуі дыбысталуда белгілі бір қыйындық тудырады. Сондықтан имам әл-Жауһари «әс-Сихах» сөздігінде مهندز «муһандиз» (инженер) сөзінің дефинициясында мынадай мәліметтерді келтірген: المهندز: الذي يقدر مجارى القنى والأبنية معرب، و صيروا زايه سينا، فقالوا: مهندس، (инженер – құрылыстың жүруін бақылайтын және есептейтін адам. Кірме сөз. Арабтар бұл жердегі зәйн әріпі син әріпімен ауыстырып «муһандис» деп айтады. Себебі, араб тілінде зәйн әріпінің алдында дәл әріпі қатарласып келмейді [4, 902 б.].

5. أن يجتمع فيه الصاد والجيم نحو الصَوْلجان، والجصّ. Араб тіліндегі төл сөзде сад пен жим әріптері қатар келмейді. Мысалы: الصَوْلجان «саулажан» (қисық таяқ, басы имек аса таяқ.) және الجصّ «жасс» (гипс) сөздері. «Саулажан» парсы тілінен енген сөз, ал «жасс» сөзі грек тілінен енген.

Бұл мәселеге қатысты араб лингвисттерінің арасында ортақ пікір жоқ.

Ибн Дарстауайһи «Шарх әл-фасих» атты кітапта: الجص فارسي معرب (كج) أبدلت فيه الجيم من كاف أعجمية لا تشبه كاف العرب، الصاد من جيم الأعجمية بعضهم يقول: القص بالفتح، و هو أفصح، و هو لغة أهل الحجاز. «Жасс» сөзі парсы тілінен енген муғарраб (араб тіліне еніп, араб тілі заңдылықтарына бағынған кірме сөз). Ондағы жим әріпі парсы тіліндегі «г» әріпінің өзгерген түрі және ол арабтың «к» әріпіне ұқсамайды. Сад әріп болса, парсының «ч» әріпінің өзгерген нұсқасы. Кейбіреулер бұл сөзді «касс» деп те айтады және ол әдеби тіл нормаларына жақынырақ. Бұл Хижаз тұрғында-рының тілі, яғни диалектісі [1, 271 б.].

Алайда, имам әл-Азһари «әт-Таһзиб» атты еңбегінде «Араб тіліндегі төл сөзде сад пен жим әріптері қатар келмейді» деген пікірді келтіре отырып оны сынаған. Ол جصص الجرو إذا فتح عينيّه, و جصص فلان إناءه إذا ملأه. Жаңадан туылған күшіктің көзін ашуына қолданылатын және ыдысты шүлпіндетіп толтыруға қолданылатын жассаса етістігін, сонымен қатар الصبح ضرب الحديد сажж – темірді темірмен ұру тіркесіндегі «сажж» сөзін мысалға келтіріп, аталған екі әріптің арабтың төл сөзінде де кездесетіндігін айтқан [5, 456 б.].

Бірақ араб тілінің түсіндірме сөздіктерінде аталған екі әріптің бір сөзде келуі өте сирек екендігін аңғардық.

6. أن يجتمع الجيم والقاف نحو المنجنيق. Араб тіліндегі төл сөзде жим мен қәф әріптері қатар келмейді. Мысалға, المنجنيق манжаник (катапулт) грек тілінен енген сөз. Имам әл-Жауһари өзінің әс-Сихах атты сөздігінде الجيم والقاف لا يجتمعان في كلمة واحدة من كلام العرب إلا أن تكون معربة أو حكاية صوت، نحو الجرذقة. Жим мен қәф араб төл сөздерінде тек бір ғана сөзде кездеседі. Ол الجرذقة «жардақа» (қатқан, кепкен нан). Бұл пікірді Әбу Исхак әл-Фараби "Диуан әл-әдәб" атты түсіндірме сөздігінде қолдаған. Ал бұдан басқа екі әріппен келген араб тіліндегі сөздер не кірме сөз не одағай сөздер. Мысалы: جرموق журмук (кебіс), бұл парсы тілінен енген сөз. الجرامة жарамика (Маусилда (Ирактағы қаланың аты) өмір сүретін тайпаның аты); الجوسق жаусак (са-

рай), бұл парсы тілінен енген сөз. جَلَّقَ (Шамдағы елді мекен атауы); الجوالق жуалиқ (ыдыс) парсы тілінен енген сөз. جُلاهِق жулаһиқ (мылтық немесе пытыра), парсы тілінен енген сөз. Араб тіліндегі қолданыста бар осы сөздердің барлықтарында «жим» мен «қаф» әріптері кездескен және олардың барлықтары кірме сөз болып табылады. Ал جَلَنَلِق «жаланбалақ» сөзі үлкен қақпаның ашылу кезіндегі шығатын дыбысқа одағай сөзі ретінде қолданылады. Бұл – جَلَن «жалан» және بَلَق "балақ" деген екі сөзден құралған одағай сөз.

Ибн Дурайд «әл-Жамһара» атты кітабында لم تجمع العرب الجيم والقاف في كلمة إلا في خمس كلمات أو ست. «Араб «жим» мен «қаф» әріптерін тек бес-алты сөзде ғана қолданады», – деген [6, 1130 б.].

Егер имам әл-Жауһари мен Ибн Дурайдтың сөздерін салыстырып қарайтын болсақ, пікір алшақтығын байқамаймыз. Себебі Ибн Дурайд одағай сөздерде кездесетін «жим» мен «қаф» әріптері бар сөздерді арабтың төл сөзі деп есептеуі мүмкін.

7. أن يكون خماسيا ورباعيا عاريا عن حروف الذلاقة, وهي الباء, والراء, والفاء, واللام, والميم, والنون. فإنه متى كان عربيا فلا بد أن يكون فيه شيء منها, نحو سفرجل, قذعمل, وقرطعب, أراب төл сөздеріндегі төрт және бес әріпті түбір сөздердің құрамында хуруф әз-залаканың (созылыңқы дауыссыз дыбыстар) бірі болуы керек. Мысалы: سفرجل «сафаржал» (айва); قذعمل «қузағмил» (ірі түйе); قرطعب «қир-тағб» (шүберек); جحمرش «жахмариш» (үлкен жастағы кемпір). Осы мысалдардағы сөздердің барлығы арабтың төл сөзі болып табылады. Бұл пікірді Әбу Хаиян «Шарх әт-Тәшил» атты кітапта айтқан.

Осы аталған араб тіліндегі кірме сөздерді анықтаудың жеті тәсілімен қатар тағы бірнеше тәсілдерді айтуға болады. Бұл тәсілдерге имам Жәләлуддин әс-Суюти «әл-Музһир фи улум әл-луға» атты кітабында Әбу Исхак әл-Фарабиге сүйене отырып, сілтеме жасап кеткен.

1. Әбу Исхак әл-Фараби «Диуан әл-әдәб» атты түсіндірме сөздігінде كلمة لا تجتمع في كلمة من غير حرف ذوقي, ولهذا ليس الجيت من محض العربية. «Жим» және «тә» әріптері тек қана созылмалы әріптері (хуруф әз-залақа) бар сөздердің құрамында кездеседі. Сондықтан جيت «жит» (пұт, абыз, сиқыр) сөзі таза араб сөзі емес деген пікір бар», – деген [7, 178 б.].

2. الجيم والطاء لا يجتمعان في كلمة واحدة, ولهذا كان الطاجن و الطيجان مؤلدين, لأن ذلك لا يكون في كلامهم الأصلي. «Жим» мен «та» әріптері бір сөзде келмейді.

Сол себепті طيجان «тайжан» және طاجن «тажин» сөздері кірме сөз болғандықтан арабтың төл сөздерінде бұл әріптер бір сөздің құрамында кездеспейді.

3. Имам Батлиуси «Шарх әл-фасих» атты еңбегінде لا يوجد في كلام العرب دال بعدها ذال إلا قليل, ولذلك أبى البصريون أن يقولوا بغداد بإهمال الدال الأولى وإعجام. Арабтың тілінде «дәл» әріпінен кейін «зәл» әріпі келетін сөздер жоқтың қасы. Сол себепті, Басра грамматикалық мектебінің өкілдері «Бағдад» деген сөзді «Бағдаз» деп айтуға келіспеген. Ал «дази» (су-сын) деген сөзге келсек, ол сөз парсы тілінен енгендіктен, бұл мәселеге дәлел болмайды.

Араб тіліне шет тілден енген кірме сөздерде кездесетін араб тілінде жоқ дыбыстардың өзгеріске ұшырауы;

Араб тіліне енген кірме сөздердегі кейбір араб тіліне тән емес әріптердің өзгеріске ұшырауын, орта ғасыр ғалымдары зерттеп кеткен. Бұл туралы ибн Дурайд, Ибн Фарис, әл-Жәуәлиқи, әл-Азһари, әс-Суюти сынды ғалымдар зерттеулер жүргізген. Мысалы:

1. «П» әріпінің араб тілінде дыбысталуы мен жазылуы.

Ибн Дурайд: حروف لا تتكلم العرب بها إلا ضرورة, فإذا اضطروا إليها حولوها عند التكلم بها إلى أقرب الحروف من مخارجها, ولذلك كالحروف الذي بين الباء والفاء مثل پور إذا أرابтар өздерінде жоқ әріптері бар сөздерді айтуға мәжбүр болған кезде сол әріпке дыбысталу жағынан ең жақын араб әріпін ауыстырып айтады. Мысалы: «бә» мен «фә» әріптері арасындағы «п» әріпі бар «пур» (Пур Үнді теңізі жағалауындағы елді мекен) сөзін арабтар «фур» деп атайды.

Ибн Фаристің пікірінше, Ибн Дурайдтің айтқан сөзі дұрыс. Себебі арабтар «пур» сөзін айтқан кезде оны «фә» әріпімен ауыстырып «фур» деп өз тілдеріне икемдеп алады.

2. Ибн Дурайд «Жамһара» атты кітабында ұлы ғалым әл-Асмағидың мына сөзін келтірген العرب تجعل الظاء طاء, ألا تراهم سمو النالظر ناطورا, أي أرابтар «за» әріпін «та» әріпімен ауыстырып айтады. Сол себепті «назыр» (егісікті бақылаушы) сөзін «на-тур» деп айтатындарын байқаймыз. Сол сияқты «ابن الظلة» сөзін «برطلة» «буртулэтун» (зонт) деп айтады.

3. سببا في إسماعيل, لأنها أشبه أابدلوا العين في إسماعيل, لأنها أشبه «айн» әріпімен ауыстырып «إسماعيل» сөзін «إسماعيل» деп айтып кеткенін айтады.

Әл-Жауалики «әл-Муғарраб» атты еңбегінде: إن العرب كثيرا ما يجترئون على الأسماء الأعجمية فيغيرونها بالإبدال، قالوا إسماعيل فأصله إسماعيل فأبدلوا القرب المخرج. Арабтар шет тілден енген есімдерді алып олардың ішіндегі әріптерді ауыстырып, өздеріне ыңғайлап алатын болған. Сондай-ақ «إسماعيل» сөзін «إسماعيل» деп дыбысталу жағынан жақын болғандықтан өзгерткен.

Имам әс-Суюти: «Кейбір араб тілі ғалымдарының көзқарасы бойынша, араб тіліндегі кірме сөздерде кездесетін он әріп өзгеріске ұшырайды. Бұлардың бесеуі міндетті түрде өзгеріске немесе басқа әріппен ауыстырылуы тиіс. Олар: кәф, жим, каф, бә және фә. Қалған бес әріп міндетті түрде өзгертілуі шарт емес. Олар: син, шин, айн, ләм, зәйн. Міндетті түрде ауыстыру қызметін атқаратын әріптер араб тілінде кездеспейтін басқа тілдердегі дыбыстардың араб тіліндегі өзгеріске ұшыраған нұсқасы ретінде қолданылады. Мыса-

лы: كرج «курбәж» (дүкен, дүңгершік) сөзіндегі «к» парсы тіліндегі «г» әріпінің араб тіліндегі баламасы немесе өзгерген нұсқасы; جوب «жаураб» (шұлық) сөзіндегі «ж» әріпі де парсы тіліндегі «г» әріпінің тіліндегі баламасы немесе өзгерген нұсқасы. Қалған бес әріп міндетті түрде өзгертілуі шарт емес. Бұл әріптер араб тіліне де бар әріптерді алмастыру функциясын атқарады. Мысалы: قفشليل «қафшалил» (ожау, шөміш) сөзіндегі «шин» әріпі «жим» әріпін, «ләм» әріпі «зәйн» әріпін алмастырған. Бұл сөздің түбірі قفجليز қафжализ», – деген [1, 274 б.].

Абу Убайд «әл-Ғариб мусаннаф атты кітапта العرب يعربون الشين سينا يقولون: نيسابور، وهي نيشابور، و كذلك الدشت يقولون دست فيبدلون سينا» Арабтар «шин» әріпін «син» әріпімен алмастырып, нишабурды «Найсабур» деп айтады. Сол сияқты дәшті (жазық, дала) «дәст» деп «шин» әріпінің орнына «синді» қолданады.

Әдебиеттер

1. جلال الدين السيوطي. المزهري في علوم اللغة وأنواعها. بيروت: المكتبة العصرية. 1986. ج 1، ص 651.
2. الخليل بن أحمد الفراهيدي. كتاب العين. بيروت: دار ومكتبة الهلال. ج 7، ص 473.
3. المنجد في اللغة والأعلام. الطبعة الخامسة العاشرة. بيروت – لبنان. 1996. ص 1014.
4. أبو نصر إسماعيل بن حماد الجوهري الفارابي. الصحاح تاج اللغة وصحاح العربية. بيروت: دار العلم للملايين. 1407 هـ. 1987 م. ج 3، ص 1310.
5. أبو بكر محمد بن الحسن بن دريد الأزدي. جمهرة اللغة. بيروت: دار العلم للملايين. 1987. ج 1، ص 623.
6. أبو بكر محمد بن الحسن بن دريد الأزدي. جمهرة اللغة. بيروت: دار العلم للملايين. 1987. ج 2، ص 2223.
7. أبو إبراهيم إسحاق بن إبراهيم بن الحسين الفارابي. معجم ديوان الأدب. القاهرة: مؤسسة دار الشعب للطباعة والنشر. 1424 هـ - 2003 م. ج 1، ص 476.

References

1. Zhalaluddin as-Suyuty. Al-Muzhir fy ulum al-luga ua anuagiha. Beyrut: Al-Maktaba al-asryia. 1986. J 1, s 651.
2. Khalyl ibn Akhmad al-Farahidi. Kitab al-ayn. Beyrut: Dar ua maktabatu al-hyal. J 7, s 473.
3. Al-Munjid fy al-liga ua al-aglam. Beyrut: Dar al-mashryq. 1996. S 1014.
4. Abu Nasyr Ismayil al-Jauhary. As-Sykhakh taj al-luga ua sykhakh al-arabyia. Beyrut: Dar al-malayin. 1987. J 3, s 1310.
5. Abu Bakr inb Durayd al-Azdy. Jamharatu al-luga. Beyrut: Dar al-malayin. 1987. J 1, s 623.
6. Abu Bakr inb Durayd al-Azdy. Jamharatu al-luga. Beyrut: Dar al-malayin. 1987. J 2, s 2223.
7. Abu Ibrahim Ishaq al-Faraby. Dyuan al-adab. Qahira: Muassasatu dar ash-shuab lis-sakhafa. 2003. J 1, s 476.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Набижанқызы З.
**Ер адам келбетінің ағылшын
және қытай тілдерінде
суреттелуі**

Мақалада ағылшын және қытай тілдеріндегі ер адамның кескін-келбетін сурттеулерін салыстыру арқылы, Шығыс пен Батыс халықтарының эстетикалық талғамдарын анықтап, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ортақ тұстарын пайымдайды. Сондай-ақ ағылшын мен қытай халықтарының ер адамдардың ерекшеліктерін суреттеген сөздерінің, салыстырмасы мен теңеулеріндегі айырмашықтарын ашып көрсету арқылы, екі елдің эстетикалық талғамында ортақтықтармен қатар, айырмашылықтардың бар екенін дәйектейді.

Түйін сөздер: ағылшын және қытай тілдері, ер адамның кескін келбеті, эстетика, талғам, ортақтық және айырмашылық.

Zaure Nabizhankyzy
**Male's appearance descriptions in
English and Chinese languages**

This article is based on comparative analysis of male's appearance descriptions in English and Chinese languages, to understand Chinese and Western different aesthetic ideas and common ground, as well as the different characteristics of the male's appearance of English people and Chinese people.

Key words: English and Chinese, male's appearance, aesthetics, aesthetic ideas, difference and common ground).

Набижанқызы Зауре
**Описание образа мужчины
в английском и китайском
языках**

В статье рассматривается определение сходства и различия эстетических потребностей народов Востока и Запада путем сравнения описаний внешнего вида мужчин в английском и китайском языках. Несмотря на сходство эстетических потребностей обоих народов, раскрывается различие в словах, сравнениях, сопоставлениях, которые описывают особенность мужчин народов Китая и Англии.

Ключевые слова: английский и китайский языки, внешний вид мужчины, эстетика, потребность, сходство и различие.

ЕР АДАМ КЕЛБЕТІНІҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕ СУРЕТТЕЛУІ

Соңғы жылдары тіл білімі саласында қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдермен салыстырып зерттеу қанат жайып келеді. Бұл әр ұлттың эстетикалық талғамдарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтаудың жақсы әдісі болып табылады. Әлемдегі әрбір халық объективті дүниені тану барысында өзінің эстетикалық көзқарастарын қалыптастырған. Олардың белгілі бір нәрсені «жаман» немесе «жақсы» деп бағалау принциптерінен олардың эстетикалық талғамын көруге болады. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, әрбір халықтың адам кескін-келбеті жөніндегі ұнамды және ұнамсыз суреттеулерінен олардың эстетикалық талғамдарын анық байқаймыз. Біз бұл мақаламызда ағылшын және қытай тілдеріндегі ер адамның келбетін суреттеген сөздерді салыстыру арқылы олардың эстетикалық талғамындағы айырмашылықтары мен ортақтықтарын қарастырамыз.

Ағылшын және қытай тілдеріндегі ер адам келбетін суреттеген сөздерді өзара салыстырып қарайтын болсақ, онда өте қызықты мәдени құбылыстарды да аңғарамыз. «Әлемдегі ең ұлы шебер – Жаратушы Құдай» демекші, Алла әлемдегі миллиардтанған адамдардың бет әлібетін бір-біріне ұқсатпай жаратқан, тіпті олардың кескін-келбеттерін де тек әр ұлтқа ғана тән етіп сомдағанын көріп те жүрміз, әлем әдебиетінде суреттеліп те келеді. Көркем әдеби шығармаларды еркек адамның кескін-келбеттерін суреттеген сөздер аз емес. Ер адамдар көбінесе ерекше кескін-келбетімен, айбарлы әлпеті және тылсым күш-құдыретімен ерекшеленеді. Ер адамның келбет ерекшеліктері сыртынан байқалса, сұлулығы оның ішкі дүниесінде. Сондықтан қаламгерлер оларды бейнелі сөздермен суреттейді. Дегенмен сұлулықтың өлшемі әр халықта әртүрлі. Ер адам сұлулығын әдетте сыртқы келбетіне келіскен адами қасиеттерімен байланыстырып, оны бір адамның бойынан табылуды армандайды және ондайларды ең идеялды сұлулық деп санайды. Әрбір халықтың ер адамның сыртқы бейнесінің сұлулығына қоятын өлшемдері әртүрлі болғандықтан, олардың көркем әдебиеттерінде өздеріне тән суреттеулер кездеседі.

Жазушы мен сөйлеуші тілді тұтынушының өмір сүру жағдайына, ұлттық салт-дәстүрінде, мәдениетіне, дүниетанымы мен талғамдарына негізделіп жазады, сөйлейді, бұдан белгілі

бір ұлттық мәдени еркшеліктер байқалады. Ендеше оның нақтылы мысалдарын ағылшын және қытай тілдерінен қарастырып көрейік.

Ағылшындар бейнелі түрде, табиғатта байқаланатын құбылыстар атауларын ер адам келбетін суреттеуге көбірек қолданады. Енді соның нақтылы мысалдарын келтірейік.

Кескін – келбет туралы: well-built, elegant, good feature, heavy, built as powerfully as a bull, natural grace, ruggedly handsome features (қазақшасы: Сом денелі, көркем, тұлғасы тамаша, шымыр денелі, бұқадай жұмыр, келбеті келіскен, көрікті). Әдебиеттерде: He was twenty-eight, a tall **well-built man**, who did not seem, however to think his appearance was very important [1] – деп келтіріледі. Қытайша: 他28岁, 身材高大魁梧, 不过他好像并不认为自己的外表很重要 (қазақша: Оның жасы 28-де, сом денелі, бірақ ол өзінің сыртқы келбетінің маңызды екеніне назар аударар бермейді).

He was at this time in his late fifties; a tall, **elegant man with good features**. Қытайша: 这时候, 他50年代末, 一个身材高大, 具有优雅面貌的人. (қазақша: Ол сол кезде, елуінші жылдың соңында, ол ұзын бойлы, тұлғасы тамаша кісі еді) [2]. He had a **natural grace** that was attractive and I could see why Isabel had been taken by him. Қытайша: 他风度翩翩很迷人, 我可以明白为什么伊莎贝拉被他带去 (қазақша: Оның келтесіне көз сүрінеді, мен Исабеланың онымен кеткенін түсінемін) [3].

He was a **heavy, dark young man**, not at all like his sister. Қытайша: 他是一个壮实黝黑的年轻人, 一点儿也不像他的妹妹 (қазақша: Ол шымыр денелі, қараторы жас жігіт, ол өзінің қарындасына ұқсамайды) [4]. He was **built as powerfully as a bull** and it was common knowledge that he was generously endowed by nature. Қытайшасы: 他的身材强壮如头牛, 这是他慷慨得天独厚的条件 (қазақша: Оның денесінің шымырлығы бұқа сияқты, бұл – оған құдайдың берген сыйы); His **ruggedly handsome features**. Қытайшасы: 他那粗狂英俊的五官 (қазақша: Оның айшықты әдемі бес мүшесі).

Қытайдың классикалық әдебиеттерінде: (刘备) 生得身长七尺五寸, 两耳垂肩, 双手过膝, 目能自顾其耳, 面如冠玉, 唇若涂脂. Қазақшасы: Лию Бейдің бойы серейген, екі құлағы салбыраған, екі қолы тізесінен төмен түскен, өз көзімен өз құлағын көреді, беті аппақ нефриттей, ерні қып-қызыл бояғандай; (关羽) 身长九尺, 鬃长二尺; 面如重枣, 唇若涂脂; 丹凤眼, 卧蚕眉: 相貌堂堂, 威风. Қазақша: Гуань Ий ұзын бойлы, самай шашы екі қарыс, беті қызыл құрма-

дай, ерні қып-қызыл бояғандай, ұзыншақ көзді, қасы жібек құрты жатқандай қалың, жүзі көрікті әрі айбарлы; (诸葛亮) 玄德见孔明身长八尺, 面如冠玉, 头戴纶巾. Қазақша: Сюан Вэ Кун Минды байқаса, оның бойы еңгезердей, жүзі нефриттей аппақ, басына таққан орамалы бар; 吕布, 身材高大 相貌英俊, 武艺高强. Қазақшасы: Лей Будың дене бітімі ұзын бойлы әрі көрікті, қару өнеріне шебер[5].

Бет-жүзі туралы: pretty face, good-looking indeed; pleasant looking ; wonderfully handsome; attractive; a fair and beautiful face; excessively handsome, face lighted with a happy solution, perfectly symmetrical face, devilishly handsome. Қазақша: әдемі бет, өте сұлу жүзі, мейірімді жүзі, өте көрікті, тартымды, ақ-жарқын жүзді, жаннан асқан сұлу, жүзінен күлкі ескен, қасы-көзі жарасқан, айырықша әдемі). Бұлардың нақты әдебиеттерде қолданысы:

And his **pretty face** hasn't changed in all that time. It's true. I promise you. Қытайша: 他那漂亮的脸蛋 没有发生任何改变. 那是事实我发誓 (қазақша: Оның әдемі беті ешқандай өзгерген жоқ, мен уәде беремін, бұл ақиқат) [6]. He was very **good-looking indeed**, with his bright blue eyes and his gold hair. **He had an open, honest face**. Қытайша: 他长得很好看, 蓝眼睛, 金黄色的头发. 他的脸坦率、诚实(қазақша: Оның жүзі өте көрікті, көзі көк, шашы сап-сары. Оның жүзі жарқын әрі адал)[7].

A tall, grey-haired, **pleasant-looking** gentleman entered a few minutes later laughing rather strangely to himself. Қытайша: 几分钟后, 一位高个子、灰头发、面色和悦的先生十分古怪地笑着走进来 (бірнеше минуттан кейін, ұзын бойлы, шашы бурыл тартқан, жүзі мейірімді мырза күлімдеп, кіріп келді) [8].

He has a **fair and beautiful face**. And you—well, you look intelligent. He has a fair and beautiful face. And you—well, you look intelligent, of course, but with your strong face and black hair, you are not beautiful. Қытайша: 他有着白皙漂亮的面孔, 可是你——唉, 当然你看起来聪明, 但你长着强健的面孔和黑色的头发, 你算不上漂亮 (қазақша: Оның жүзі жарқын әрі адал, бірақ сен, ей, сен, өзінді ақылды деп ойлайсың, тарамысталған жүзің мен қара шашың сені әдеміге қоспайды) [9].

He's slim, muscular with an almost perfectly **symmetrical face**. Қытайша: 他很健美, 有一张几乎完美对称的脸 (қазақша: Оның сымбатты шымыр денесіне қасы-көзі жарасқан); His pale skin made him **look devilishly handsome**. Қытайша: 他白皙的皮肤让他看起来过分的帅气 (қа-

зақша: Оны ақ құбаша жүзі оның сұлулығын аша түскен) [10].

«Oh, my dear», continued Mrs. Bennet, «I'm quite delighted with him. He is so **excessively handsome!**». Қытайша: «哦, 我的天啊, 本纳特夫人继续说着, «我和他在一起非常快乐, 他长得过分帅气! » (қазақша: Ой, құдайым-ау, Беннет ханым сөзін жалғастырып: «Мен онымен бірге болғаным бақытты сезінемін, ол ерекше сұлу») [11].

Қытай тіліндегі әдебиеттерде: 这是一张有着铁矿石般颜色和猎人般粗狂特征的脸. Қазақша: мынау көмірдей қара, аңшының андыздаған беті сияқты беті бар адам екен; 果然是一条好汉, 身躯凛凛, 相貌堂堂. Қазақша: айтса-айтқандай-ақ, келіскен азамат екен, тұлғасы айбарлы, бет-жүзі жарқыраған; 只见那人俊美绝伦, 脸如雕刻般五官分明, 有棱有角的脸俊美异常. Қазақша: Ол адамның сұлулығы жаннан асқан, беті ойып жасалғандай әдемі, қасы-көзі жарасып тұр).

Көз туралы: remarkable; shone white. sharp blue eyes, peculiar, like the full moon; watery blue eyes; a mesmerizing deep ocean blue. Қазақшасы: жарқыраған, жанарлы, өткір көк көз, ерекше жанарлы көз, толған айдай, мөлдір, теңіздей тұңғұйық. Бұл сөздердің әдебиеттерде қолданысы: His eyes were **remarkable** for a certain **hysterical brilliancy**. Қытайшасы: 他的眼睛里是显着异常的目光 (Қазақша: Оның жанары ерекше ұшқын шашып тұрғандай) [12].

Fache's eyes **shone white**. Қытайшасы: 弗朗什的眼睛炯炯有神 (қазақша: Фаланштің оттай жанары); His eyes behind the glasses looked like **the full moon** shining into two windows. Қытайшасы: 他的眼睛在镜片后面就像满月照进两扇窗户 (қазақша: Оның көзі көзілдіріктің артынан толған айдың терезеден түскен сәулесіндей көрінеді). Charles was forty years old, with light hair and **watery blue eyes**. Қытайшасы: 查理40岁, 浅色的头发, 水汪汪的蓝眼睛 (қазақша: Чарльз қырық жаста, бозғылт шашты, мөлдіреген көк көзді); His eyes were **mesmerising deep ocean blue**. Қытайшасы: 他的眼睛就像充满了诱惑的深蓝色的大海 (қазақша: Оның көзі тартымы теңіздей тұңғұйық) [13].

Қытай тілінде: 丹凤眼, 眼若流星, 乌黑深邃的眼眸, 细长蕴藏着锐利的黑眸, 一对细长的桃花眼, 眼睛深邃有神, 锐利的黑眸, 眼珠象乌黑的玛瑙, 目若秋波, 杏子型的眼睛. Қазақша: Күс көзді, аққан жұлдыздай жарқыраған көз, терең қара көз, ұзыншақ өткір қара көз, шапдалдай сопақша көз, терең жанарлы көз, өткір көз, жанары жақұттай, көзі күздің толқынындай, өрік формасындағы көз).

Мұрын туралы: long straight nose, pointy nose, hooked nose, roman nose, high-bridged nose. Қазақшасы: ұзын қыр мұрынды, пістиген мұрын, имек мұрын, римдік мұрын, биік қыр мұрын. Әдебиеттердегі қолданылуы. He had dark brown hair and **pointy nose**. Қытайшасы: 他有深棕色的头发和尖尖的鼻子 (қазақша: Оның қанық қоңыр түсті шашы мен пістиген мұрны); Like many of the Elphberg royal family, he had blue eyes, an unusually **long straight nose** and a lot of dark red hair. Қытайшасы: 像艾尔弗伯格王室的许多人一样, 他长着蓝色的眼睛, 一只不寻常的又长又挺的鼻子和很多深红色的头发. 他个子很高, 相貌英俊 (қазақша: Элфриберик патша әулетінің адамдары сияқты, оның көк көзі, ерекше ұзын тік мұрны мен қызғылт қалың шашы, ұзын бойы мен көрікті келбеті көз сүріндіреді); He had **high-bridged nose** that was among his two eyes. Қытайшасы: 他有着高挺鼻梁在他两眼中间 (қазақша: Оның екі көзінің ортасындағы биік қыр мұрны көрінеді); Their gaze had halted when they got to his **roman nose**. Қытайшасы: 他们的目光已经停留在他那罗马鼻上 (қазақша: оның көзі ана кісінің реимдық мұрнына түсті) [14].

Қытай тілінде: 高挺的鼻梁, 笔直鼻梁, 翘鼻子, 象牙雕刻的鼻子, 鹰嘴鼻子, 英挺的鼻梁. Қазақшасы: Биік қыр мұрны, қаламдай тұзу мұрны, қайқыш мұрны, құстың тұмсығындай мұрны; әдемі қыр мұрын. Әдебиеттерде қолданысы: 那浓浓的眉, 高挺的鼻, 绝美的唇形, 无一不在张扬着高贵与优雅, 这哪里是人, 着根本就是童话中的白马王子嘛! Қазақша: қалың қара қасы, биік қыр мұрны, оймақтай әдемі ерні, бәрі-бәрі де оның ақсүйектік әсемдігін көрсетіп тұрғандай, бұл қай жақтың адамы, ертегідегі ақбозатты ханзада ма еді! 他的扁圆脸当中高耸着一只尖尖的鹰嘴鼻子, 像要叼住什么似的. Қазақша: Оның сопақша келген бетінде бүркіттің тұмсығындай имек мұрны бейне бір нәрсені іліп алатындай; 他那秀美得好似象牙雕刻的鼻子. Қазақша: Оның пілдің тісінен ойып жасағандай әдемі мұрны; 他又瘦又小的小脸上, 嵌着一个小小的翘鼻子. Қазақша: Оның кішкентай арық бетіне қайқы мұрны жабысып тұр; 标杆般笔挺的修长身材, 小麦色的健康肤色, 刀削的眉, 高挺的鼻梁, 薄薄却紧抿的唇, 以及一双漆黑的眼. Қазақша: Сырықтай түп-түзу ұзын денесі, бидай өңі, қиылған қасы, биік қыр мұрны, жұп-жұқа қабысқан ерні, екі қара жанары ... [15].

Жоғарыда ағылшын және қытай әдебиеттеріндегі ер адамның кескін-келбетін суреттеген сөздерден, Батыс пен Шығыс халықтарының эстетикалық талғамдарын көруге болады. Шығыс халықтары қара көзді сұлу

санаса, Батыс елдері көк көзді көркем деп есептейді. Қытай халқы батырлардың кескін-келбетін асыра суреттесе, Батыс елдері шыннайы өмір келбетімен кескіндейді. Олардың салыстырмалы мысалдарында айырмашы-

лықтар бар, сондай-ақ әсерлеу тәсілдері де айырықша. Дей тұрғанымен ағылшын және қытай халықтарының ер адамның келбеті жөнінде талғамдарында ортақ көзқарастардың бар екенін байқаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Thomas Gray. Far from the Madding Crowd. England: Cornhill Magazine. - 1874.
- 2 W.Somerset Maugham. The Razor's edge. 1944.
- 3 Jane Austen. Pride and Prejudice England: T.Egerton, Whitehall. - 1813.
- 4 Oscar Wilde. The picture of Dorian Gra. England: Lippincott's Monthly Magazine. - 1890.
- 5 liaoning daxue zhongwenxi.Wenyi miaoxie cidian. sanguo yanyi. -Shengyang, 530 y. 辽宁大学中文系, 文艺描写辞典. 罗贯中. 三国演义. - 沈阳. -1981,第 -530页
- 6 Oscar Wilde. The picture of Dorian Gray. England: Lippincott's Monthly Magazine . - 1890.
- 7 Oscar Wilde The picture of Dorian Gray. England: Lippincott's Monthly Magazine. - 1890.
- 8 Charles Dickens David Coperfield England: Bradbury&Evans. - 1849.
- 9 Oscar Wilde. The picture of Dorian Gray. England: Lippincott's Monthly Magazine. - 1890.
- 10 www.content://com.sec.android.ap
- 11 Jane Austen. Pride and Prejudice England: T.Egerton, Whitehall. - 1813.
- 12 Willa Cather Paul's case America: McClure's Magazine. -1905.
- 13 Jonathan Swift Gulliver's Travels Ireland: Benjamin Motte.- 1726.
- 14 Anthony Hope The Prisoner of Zenda UK: J.W. Arrowsmith.-1894.

Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. Шығыстану сериясы

مجله علمی دانشگاه ملی قزاقستان به نام الفارابی . رشته شرقشناسی

カザフ国立大学学術ジャーナル（東洋学）

المجلة العلمية لجامعة الفارابي الوطنية القزاقية. سلسلة الدراسات الشرقية

알파라비 카자흐국립대학교 동방학보

El-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin İlmî Dergisi. Şarkiyat Serisi

अल-फ़राबी नामक कज़ाख़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय के वैज्ञानिक पत्रिका। ओरिएंटल स्टडीज़ की सीरीज

阿里-法拉比哈萨克国立大学学报。东方学丛刊

الفارابی قازق قومی یونیورسٹی کا علمی رسالہ. اورینٹل سٹڈیز کا سلسلہ

Нурелова А.М.
**Аударматанудағы эквивалент
категориясының деңгейлері**

Бұл мақалада аударматанудағы эквивалент категориясы, оның деңгейлері қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – осы салада жүргізілген аудармашы-ғалымдардың зерттеулерін, пікірлерін сараптау. Catford (1965), Nida, Taber (1969), Toury (1980), Koller (1995) ғалымдардың эквивалент ұғымына берілген түсініктеріне талдау жасалып, салыстырылды. Коллер мен В.Н. Комиссаровтың анықтама берілген эквивалент деңгейлеріне салыстырмалы анализ жасалынды.

Түйін сөздер: аударма, эквивалент категориясы, категория деңгейлері.

Nurelova A.M.
**Category equivalence in
translation studies**

This article discusses the category of equivalence. And also considered the work of famous scientists in the field of translation studies, the levels and types of equivalence. comparative analysis of the works was carried out Catford (1965), Nida, Taber (1969), Toury (1980), Koller (1995) .

Key words: translation, equivalence category, typologies of equivalence, concept.

Нурелова А.М.
**Категория эквивалентности
в переводеведении**

В этой статье рассматривается понятие эквивалентности, типы, уровни категории эквивалентности. Цель этой работы – рассмотреть работы известных ученых в этой области. Был проведен сравнительный анализ работам Catford (1965), Nida, Taber (1969), Toury (1980), Koller (1995).

Ключевые слова: перевод, категория эквивалентности, уровни категории эквивалентности.

АУДАРМАТАНУДАҒЫ ЭКВИВАЛЕНТ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Эквивалент мәселесіне бір жақты қарау мүмкін емес. Аударманың басты мақсаты – мәтіндегі ақпаратты, мәтін мазмұнын барынша дәл жеткізу болғандықтан, аударма эквиваленттілігінің ең жоғарғы деңгейі мүмкіндігінше түпнұсқаның мазмұнын сақтау, мағыналық жақындыққа жету.

Аударматанушы-зерттеушілердің пікірінше, аударманың басты міндеті – коммуникативті эквиваленттілікке жету.

Эквивалент ұғымы аударматануда негізгі түсінік болып табылады. Бірақ дегенмен осы күнге дейін бірде-бір зерттеуші эквиваленттілік деңгейін, типін нақты айта алмайды. Бұған қатысты зерттеушілердің де пікірлері әртүрлі.

Catford (1965), Nida, Taber (1969), Toury (1980), Koller (1995) сияқты зерттеушілер эквивалент ұғымы аударма теориясына тікелей қатысты деп айтса, мүлде қатысы жоқ екенін дәлелдейтін Snell-Hornby (1988) зерттеушілер де бар.

1964 ж. америкалық лингвист Ю. Найданың «К науке переводить» деген кітабы жарық көрді. Сол еңбегінде зерттеуші «динамикалық эквивалент» түсінігін енгізеді. Бұл түсініктің негізгі мақсаты түпнұсқаның ерекшелігіне көңіл бөлу емес, аударылған мәтінге оқушының реакциясы маңызды екенін көрсетеді. Аударылатын тілдің заңдылықтарын ескере отырып, мәтінді түсінікті, табиғи түрде жеткізу.

Ю. Найданың зерттеулерінде формальды эквиваленттілік (тіларалық сәйкестікке сүйеніп жасалынатын) динамикалық эквиваленттілікке (әртүрлі трансформациялар арқылы жүзеге асырылады) қарама-қарсы қойылады. [1]

Дж. Кэтфордтың «Аударманың лингвистикалық теориясы» деген жұмысында аударма теориясының негізгі қиыншылығы эквивалент мәселесі болып табылатынын айтып кеткен. Кэтфордтың пікірінше, аударманың басты мақсаты – түпнұсқа мен аудармадағы мағыналық сәйкестік, жақындық. Эквиваленттілік жасалған аудармамен түпнұсқаны салыстыру арқылы анықталу керектігін айтады. Дж. Кэтфордтың ойынша, аударма барысында түпнұсқа бірліктері сол қалпында ауыстырылып немесе берілмейді. Аударуда тек түпнұсқа тілінің бірліктері аударылатын тілдің бірліктеріне ауыстырылады. [2]

Эквивалент мәселесін зерттеу барысында ғалымдар аударма деңгейіне байланысты эквивалент типтерін жасап шығарды.

Коллер эквивалент категориясын 5 түрге бөледі:

Денотативті: мәтіннің мазмұнын сақтау

Конотативті: Синонимді тілдік құралдар арқылы мәтінді жеткізу.

Мәтінді-нормативті: мәтіннің жанрлық ерекшеліктеріне сай аудару.

Прагматикалық: түпнұсқа тілінің бірліктері де аударылатын тіл бірліктері де бірдей эмоция тұғызатын жағдай.

Формальді: түпнұсқаның әдеби – эстетикалық, автордың жеке даралық стилін, ерекшеліктерін сақтап қалу.

Коллердің пікірінше, эквиваленттілікке қойылатын иерархиялық талап мәтінге байланысты өзгеріп отырады, сонымен қатар эквивалент категориясына қойылатын талапқа шектеу қою мүмкін емес. Коллер зерттеулерінде аударма барысында құндылық иерархиясы өзгеріп отырады, мәтінге байланысты мақсатта өзгеретінін көрсетеді. Коллер эквивалент түсінігі нормативті түсінік екенін баса айтады.[3]

Ж.-П. Вине және Ж. Дарбельне эквиваленттілікке жетудің негізгі тәсілі-тілдер арасындағы сәйкестікті, ұқсастықты пайдалану. Бірақ сонымен қатар семантикалық трансформацияны қолдануды да жоққа шығармайды.

О.Кадэ, Р. Арнц, М.Ханна еңбектерінде номинативті бірліктер, лексикалық және де лексика-семантикалық сәйкестіктер деңгейінде эквивалент типтерін топтау тәсілі көрсетілген. Осылай one-to-one equivalence пайда болды. Сөздер немесе сөйлемдер арасында жүзеге асырылады. Әртүрлі тілдер арасындағы мағыналық ұқсастыққа сәйкес қолданылады [4].

Егер екі тілде де мағыналық жақындығы бар бірнеше бірліктер бар болса, ол one-to-many equivalence деп аталады. Ал егер бір тілдегі бірлік екінші тілдегі бірліктің семантикасының жартысын ғана берсе, бұл one-to-part-of-one-equivalence болып табылады. Екі тіл арасында ешқандай мағыналық ұқсастық болмаған жағдайды nil equivalence деп атайды. Яғни эквиваленттілік жоқ немесе нольдік эквивалент.

М. Бейкер текстік эквиваленттілікті бөліп көрсетеді. Бұл екі тілдегі ақпараттық ағымның ұқсастығы болып табылады. А. Ньюманның ойынша, барлық ақпараттар бірдей жеткізілуі тиіс емес, сондықтан оның пікіріне сәйкес, аудармашы қандай ақпараттың бірінші жеткізіліп, ал қандай ақпаратты қалдырып кету керектігін өзі шешуі тиіс екен. Мұндай өзгертуге түскен мәтіндерді ол функционалды эквивалент деп атайды. [5]

Дәлелденген теориялардың бірі неміс ғалымы А. Нойберт ұсынған, оны кейін орыс ғалымы

А. Швейцер жалғастырып, дамытты. Нойберт түпнұсқа мәтінімен аударылған мәтінге күрделі бірліктер термині ретінде қарауды ұсынды. Семиотикада бірліктердің қарым-қатынасының 3 түрі бар:

Бірлік семантикасы (бірлік және мәні)

Бірліктің синтактикасы (бірлік және басқа бірлік)

Бірлік және оны қолданушы (бірлік прагматикасы)

Осының негізінде эквиваленттіліктің үш түрін бөліп көрсетеді:

Синтаксистік деңгейдегі эквиваленттілік. Түпнұсқа тілдік бірліктері аударылатын тіл бірліктеріне ауыстырылады. Бірақ аударылған мәтіндегі тілдік бірліктердегі синтаксистік қатынастар түпнұсқамен сәйкес келеді.

Семантикалық деңгейдегі эквиваленттілік. Тек бірліктер ғана ауысып қоймай, бірліктер арасындағы синтаксистік қатынастар да өзгерген.

Прагматикалық деңгейдегі эквиваленттілік. Коммуникативті әсерді сақтап қалу үшін, аудармашы семантикадан прагматиканы жоғары қояды. Бұл клише сөздерді аудару барысында көп кездеседі.

Швейцердің пікірінше, эквиваленттілік иерархиялық категория. Деңгейлер синтаксистіктен бастап, семантикалық арқылы прагматикалыққа қарай орналасады. Синтаксистік деңгейде эквивалент деңгейі ең төмен болып саналады. [6]

В.Н. Комиссаровтың зерттеулеріне келетін болсақ, ол эквивалент категориясын бес деңгейге бөлген:

1) Коммуникациялық мақсаты;

Аударма мен түпнұсқа мазмұнында ұқсастық аз болады;

2) Жағдайға сәйкестендіру;

Баяндау, бейнелеу тәсілі өзгеше болғанымен бір жағдай сипатталады. Түпнұсқаның қосымша бөліктері сақталады.

3) Жағдайды сипаттау тәсілі;

Жалпы түсінік сақталады.

4) Синтаксистік құрылымдар түсінігі;

Синтаксистік құрылым сақталады.

5) Сөздік белгілердің мәні, мағынасы;

Түпнұсқаның барлық бөліктері сақталады.

Комиссаров өз зерттеулерінде түпнұсқа мен аударма арасындағы эквивалентті қарым-қатынаста коммуникативті мақсатты басты орынға қояды. Әрине, аударма барысында аудармашы қай деңгейді қолдану керектігін өзі шешеді, дегенмен ешбір жағдайда коммуникативті деңгейді қалдыруға болмайды дейді. Аудармашының мақсаты коммуникативті хабарламаны жеткізу, осы деңгейде аударма түсінікті болуы тиіс [7].

Эквивалентті қарым-қатынасты сараптау үшін Р.Якобсонны типологиялық схемасын қарастырып көрейік.

Референтті немесе денотативті

Экспрессивті-эмотивті

Конативті

Фативті (қарым-қатынас орнату)

Металингвистикалық

Поэтикалық

Жоғарыда келтірілген зерттеулерден кез-келген мәтін белгілі бір коммуникативті функцияны атқаратынын түсінуге болады. Яғни, белгілі бір фактілерді жеткізеді, эмоцияны көрсетеді, адамдар арасында байланыс орнатады, оқырманнан белгілі бір іс-әрекетті, сезімді талап етеді. Сондықтан аударманың, аудармашының міндеті осыны дәл жеткізе білу.

Аударылатын мәтінге, оның жанрына, аударма түріне байланысты қолданылатын эквивалент деңгейлері де әртүрлі болып келеді. Бір мәтінді аударғанда тек осы типтерді қолдану керек деген қате түсінік қалыптаспау қажет. Мысалы, көркем шығарманы аудару барысында тек мазмұнын ғана жеткізіп қоймай, ол жерде шығарманың

жанрын, шығармадағы эмоцияны, жазушының ойын, өзіндік қолтаңбасын ескере отырып аударма жасалады. Бір шығармада Коллердің ұсынған бес типімен қатар, Коммисаровтың да бөліп көрсеткен эквивалент деңгейлерін қолданатын кездер де кездеседі.

Көркем шығармаға сәйкес типтер, бизнес мәтіндерін немесе ғылыми мақалаларды аударуға сәйкес келмеуі мүмкін. Яғни Коллердің пікіріне сәйкес аудару процесінде ең маңыздысы ол мәтін, мәтінге байланысты аударма түрі, эквивалент деңгейі таңдалады.

Аударма процесі қиын әрі күрделі процес болып табылады. Аударма - ол өнер. Аудармаға бір жақты қарау мүмкін емес, сонымен қатар белгілі бір теорияға сүйеніп аударманы жасау мүмкін емес. Аудармада екі тілдің тілдік ерекшелігі ғана емес, осы тілдің мәдениеті, тарихы аудару процесіне ықпалы өте жоғары. Аударылатын мәтіннің коммуникативті функциясын, беріп отырған ақпаратын, мәтіндегі эмоцияны түсінбей, дұрыс аударма жасау мүмкін емес. Аударма тек лингвистикалық ғана емес психолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық білімді қажет ететін процесс.

Әдебиеттер

- 1 Бархударов Л. С. Язык и перевод. – М., 1973. – 75 с.
- 2 Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М., 2007. – 105 с.
- 3 Федоров А. В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): учеб. пособие для ин-тов и факультетов иностр. языков. – 5-е изд. – М.: ООО «Издат. Дом «ФИЛОЛОГИЯ ТРИ», 2002. – 15 с.
- 4 Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – М., 2013. – 225-228 с.
- 5 Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика, – М., 2008. – 157-165 с.
- 6 Якобсон Р. О лингвистических аспектах перевода. Избранные работы. – М., 2000. 55-59 с.
- 7 Гак В.Г., Григорьев Б.Б. Теория и практика перевода. Французский язык. – М., 2006. – 92-98 с.
- 8 Чернов Г.В. Теория синхронного перевода. – М., 2007.
- 9 Крупнов В.Н. Лексикографические аспекты перевода. – М., 2008.
- 10 Перевод и коммуникация /под ред. А.Д. Швейцера, – М., 2001.

References

- 1 Barhudarov L. S. Jazyk i perevod. – M., 1973. – 75 s.
- 2 Komissarov V.N. Sovremennoe perevodovedenie. – M., 2007. – 105 s.
- 3 Fedorov A. V. Osnovy obshhej teorii perevoda (lingvisticheskie problemy): ucheb. posobie dlja in-tov i fakul'tetov inostr. jazykov. – 5-e izd. – M.: ООО «Izdat. Dom «FILOLOGIJa TRI», 2002. – 15 s.
- 4 Shvejcer A.D. Teorija perevoda: Status, problemy, aspekty. – M., 2013. – 225-228 s.
- 5 Shvejcer A.D. Perevod i lingvistika, – M., 2008. – 157-165 s.
- 6 Jakobson R. O lingvisticheskix aspektah perevoda. Izbrannye raboty. – M., 2000. 55-59 s.
- 7 Gak V.G., Grigor'ev B.B. Teorija i praktika perevoda. Francuzskij jazyk. – M., 2006. – 92-98 s.
- 8 Chernov G.V. Teorija sinhronnogo perevoda. – M., 2007.
- 9 Krupnov V.N. Leksikograficheskie aspekty perevoda. – M., 2008.
- 10 Perevod i kommunikacija /pod red. A.D. Shvejcera, – M., 2001.

Сапарбаева Н.Б., Оралова М.Н.

**Қазіргі қытай тіліндегі
құрылымдық шылаулардың
қолданылу аясы**

Бұл мақалада қазіргі қытай тіліндегі құрылымдық шылау сөздердің түрлері және олардың қолданылу аясы зерттеледі. Аталған мақалада аса тың мәселе болып табылатын қытай тілінің бір қыры – шылау сөздердің қолданылуы жете зерттеліп, студенттерге терең білім алуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Осыған орай, қытай тіліндегі шылау сөздерді ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лексикалық, грамматикалық қырлары бойынша тілде қалыптасқан заңдылықтар аясында зерттей отырып, халық игілігіне жарату қытай тіліне қызығушылық танытқан әрбір ізденушіге қолғабыс болары сөзсіз.

Түйін сөздер: құрылымдық шылау, демеулік шылау, шақтық шылау, мәтін, анықтауыш, семантика-синтаксистік байланыс, пысықтауыш.

Saparbayeva N.B., Oralova M.N.

**The use of structural auxiliary
words in modern Chinese**

This article describes correct usage of structural auxiliary words in the Chinese language. Due to this, many students will have the opportunity accurately distinguish and to use them in the text. Therefore, due to the research of the established order of vocabulary and grammar of auxiliary words in the sentence, it can be used in compliance with all regulations. It will be helpful for many people who interested in the Chinese language, learn more in this area, and also accurately to distinguish between rules of using of the structural auxiliary words.

Key words: functional words, semantic and syntactic relationship, determining factor.

Сапарбаева Н.Б., Оралова М.Н.

**Использование структурных
служебных слов в современ-
ном китайском языке**

В данной статье рассматривается правильное употребление структурных служебных слов в китайском языке. Благодаря данному исследованию у многих студентов появится возможность правильно различать и использовать структурные служебные слова. В связи с этим исследование установленных лексических и грамматических порядков служебных слов в предложении может помочь понять и правильно использовать служебные слова. Что поможет заинтересованным людям правильно различать правила использования структурных служебных слов.

Ключевые слова: служебные слова, семантико-синтаксическая взаимосвязь, определение, обстоятельство.

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМ- ДЫҚ ШЫЛАУЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әрқилы ренктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздерді айтамыз немесе басқаша сөзбен тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздерді шылаулар деп атаймыз. Шылаулар жеке дара қолданылмайды, олар жеңіл тонмен оқылады. Шылаулар сөздердің арасында семантика-синтаксистік байланыстарды орнатады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша қытай тілінің грамматикасында шылау сөздер көптеген өзгерістерге ұшырап отырған. Сол себептен де шылау сөздерді зерттей отырып, біз тілдегі өзгерістерді де саралай аламыз деп нақты тұжырымдай аламыз [1].

Құрылымдық шылаудың негізгі қызметі сөз бен сөзді байланыстыру болып табылады. Құрылымдық шылауларға «的», «得», «地», «所», «似的» жатады. Соның ішінде «de» шылауының қолданылуын қарастырайық. «de» шылауының қолданылуы орналасқанына байланысты үш түрлі болады.

(1) Зат есім немесе сын есім анықтауыш қызметін атқарса, олардан кейін қолданылатын мынандай «的» жазылады. Мысалы: 我的老师. Менің мұғалімім.

«的»: 学生的书包. Оқушының сөмкесі.

«的»: 爸爸的愿望. Әкемнің арманы. 我的书 – менің кітабым деген сөз тіркесіндегі «的» шылауы екі сөзді байланыстырып тұрған дәнекер сөз болып тұр.

美丽的花儿 – әдемі гүл.

清清的河水 – мөлдір су.

(2) пысықтауыштан кейін және етістіктің алдында «de» шылауы келетін болса, онда мынандай «地» жазылады. 例如: 天气渐渐地冷了. Ауа райы ақырындап суи бастады деген сөйлемді қарастыратын болсақ, мұнда ақырындап деген сөз мезгілдік пысықтауыш болып тұр. Сол себептен де мынандай «地» жазылады.

Мысалы: 小蚂蚁渐渐地长大了.

«Кішкентай құмырсқа ақырындап өсіп келеді» – деген сөйлемді қарастыратын болсақ, мұнда ақырындап деген сөз мезгілдік пысықтауыш болып тұр. Сол себептен де мынандай «地» жазылады.

认真地做 – мұқият жасау.

大声地朗读 – дауыстап оқу.

痛快地玩耍来放松, 用心地思考解难题,

Еш нәрсені ойламай көңіл көтерсең, жүрегіңдегі барлық сұрақтар шешімін табады. 勤奋地学习 – бар ынтамен оқу.

(3) Толықтауыш сөздерден кейін «de» шылауы қолданылса және етістіктен кейін келетін болса, онда мынандай «得» жазылады. Осылайша әдеби тілдегі сөздердің байланысып, анығырақ түсіндіруге болады.

例如: 他说得好。 «Ол жақсы айтты» – деген сөйлемді қарастыратын болсақ, мұнда айтты деген сөз етістік болып тұр, сол себептен де мынандай «得» жазылады.

«得» – 作业做得好。 «Тапсырма жақсы орындалған» – деген сөйлемді қарастыратын болсақ, мұнда орындалған деген сөз етістік болып тұр. Сол себептен де мынандай «得» жазылады.

爬得慢 акырын өрмелеу.

清晨锻炼起得早, 加班加点睡得晚. Ерте тұрып, денсаулығыңды шынықтыр, қосымша жұмыс жасап, жайырақ жат.

欢乐时光过得快, 考试题目出得难.

Қуанышты сәттер тез өтеді, ал емтихан сұрақтары өте қиын.

«的、地、得» шылаулары қазіргі заманғы қытай тілі грамматикасында ең көп қолданылатын шылау тобы болып табылады. Олардың айтылуы бірдей болғандықтан, көп студенттер олардың ара жігін нақты ажырата алмайды, дегенмен әрқайсысының өзіндік ролі мен қызметі бар. Олардың негізгі ролі – сөз бен сөзді байланыстырушы қызметті атқару. Дыбысталуында айырмашылықтар болмағандықтан, көптеген адамдар жазба тілде үнемі олардың қолданылуын айыра алмай, қателіктерге бой алдырады [2,14]. Бұл үш түрлі құрылымдық шылауларды дұрыс пайдалану үшін, жазба тілдің дәлдігіне аса мән беру қажет және шылаулардың сөйлемнің ішіндегі орналасу тәртібіне назар аудару қажет. Төменде нақтылы мысалдарды келтіре отырып, «的、地、得» шылауларының қолданылуына талдау жасайық. Құрылымдық шылаулардың пайдалануында «的、地、得» қатаң тәртіп байқалады. Сондықтан сөйлемнің құрамының сәйкестігіне анализ жасауымыз керек «анықтауыш + 的, пысықтауыш + 地, 得 + толықтауыш», әдетте зат есім немесе сын есімнен кейін қолданылса мынандай «的», ал ал етістіктің алдында келсе, мынандай «地», ал етістіктен кейін келсе, мынандай «得» болып жазылады. Біріншіден, «的» анықтауыштың белгісі әдетте анықтауыштың артына қолданылады. «的» болса өзінің алдындағы

сөзді анықтап, артындағы сөзді елеусіз қалдырады. Анықтауыш пен анықтайтын сөздер бір-бірін анықтайтын байланыста болады. Етістік пен сын есім әдетте сөздің алды-артында ұқсас байланыста болып, әртүрлі мағынаны білдіреді. Әдетте сөздердің артына зат есім келетін болса, онда «的» шылауы сөз соңындағы зат есімнің дыбысталуын көрсетеді. Символдық сөздердің артына етістікпен қатар келсе, онда олардың ортасында «地» шылауы қолданылады. Мысалы: «кенеттен» атылып шығу, «пыс-пыс» етіп тыныс алу, жүрегі «тарс-тарс» ету. Хабарламалық жарнамаларда «真的» сөзі үнемі кездесіп отырады, қазіргі заман қытай тілі сөздігіндегі тұрақты сөз «的» шылауы сөз құрамдарының өзгерісіне байланысты өзгеріп отырмайды. Мысалы: шынында өте дәмді, шынымен орындап болдым.

Қазіргі кездерде «没de吃» және «没de玩» арасындағы «de» – ның қолданылуы жөнінде пікірталастар көбейіп жатыр. Кейбір ғалымдар «得» сөзін құрылымдық шылау емес, қайта етістік деп оны «得到» мағынасында пайдаланып келеді. «没得吃» Сөзінің мағынасы «得不到可以吃的东西» мағынасын білдіреді. Қазіргі заман қытай тілі сөздігіндегі «没说的» сөзінің мағынасы «也作没有说的、没的说» деген мағынасында түсіндірілген. Сондықтан біз «没的» сөзінің мағынасын «没有» деген мағынасында түсінеміз. Ал «没的说» сөзінің мағынасын «没有说的» сөзінің мағынасында түсінеміз. Әдетте 没de吃» «没de玩» сөздерін «没的吃» «没的玩» формасында жазу керек, өйткені олардың беретін мағынасы «没有吃的、没有玩的» деген мағынаны білдіреді. Екіншіден, «地» – пысықтауыштың белгісі, әдетте баяндауыштың алдында қолданылады. Оның алдындағы сөз немесе сөз тіркесі пысықтауыш болғанда, етістіктің алдындағы сөзді пысықтайды. Мысалы: 高高兴兴地过新年. Қуанышпен жаңа жыл өткізу.

Үшіншіден, «得» толықтауыштың белгісі, әдетте, толықтауыштың алдында баяндауыштан кейін қолданылады. «得» артындағы сөзі әдетте «得» – ның алдындағы іс-әрекетті толықтырып тұрады. Мысалы: 下雨下得很厉害. Жаңбыр нөсерлеп жауып тұр. «得»: 我伤心 (得) 很. Мен қатты жабырқап тұрмын. «得»: 终于洗完衣服了, 但是我们都累得很. Киімдерді әрең жуып болдық, бірақ қатты шаршап кеттік.

Құрылымдық шылаулар «的、地、得» – ның қолданылуында өзіндік ерекшеліктері бар, бір сөзбен қорытындыласақ «的» анықтауыш «地» пысықтауыш «得» толықтауыш болады. Сол себептен де, бұл шылауларды қолданғанда, аса мән бере қолдануымыз қажет.

Әдебиеттер

- 1 Н. Абдыракын. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. 现代汉语语法: оқулық, – Алматы: ҚазҰУ. 2015. – 4-9 бб.
- 2 Т. Қалибекұлы. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы: оқу құралы, – Алматы: 2004. – 128-133 бб.
- 3 Ли Jinxi. Жаңа қытай грамматикасы. – Пекин: Коммерциялық Баспасөз, 1992. -228.
- 4 Қытай тілі грамматикасы. – Lii Коллекциясы (1-том), Шэньян: Li Құрылымы: Ляонин Білім Баспасөзі, 2002: 282.
- 5 Хо Юнг. Қытай тілінің грамматикалық теориясы. Пекин: Коммерциялық Баспасөз, 1985. -132.
- 6 Xing Fuyi. Қытай тілінің грамматикасы. Чанчунь: Солтүстік Қалыпты Университеті, 2000. – 125.

References

- 1 N. Abdyrakyn. Kazirgi kytai tilinin grammatikasy. 现代汉语语法: okulyk, – Almaty: Kaz UU. 2015. – 4-9 bb.
- 2 T. Kalibekuly. Kazirgi kytai tilinin grammatikasy: oku kuraly. – Almaty: 2004. – 128-133 bb.
- 3 Li Jinxi. Zhana kytai grammatikasy. – Pekin: Kommerciyalyk baspasoz, 1992. – 228.
- 4 Kytai tili grammatikasy. – Lii Kollecsiasy (1-tom), Shenyang: Li Kyrylymy: Lyaonin Bilim Baspasoz, 2002: 282.
- 5 Ho Yeng. Kytai tilinin grammatikalyk teoriyasy. Pekin: Kommerciyalyk baspasoz, 1985. -132.
- 6 Xing Fuyi. Kytai tilinin grammatikasy. Chanchun: Soltustik Kalypty Universiteti, 2000. – 125.
- 7 Yung Ho. Kytai tilinin grammatikalyk teoriyasy. Pekin: Kommerciyalyk baspasoz, 1985. – 133, 151 -152.

Сейтметова Ж.Р.

**Становление
кувейтского
театра**

В статье рассматривается становление кувейтского театра, который состоялся благодаря усилиям национальных авторов. Возникшая вместе с театром драматургия освещала социальные, исторические проблемы кувейтского общества в XX веке.

Ключевые слова: театр, драматургия, Кувейт, пьеса, спектакль.

Seitmetova J.R.

**The establishment of the
kuwait theater**

The article discusses the formation of the Kuwait theater. Theater of Kuwait also took place to the efforts of national authors. Appeared along with the theater dramaturgy highlighted the social, historical problems of Kuwait society in the twentieth century.

Key words: theater, drama, Kuwait, performance, play.

Сейтметова Ж.Р.

Кувейт театрының қалыптасуы

Мақалада Кувейт театрының қалыптасуы қарастырылады. Осы араб еліндегі театрдың шын мәніндегі өнер болып қалыптасуына зор үлес қосқан төл драматургия Кувейт қоғамының XX ғасырдағы саяси, әлеуметтік тақырыптарды көтерген.

Түйін сөздер: театр, драматургия, Кувейт, қойылым, пьеса, спектакль.

СТАНОВЛЕНИЕ КУВЕЙТСКОГО ТЕАТРА

Становление и эволюция арабского театра, драматургии освещены в многочисленных работах крупнейших российских востоковедов, а также востоковедов стран СНГ. В первую очередь, к их числу относятся труды И.Ю. Крачковского, А.Е. Крымского, А.А. Долининой, В.Н. Кирпиченко, Т.А. Путинцевой. Возникновение арабского театра и развитие исконно арабской драматургии освещаются в ряде монографических исследований таких арабских исследователей, как Али ар-Раи, Мухаммад Хасан Абдалла, Мансур Умайра, Сулейман аш-Шатий и др. Но кувейтский театр и драматургия в рамках востоковедной науки стран СНГ еще остаются малоизученными. Так как формирование арабского театра и развитие театрального искусства, драматургии в арабских странах, в первую очередь, связано с Сирией, Египтом, Ливаном и позже Ираком. Это, вероятно, обусловлено не только близостью этих стран к европейской культуре в XIX в. и сильным влиянием европейской литературы, но и тем, что в национальной психологии сирийцев и египтян сохранилась память о театрализованных народных представлениях глубокой древности, о древних мифах. На Аравийском полуострове среди арабов, сохранивших старый уклад в быту и представлениях, театр и драматургия появились значительно позже.

Одним из первых в странах Персидского залива театральное движение возникло в Кувейте. Театральное движение было начато благодаря усилиям учащихся и преподавателей школ аль-Ахмадия и аль-Мубаракия. В 1938 году в школе аль-Мубаракийя (المدرسة المباركية) был образован театральный кружок. Однако, как отмечают исследователи, первое школьное представление в этой школе состоялось в 1924 году силами выпускников в честь окончания школы. И текст этого представления был написан Абдельазизом ар-Рашидом [1, с.358]. В 1940 году любительский театральный кружок появился в школе аль-Ахмадийя (مدرسة الاحمدية). Школьные постановки были посвящены историческим событиям страны. В 1940 г. в стране функционировали четыре любительских школьных театра при школах аль-Мубаракийя, аль-Ахмадийя, аш-Шаркийя, аль-Каблийя.

Основателем, создателем современного кувейтского театра и также основоположником национальной драматургии является Хамад ар-Ружейб (حمد الرجب) (1922-1998). Арабская критика называет его арабским Прометеем, осветившим кувейтский народ театром и вдохнувший в него жизнь. В своей работе о кувейтском театре Мухаммад Хасан Абдалла пишет, что Хамад ар-Ружейб, который учился, а затем и преподавал в школе аль-Мубаракия, был одним из первых, кто участвовал в театральных постановках этой школы [1, с. 357]. В 1938 году Хамад ар-Ружейб играл в пьесе «Омар бен аль-Хитаб в период джахийлий и ислама» («عمر بن الخطاب في الجاهلية والإسلام») и исполнил две роли, роль женщины по имени Фатима и роль воровки. В этом же году на летних каникулах школьные труппы показали такие пьесы, как «Гамлет», «На пути к трону» (في سبيل), «Завоевание Египта» (فتح مصر) в постановке Хамад ар-Ружейб. В 1945 году Хамад ар-Ружейб был направлен на учебу в Каир (Египет) для изучения театрального искусства. Он учился в Высшем институте театрального искусства у известных египетских режиссеров, актеров, драматургов, таких как Заки Тулеймат, Юсеф Вахби. Находясь в Каире, он познакомился с известными египетскими театрами, такими как театр ар-Рейхани, театр Али Кассар. Хамад ар-Ружейб, впитав все лучшее, что было создано египетским театром, вернулся в Кувейт после окончания театрального института в 1950 году. После возвращения на родину он принялся создавать театр в своей стране и благодаря его усилиям кувейтский театр встал на путь развития.

Деятельность Хамад ар-Ружейб оказала сильное влияние на Мухаммада ан-Нашми (محمد النشمي) (1929-1984), который также рассматривал театр средством выражения своих и общественных взглядов. Мухаммад ан-Нашми учился в школе, в которой преподавал географию Хамад ар-Ружейб и учитель, заметив способности Мухаммада, пригласил его в театральный кружок школы аль-Ахмадия. Мухаммад ан-Нашми впоследствии стал одним из известных театральных деятелей страны. Он с несколькими единомышленниками в 1957 году основал Народный театр (المسرح الشعبي), который испытал влияние известного египетского театра ар-Рейхани. Мухаммад ан-Нашми был из тех талантливых народных актеров, который импровизировал, был автором многих импровизаций на сцене и благодаря его усилиям по продвижению импровизационного театра ши-

рокие слои населения Кувейта познакомились с театром. И это знакомство с театральным искусством происходило через комедии, а именно народные комедии. Ан-Нашми считал, что для театра письменный текст не нужен, что все пьесы должны идти на разговорном языке, который понятен и близок простому народу, что спектакль должен содержать немалую долю импровизации. Для спектаклей ан-Нашми была характерна социальная направленность, недовольство неустроенностью жизни. В начале 1955 г. ан-Нашми поставил собственную пьесу «Директор-неудачник» (مدير فاشل), где рассказывалось о судьбе человека, который не смог противостоять самоуправству властей. Спектакль был тепло встречен зрителями и получил хорошие отзывы в прессе. Мухаммад ан-Нашми внес свою лепту в то, что искусство театра стало важным для широкой публики Кувейта. Также по инициативе Мухаммада ан-Нашми в 1964 году открылся «Кувейтский театр» (المسرح الكويتي).

В арабских исследованиях по кувейтскому театру отмечается, что на развитие современного кувейтского театрального искусства повлияло строительство новых библиотек, где были предусмотрены большие лекционные залы и сцены для представлений [3, 6]. В развитии театрального искусства сыграли и органы просвещения страны, принявшие решение о создании в каждой школе драматических кружков, на базе которых была создана одна общая театральная труппа под именем «Труппа просвещения» (فريق المعارف) и труппа, состоящая из учителей. «Труппа просвещения» (فريق المعارف) поставила спектакль «Враг народа» (عدو الشعب) на сцене школы аль-Ахмадия. Драматический кружок школы аль-Ахмадия показал спектакль «Набег Бадр аль-Кубра» (غزوة بدر الكبرى). Хамад ар-Ружейб также содействовал переводу выдающихся образцов мировой драматургии на арабский язык. Он не прекращал свои контакты с театральным движением в Египте, особенно со своим учителем Заки Тулейматом, который неоднократно посещал Кувейт и тем самым обратил внимание к театру как общества в целом, так творческих людей в частности. Заки Тулеймат донес свою идею до кувейтского общества, что театр играл и играет цивилизационную, социальную роль. В результате Заки Тулеймата, известного египетского режиссера и актера, кувейтские власти пригласили для оказания помощи в организации театрального дела в стране и

на протяжении десяти лет начиная с 1961 года он работал для активизации театральной деятельности в Кувейте.

В 1961 году, сразу после обретения независимости страной, в Кувейте был организован «Арабский театр» («المسرح العربي»), с инициативой создания такого театра еще в 1958 году Заки Тулеймат обращался к кувейтским властям. В труппу этого театра были приглашены две женщины Мариям ас-Салих и Мариям аль-Гадбан, которые стали первыми женщинами-актрисами на сцене кувейтского театра. Заки Тулеймат стал репетировать с труппой этого театра и даже играть в некоторых спектаклях этой труппы. Этот театр в разные сезоны показал произведения арабской драматургии, а именно египетской, как, например, пьесы («Сокол курейшитов» (صقر قريش) Махмуда Теймура, одноактные пьесы Тауфика аль-Хакима в 1962 и 1963 годах. «Арабский театр» представлял академическое направление. На его сцене ставились пьесы классического репертуара, а также на основе арабского культурного наследия. При труппе впервые в истории кувейтского театра был создан художественный совет. Заки Тулеймат много внимания уделял профессиональной подготовке актеров. В 1963 году на сцене «Арабского театра» Заки Тулеймат поставил первую кувейтскую пьесу «Разбуди меня, я живой» (استأثوني و أنا حي), написанную кувейтским театральным деятелем, актером Саадом аль-Фараджом (سعد الفرج). Женскую роль в этом спектакле исполнила Мариям аль-Гадбан и другие кувейтские актеры. Таким образом, эта первая кувейтская пьеса, которую написал кувейтский автор и играли кувейтские актеры. В 1964 году «Арабский театр» поставил вторую пьесу Саада аль-Фараджа «Жил и видел» (عشت و شفت), где играли кувейтские актеры и которую поставил кувейтский режиссер Хусейн ас-Салих. Эта пьеса была изначально написана на кувейтском диалекте затем была опубликована на арабском литературном языке. Пьеса имела большой успех у публики. Сюжет пьесы разворачивается в одной семье, где происходит конфликт трех поколений по поводу вопроса, что такое прогресс, развитие. Отец семьи считает, что надо сохранять свои ценности, его сын считает, что надо жить по-современному, а младшее поколение считает, что надо приветствовать новые технологии. Таким образом, автор раскрывает тему борьбы старого и нового. Саад аль-Фарадж в

своей пьесе «Настал час» (دقت الساعة), написанной в 1966 году, пытается рассмотреть будущее Кувейта, заглянув в 2000 год, представив что заканчивается нефть в стране. В пьесе жители страны находятся перед выбором, либо эмиграция, либо смерть. Пьеса звучала как предупреждение об опасности, нависшей над страной, и призывала бережно относиться к природе. В 1985 г. труппа «Арабского театра» приняла участие в первом Багдадском театральном фестивале и завоевала приз «За вклад в развитие театрального искусства».

В 1964 году в Кувейте была основана Организация по делам театра и искусств, идею которой еще выдвигал Заки Тулеймат. Наряду с труппами «Арабский театр» («المسرح العربي») и «Народный театр» («المسرح الشعبي») существовали еще две театральные труппы – «Персидский залив» («الخليج العربي») и «Кувейтский театр» («المسرح الكويتي»). В репертуаре Театра «Персидского залива» были в основном реалистические пьесы, поднимавшие социальные проблемы. В сезон 1966/67 г. театр выезжал на гастроли в Каир и Багдад с пьесой Сакра ар-Рушуда «Преграда», повествующей о конфликте поколений. В рецензиях, опубликованных в каирских и багдадских газетах, отмечалось, что в Кувейте родился свой национальный театр. Таким образом в Кувейте появились четыре театральные труппы и они стали известны широкой публике. Всем этим театральным труппам помогал Заки Тулеймат художественный консультант «Арабского театра».

В конце 1965 года в Кувейте был основан Центр театрального искусства, куда были приняты на обучение тридцать студентов, большинство которых кувейтцы и часть студентов из Арабских Эмиратов, других стран Персидского Залива. Впоследствии этот центр был преобразован в театральный институт. В 1972 году известный египетский театральный критик Али ар-Раи был приглашен Кувейтом для изучения театрального дела в Кувейте. В результате этих визитов Али ар-Раи порекомендовал соответствующему министерству перевести театральный институт из статуса колледжа в статус высшего учебного заведения и определил его задачи. Также по рекомендации известного египетского критика в учебный план филологического факультета Кувейтского университета был включен предмет «Театр», что позволило бы широкому кругу людей познако-

миться с театральным искусством. И этот совет извещного критика был принят и кувейтские власти основали в 1973 году Высший институт театрального искусства. В этом институте готовили актеров, режиссеров, театральных критиков и декораторов. Первый выпуск этого высшего учебного заведения состоялся в 1977 году. В это учебное заведение в первые годы были приглашены для работы многие известные египетские режиссеры, актеры, критики, такие как Ахмад Абдельхалим, Камал Ясин, Фарук Демердеш, Карам Мутава, Саад Эрдеш, Фуад Дуввара, Ибрахим Суккар.

Известный кувейтский драматург, актер и театральный режиссер Сакр ар-Рашуд (صقر الرشود) (1941-1975) внес большую лепту в развитие кувейтского театра. Им было написано более двадцати пьес, среди которых такие пьесы, как «Я и дни» (أنا و الايام, 1964), «Большой коготь» (المخلب الكبير, 1965), «Грязь» (الطين, 1965), «Преграда» (الحاجز, 1965). В своих пьесах ар-Рашуд рассматривает проблему конфликта между новыми разбогатевшими кувейтцами, что называется без роду, без племени, и обедневшей аристократической семьей. В другой пьесе Сакр ар-Рашуд рассматривает проблему распада семьи в современном Кувейте. Египетский критик Али ар-Раи считает, что сюжеты пьес Сакра ар-Рашуда разворачиваются вокруг одной большой темы – это кувейтская семья в современном мире, особенно в период когда Кувейт стал получать большие доходы от нефти [1, с. 357]. В кувейтской драматургии 60-70-х годов поднималась тема о положении женщин в кувейтском обществе, а особенно молодых девушек, которые находятся зачастую под гнетом старых традиций и подвергаются деспотизму своих отцов, старых мужей. Египетский критик обращает внимание на то, что на драматургию Сакра ар-Рашуда оказала большое влияние творчество Г.Ибсена, А.Чехова, Б. Шоу.

Одним из известных кувейтских драматургов является Абдель Азиз ас-Сурайей (1939) (عبد العزيز السريع), который первым в своих пьесах обратился к социальной теме современного Кувейта. Его перу принадлежат такие пьесы как: «Голод» (الجوع, 1964), «Имеющий свидетельство» (عنده الشهادة, 1965), «Принимающий последнее решение» (لمن القرار الأخير, 1968), «Деньги и душа» (فلوس و نفوس, 1970), «Потерявшийся петух» (ضاع الديك, 1972). «Четвертая ступень» (الدرجة الرابعة, 1972). Также совместно с режиссером и драматургом Сакр ар-Рашудом для «Театра

Персидский залив» (مسرح الخليج العربي) написал такие пьесы как: «1,2,3,4, бам» («1,2,3,4, بام», 1972), «Шайтаны в ночь на пятницу» («شياطين ليلة الجمعة», 1973), «Станция около Хамдуна» («المحطة بحمدون», 1974). В первой пьесе провозглашается необходимость создания новых духовных ценностей, которые должны прийти на смену отжившим. Основная идея второй пьесы – образование и освоение ценностей культуры должны быть доступны для всех. Все эти пьесы были поставлены Сакром ар-Рашудом в театрах Кувейта, а также в различных театрах арабских стран [2, с. 50].

В середине семидесятых годов прошлого века в Кувейте возникли и коммерческие театры, такие как «Отечественный театр» (المسرح الوطني), «Театр искусств» (مسرح الفنون) и «Театр комедии» (المسرح الكوميدي). В 1977 году на базе Кувейтского университета был образован «Университетский театр» (المسرح الجامعي), целью которого было возродить театральное движение в Кувейте и создание Центра серьезного театра при этом университете. В 1982 году силами группы молодых людей был основан «Молодежный театр» (مسرح الشباب). В октябре 1992 года начал свою работу Национальный театр (المسرح القومي).

Ныне в стране функционируют более 10 театральных коллективов: Национальный театр, Свободный театр, Современный театр, Театр комедии, Арабский театр, Кувейтский театр, «Театр Персидского залива», театр «Дасмы», театр «Кейфан», театр «Ас-Сур» и другие. Все они широко используют радио и телевидение для показа своих постановок. Заметное место среди них все чаще занимают пьесы, обращенные к детской аудитории.

История кувейтского театра начинается в двадцатые годы прошлого века. Театральное искусство Кувейта зарождалось в недрах средних школ, где усилиями школьников и учителей энтузиастов стали небольшие представления на историческую тему. В становлении кувейтского театра, театрального искусства в целом сыграли очень важную роль египетские театральные деятели и египетский театр. Особенно многое было сделано для становления и развития театра в Кувейте известным египетским актером, режиссером, организатором театрального дела Заки Тулейматом. В 60-70-е годы прошлого столетия в Кувейте действовали как государственные, так и частные театры. Драматургия данного периода

освещала насущные вопросы кувейтского общества. Для более глубокого понимания многих специфических черт современного театра и драматургии Кувейта необходимо исследовать обширный драматургический материал кувейтских авторов.

тургии Кувейта необходимо исследовать обширный драматургический материал кувейтских авторов.

Литературы

- 1 المسرح في الوطن العربي، د. علي الراعي - عالم المعرفة، الكويت 1980. ص. 506
- 2 الحركة المسرحية في الكويت، د. محمد حسن عبدالله - مسرح الخليج العربي، الكويت، 1976. ص. 200
- 3 المسرح والتغير الاجتماعي في منطقة الخليج العربي، د. إبراهيم عبدالله غلوم - عالم المعرفة، الكويت، 1986. ص. 435
- 4 الدكتور نادر القنّة، صعود وانحيار قومية المسرح العربي، جريدة فنون، العدد 119، أغسطس 2011، الكويت، ص. 20-25
- 5 «المسرح في الكويت»، د. سليمان الشطي، الكويت، 2008. ص. 300
- 6 Roger Allen. An Introduction to Arabic Literature" (Cambridge University Press, 2000.- 314 p.
- 7 Kuwait: Theatre. Fanack.com: Chronicle of the Middle East & North Africa. Available at: <http://fanack.com/en/countries/kuwait/society-media-culture/culture/theatre/> [Accessed 25 April 2014]
- 8 Abdulaziz H. Alabdullah. Original or Western Imitation: The Case of Arab Theatre // Journal of Literature and Art Studies. – September 2014. – Vol. 4, No. 9. – Pp.749-754.
- 9 Banks R.A., Marson P. Drama and theatre arts. – London: Hodder & Stoughton, 1998. – 372 p.
- 10 [http/ www.masraheon.com](http://www.masraheon.com)

References

- 1 Dr.Ali ar-Rai. Al-masrah fi-l-watan al-arabi.- al-Kuwait.1980. – 506 p.
- 2 Dr.Muhammad Hasan Abdalla. Al-Haraka al-masrahia fi-l-Kuwait. al-Kuwait.1980. – 200 p.
- 3 Dr.Ibrahim Abdalla Gulum. Al-Masrah wa at-tagiir al-ijtimaii fi mintaq al-haliidj al-arabii. al-Kuwait.1986. – 435 p.
- 4 Banks R.A., Marson P. Drama and theatre arts. - London: Hodder & Stoughton, 1998. – 372 p.
- 5 Dr.Nadir al-Qanna. Su'ud wa inhiar al-masrah al-arabii. Djarida funun. No. 119, 2011. 20-25 p. al-Kuwait
- 6 Dr. Suleiman al-Shati. Al-Masrah fi-l-Kuwait. al-Kuwait. 2008. – 300 p.
- 7 Roger Allen. An Introduction to Arabic Literature. Cambridge University Press, 2000 – 314 p.
- 8 Kuwait: Theatre. Fanack.com: Chronicle of the Middle East & North Africa. Available at: <http://fanack.com/en/countries/kuwait/society-media-culture/culture/theatre/> [Accessed 25 April 2014]
- 9 Abdulaziz H. Alabdullah. Original or Western Imitation: The Case of Arab Theatre // Journal of Literature and Art Studies. – September 2014. – Vol. 4, No. 9. – Pp.749-754.
- 10 [http/ www.masraheon.com](http://www.masraheon.com)

Тастемирова Г. А.
**Түрік әдебиетіндегі сатира
жанры: дүниетанымдық
көзқарас және әдеби сын**

Мақала авторы өз еңбегінде түрік жазушыларының сатиралық шығармаларының әлемдік әдебиеттегі алатын орны мен маңызы туралы өз пікірін жүйелі түрде білдіреді. Сатиралық шығармалар жайлы әлем әдеби сынын айтылған ой-пікірлер мен сындарды ғылыми тұрғыдан саралап зерттеп қарастырады. Түрік қаламгерлерінің сатиралық шығармаларын басқа шығыс халықтарының, түркітілдес жазушылардың осы жанрда жазылған шығармаларымен салыстыра отырып қарастырады. Түрік әдебиетінің, оның ішінде сатиралық шығармалардың әлемдік мәдениет пен әдебиетке қосқан үлесі және түрік сатиралық шығармаларының әлем әдебиетіндегі өзіндік маңызын, мәдени құндылығын айқындайды. Сонымен бірге басқа да елдің жазушылары мен әдебиетшілері де сатирик жазушының шығармаларынан алған әсерлерін, роман жазудағы шеберлігі жөнінде де өздерінің құнды ойларын жазып қалдырған. Осы адамдардың айтқан ой-пікілеріне сүйене отырып, Әзиз Несин шығармалары әдеби сында жоғары бағаланады деген тұжырымға келген.

Түйін сөздер: түрік әдебиеті, сатиралық шығармалар, әдеби сын.

Tastemirova G.A.
**Genre of satire in the turkish
literature: world outlook aspect
and literary criticism**

In the article the author considers the place and importance of the satirical works of Turkish writers in world literature. From a scientific point of view examines the literary criticism of the satirical works. Satirical works of Turkish writers are compared with similar samples genre of the literature of other Turkic-speaking writers-satirists. The author attempts to define cultural value and the value of the satirical works of Turkish writers and their contribution to world literature and culture. Also writers and litterateurs of many countries set value judgments where share own impressions about skills and mastery of Aziz Nesin. Based on these judgments the author comes to the conclusion, that works of the satirist-writer Aziz Nesin are highly appreciated in the field of modern literary criticism.

Key words: Turkish literature, satirical works, literary criticism.

Тастемирова Г.А.
**Жанр сатиры в турецкой
литературе:
мировоззренческий аспект
и литературная критика**

В статье автор рассматривает место и значение сатирических произведений турецких писателей в мировой литературе. С научной точки зрения анализирует литературную критику о сатирических произведениях. Сатирические произведения турецких писателей сопоставляются с аналогичными по жанру образцами литературы других тюркоязычных писателей-сатириков. Автором предпринята попытка определить культурную ценность и значение сатирических произведений турецких писателей, а также их вклад в мировую литературу и культуру. Также писатели и литераторы многих стран оставили ценные суждения, где делятся со своими впечатлениями о мастерстве Азиза Несина. Опираясь на эти суждения, автор делает вывод, что произведения сатирика-писателя Азиза Несина получили высокую оценку в литературной критике современности.

Ключевые слова: турецкая литература, сатирические произведения, литературная критика.

**ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
САТИРА ЖАНРЫ:
ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ
ӘДЕБИ СЫН**

Қоғамның дамуына, халықтың мүддесіне, тілек-талаптарына сай, әдебиет те өзгеріп, дамып отырады. Әдебиет қоғамдық ой-сананың басқа салаларымен де сабақтасып, халықтың дүниетанымы, адамгершілік моральдық ұғым-түсініктері көзқарасы, наным-сенімі, эстетикалық түсінік-сезімдері – бір-бірімен қалайда жалғасып жатады. Сонымен бірге әдебиеттің дамуы тарихи әдеби үрдіс, сөз өнерінің өз заңдылықтарымен, саяси ой-пікірлерінің өріс алуы, халыққа білім беру, ағарту ісінің, баспа сөздің өсу дәрежесі, ұлттық поэзиялық дәстүрлер мен халықтың көркемдік ойлау, сөз қолдану, тіл ұстарту ерекшеліктерімен тығыз байланысты болады. Әдеби процесс қоғамның қарыштап дамуына ілесу барысында көптеген көркемдік қолданыстарды да жаңа инновациялық тұрғыдан қарастыруда.

Халықтың шындық, әділет, ақиқат ұранын алтын арқау еткен түрік әдебиеті – қалың қауым арманының шапағатты нұрынан жаратылған, ең үздік дәстүрлерін ілгері жалғастырған, адам баласы қазынасына толымды қор қосқан жаңа сапалы құбылыс. Ұлт әдебиет үлгілерінің өзара әсері мен бірін-бірі құнарландыруы, жанрлық формалардың дамуы мен баюы, үздік жетістіктер мен дәстүрлердің ортақ игілікке айналуы, асылында, қазіргі әдеби үрдістің негізгі тенденциясы екендігіне дау жоқ. Өз ұлтының рухани паспорты болып табылатын түрік әдебиеті аз уақыт ішінде аса шапшаң даму кезеңдерін өтіп, кемелденген өнерге тән жанрлық салалардың бәрін тудырып, жетілді, өрлеу бағытында реализмнің кең, даңғыл айдынына шықты. Өнер мен әдебиеттің, күллі мәдени қазынасының көзі ашылып, әдебиет, драматургия, опера, балет, симфония сияқты барша өркениетті елдерге тән жанрлық формалар қаулап өсті. Қай халықтың да жазба әдебиеті өкілдері көркем шығармалар тудырумен қатар, жалпы сөз өнерінің тағдыр талабына араласып, оның тарихи даму жолына, талантты тұлғалар ізденісіне орай, әсіресе өз заманының сұранысы, келелі мәселелері бойынша қалам тербеп отырған. Ғылыми-эстетикалық ойдың бүгінгі дамуы әдебиет-зерттеушілер мойнына жаңа талаптар, ерекше міндеттер жүктейді. Өнер тәжірибесін қорыта отырып, белгілі заңдылықтарды ашу, даму үрдістерінің бағдарын айқындау оңай шаруа емес. Уақыттың бүгінгі талабы, бір жағынан, нақты шығармалардың құрылысына, мәтінге тереңдеп баруды, екінші жағынан, ұксас құбылыстарды саралай топтау арқы-

лы әдеби сыни жұмыстарға жинақтаулар жасауды қажет етеді.

Ғалым С. Әшімбаев былай дейді: «Көркем туынды жазушының көрген білгенінің, естіген-жиғанының, оқыған-тоқығанының композициялық жүйеге түскен жиынтығы емес, өмір туралы философиялық ойының концепциясы болуға тиіс» [1, 46 б.].

«... Сын дегеніміз оқырманның да, қаламгердің де тәрбие мектебі болса екен... Солардың мәдени деңгейлерін жоғарылатып, көкжиектерін кеңейтер университетке айналса екен...» Әбу Сәрсенбаев сын туралы жазылған мақаласында орыстың атақты жазушысы М. Горькийдің жоғарыдағыдай сын жайында айтылған анықтама-сын, ойын орынды деп санайды [2, 3 б.]. Әдебиет бар жерде сынның жүретіні баршаға мәлім. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей әдебиетке, әдеби шығармаларға айтылатын сыни пікір оң, орынды және әділ болуы қажет. Ал Ф. Оразаев сын, әдеби шығарма туралы сөз қозғай келе, «Тағы бір айтатын жай – көбіне сын сыналады да, шығарма сыналмайды. Ал дұрысына келсек, сыналатын нәрсе сын емес, шығарма ғой. Бұны да есте ұстаған жөн» – дейді [3, 3 б.]. Шынымен де, кейбір сыншылар шығарманы емес сынды сынап-мінеп жататын кезі болады. Негізінен әдеби шығарманы, басқа тілден аударылған туындыны сынау қажет. Оның аударудағы көркемдігіне, қолданған әдіс-тәсілдеріне ден қойған дұрыс. Сонымен қатар сын әдеби процесстермен, халықтың мәдени және әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты. Бір сөзбен айтқанда, халықпен бірге дамып отырады десек те болады. Сынның әдеби, ғылыми, публицистік сипаттары қандай болса, әлеуметтік сарыны да солай. Қоғамдық, мәдени өмірдің әлеуметтік-саяси мәселелеріне араласу сынның өмірмен байланысын арттырып, мән-маңызын күшейте түседі. Сыншылдық ой-пікір жалпы қоғамдық-сананың, қоғамдық ғылымдардың дамуы дәрежесімен тікелей байланысты болса, өз кезегінде әдеби сын да әлеуметтік ой-пікірлердің өркендеуіне үлес қосады.

Бірақатар түрік ақындарының шығармашылығында «өркениет, әділет, адам құқығы теңдік» сияқты ұғымдар ұшырасатыны, сондай-ақ, Намык Кемаль мен Зия Паша сынды ақындардың Отан және бостандық тақырыбына жиі барғаны белгілі. Дәл осындай саяси екіұдайлық қазақтың басына туғанда, қазақ өлеңі де мазмұны жағынан өзгеріске ұшырағаны аян. Осы тұрғыда, түрік әдебиетінде Шинаси мен қазақ әдебиетінде Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынов шығармаларының сарындастығын байқау қиын емес.

Міржақыптың «Оян Қазағы», Ахметтің «Масасы», Шинасидің «Әлхан шитасы» мазмұны мен мүддесі тұрғысынан үндесіп отырғанын көруге болады. Ал жаңашылдардың екінші буыны сезім әлемін бедерлеп, өлеңсүйер қауымының көңілінен шыққандай [4, 153 б.].

Орыстың эстет ақындарына жақын Шәңгерей ақынның Абдулла Хамитпен тағдырлас екендігі де осы үндестіктің бір себебі болуға тиіс. Мазмұны жағынан бірлік байқала бермейтін түрік әдебиетінің ішінде пәлендей өзгеріс жоқ десе де болғандай. Классикалық түрік әдебиетіндегі әңгіме, романдардың тақырыбы мен идеясы ғана өзгеріп, сөз саптаулардың сол күйінде қалғаны прозаның өлшеммен жазылуынан болса керекті. Бір қызығы, ескі тіркестер мен сөздерді баса қолдану тек түрік ақындарына ғана емес, қазаққа да, татарға да, жалпы түрікке де орнықтығы баршаға мәлім.

Әдебиетті өнер деп таныған жаңа буынның соңынан ерткен шәкірттерімен бірге алдымен батыс романтизмін сонан соң парнасшыларды бетке ұстанғаны олардың шығармашылық жолынан байқалып отырады. Ал ақындардың санасына сіңген батысшылдыққа табынудың сервертифунун поэзиясына өзгеше ықпалы олардың өлең түсінігі мен өлеңдерінің көп жағдайда жат болып қала беруінің бір себебі осы еді, осы топ ақындарын өкшелеп, қуып жеткен ендігі бір буынның өз шығармашылығында тілі мен дінін, ұлттығын жырына арқау еткенін түрік жұртының XX ғасыр басындағы ахуалымен байланыстыруға болатындай. Байқап қараған жанға, түрік поэзиясының алыптары Мехмет Эрсой мен Яхия Кемаль Бейатлы шығармашылығының кейбір сәттері Абай мен Мағжан жырларымен үндесетіндей. Әсіресе, Абайдың лирикасы Яхия Кемальдің біршама өлеңдерімен сарындасып келетіні болса, Мағжан өлеңіндегі ұлтжандылық Мехмет Акиф шығармашылығында ұшырасатындай. Бір қызығы, Мехмет Акиф пен Яхия Кемаль сол кездері кең тараған түрікшілдік идеясынан дін аман. Мұндай жағдайды қазақ әдебиетінде де кездестіруге болады.

Бір жағынан, түріктің символист ақыны Ахмет Хашим мен Мағжан шығармашылығын байланыстыруға болатындай. Әрине, Мағжан мен Хашим шығармашылығын екі ақынның тек символист болғаны үшін ғана салыстыра қарау жаңсақ болар еді. Осы орайда екеуінің өлеңге көзқарасын да ескере кеткен жөн болар. Түрік поэзиясында символизмді бүкіл болмысымен танытқан Ахмет Хашим үшін өлеңнің тілі тек «сезіну үшін жаратылған, әуез бен сөздің арасында,

сөзден гөрі әуезге жақын болғаны абзал сияқты» – дейді [5, 75 б.]. Осы тұста, Ахмет Хашим, Яхия Кемаль және Мехмет Якиф сынды майталман ақындар өлеңдерін ғаруз өлшемімен жазғандығына баса назар аударуға керек-ақ. Әсте, бұл түрік поэзиясының ғасырлар бойы қол жеткізе алмаған жетістіктердің бірегейі шығар.

Қазақ әдебиетінде XX ғасыр басында өлең формасына Абай әкелген кемелдік пен оның мазмұндағы төңкеріс қазақ поэзиясын жаңа белеске көтергені баршаға мәлім. Ал түрік әдебиетінде ғаруз өлшемімен бірге ғасырлар бойы тек халық өлеңінде ғана кездесетін буын өлшемімен өлең жазатын ақындардың қатары күн сайын көбейсе де, мұның жарқын үлгілері ширек ғасырдан кейін пайда бола бастағаны шындық. Сондықтан да бұл сарындастықтың себептерін тарихилық принципке жүгіне отырып, қарастырған дұрысырақ болар. Тек өлең мазмұнының тақырыбы тұрғысынан да, идеясы жағынан да түрік және қазақ поэзиясының жақындығын сыртқы факторлармен байланыстыру сыңаржақтылық болар еді.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін түрік әдебиеттануы мен сынында шығыстың өз түсініктері жетекші сипатта болғаны мәлім. Осы кезде өрістеген Еуропамен сан-салалы қарым-қатыстар әдебиет пен өнер саласына да әсер етті. Нәтижесінде көркем әдебиет пен сөз өнері ғылымына жаңа ұғым түсініктер ене бастады. Алайда, түрік зиялылары ғасырлар бойы қалыптастырған классикалық әдебиетпен батыста қарқындап дамыған әдеби ағымдардың Түркияда кең қанат жая бастауы күрделі ахуалға бастағаны жасырын емес. Әсіресе, француз және ағылшын өкіметтерінің саяси мүддесін көздеген шетелдік оқу орындарына білім алған жастар батыс әдебиетіне ерекше ықылас танытты. Өз еліндегі шығыс әдебиетінен көп ретте шет қалған түрік жастары Еуропаша оқуды одан әрі жалғастыру үшін мемлекет қамқорлығымен шетелдерге аттанды. Сәті түсіп, олар батыстағы әдеби процесті жағынан бақылау мүмкіндігіне ие болды. Түрік әдебиетінде «Муаллим Наджи-Махмут Экрем таласы» деген атпен белгілі ескі мен жаңашыл жас әдебиетшілердің топтасуына себеп болды. Жарты ғасырлық дайындық кезеңінің нәтижесінде «Серветифунун» деп аталатын әдеби топ құрылды, өздерін жаңашылдар деп атаған жас ақын жазушылар ұстаздары Махмұд Экремнің басшылығымен 1896 жылы «Серветифунун» журналында ескішілерге қарсы ой-пікірлерін жариялады. Бұған дейінгі шығармаларда, әсіресе поэзияда, романтизм элементтері басым болса, серветифунуншылардың жаңа үлгіден

әдеби туындыларында негізінен төрт ағымның әсері байқалады: поэзияда символизм мен парнасшылық, ал прозада натурализм бой көрсетті. «Кейбіреулер натурализмге табиғаттың және адамның ұят та, жиіркенішті жақтарын көрсету өнері деген анықтама береді». Осындай жаңсақ түсінікте болса керек, түрік әдебиеттанушы ғалымдары төл ақын-жазушыларын «натуралист» деп бағалаудан қашқақтайды. Дегенмен, түрік әдебиетінде реализммен қатар натурализмнің де ішінара бой көрсеткені байқалады [6, 145 б.].

Поэзияда өзгеше көзқарас қалыптастырған Орхон Вели мен оның жолдастары әдебиетте «биринджи йени» (бірінші жаңа) деп аталып жүр. Олар осы кезге дейін қалыптасып қалған өлең туралы түсінікті түбегейлі өзгертуді ұсынып, формализмге қарсы шықты. Олардың ойынша, өлеңнің өлең болудан басқа мақсаты жоқ. Ұйқас, өлшем, өлең өрнектері күні бүгінге дейін поэзияда елеулі жетістіктерге қол жеткізе қоймағанын негізге алған пікірлер бар. Сондықтан да дәстүрлі поэзиясының элементтері жана өлеңге кірмеуі қажет деген пікірлер айтылды. Алғашқыда қатал сынға ұшыраған топ өкілдері мен олардың қаламынан туған шығармалардың бір-қатары кейінгі жылдары түрік әдебиетінің үздік үлгілерінің қатарынан орын алған. Бұл шығармалардың кейінгі буынға әсер еткені соншалық, өлшемге бағынбайтын, ұйқас қуаламайтын өлеңдер бұл топқа қарсы басқа ақындардың туындыларында көрініс тапты.

Осылай дей тұрғанмен, «биринджи йенилердің» өлең түсінігіне қарсы шыққан ақындар да жоқ емес. Осындай ақындардың бірі Неджип Фазыл Қысакүрек өлең формасы туралы пікірлерін былайша түйіндейді: «Расында да пішінді аяққа таптамай, ақын болу мүмкін емес, бірақ бұл өлеңнен формасын шығарып тастау деген сөз емес. Пішін – мағынаның іскілеті, өлеңнің ішкі демі, әрқашан өзінің сыртқы формасын іздейді. Нағыз ақын тұрақты пішін мен қалыпқа бағына отырып, әрдайым әрбір өлең, әрбір тармақ, әрбір сөз арқылы бұрынғы форманы жаңартып отырады. Еркін өлеңнің мақсаты сыртқы мағынаны жойып, ішкі мағынаны тазалау дегенге саятын болса, бұл кеңістіксіз уақыт ұғымын түсіндіруге ұқсайды. Сыртқы пішінге құл болу артқан сайын ішкі мағынаның еркіндігі мен жасампаздығы шектелсе де, нағыз қын үнемі пішін мен мағынаның үйлесімдігін тауып, олардың бір-біріне қатынас мөлшерін бұзбайды» – дейді [7, 65 б.].

Осы орайда өлең формасын ту қылып ұстаған бірнеше ақын бірігіп «икинджи йени» (екінші жаңа) деп аталатын топ құрды. Олар өз

өлеңдерін «мағынасыз өлең», «дерексіз өлең», «жасырын өлең» деп атап, мағынаны жоққа шығарды, өлеңдегі дыбыстық жүйеге көңіл бөлді. Олар батыста сюрреалистердің өлеңде пайдаланылған пайымды ояту әдісін негіз етіп алды. «Биринджи йенилердің» бүкіл үрдістеріне қарсы болғандықтан, формализм мен метризмге баса назар аударды. 1950 жылдардағы түрік әдебиетінде соцреализмнің ықпалы байқалды. Түркияда бұл ұғымның өкілдерін анықтау әлі өз дәрежесінде емес. Мысалы, Эмин Özdemir: «Түрік әдебиетінде терминдік ұғымдағы соцреализм бағыты жоқ деуге болады. Тек кей тұстарда Садри Эртем, Сабахаттин Али, О. Энис, Салим Ходжагөз, Кемаль Бильбашар, Орхон Кемаль, Ильхан Тарус кей шығармаларында осы ағымға тән жолды ұстағысы келген. Ауыл институты (1940 жылы 17 сәуірде ауыл баларының көзін ашу, сауаттандыру мақсатында оқу орындарын ұйымдастыру туралы жарлық бойынша ауылдық жерлерде бой көтерген оқу орындары) жазушыларының (Факир Байкурт, Талип Апайдын, Мехмет Башаран, Дурсун Акчам, Үміт Кафтаљужыоглу және т.б.) ауыл шындығын суреттеуде осы бағыт тұрғысынан келгендігін айта аламыз. Бір бағыттың жолымен жүру бір басқа, оны жүзеге асыру басқа нәрсе» – дейді [8, 36 б.].

Республика дәуіріндегі түрік прозасында сыншыл реалистік бағыттың элементтерін кездестіруге болады. Бірақ оның өкілдерін кесіп айту қиын, ол жайында зерттеулер де кездесе бермейді. Мұның себебін Эмин Özdemirдің жоғарыда айтылған пікірінен таратқан жөн болар сияқты. Түрік әдебиетіндегі әдеби топтар мен ағымдардың қысқаша тарихына тоқтала кеткен абзал. Мысалы, оларға батыстағы әдеби ағымдардың белгілі бір дәрежеде әсер еткені көрініп тұр. Сонымен қатар жаңашыл болуға талпынған түрік әдебиетінің өкілдерінің көбінің шығыс дәстүрінің ықпалында болғаны да шындық. Әсіресе, түрік ақындарының түрікшілдік пен символизм көркемдік әдістеріне бір табан жақындығын классикалық әдебиет пен халық әдебиетінің басты ерекшеліктері аруз және буын өлшемі, тұрақты және тұрақсыз символдармен байланыстыруға болады.

XX ғасырдың бас кезінде түрікшілдік болмысын сақтау мақсатымен буын өлшемімен өлең жазған «беш хеджеджилердің» (бес буыншылар буын өлшемін қолданып, таза түрік тілінде өлең жазуға тырысқан бес ақын және олардың жолын қуушыларға берілген ат) өң бастамасы түрік поэзиясын халық жырларына жақындатып, жаңа идеяның туын көтергені болмаса, көркемдік жағынан жаңалық әкеле қоймаған еді.

Жаңа құрылған Түркия Республикасы ел экономикасын көтеру мақсатында түрлі тәжірибелерді жүзеге асырып көрді. 1934-1938 жылдары алғаш қолданылған жоспарлы экономика бұған дәлел бола алады. Әдеби өмірде де түрлі тәжірибелер жүргізілді. Жоғарыда айтылған екі бағыт олардан бірер мысалдар ғана. Алғашында «икинджи йенилердің» өкілі саналған, кейіннен «түрік поэзиясында өлшем өлді» деген пікірді қуаттаған Сезан Каракөч туралы энциклопедиялық сөздіктердің бірінде былай делінген: «Алғашқы өлеңдерінде Хисар, сосын Мүлкие, Стамбул, Базар Поштасы, Дерексіз тағы басқалар журналдарда романтикалық реализмнен экспрессионистік мистизмге бағытталған сезімталдық көрініс табады». Бұл ақын – жазушылардың өз бағытынан жиі ауытқып, белгілі бір жолды орнықты ұстана алмағанын көрсетсе керек. Көріп отырғанымыздай, батыс әдеби ағымдары түрік әдебиетінде тек көркемдік әдіс ретінде қолданылып, бағыттардың көпшілігі танымдық деңгейде қалып қойғаны шындық. Мұның тағы бір көрінісі – қазаққа созылған айтыс-тарғыстан соң түрік тіліне аударылып басылған. Оның үстіне классикалық түрік әдебиеті деген ұғым ескі түрінде жазба әдебиеті үшін де қолданылады. Демек, «Классика» терминінің қолдану аясы кең, яғни терминдік деңгейге жетпеген деген сөз. Ал сөздіктерде классицизмді «1660 жылғы әдеби ұғым» деп те атайды. «XVII ғасырда Европада, әсіресе Францияда дәуірлеген көне грек-латын әдебиетінің дәстүрін үлгі тұтып, тіл тазалығына және анықтығына қол жеткізуді мақсат еткен ағым» – деген анықтамалар да кездеседі.

